

«ШАЙТАННЫҢ ТҰЗАҒЫ» БЕСТСЕЛЛЕРІНІҢ АВТОРЫ

**ДЖОН БИВЕР**



**ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ  
САУАБЫ**

Ұмыт болған осынау қасиеттің  
құдіретімен танысыңыз

---

Қымбатты Дос,

Күнделікті өмірімізде ізеттілік сирек кездеседі, дегенмен, осы бір қасиеттің жүрегімізге дөп тиер құдіреті бар. Әлдебір фильмде ізетті бола білетін кейіпкерді көргенімізде, осынау ержүректілік пен жанкештілікке тамсанамыз. Ізет – Құдайдан келетін игіліктерге қол жеткізудің кілттерінің бірі, ал оның бүгінгі өміріміздегі орны қандай?


Ізетті болудың сауабы зор. Ізетті мінез үшін Құдай бізге сый дайындап қойған. Сайып келгенде, қазіргі заманда ізетті болу қағидасы ұмытылып кетті, оны қайта жаңғырту арқылы Құдайдың өзіңізге дайындап қойған жарылқауларына қол жеткізесіз.

Ізеттің не екенін түсіну және құрмет көрсету арқылы құрметке лайықтың бәрін жаратқан Құдайдың жүрегіне жақындай түссіз.

**MessengerX.com** сайтындағы мультимедиа ресурстарымен танысып, оларды басқалармен бөлісуге шақырамын.

Жан-дүниеніңдегі ұлылықты оятып, өміріңізді іс-әрекетке толтырыңыз!

Сізбен бірге,



MessengerX.com

Джон Бивер  
JohnBevere@ymail.com



**MESSENGER**  
INTERNATIONAL  
MessengerInternational.org

«Ізетті болудың сауабы» атты кітап Құдайдың Өзі зор мән беретін және жүрегімізден асып төгілуге тиіс осынау қасиет жөніндегі сұрақтарыңызға жауап береді.

– Джойс Майер

«Ізетті болудың сауабы» атты кітапты оқып шыққаннан кейін, кітаптың авторы, кітапта қарастырылған тақырыпты жан-жақты зерттеп шыққан тәлімгер және дарынды жазушы Джон Биверге зор құрметімді білдіргім келеді. Шынайы құрметтің жүрегімізден шығатынын айта отырып, Джон оқырманын қызықты саяхатқа шақырады, адамдар арасындағы қарым-қатынастың алуан қырын ашып көрсетеді, әрқайсымызды осынау маңызды рухани қағидаларды өз өмірімізде іске асырып, сауабын алуға жігерлендіреді.

– Брайан Хьюстон

«Ізетті болудың сауабы» атты кітапты алғаш рет оқып шыққанымда, оның қауымдарға, жанұяларға, ұжымдарға едәуір ықпалын тигізе алатын нағыз жауһар екенін түсіндім. Бұл кітап – осы дүниеде де, мәңгілікте де бақыпты әрі берекелі өмір сүруіміздің кілті. Джон Бивер, бүгінгі таңдағы ең үздік туындыңыз – осы!

– Джентэзин Франклин



**ДЖОН БИВЕР**



**ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ  
САУАБЫ**



**ДЖОН БИВЕР**



**ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ  
САУАБЫ**

**Ұмыт болған осынау қасиеттің  
құдіретімен танысыңыз**

---

**Honor's Reward**, Kazakh, by John Bevere

© 2021 Messenger International

MessengerInternational.org

Originally published in English as Honor's Reward

Additional resources in Kazakh by John and Lisa Bevere are available for free download and video streaming at

**MessengerX.com** and on the **MessengerX** App

To contact the Author: JohnBevere@ymail.com

This book is a gift from Messenger International and is

NOT FOR SALE

«Ізетті болудың сауабы», Джон Бивер, қазақ тілінде

© 2021 Messenger International

MessengerInternational.org

Бастапқыда ағылшын тілінде, «Honor's Reward» атауымен шыққан.

Джон мен Лиза Бивердің қазақ тіліндегі қосымша ресурстарын

**MessengerX.com** сайтында және **MessengerX** қосымшасында

көруіңізге әрі тегін жүктеп алуыңызға болады.

Автордың электронды пошта жәшігі: JohnBevere@ymail.com

Бұл кітап – «Мессенджер Интернэшнл» қызметінің сыйлығы, САТУФА АРНАЛМАҒАН.



App Store АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі болып табылады.

Google Play мен Google Play логотипі Google LLC компаниясының сауда белгісі болып табылады.



# МАЗМҰНЫ

- 1 Көктегі сый 9
- 2 Жартылай сый алу мен сыйдан құр қалу 17
  - 3 Толық сый 27
  - 4 Мәселе жетекшіде емес 37
    - 5 Билік 47
    - 6 Қатыгез билік 61
  - 7 Билік өкілдерін құрметтеу 71
  - 8 Зайырлы билікті құрметтеу 85
  - 9 Отбасындағы билікті құрметтеу 95
- 10 Қауымдағы жетекшілерге ізет көрсету 113
  - 11 Екі есе құрмет 127
  - 12 Теңімізді сыйлау 145
- 13 Қарамағымыздағы адамдарды сыйлау 157
  - 14 Отбасындағы құрмет – балалар 169
  - 15 Отбасындағы құрмет – әйел 181
- 16 Әркімге өзіне лайық құрмет көрсетіндер 193
  - 17 Құдайды дәріптеу 201
- Қосымша 215



## 1-ші ТАРАУ

# Көктегі сый

Ізет. Жиырма бірінші ғасырда сирек кездесетін осы бір қасиеттің жүрегімізге дөп тиер құдіреті бар. Әлдебір фильмде ізетті бола білетін кейіпкерді көргенімізде, осынау ержүректілік пен жанкештілікке тамсанамыз. Ең танымал блокбастерлердің қай-қайсысында да ізет көрсете білетін кейіпкер бар. Кинодан көріп, тәнті болып жүрміз, ал өз мінезімізде осы қасиет бар ма? Құрмет көрсете білу, ізетті болу біздің заманымызда неге соншалық сирек кездеседі? Ізеттілік сияқты қасиетті Құдай Өз перзенттерінің бойында қайта қалыптастырмақ. Ізет – Құдайдан келетін игіліктерге қол жеткізудің кілттерінің бірі. Ізетті болудың сауабы зор. Ізетті мінез үшін Құдай бізге сый дайындап қойған.

Осы кітапты оқи отырып, құрметке лайықтың бәрін жаратқан Құдайдың жүрегіне жақындай түсесіз. Кітаптағы ақиқат жүрегіңізге терең әсер етсін деп мінажат етемін. Бұл ақиқатты тым кеш ұғынған адамдар да бар. Сол себепті Жохан елші былай деп ескертеді:

Еңбекпен қол жеткізгендеріңді жоғалтпай, Иемізден толық сыйларыңды алу үшін байқап жүріңдер!

– Жохан жазған 2-ші хат 8

Осы хатын жазғанда, Жохан елші егде адам болатын (“Кларк түсіндірмелері”, Abingdon Press; Accordance 6,6). Бұл аят бүгін де оқырманын мүлт кетуден сақтандырады. Талай сынақтан өткен елшінің тәжірибесі мол еді. Өмірі ұзақ та, қиян-кескі жағдайларға толы болды. Жохан елші тәрізді адамдар Құдай аманатын орындау жолында сенімін

## 10 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

шыңдап, мол тәжірибе жинайды. Жасы келгенде, “майланған атаға” немесе “майланған әжеге” айналады: олар сөйлегенде, ақылы бар адам мұқият тыңдайды.

Жиырма бес жыл ішінде Құдайдың кейбір дана қызметкерлерімен сұхбаттас болдым. Өмір бойы Құдайға адал қызмет етіп, жүріп өткен жолына көз тастай алатын адамдар. Осынау ардақты ардагерлерге ортақ бірнеше қасиет бар, осы кітапта солардың үшеуін қарастырамыз. Бірінші қасиет – олар жүрегін ең маңызды нәрселерге ғана арнайды, уақытын бос өткізбейді, өнімсіз істерге алданбайды. Екінші қасиет – маңызды нәрселерді бірнеше сөзбен-ақ айтып жеткізе алады. Үшінші қасиет – олардың аузынан тек мәнді, мағыналы, ұлағатты сөздер ғана шығады. Олардың айтқандары соншалық мол тәжірибе жинай қоймаған адамдардың сөздерінен әлдеқайда салмақты естіледі. Сол бір дана ардагерлердің бір-екі ауыз сөзі бірнеше ай бойы есімнен шықпай қойған кездер болды.

Олай болса, Жохан елшінің сөзінде де терең сыр бары анық. Жоханның хаттарын оқып талай рет жігер алдым, әлі де осы хаттардан жаңа рухани түсінік келеді. Жоғарыдағы аятты егжей-тегжейлі қарастырайық.

### **Еңбекпен қол жеткізгендеріңді жоғалтпай...**

«Байқап жүріңдер» дейді Жохан елші. Өзімізді-өзіміз тексеріп, сақ болуға шақырады. Жохан елшінің хатын үстіртін ғана оқып шығуға болмайды, оқи отырып, терең ой толғағанымыз жөн.

Еңбекпен қол жеткізгендерімізді жоғалтып алмауымыз үшін ұқыпты болуымыз керек. Демек, маңдай термен тапқанымыздан айырылып қалу қаупі бар. Диқанның ерен еңбегін мысал етіп алайықшы. Әуелі жерді тастардан, қоқыстан тазартады. Енді жерді жырту керек. Содан кейін егін егу бар. Егінді күту, суару, топырақты құнарту, арамшөп жұлу, зиянкестермен күрес, тағы басқа жұмыстардан қара күзге дейін көз ашпайды. Ал енді, егін оруға бірер апта қалғанда, диқанымыз әбден қажып, істеп жүрген ісін тастай салды дейік. Олай болса, жаз бойғы еңбегі зая кетті, жемістен құр алақан қалды. Немесе қатты дауыл басталды делік. Алайда, диқан ескертуге мән бермей, еш қамданбады. Осы қатесіне бола, еңбегінің бар жемісінен айырылды. Ең соңғы сәтте

күмілжіп қалғандықтан, қаншама уақытын, қаржысын, маңдай терін босқа сарп етті.

Компаниясын дамытуға жылдар бойы еңбек сіңіріп, бір-екі ақымақтығына бола бизнесінен айырылып қалған іскер адамды көріп не едіңіз?

Сол себепті Киелі Жазба бізді ісімізде соңына дейін ұқыпты болуға шақырады: «ақырына дейін табандылық танытқан әркім құтқарылады» (Матай 10:22, Матай 24:13, Марқа 13:13). «Алғашқы сенімімізді аяғына дейін берік ұстанғанда ғана Мәсіхпен тығыз байланыста болып, бірге қызмет етеміз» (Еврейлерге 3:14). «Істерімді аяғына дейін атқарып, жеңіп шыққандарға халықтардың үстінен билік жүргізу құқығын сыйлаймын» (Аян 2:26). Осы тәрізді ескертулер тізімін жалғастыра беруге болады. Мәсіхші болу дегеніміз – қысқа дистанцияға жүгіру емес, төзімнің сыналуы. Сондықтан, мәсіхшілік жолымызды қалай бастағанымыз емес, қалай аяқтағанымыз маңызды.

## Өмірлік маңызы бар сәттер

Ұлдарымның бірі маған ұнамайтын әлдебір іске бел буды. Бұл ісін қолдамайтынымды жақсы біледі, дегенмен, есейіп қалған балам шешімді өзі қабылдауы тиіс. Біраз уақыт өтті. Ұлым мен айтқаннан өзге жолды таңдапты. Сол ісі жайлы сөйлеспек болдым. «Таңдау – өзіңде, дегенмен, саған ақыл-кеңес бергім келеді» дедім.

Жас патша Рохабоғам таққа отырғаннан кейін, ақсақалдар алдына келіп: «Әкеңіз марқұмның бізге артқан жүгі тым ауыр! Оның мойнымызға салып қойған азапты қызметі мен зілдей жүгін жеңілдетсеңіз, сізге қызмет ететін боламыз!» деп өтініш айтты (3 Патша. 12:4).

«Рохабоғам әкесі Сүлейменнің көзі тірі кезінде уәзірі болған ақсақалдардан ақыл сұрап:

— Мына халыққа қандай жауап беру керек, не деп кеңес бересіздер? — деді. Ақсақалдар:

— Егер де бүгін бұл халықтың қызметшісі болып, айтқандарына құлақ асып ымыраға келсеңіз, онда олар әрдайым сіздің қызметшілеріңіз болмақ! – деген жауап қайырды» (3 Патша. 12:6, 7). Бірақ Рохабоғам ақсақалдардың берген ақылын менсінбей, өзіне қызмет көрсететін құрдас жігіттерімен кеңесті (3 Патша. 12:8 қараңыз). Сонда құрдас

## 12 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

жігіттері былай деді: «Сізге: «Әкеңіздің мойнымызға салған ауыр жүгін жеңілдете көріңіз!» деген халыққа мынадай жауап беріңіз: «Менің шынашағымның өзі әкемнің бөлінен мықты! Әкем сендерге ауыр жүк артқан болса, мен соның үстіне тағы да қосамын! Әкем сендерді жай қамшымен ұстаған болса, мен дойыр қамшының астына аламын!» (3 Патша. 12:10, 11).

Жас патша Рохабоғам достарының сөзіне еріп, ақырында, санын соғып қалды. Әкесі Сүлейменнің тұсында жұмылған жұдырықтай мықты болған патшалық енді жік-жікке бөлініп, он екі рудың оны жау соққысының астында қалды. Рохабоғамның бір қате шешімі өзінің де, қол астындағы халқының да өмірінде осындай із қалдырды.

Ұлыма «Енді сәл кейінге оралайық» дедім. «Мүмкін, Рохабоғам жастайынан әкесі Сүлейменнің, ақсақал даналардың кеңестеріне мойын бұрмаған болар. Бәлкім, ол достарымен бірге патша сарайының құпия бөлмелерінде шарап ішіп, өздері бос сөз санаған сол бір кеңестерді күлкі қылды ма екен. Рохабоғам «Әзірге патша емес, ханзадамын, үндемей қоя тұрайын. Таққа отырған соң, ақымақ шалдардың ақылсымағын тыңдаудың қажеті болмайды» деген ойда болған шығар. Ақсақалдардың ақыл-кеңесін назарына ілмей жүре бергеннен ханзада көп зиян шеккен жоқ. Бірақ, тайғақ жолға түсіп кеткенін ол әлі білмейді. Осы бетімен кете берсе, апатқа ұшырары анық. Сондай сәт туды да. Маңызды шешім қабылдайтын күн келгенде, Рохабоғамнан даналыққа ден қояр мінез табылмады».

Ұлыма тағы да айтқаным: «Өмірлік маңызы бар шешім қабылдайтын күн бәрімізде де болады. Емтиханды тапсырып болмай, шешіміміздің дұрыс-бұрысын біле алмаймыз. Балам, осы жолы менің кеңесімді назарыңа ілмедің, одан зиян шеге қойған жоқсың. Алайда болашақта өмірлік маңызы бар шешім қабылдайтын боласың. Сол уақытқа дейін даналардың ақылына ден қоюды әдетке айналдырсаң, сені зор сый күтіп тұр».

Тағы бір мысал қарастырайық. Исраил халқы Құдайдың айтқанын зейін қоя тыңдауды әдетке айналдырмады. Жаратқан Ие оларды құлдықтан алып шықса да, күңкілдеп, Құдайға қарсы шығумен болды. Бұл мінездерін Құдай кейде елемей, жазасыз қалдыратын. Дегенмен, осындай қиқарлықтарын қайталаған сайын, онысы мінез боп, бойларына қалыптаса берді. Бірде Мұса он екі барлаушыны Қанахан жеріне жіберді. Қайтып келген барлаушылардың әкелген хабары үрей туғызды. Халық

үйреншікті әдетіне салып, күңкілдей жөнелді. Бұл жолғы «еркеліктің» құны қымбатқа түсті. Сол ұрпақ Уәде етілген жерге кіре алмады, өмірінің соңына дейін иен даланы кезумен болды. Неше жылғы еңбегі мен бейнеті зая кетті. Құдайдың өздеріне дайындап қойған сыйын көріп тұрып, қол жеткізе алмай қалды. Дәл солай, Рохабоғам да Исраилдің он руынан біржола айырылып қалды.

Осы мысалдардан маңызды сабақ аламыз: Құдайды тыңдап қана қоймай, жүрегін түсіне білуіміз керек. Сонда Иеміздің нұсқауларын заң ережелері ретінде қабылдаумен шектелмей, сол нұсқаулардағы ерекше даналықты да көре алатын боламыз. Жас ханзада Рохабоғам әкесі мен ақсақалдардың жүрегін түсінген жоқ. Мысырдан шыққан еврейлер Құдайдың ой-ниетін ұғына алмады. Сондықтан олар Жаратқан Иенің ниеті ізгі екенін түсінбей, Оның сыйынан айырылып қалды.

Енді осы ақиқаттың екінші қырын қарастырайық. Киелі Жазбада Құдайдың ой-ниетін ұғынып, даналығына зейін қоя білген адамдар туралы да айтылған. Олар өмірдің түрлі белестерінде Құдайдың даналығына сүйеніп, дұрыс шешім қабылдап, зор табысқа қол жеткізді.

Еңбегіңіздің жемісін көргіңіз келсе, ең оңай жолы – Құдайдың нұсқауларына зейін қоюды әдетке айналдыру. Жүрер жолымызды таңдап, шешім қабылдауды қажет ететін жағдайлармен күнде кездесеміз. Бір күні өткен өмірімізге қарап отырып, ең маңызды сәттерді көре алатын боламыз. Даналыққа зейін қоюды әдетке айналдырған болсақ, бағытымыз дұрыс болады, өзімізге тиесілі сый-марапатқа қол жеткіземіз.

## Көктегі сый

Жохан елшінің айтқанына қайта оралайық. “Еңбекпен қол жеткізгендеріңді жоғалтпай, Иемізден толық сыйларыңды алу үшін байқап жүріңдер!» (Жохан жазған 2-ші хат 8). Сонымен қатар, Өзін іздеп, жақыннан танығысы келгендерді Құдайдың жарылқайтынын да білеміз (Еврейлерге 11:6 қараңыз). Осы ақиқатты жүрегімізге сақтайық. Құдай сый-марапат бергенді ұнатады. Жаратқан Ие Ыбырайымға Өзін қалай таныстырғаны есіңізде ме? «Жаратқан Ие Ыбырамға аян беріп:

— Ыбырам, қорықпа! Мен сені қалқандай қорғаймын. Саған берілер сыйлық аса зор болады, — деді» (Жаратылыс. 15:1). «Саған берілер сыйлық аса зор болады» деп бастайды. Керемет емес пе?!

## 14 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

Забур жырларында мынадай сөз бар: «Әрі әділ — Жаратқанның бұйрықтары, олар жүрекке қуаныш құяды. Жаратқанның өсиеттері сондай нұрлы, ... бәрін ұстанғанды зор сый тосады (Забур. 18:9-12). 56-шы Забур жыры, 3-ші аят былай дейді: «Сиынып тұрамын Алла Тағалаға, маған игілік жасаушы Құдайға.

Құдай Әке балаларына сыйлық беруді ұнатады. Төрт баланың әкесі ретінде сол қуанышты мен де таттым. Балаларымның алғысқа толы көздерін, дұрыс істерінің сыйын алып, қуанғандарын көру – мен үшін бақыт. Сонымен қатар ұққаным, жаман қылықтарды қолдау – ақылдының ісі емес. Марапатқа лайық болмаған, оған еңбегі сіңбеген адамға сый беру марапаттың күшін жояды. Ал марапат дегеніміз – өте пайдалы нәрсе. Өздерін жақсы көретінімді ұлдарым біледі, әрине. Дегенмен, әкенің сүйіспеншілігі мен әкенің көңілінен шығудың айырмашылығын түсінеді. Құдай әрқайсымызды шексіз сүйеді. Дегенмен, біздің іс-әрекетімізге көңілі толмаған сәттері де болады. Құдай көңілінен шыққандарға, Жаратқанның нұсқауларына зейін қойғандарға сый-марапат береді. Байқасаңыз, Жохан елші «Иемізден толық сыйларыңды алу үшін...» дейді. Осы аятты оқып отырғанымда, «толық» деген сөзге ерекше назарым ауды. «Толық сый болса, жарым-жарты сый да болғаны ғой. Тіпті сый алмай қалу мүмкіндігі де бар» деп ойладым. (Біздің айтып отырғанымыз құтқарылу емес, көктегі сый екенін ұмытпаңыз). Осылай ойланып отырып, түсінгенім, Жохан елші екі түрлі жағдайды меңзейді екен. Біріншісі: Мәсіхтің төрелігі. Пауыл елші: «...жігерлі болып, осы тәнімізді тастап, Иеміздің қасында орнығуды қалаймыз» дейді (2 Қорынт. 5:8).

Пауылдың бұл сөзі бүкіл адамзатқа арналмағаны анық. Өйткені, сенбеуші адам тәнін тастап кетсе, Иеміздің қасына емес, тозаққа барады. Ащы болса да, шындық – осы. Иса бұл әлемге бізді соттау үшін емес, құтқару үшін келді. Адам атаға бола адамзатқа әлдеқашан үкім шығарылған еді, ол үкім – мәңгі өлім (Жохан. 3:17, 18 қараңыз). Исаны қабылдап, Иемізге өмірін арнағандар ғана тәнін тастап кеткенде, Исаның қасынан орын табады. Пауыл елші сенушілерге арналған сөзін әрі қарай жалғастырады:

Сондықтан әлі де осы тәнімізде болайық немесе одан тыс (Иеміздің қасында) болайық, бәрібір бар ынтамен Оған ұнауға тырысамыз. Барлығымыз Мәсіхтің төрелік тағының алдында



тұрып, әшкереленуге тиіспіз ғой. Сонда әрқайсымыз тәндік өміріміздегі іс-әрекетіміздің жақсы-жамандығына қарай лайықты бағамызды алатын боламыз.

– 2 Қорынт. 5:9, 10

Әрбір сенуші Мәсіхтің төрелік тағының алдына барады. Жер бетіндегі қысқа ғұмырымызда атқарған істеріміздің сауабын сонда алатын боламыз. Күнәларымыз үшін жаза тартпаймыз, өйткені, Исаның қанымен ақталып, жазадан босатылғанбыз. Жердегі өмірімізге сай сыйлық аламыз, не болмаса, сыйдан құр алақан қаламыз. Біздің сөздеріміз, істеріміз, тіпті, ой-ниеттеріміз Құдайдың Сөзімен тексеріледі. Өмірімізді өткінші құндылықтарға негіздеген болсақ, сыйлықсыз қаламыз, ал мәңгі құндылықтар біздің сыйымызға айналады. «Кімнің салғаны отқа өртенбей аман қалса, сол сыйын алады. Ал кімдікі өртеніп кетсе, сол сыйынан құр қалады. Өзі құтқарылса да, жаны оттан өткендей әзер дегенде құтылады» (1 Қорынт. 3:14, 15).

Бәріміз де не сыйлық аламыз, не сыйлықсыз қаламыз. «Ал кімдікі өртеніп кетсе, сол сыйынан құр қалады. Өзі құтқарылса да, жаны оттан өткендей әзер дегенде құтылады» (1 Қорынт. 3:15). Немесе: «Өзімнің жеңімпаз болып, Әкеммен бірге Оның тағында отырғанымдай, Мен жеңіп шыққан әркімді де қасыма, тағымның үстіне отырғызамын» (Аян 3:21). Мұндағы айырмашылық – зор. Бірінші жағдайда адам ешбір сый алмайды. Екінші жағдайда сый толық болады. Арада жарым-жарты сый да бар. Мәсіхтің төрелігімен қабылданатын шешім «мәңгілік үкімделу» деп аталады (Еврейлерге. 6:1, 2). Яғни, бұл үкім өзгертілмейді, оған ешбір түзету енгізілуі мүмкін емес. Мәңгілікті осы үкімге сай өткіземіз. Мәсіхші ретіндегі өміріміз мәңгілікті қалай өткізетінімізге тікелей әсер етеді.

Сондықтан, мәңгілік үкімделу мен көктегі сый туралы Киелі Жазбаның не дейтінін білу маңызды. Бұл білім Мәсіх ілімінің бастамаларына жатады. Бастауыш мектепте сауат, жазу, есеп сияқты білімнің негіздері қаланады. Бастауыш мектеп беретін білімге қол жеткізбей, жоғары білім алу мүмкін бе? Мүмкін емес. Мәсіх ілімінің бастамаларын меңгермей, мәсіхші болғысы келетін сенушілер көп. Бұл мәселенің өзектілігі сондай, «Мәңгілікке ұмтылғандар» атты кітап жазуыма тура келді. Сол кітабымда осы сұрақтарды егжей-тегжейлі қарастырамын. Оны оқып шыққаныңыз жөн.

## Жер бетіндегі өмір

Құдайға ұнамды өмір сүргеніміз үшін көкте сый алатынымызды анықтадық. Алайда, жарылқау көкте ғана емес, жерде де дайын. «...Құдайға ұнамды жүру барлық жағынан да пайдалы: Құдайдың уәдесі бойынша ол осы және болашақ өмірде де игілікті» дейді Киелі Жазба (1 Тимоте. 4:8).

Көктегі Әкеміз Өзіне ұнамды іс-әрекетіміз үшін бізге қазір де, кейін де сый бермек. «Әділ жан бұ дүниеде тиістісін алмақ» (Нақыл сөздер 11:31). Яғни, көкте ғана емес, жерде де. Әрі қарай былай делінген: «Ізгі жанның мұрасы үрім-бұтағына қалар» (Нақыл сөздер 13:22). Жақып елші былай дейді: «Сүйікті бауырластарым, алданып қалмаңдар: көктегі Әкеміз берген қай нәрсе де игі» (Жақып. 1:16, 17).

Игі нәрсенің барлығы – Құдайдан. Ешбір жамандықты ешқашан да Құдайдан көрмеңіз. Жаратқан Иенің берері – тек игілік. Құдайымыз сізге игі сыйларын бүгін, осы өмірде бермек. Құдайдың сыйында иненің жасуындай да жамандық жоқ. «Жаратқанның жарылқауы адамды бай қылар, бұл байлыққа Ол қайғы-қасірет қоспас» дейді Киелі Жазба (Нақыл сөздер. 10:22). «Адал жан молынан жарылқанар» (Нақыл сөздер. 18:20). «Молынан» деген сөз толық сыйды білдіреді.

Жохан елшінің жоғарыда келтірілген сөзін ой елегінен өткізіп отырып, «Біреулер толық, басқалар жарым-жарты сый алады. Енді біреулер сыйдан құр қалады. Осы ақиқат жердегі өмірімізге де қатысты болар» деп түйдім. Иса Мәсіхтің өміріне қарасақ, дәл солай екенін анық көреміз. Иса жер басып жүргенде, Оған кез болған адамдардың кейбірі толық сыйға қол жеткізсе, басқалары жарым-жарты сый алды, сыйдан мүлде құр қалғандар да болды.

Осындай жағдайларды жеке-жеке қарастырып, байыбына барайық, сонда Құдайдың бізге не дайындап қойғанын түсіне аламыз.

## 2-ші ТАРАУ

# Жартылай сый алу мен сыйдан құр қалу

**Н**азарет қаласы уәде етілген Мәсіхтің келуін асыға күтті. Израил Құтқарушыны қарсы алуға дайын болды. Олар заман белгілерін мұқият бақылап, уақыты келгенде, Исаның келерін білді. Қазіргі сенушілер Оның екінші келуін күткендей, Құдайдың халқы да Мәсіхтің туылуы жақындап қалғанын біліп, қатты күтті. Жаратқан Ие жуық мерзімін білетін боласындар деді, алайда нақты күн мен сәт тек Өзіне белгілі. Сондықтан израилдіктердің Мәсіхтің қашан келетінін болжамдап, Оны күткендері – заңды жайт. Даниял өз кітабында уақыт мерзімін барынша дәл анықтап берді (Даниял 9:24-26), әрі заң ұстаздары Мәсікке қошемет білдіруге келген ғұламаларға сәби Иса қай аймақта дүниеге келетінін айтты. Дегенмен, уақыты келіп, Құтқарушысын аңсай күткен халық Мәсіхпен кездескенде, адамдар Оны салқын қарсы алғанын көреміз:

Содан да Иса сол жерде бірқатар науқас адамдарға қолын тигізіп сауықтырғаны болмаса, басқа кереметтер жасай алмады.

– Марқа 6:5

«Кереметтер жасай алмады» деген сөзге назар аударыңыз. Осыдан бірнеше жыл бұрын осы үзіндіні оқып, мен біраз кідіріп қалдым. «Тоқтай тұр, мұнда Иса “кереметтер жасаған жоқ” деп айтылмаған, “кереметтер жасай алмады” делінген». «Жасаған жоқ» деп жазылса, мен оған еш

## 18 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

назар аудармаушы едім, себебі ол Исаның дербес еркінен шыққан шешім болғаны анық. Алайда, мұнда «жасай алмады» деп жазылған, яғни Исаның әрекетіне әлдене кедергі болды, дегенін жасауға мүмкіндік бермеді. Киелі Кітаптың басқа аудармалары да осы жайтты толықтырып, тереңірек көрсетеді. Мысалы, кеңейтілген аудармада «кереметтер жасау Оның қолынан келмеді» деп жазылған.

Онда келесі сұрақ туады: Назаретте Иса неліктен еш керемет жасай алмады? Оған мүмкіндік бермеген не? Басқа қалаларда Иса таңқаларлық кереметтерді жасады – соқырлардың көзі ашылып, саңыраулар қайта естіп, ақсақтар сауығып, өлілер тіріліп жатты. Бұл біз білетін тек кейбір мысалдар. Ізгі Хабардан Исаның көптеген ауруларды емдеп, науқастарды жазғанын оқимыз. Басқа қалалар мен Назареттегі оқиғалардың айырмашылығы неде? Жауабын алдыңғы аяттардан табамыз:

Демалыс күні Иса мәжілісханада тәлім бере бастады. Тыңдап отырғандардың көбі қатты таңданып, өзара былай десті: «Мұның бәрі Бұған қайдан біткен? Оған қонған не қылған даналық? Осындай құдіретті істер қалайша қолынан келеді? Өзі — ағаш ұстасы, Мәриямның ұлы, Жақып, Жүсіп, Яһуда, Шимондардың ағасы емес пе? Қарындастары осында арамызда тұрады ғой». — Олар қызғаныштан Исаны көре алмай, ашуланды. Сонда Иса оларға: «Өз ел-жұрты мен үй ішінен өзге жерде пайғамбар қадірсіз болмас», — деді.

– Марқа 6:2-4

Назарет тұрғындарының ойы осындай болған екен. Иса туып өскен қаласына оралып, демалыс күні ғибадатханаға барады. Тұрғындардың барлығы осында жиналған. Сосын Иса орнынан тұрып, «Маған Жаратқан Ие Өзінің Рухын қондырды» (Лұқа 4:18) деген үзіндіні оқыды.

Жиналған қауым бұл сөздің мағынасын жақсы білді. Мәсіхтің келуін жариялайтын Ишая пайғамбардың кітабынан алынған осы үзіндіні олар талай рет естіді. Ол «Көктегі Әкеміз» мінәжатын немесе Таудағы уағызды бізге оқып бергенмен бірдей, біз оны жақсы білеміз. Жиналған жамағат та келесі аяттардың мазмұнын жақсы білді.

Иса әрі қарай оқыды: «Ол мені жарлыларға ізгі хабар жеткізуге тағайындады, сондай-ақ тұтқындарға босатылып, соқырларға көре алатындарын жар салуға жіберді. Жаратқан Ие мені

езілгендерді қанаудан азат етуге және Өзінің кешірім беретін мейірімділік жылын жариялауға да жұмсады» .

– Лұқа 4:18-20

Сірә, жиналғандардың келесі сұрағы болған шығар: Киелі Жазбаны неліктен тәжірибелі раввинның орнына мына біздің ауылдан шыққан, білім алмаған жігіт оқып тұр? Кенеттен Иса кітапты жауып, күтпеген жерден «Сіздер естіген осы сөздер бүгін орындалды» дейді де, басқа қалаларда орын алған кереметтерді әңгімелеп, Өзінің қуатты пайғамбарлық жолдауын аяқтайды (Лұқа 4:21).

Шындап айтқаны ма? Олар дұрыс естіді ме? Ишаяның жариялаған Құтқарушысы – мен дегені қалай? Бұл не деген сөз? Қауым естігеніне сенер-сенбесін білмей, «Бұл Иса ғой! Оның айтып тұрғаны не? Бұл не шығарғаны?» дей бастаған шығар.

Әйелдердің бірі «Мүмкін емес! Ол менің баламмен бір мектепте оқыды!» деп наразы болғанын елестету оңай. Жасы келген бір апа «Бұл отбасы біздің көршілеріміз, Иса Бенджаминмен бірге ойнап өскен жоқ па?!» деп қолдаған шығар.

Басқалар да «Біздің үйдегі үстелді жасап берген өзі емес пе? Орындықтарды да өзі жасап берді! Ол ұстаның баласы ғой! Жаратқан Ие Рухын маған қондырды деп айтуға дәті қалай ғана барды?! Мынауың тіпті менменсініп кеткен екен!» деп шулаған болар.

Мүмкін біз бүгін «Ол менің ұлыммен бірге футбол ойнаған!» немесе «Ол менің қызыммен математика сыныбында оқыған!» дер едік.

Олар Көне Өсиетке негізделіп, Мәсіх нақты бір жолмен келеді деп күткен. Өзімізге таныс Ишая пайғамбардың кітабынан тағы бір үзіндіні оқиық:

Себебі Сәби дүниеге келді,  
Біз үшін осы Ұл сыйға берілді!  
Билік Оның қолында қала береді:  
Оның құрған билігі арта түсіп,  
Орнатқан тыныштығы шексіз болады,  
Өзі Дәуіттің тағына отырып,  
Мәңгі патшалығын сол кезден бастайды,

– Ишая 9:6, 7

Құдайдың халқы ұлы Патшаның келуін күтті. Олар Исаны даналығы

## 20 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

сарқылмас құдіретті жаулап алушы ретінде келеді деп елестетті. Мәсіх халқын римдік қанаушылардан азат етіп, тәуелсіз ұлт құрады деп күтті. Ол Дәуіттің тағына отырып, мәңгі-бақи билік ететін болады деп сенді. Бірақ, Иса халықтың арасынан шыққан, өздерімен бірге бір мектепте оқыған, балалармен далада ойнап-күлген, әкесімен бірге жиһаз жасаған қарапайым адам ретінде келгенде, олар ақиқатты көре алмады. Олар мұны миларына сыйғыза алмай, түсінбей кетті. Әрдайым «Бұл біз күткен Мәсіх емес!» деп жар салды.

«Біз үшін осы Ұл сыйға берілді!» және ол пайғамбарлық сөздің толықтай орындалуына дейін, яғни «Оның құрған билігі арта түсіп, орнатқан тыныштығы шексіз болады» деген сәтке дейін, Мәсіхтің екінші рет келуіне дейін бірнеше мың жыл өтетінін назареттіктер білмеді.

Түсінуге қиын бір ақиқат бар. Құдайдың бізге жіберетіні жиі ұнамсыз көрінеді. Неліктен? Ол Оның құдіретін көрсетеді, яғни біз Құдайдың істерін алдын-ала біле алмаймыз. Құдайдың жүрегін мимен түсіну мүмкін емес, біз әрдайым Оған бар ықыласымызбен ұмтылып, Оның дарындарын іздеуіміз керек. Киелі Жазбаны адами шектеулі санамен түсінуге болмайды. Ол үшін Құдайдың Рухы демін береді. Даналық кеңесін беріп, оны дұрыс қолдануды көрсететін – тек Өзі.

### **Айқын айырмашылық**

Тағы бір мысал келтірейін. Халық тәрізді парызшылдар да Құдіретті, жаулап алушы, батыр, Құдайдың халқын римдік басқыншылықтан азат ететін Мәсіхті іздеді. Олар халық көшбасшылары ретінде Мәсіхтің келуін ерекше күтті. Иерусалимде орнайтын жаңа патшалықты басқаратындардың бірі болып, биік дәрежеге жетеміз деп дәметкен де болар. Осылайша, Ғалилеядан келген, ресми білім алмаған қарапайым адам Иса келгенде, олар Оны мазақ етіп, менсінбеді, себебі Исаның өмірі парызшылдардың Мәсіх жайлы түсініктерінен алыс еді.

Иса әрдайым жанындағылардың жаудырған сұрақтарына жауап беріп отырды. Ізгі Хабардың мына бір үзіндісін оқиық: «Парызшылдар Құдайдың Патшалығының қашан орнайтынын сұрағанда, Иса оларға былай деп жауап берді:

— Құдайдың Патшалығының қашан орнайтынын адамдар алдын ала білмейді. Сондай-ақ оны «Міне, мұнда!» не «Әне, анда!» деуге

болмайды. Себебі Құдайдың Патшалығы сендердің жан дүниелеріңде, — деді» (Лұқа 17:20, 21).

Парызшылдар тағы да Ишая пайғамбардың кітабына сілтеме жасап, Мәсіхтің жерде жүргізетін билігі туралы сұрайды. Олар да Құдай Рухының жетелеуімен жүрудің орнына Киелі Жазбаларды өздері қалай түсінсе, Мәсіхтің келуі солай болады дейді. Олар Құдайды жүректерімен түсінудің орнына, Оны саналарына сыйғызғысы келді.

Салыстыру үшін, Мәсіхпен кездескісі келген тағы бір адам Шимонның әңгімесін оқиық.

Лұқа жазған Ізгі Хабарда былай жазылған:

Сол кезде Иерусалимде Шимон есімді кісі тұратын. Ол Израил елінің көрген азабынан құтқарылуын аңсап күтіп келген әділ, Құдайды қастерлейтін жан еді. Киелі Рух оған қонған болатын. «Жаратқан Ие жіберген Құтқарушы Мәсіхті көрмей тұрып өлмейсің», — деп Киелі Рух Шимонға алдын ала айтқан еді. Енді Шимон Киелі Рухтың жетелеуімен ғибадатханаға барды. Таурат заңына сәйкес рәсімдерді атқару үшін әкешесі Сәбиі Исаны ғибадатханаға әкелгенде, Шимон Оны қолына алып, Құдайды былай деп мадақтады...

— Лұқа 2:25-28

Жалпы, Шимонның келесі айтқаны 30-күндік сәбиді Мәсіх деп мойындаумен бірдей. Енді ең қызығы. Бір жағынан, жаңа туған нәрестені Мәсіх деп таныған Шимон бар. Екінші жағынан, Исаға еш қадір-құрмет білдірмеген назареттіктер бар. Иса отыз жасқа келіп, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған кереметтерді жасағанда, парызшылдар Оған күлетін болады. Неліктен? Себебі Құдайды және Оның жолдарын білетін жандар Иемізді ақиқатты ашатын Рухтың жетекшілігімен тануы керек. Шимон мен басқалардың арасында зор айырмашылық бар, біз оны анық түсінейік. Киелі Рухтың ашатын сыры көптеген адамдардың Құдайдың берген мұрасына неге ие бола алмайтынын түсіндіреді.

## Ізет

Ең алдымен Иса жерлестерінің салқын көзқарастарына қалай жауап бергенін көрейік. Ол: «Өз ел-жұрты мен үй ішінен өзге жерде пайғамбар қадірсіз болмас», — деді (Марқа 6:4).

## 22 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

Мұндағы маңызды сөз – қадір. Олар Исаны қадірлемеді.

Грек тілінде қадір сөзі – time (ти-ми деп айтылады). Мен осы сөзді және оған қатысы бар басқа да сөздерді көп зерттедім. Грек тілінің көптеген сөздіктерін, ғалымдардың комментарийлерін және басқа да кітаптарды оқыдым. Грек тілін жетік меңгерген адамдармен сөйлестім, оның бірі Грекияда тұратын сенушілердің ұрпағы. Тағы бір қызметкер Ұлыбританияда тұрады. Осы зерттеулерімнің қорытындысы келесідей.

Time (қадір-құрмет) сөзінің ең қарапайым, тура аудармасы – «құндылық». Time сөзін естіген гректер «құнды, бағалы, қымбат, мәнді» әлденені, мысалы, алтынды елестетеді. Ойлап көріңіз, сіз алтынды үйдегі әншейін бір ұсақ-түйектермен бірге сақтамайсыз ғой, оны жоғарырақ, бала-шағаның қолы жетпейтін жерге жоғалмайтындай қойып қоясыз. Сөздің тағы бір анықтамасы – «жоғары бағалау, қадірлеу, құрметке бөлеу, қастерлеу».

Кейде сөзді тереңірек түсіну үшін мағынасы оған қарама-қарсы сөзді қарастырған дұрыс. Қадір сөзінің антонимі – сыйламаушылық. Грекше atimia. Оның кейбір анықтамалары: «қадірлемей, құрметтемей», «малайдай көру, жай, кәдімгі нәрсеге қарайтындай қарау». Грекия адамына «сыйламаушылық» сөзін айтсаңыз, ол қарапайым, еш ерекшелігі жоқ, болмашы, будай ғайып болатын әлденені елестетеді. Бұл сөздің күшейтілген нұсқасы «ұятқа қалдыру, кемсіту»-ді білдіреді.

Грек сөздіктері мен комментарийлерді зерттегеннен кейін құрметті әрекетпен, сөзбен, не тіпті бір оймен көрсетуге болатынын түсіндім. Дегенмен, шынайы ізет жүректен шығады. Сондықтан Құдай былай дейді: «Бұл халық тек ауызбен алдыма келіп, Мені сөздерімен ғана сыйлайды, ал жүректері Менен тым алшақ. Адам баласы шығарған ережелерді үйретіп, Мені құрметтегенсіді, ал солары бекершілік!» (Ишая пайғамбар 29:13).

Құдайды дәріптеу Оны шынымен қастерлейтін адал жүректен туады. Бұл өте маңызды, бұл ойға әлі қайта оралатын боламыз.

Жерлестері Исаға құрмет көрсетпеді, яғни туған қаласында Исаның келгенін ешкім бағалай алмады, әрі Оны маңызды деп санамады. Олар Исаны Құдайдың еркін орындау үшін келген Құтқарушы деп таныған жоқ. Қарапайым адам, көрші жігіт деп, тиісті ізет көрсетпеді. Дәл осы себептен олар көктің сыйын тек жартылай көрді. Иса онда еш керемет жасай алмады. Назаретте елеулі ештеңе орын алмады. Мүмкін, бірнеше адам



бас ауруынан жазылып, бір-екеуі артриттен сауығып, сосын тағы бірінің белі енді ауырмайтын болған шығар.

Мынаны ескерейік. Киелі Рухқа бөленген Құдайдың жалғыз Ұлы Иса Мәсіх ауруларды және жын соққан адамдарды сауықтыру үшін жіберілді. Бірақ, Ол дегенін іске асыра алмай қалды. Құдайдың еркі Назаретке келгенде өзгеріп кетті ме? Жоқ. Кереметтерді жасатпаған тұрғындардың өздері. Олар лайықты ізет білдірмегеннен, сенбегеннен үлкен игіліктен айырылып қалды. Олар Исаны тек арамыздан шыққан қарапайым жігіт деп көрді. Осыған бола оларға жарылқаудың шеті ғана тиді (тек бірнеше науқас жазылып кетті).

## Сыйдан құр қалу

Ізгі Хабарда Исаның бір үйде тоқтап заң ұстаздары мен ғұламаларға тәлім бергені туралы оқимыз. Ол қызметкерлер Ғалилея мен Яһудея аймақтарының түкпір-түкпірінен Исаны тыңдау үшін келді. Сонда «Иса Жаратқан Иенің ауруларды сауықтыратын құдіретіне кенелген еді» деп жазылған (Лұқа 5:17).

«Ауруларды» деген сөзге назар аударыңыз. Мәселен олар алдын-ала келген адамдар. Сізге бір ақиқатты айтайын: Құдай ештеңені ысырап қылмайды. Иса алдымен төрт мың адамды, сосын бес мың адамды тамақтандырғаны есіңізде ме? Жағдайдың екеуінде де Ол қалған тамақты шашпай, бәрін жинап алуды тапсырды. Көбіміз онда артылған тамақты жатқан жерінде қалдырып, не қоқыс жәшігіне тастаушы едік. Киелі Кітапты оқи отырып, осы тәртіпті Құдайдың барлық әрекеттерінен байқауға болады. Ол ештеңені босқа ысырап қылмайды.

Сонымен, парызышылдар мен дін ғұламалары арасындағы ауруларды сауықтыру үшін Құдайдың құдіреті қызып тұрды. Ол дегеніміз, жиналғандардың арасында кемінде бір, не одан да көп емге мұқтаж адам болды. Енді өз тәжірибемнен мынаны айтайын. Қазіргі уақыттағы жағдайды елестетейік. Залға бірнеше жүз адам жиналса, ол үлкен топтан әртүрлі аурулары бар аз дегенде он адам шығады. Құдай оларды емдеуге құдіретін береді, бірақ ешкім жазылып кетпейді.

Кейіннен бірнеше адам сал досын төсегімен қоса әкеледі. Есіктен кірейін деп еді, адам тым көп екен, өте алмады. Олар басқа тәсілін тапты. Амал қайсы деп бұрылып кетудің орнына төбеге шығып, бір шетінен

## 24 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

ақырындап бұзып, науқасты Исаның дәл алдына түсірді. «Олардың сенімін көрген Иса сал адамға: «Пендем, сенің күнәларың кешірілді», — деді. Сондағы дін мұғалімдері мен парызшылдар:

— Құдайды қорлайтын Бұл кім Өзі? Күнәларды жалғыз Құдайдан басқа кім кешіре алады? — деп ойланып қалды» (Лұқа 5:20, 21).

Лұқаның «ойланып қалды» деген сөзіне назар аударайық. Матай жазған Ізгі Хабарда да «Дін мұғалімдері... іштей наразы болды» деп жазылған (Матай 9:3). Яғни, олар Исаға тек іштей, ойша құрмет көрсетпеді. Ұстаздар еш мін айтып, сынаған жоқ, келіспеушіліктерін сырттай еш білдірген жоқ. Марқа да, Лұқадай «ойланып қалды» деп жазады (Марқа 2:6). Иса олардың ойларына қалай жауап бергенін тыңдаңыз:

Олардың бұл ойларын Иса бірден ұға қойып:

— Неге солай ойлайсыздар? Сал адамға қайсысын айту оңайырақ: «Сенің күнәларың кешірілді!» деу ме, әлде: «Орныңнан тұрып, төсенішіңді жинап алып, жүре бер!» деу ме? Ал көктен келген Менің жер бетінде күнәларды кешіруге билігімнің бар екендігін білулеріңіз үшін,.. — деді де, сал адамға қарап:

— Саған айтамын: орныңнан тұр да, төсенішіңді жинап алып, үйіңе бар! — деп тапсырды.

— Марқа 2:8-11

Ауру адам сол сәтте-ақ сауығып, орнынан тұрды да, төсенішін жинап алып, бәрінің көзінше шығып кетті. Киелі Жазба жиналған уағыздаушылар мен ұстаздар «Біз ешқашан да мұндайды көрген емеспіз!» — деп, таңғалып Құдайға мақтау айтқанын баяндайды (Марқа 2:12).

Таңғалғанмен, олардың ешқайсысы ауруынан жазылып кеткен жоқ! Исаны ойша сынап, құрмет көрсетпегеннен олар еш сый ала алмады. Жасалған іс емес, айтылған сөз емес, бірақ іштей ғана пайда болған ойдың елеулі ықпалын көріп отырмыз. Есіңізде болсын, құрмет, не сыйламаушылықты әрекетпен, сөзбен және оймен танытуға болады, бірақ шынайы ізет әрдайым жүректен туады.

Исаға құрмет көрсетпеу парызшылдар мен дін мұғалімдерінің әдеті еді. Олар Оны мазақ етіп, менсінбей қарап, жұрт алдында көп рет

ұятқа қалдыруға тырысты. «Дін мұғалімдері мен парызшылдар Исаны айыптайтын сылтау табуға тырысып... аңдыды» (Лұқа 6:7). Тағы бір жерде былай айтылған: «Содан олар Исаны аңдып, Оған әділ болғансып жүретін жансыздарын жіберді. Бұлар Исаға қитұрқы сұрақ қойып, Оны өз сөзінен ұстауға тырысты. Осы арқылы олар Исаны римдік әміршінің билігі мен сотына тапсырмақ болды» (Лұқа 20:20). Мұнда келтіргенім бірен-саран үзінділер ғана, негізі ондай жағдайлар өте көп болды. Ол адамдар Исаны сыйламаумен қоймай, тіпті Оны масқаралап, ұятқа қалдырғысы келді.

Назареттіктер Исаны ізет тұтпай, сыйдың кіші бөлігін ғана көрді. Парызшылдар Исаны ойша құрметтемей, еш сый алған жоқ. Ал енді сыйға толықтай ие болған адамдардың әңгімесін оқып, ізет қағидасының сыйға қандай қатысы барын көрейік.



## 3-ші ТАРАУ

# Толық сый

**И**саның қызметі жаңа басталған кез болатын, Иеміз Капернаум қаласына келді. Мұнда Ол римдік жүзбасын жолықтырады. Жүзбасының қызметшісі ауырып, қатты қиналып жатыр екен. Ол Исаға сол қызметшісін сауықтыруын сұрап жалынады. Иса келіседі: “Жарайды, барып сауықтырайын, — деп жауап берді Иса» (Матай 8:7). Ал римдік жүзбасы: “Мырза, мен Сіздің шаңырағымның астына келуіңізге лайық емеспін» деп жауап береді (Матай 8:8).

Тоқтай тұрыңыз, «лайық емеспін» дей ме? Жеңімпаз жауынгер жеңілген халықтың өкілімен сөйлесіп тұр! Рим Исраилді басып алып, бодан еткен болатын. Рим Империясының офицері исраилдік ағаш ұстасына: «Мырза, мен Сіздің шаңырағымның астына келуіңізге лайық емеспін» деуі мүмкін бе? Америка әскери флотының полковнигі Иракта тұратын қарапайым жұмысшыға «шаңырағымның астына келуіңізге лайық емеспін» дегенімен бірдей. Жүзбасының Исаны қаншалықты құрметтегенін көріп тұрсыз ба? Яғни, ол Исаның шын мәнінде Кім екенін біледі. Исаға мейлінше ізет көрсетті. Әрі қарай жүзбасы былай дейді: «... мен де біреудің қол астындамын, өзіме бағынышты жасақшыларым да бар. Біреуіне: «Бар!» десем, барады, басқасына: «Кел!» десем, келеді, қызметшіме: «Мынаны істе!» дегенімде, ол соны орындайды, — деді» (Матай 8:9).

Біріншіден, осы әскери адамның лауазымына назар аударайық. Римнің әскері легиондардан құралған еді. Бір легионда алты мың сарбаз, алпыс жүзбасы бар. Сарбаздар жүзбасыларға, жүзбасылар легионды басқаратын қолбасшыға бағынышты. Әлгі жүзбасы өз

## 28 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

өтінішінің қалай және не себеппен орындалатынын Исаға түсіндіруде. Сарбаздар жүзбасының бұйрығын бұлжытпай орындайды, өйткені, жүзбасы қолбасшыға ізет көрсетіп, мүлтіксіз бағынады. Ал қолбасшыға билікті Рим Империясы сеніп тапсырған. Қарапайым сөзбен айтқанда, «Мемлекетімді және қолбасшымды құрметтеймін, сондықтан, өз деңгейімде менің де билігім бар. Бұйрық берсем болды, бұйрығым сол сәт орындалмақ».

Жүзбасы Исаның Құдай Әкенің билігіне бағынышты екенін түсінеді. Өзі қолындағы билігін қалай қолданса, Иса да көзге көрінбейтін рухани Патшалықтағы билігін дәл солай қолданатынын біледі. Бұйрық берілсе-ақ, дерт сол бұйрыққа бағынуға тиіс екеніне нық сенімді. Енді Исаның жауабын оқып көрелік:

Мұны естіген Иса қайран қалып, соңынан еріп келе жатқан халыққа қарап: «Шын айтамын, Маған осындай сенім артқан кісі Израил халқынан ешқашан кездескен емес!» деді.

– Матай 8:10

Түсініп отырсыз ба? Осы бір римдік жүзбасының сенімі Жақия пайғамбардың да сенімінен асып түскенін айтады! Осы жайында бір сәт ойланып көрейікші. Жақия – Израил халқынан шыққан адам. Римдік жүзбасының сенімі Исаның Анасы, Мәриямның да сенімінен асып түсті. Иса Израил халқының арасындағы отыз жыл өмірінде мынадай сенімді кездестірмегенін айтып тұр ғой. Исаның аузынан ешқашан да дақпырт сөз шыққан емес. Израил елін басып алған Рим Империясының азаматы, басқыншы Рим сарбазы осылайша Құдайдың сыйына қол жеткізді.

Мен – сенім жолындағы адаммын, сіз де солай деген үмітім бар, өйткені, сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес (Еврейлерге. 11:6 қараңыз). «Сонымен, сенім хабарды естуден келеді, ал естудің өзі Мәсіхтің сөзін жариялаудан болады» дейді Киелі Жазба (Римдіктерге. 10:17).

Әлгі римдік жүзбасыдан гөрі, Жақия пайғамбар Киелі Жазба сөздерін әлдеқайда көп естіген. Осы пікірім үшін бәс тігуге дайынмын. Дегенмен, жүзбасының сенімі Жақияныкінен асып түсті. Исаның Анасы Мәриям да, Исаның он екі шәкірті де, Иса білетін көптеген басқа адамдар да Құдайдың сөзін римдік жүзбасыға қарағанда, әлдеқайда көп естіген еді. Бірақ, бәрінің сенімінен жүзбасының сенімі асып түсті. Оның сенімінің

соншалық зор болғаны неліктен? Оған себеп: Исаға көрсеткен құрметі мен билік жайындағы дұрыс ұғымы.

Лұқа жазған Ізгі хабардың 17-ші тарауынан (5-10) мынаны байқауға болады: сенім Құдайдың Сөзін жай ғана естуден емес, сонымен қатар, ізетті болудан, билікті мойындаудан да келеді.

Римдік жүзбасының толық сыйлыққа ие болуы – ізетті болғаны мен биліктік мәнін дұрыс ұғынуының нәтижесі.

## Сұрағанын алған әйел

Марқа жазған Ізгі хабардың жетінші тарауында грек ұлтынан шыққан шетелдік әйел туралы жазылған. Ол Исадан науқас қызын бойындағы жыннан азат етуін өтініп, көмек сұраған еді. Иса болса, бұл әйелдің өтінішін орындауға асықпады. Оған бұрылып та қарамаса керек. Әйел де қайтпай, өтінішін қайталай берді. Ақырында үміті ақталып, өтініші қабыл болды. Бірақ әуелі Иса оған былай деді: «Алдымен «балалар» жеп тойсын: «Балалардың нанын алып қойып, үй күшіктеріне тастау дұрыс емес» (Марқа 7:27).

Осы аятты қалай оқысаңыз да, мағынасы біреу-ақ: Иса әлгі әйелді итке теңеді! Сол әйелдің американдық болмағанына қуанамын, әйтпегенде, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығатын еді. Американдық әйел мұндай жағдайда: «Не оттап тұрсың? Мені «ит» дедің бе? Мені балағаттауға құқың жоқ! Көмек сұрап келгенімде, естігенім осы ма? Осындай да қызметкер бола ма екен? Мұнауың нағыз расизм ғой! Сен еврей, мен грек болсам, мені ит деп балағаттауға құқың бар деп ойлайсың ба? Сен маған тіл тигіздің! Көмекке зәру әйелге қол ұшын сөзудың орнына, көмекшілеріңмен бірге жалпы отырсың!Өзің уағыздап жүрген сүйіспеншілігің кәне? Айтпақшы, мұнда топырлаған адам, яғни, көрермен жоқ, өздерің ғана отырсыңдар, көрер көзге ғана жақсылық жасайтын алаяқ екенің белгілі болды! Екі жүзді өтірікші! Осы мазағың да жетер!» дейтін еді.

Әйел дау шығарса, қызы шипа алмас еді, Құдайдың сыйынан құр алақан қалар еді. Алайда, әйел өзін тіпті басқаша ұстады. Ол Исаның сөзіне қарсылық танытпады. Кішіпейіл қалпынан айныған жоқ, сөйтіп, Құдайдың сыйына ие болды. ««Айтқаныңыз дұрыс, Тақсыр! Дегенмен «үй күшіктері» де сәбилердің дастарқанынан түскен ұсақ-түйек

### 30 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

қалдықтармен қоректенеді ғой?» деп жауап берді. Сонда Иса: «Мұны дәл айттың. Сол үшін үйіңе қайта бер, жын қызыңның бойынан шығып кетті» деді (Марқа 7:28, 29).

Көз алдыма Исаның пұтқа табынушы халықтан шыққан осынау әйелдің сеніміне разы болып, күлімдегені келеді. Өтінішін қалай ғана қабыл қылмайды?

«Жын қызыңның бойынан» шықты дейді Иса. Әйел үйіне асығады. Қызы шынымен де азат әрі сап-сау.

Сол әйел сіркесі су көтермейтін өкпешіл немесе енжар болса, Құдайдың сыйынан үмітін үзер еді. Алайда, ол Исаның Кім екенін біледі, бір сәтке де ізетті қалпынан айныған жоқ. Намысқа тиетін сөзді де елеместен, өтінішін табандылықпен қайталай берді, теріс айналып кеткен де, дауласа жөнелген де жоқ. Осы табандылығына бола, толық сыйын алды. Екі мысалда да Жаратқан Ие мен Ыбырайымның арасындағы келісімге еш қатысы жоқ адамдардың керемет сенімін көріп тұрмыз. Жүзбасы мен грек әйелдің сенімдері Исаны қайран қалдырды. Олар – біздің қоғамда аяқ асты болып кеткен қағидаларды назарында ұстаған адамдар. Қиын жағдайда ізетті болып, толық сыйға қол жеткізді.

### Ізетті болу қағидасы

Інжілді зейін сала оқып шықсаңыз, сый алған немесе сыйдан құр қалған көптеген адамдарды, басқа біреулердің жарым-жарты сый алғанын көре аласыз. Кейіпкерлердің барлығы түрлі адамдар, олардың қажет кезде көрсеткен құрметтері әртүрлі. Біреулері Исаға лайықты құрмет көрсете алмады, басқалары Исаны шын жүрегінен дәріптеді, енді біреулері барып тұрған инабатсыздық танытты. Осы мысалдарда ізетті болу жайында тікелей айтылмаса да, бұл қағида әрқашан күшінде. Өйткені, бұл – рухани заң. Құдай ол туралы былай дейді:

Мені сыйлағандарды Мен де сыйлаймын, ал Мені менсінбегендер масқара болады.

– 1 Патша. 2:30

Құдайды дәріптеу, құрметке лайық адамдарға құрмет көрсете білу – Аспан Патшалығына жол ашады. Жоғарыда келтірілген аяттағы «құрмет



қағидасын» өте ұнатамын. Өзін дәріптегендерді Құдай да сыйлайды. Қағиданың күші осында жатыр. Исаны құрметтеген әркім көктен керегін сол құрметке сай мөлшерде алды. Жүзбасының қызметкері сауықты, шетелдік әйелдің қызы арам рухтан азат болды. Олардың жеңісін сенушілер әлі күнге дейін тойлап келеді!

Құтқарылу мейрамының қарсаңында болған оқиға жайлы оқысақ, «құрмет қағидасының» жарқын көрінісін байқаймыз. Иса бұл кезде Бетанияда, бұрын алапеспен ауырған Шимонның үйінде болатын. Сонда бір әйел Исаның қасына жақындап келді; оның қолында нард деген өсімдіктен жасалған таза, аса құнды иісмайға толы мөлдір тас құтысы бар еді. Бұл майдың құны жұмысшының бір жылдық табысына тең. Әйел Исаның аяғын көз жасымен жуып, шашымен сүртті. Сосын құтының аузын сындырып, иісмайды дастарқан басында жантайып жатқан Исаның басына құйды.

Әйел Исаға мейлінше құрмет көрсетті. Дегенмен, сол жердегілердің кейбіреулері бұған наразы болып, бір-біріне: «Иісмай неге бұлай ысырапталды? Оны бір жылдық жалақыдан да артық бағаға сатып, түскен ақшаны мүсәпірлерге үлестіруге болатын еді ғой!» десіп, әйелді сөгіп тастады (Марқа 14:4).

Бір қарағанда, осы сөз ақылға қонатындай-ақ. Мәсіхшілер мүсәпірлердің қамын ойлады, мұнысы дұрыс. Алайда, олар өте маңызды нәрсені – Әлемді жаратқан Құдайды, Оның Ұлы Иса Мәсіхті дәріптеуді – назарынан шығарып алды.

Бірақ Иса оларға қарсы шығып былай деді:

— Бұл әйелге тимендер! Оны неге мазалайсыңдар? Ол Маған ерекше жақсылық жасады. Мүсәпірлер әрдайым қастарыңда ғой, оларға қалаған кезде қайырым көрсете аласыңдар. Ал Мен ұдайы қастарыңда бола бермеймін. Бұл әйел қолынан келгенін істеп, Менің денеме қабірге қоярдағы май жағу салтын алдын ала орындады. Сендерге шын айтамын: осы Ізгі хабар қай жерде болмасын бүкіл дүние жүзінде уағыздалғанда, осы әйелді де еске алып, істегенін айтатын болады.

– Марқа 14:6-9

Мәссаған! Иса әлгі әйелді мақтап, шәкірттерін сөгіп тастады. Осы әйелді мақтағандай, Иса ешкімді де мақтамаған еді. Әйелдің осы ісі

## 32 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

Ізгі Хабар тараған жерлердің бәрінде, заман ақырына дейін айтылатын болады деді Иса. Бұл әйел Ұстаздың басына хош иісті май жағып, Құтқарушысын дәріптемек еді. Нәтижесінде, өзі Исаның құрметіне бөленді. Құрмет қағидасы әрқашан өз күшінде. Оны сақтаған адамдар жемісін көреді. «Себебі Мені сыйлағандарды Мен де сыйлаймын, ал Мені менсінбегендер масқара болады» (1 Патша. 2:30). Құдайды менсінбегендер, яғни дәріптемегендер, масқара болады. «Масқара болу» дегеніміз – басқалардың қадір-құрметі мен назарына лайық болмау. Жаратқан Иені дәріптемегендер Оның назарына лайық емес. Құдай олардың мінәжаты мен мұқтаждықтарына көңіл бөлмейді десек, қателеспеспіз.

Иса былай дейді: «Сендерге өте маңызды шындықты айтайын: Кім Мен жіберген адамды қабылдаса, соның Мені қабылдағаны. Ал кім Мені қабылдаса, оның Мені Жібергенді де қабылдағаны» (Жохан 13:20). Исаның алдыңғы аяттарда айтқанын ескерсек, мұндағы «қабылдау» сөзінің мағынасы – құрметтеу, сыйлау, дәріптеу. Яғни, «кім Мені дәріптесе, оның Мені Жіберген Әкемді де дәріптегені» дейді Иса. «Ал кімде-кім Ұлын құрметтемесе, Оны жіберген Әкесін де құрметтемейді» (Жохан 5:23).

Исаны құрметтегендер, өздері білмей, Әкені де дәріптеген еді. Иса «Мен адамдардан құрмет күтпеймін» деген (Жохан 5:41); өйткені бар құрметті тек Әкеге бағыштаған еді. Бұл – Исаның әлі көкке көтерілмей тұрғандағы сөзі. Иса көкке көтерілісімен, Құдай Әке былай деді: «Жаратқан Иенің бар періштелері де Оған тағзым етсін!» (Еврейлерге. 1:6).

Сенің тағың, о, Құдай, сақталады мәңгілік,  
Патшалығыңа жүргізесің әділ билік.

– Еврейлерге. 1:8

...Құдай Оны көкке көтерді,  
Оның мәртебесін бәрінен де биіктетті,  
Оған бар есімнен жоғары Атақты сыйлап берді:  
Енді естігенде Исаның Атағын  
Көктегі, жердегі, жер астындағылардың  
Бәрі де тізе бүкпек Оның алдында

–Філіпіліктерге. 2:8-10

Иса Мәсіх біз үшін құрбан болып, өлімді жеңді де, көкке көтерілді. Осыдан кейін Иса Құдай Әкемен бірдей дәріптелетін болды.

Алайда, жер басып, адам кейпінде жүргенде, Ол адам тәрізді өмір сүріп, адам тәрізді қызмет етті.

Мәсіхтің құдайлық болмысы бола тұра,  
Ол Онысына жармасқан жоқ, қайта,  
Өз құдіреті мен салтанатты ұлылығынан  
Бас тартып, қабылдады құлдың сиқын:  
Ол адам секілді бұ дүниеге келді,  
Әрі кәдімгі адамға ұқсап көрінді.

– Філіпіліктерге. 2:6, 7

Адам кейпінде жүргенде, Иса Өзіне көрсетілген құрметті Әкеге бағыштап отырды. Өзі сауықтырған адамдарға: «Байқа, бұл туралы ешкімге тіс жарушы болма! Бірақ діни қызметкерге барып, қарал. Содан кейін Мұса Тауратта бұйырған құрбандықты ұсын. Бұл жұртқа сенің сауыққаныңның дәлелі болады» деп айтуының себебі де – сол (Матай 8:4). Құдайдың кереметімен көздері ашылған зағиптарға Иса: «Байқаңдар, бұл туралы ешкім білмесін!» — деп ескертті (Матай 9:30). Исаның осы тәрізді сөздері Інжілде көптеп кездеседі.

Жерде жүргенінде, Иса Әкемен арадағы тығыз байланысты сақтады. Сондықтан, Исаны дәріптеген әркім Құдай Әкені дәріптеген еді. Олай болса, хош иісті бағалы майдың Исаның басына құюлуы – ысырап емес. Исаның әйелдің ісін қоштауының себебі де – сол. Иса Өзін құрметтегендерді жазғырған емес, керісінше, Өзінің Құдай Әкемен байланысын дәріптегендерге құрмет көрсетті. Иса сый-сыяпат күткен жоқ, бірақ, құрмет қағидасын адамдарға ұғындыруға тырысты.

## Құрмет сарқылмасын

Иса айқыш ағашқа барар алдында Өзі көкке кеткенде, қызметі қалай жалғасатынын түсіндірді:

Сендерге шындығын айтайын: бұдан былай, «Жаратқанның атынан келе жатқан (Патша) жарылқанған!» деп шақырған уақыттарыңа дейін, Мені қайтып көрмейсіңдер.

– Лұқа 13:35

### 34 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

Басқаша айтқанда, «Жаратқанның атынан келе жатқандар жарылқанған!» немесе «Мен жіберген адамдарды мойындағанда ғана, Мені көре аласыңдар». «Мен жіберген адамдарды құрметпен қарсы алғандар ғана Мені жақын танып біле алады» деп айтуға да болады. Сәл кідіріп, осы жайлы тереңірек ойланыңыз. Құдай жіберген адамдарды мойындап, оларға лайықты құрмет көрсеткенімізде ғана, Иса келеді. Неге бұлай? Бұл сұраққа жауапты Киелі Кітаптың басқа аяттарынан таба аламыз.

Сендерге өте маңызды шындықты айтайын: Кім Мен жіберген адамды қабылдаса (құрметтесе), соның Мені қабылдағаны (құрметтегені). Ал кім Мені қабылдаса (құрметтесе), оның Мені Жібергенді де қабылдағаны (құрметтегені), — деді Иса.

– Жохан. 13:20

Осы айтылғандарды ескере отырып, Исаның мына сөзін оқып шығыңыз, мұнда Иса құрмет қағидасын өмірімізде қалай қолдана алатынымыз жайлы айтады:

Кім сендерді қабылдаса, соның Мені қабылдағаны. Ал кім Мені қабылдаса, оның Мені Жібергенді де қабылдағаны. Бір пайғамбарды Құдайдың хабаршысы болғандықтан қабылдағандар сол пайғамбар алатын сыйға ие болады, әрі әділ кісіні әділ болғаны үшін қабылдағандар соның алатынындай сыйды иемденеді. Сендерге шындығын айтайын: атақ-шені жоқ осылардың біреуіне Менің шәкіртім болғаны үшін ең болмағанда бір тостаған салқын су берген әркім сол үшін алатын сыйынан құр қалмайды!

– Матай 10:40-42

«Қабылдау» сөзі мен «бір тостаған салқын су берген» деген сөздердің орнына «құрметтеу» сөзін қойсам, аяттың мағынасы өзгере қоймас.

Кім сендерді құрметтесе, соның Мені құрметтегені. Ал кім Мені құрметтесе, оның Мені Жібергенді де құрметтегені. Бір пайғамбарды Құдайдың хабаршысы болғандықтан құрметтегендер сол пайғамбар алатын сыйға ие болады, әрі әділ кісіні әділ болғаны үшін құрметтегендер соның алатынындай сыйды иемденеді. Сендерге шындығын айтайын: атақ-шені жоқ осылардың біреуіне Менің шәкіртім болғаны үшін құрмет көрсеткен әркім сол үшін алатын сыйынан құр қалмайды!

Осы аяттардағы құрмет көрсету тәртібін дұрыс түсінуіміз үшін, негізгі екі ойға көңіл бөлейік. Біріншіден, Құдай Патшалығындағы биліктің нақты құрылымы бар. Билік Құдай Әкеден бастау алады. Ал Әке Исаны жерге жіберіп, Ұлына бар билікті берді. Өлімнен қайта тірілгеннен кейін Иса: «Маған көк пен жердің бүкіл билігі берілген!» деді (Матай 28:18). Иса – Қауымның Басы, болашақта Ол Өзіне қарсы тұратын күллі билік пен күш атаулыны жойып жіберіп, өз Патшалығын Құдай Әкесіне тапсырады. Құдай «барлық жауларын Оның табанының астына салып бергенше», Мәсіх билік жүргізеді (1 Қорынт. 15:24-26).

Биліктің келесі сатысына Құдай пайғамбарларды қойған. Көне өсиетте пайғамбарлар Құдайдың жердегі өкілі ретінде әрекет еткен. «Сонда һарон халыққа сенің атыңнан сөйлемек. Ол сенің аузың, ал сен ол үшін Құдай (іспетті жетекші) боласың» (Мысырдан шығу 4:16).

«Мен сені перғауынның алдында Құдай (іспетті құдіретті) етемін, ағаң һарон (хабарыңды жеткізуші) пайғамбарың болады» (Мысырдан шығу 7:1). Еврейлерге арналған хатта да осы жайлы жазылған: «Өткен заманда Құдай әлденеше рет түрлі жолдармен өз хабарын ата-бабаларымызға пайғамбарлар арқылы жеткізіп отырған. Ал осы соңғы заманда Ол бізге хабарын Өзінің рухани Ұлын жіберіп жеткізді. Құдай Сол арқылы әлемді жаратып, Оны барлығының иесі етіп тағайындады» (Еврейлерге. 1:1, 2). Жаңа Өсиетте Иса өлімнен тіріліп, көкке көтерілді де, «рухани дарындар сыйлап, сенушілердің біреулерін елші, біреулерін пайғамбар, тағы басқаларын Ізгі хабарды таратушы, енді біреулерін қауымның рухани бағушысы немесе тәлімгері етіп тағайындады» делінген (Ефес. 4:11).

Иса бүгін жер басып жүрсе, былай дер еді: «Менің Елшімді Елші болғандықтан қабылдағандар сол Елші алатын сыйға ие болады, әрі бағушыны бағушы болғаны үшін қабылдағандар соның алатынындай сыйды иемденеді» дер еді. Бұл сөз Ізгі Хабар таратушылар мен тәлімгерлерге де қатысты.

Матай жазған Ізгі Хабардың оныншы тарауында Иса пайғамбарларды (яғни, жетекшілерді) құрметтеуден бастайды да, әділ кісіні, содан соң атақ-шені жоқ адамдарды құрметтеу жайлы нұсқау береді. Иса сенушілердің өмірінде кездесетін биліктің барлық сатысын атап өтті. Біздің қарамағымыздағы адамдарды да ұмытқан жоқ. Өмірлік жолымызда кезіктіретін адамдарымыздың барлығы осы айтылған топтардың біріне жатады.

## 36 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

Сонымен, екінші ақиқатқа да жақындадық. Өзімізден жоғары сатыда тұрғандарды құрметтесек, Құдайдан сый аламыз. Өзімізбен бір сатыда тұрғандарды құрметтесек, Құдайдан сый аламыз. Қарамағымыздағы адамдарды құрметтесек, Құдайдан сый аламыз. «Мен жіберген адамдарды құрметпен қарсы алғандар ғана Мені көре алады» деген сөз есіңізде ме? Осы сөздерді Матай жазған Ізгі Хабардағы аяттармен қоса оқысақ, үш деңгейде де көрсетілген құрмет көктен керемет сыйлар алып келетініне көз жеткіземіз. Сол сыйлармен бірге Исаның Кім екені жөніндегі аян да келеді. Келесі тараулардың мазмұны осы төңірегінде болмақ.

## 4-ші ТАРАУ

# Мәселе жетекшіде емес

**Қ**ұдайдың жарылқауын алғымыз келсе, ізетті болуымыз қаншалықты маңызды екенін алғашқы үш тарауда айттық. Осыны анықтау үшін Киелі Жазбаның көптеген аяттарын да оқып шықтық. Қысқаша қайталап шығайық: Жохан елші бізді көктегі толық сыйымызды алуға бар жігерімізбен ұмтылуға шақырады. Толық сый бар болса, жарым-жарты сыйдың да болғаны. Және мүлде құр алақан қалу мүмкіндігі бар. Исаға кез болған адамдардың арасында осы үш түрлі жағдайдың үшеуі де болды. Адамның Құдайдан сый алу-алмауы Исаға көрсеткен құрметіне сай болды.

Көкке көтерілер алдында Иса «бұдан былай, Мен жіберген адамға құрмет көрсеткен уақыттарыңа дейін, Мені қайтып көрмейсіңдер» деген еді (Луқа 13:35, парафраз автордыкі). Яғни, жетекшіні сыйласақ, Құдайдың сол жетекші арқылы беретін сыйын аламыз. Иса осыны айтады. Сонымен қатар, басқа сенушілерге де, қарамағымыздағы адамдарға да құрмет көрсетуге тиіспіз. Алдымен, билік сатысында өзімізден жоғары тұрған адамдар жайлы сөз қозғаймыз. Кейін қалған екі топтағы адамдарды қарастырамыз.

### Осы күнгі мысалдар

Дүние жүзін аралап, Ізгі Хабар таратып жүрген қызметкерлермен таныспын. Солардың ішінде Т.Л. мен Дэйзи Осборн атты ерлі-зайыпты адамдар бар. Сексенінші жылдардың ортасында Лиза екеуіміз осы кісілермен бірге қызмет ету мәртебесіне көп рет ие болдық. Ол кезде

мен сегіз мың мүшесі бар қауымда жұмыс істейтінмін. Міндетім қауымға келген уағыздаушыларды қарсы алу болатын. Осборндар біздің қауымға жиі келетін, Лиза екеуіміз олармен талай рет сұхбаттас болдық. Кейін достасып та кеттік, хат-хабар алысып отыратын болдық. Т.Л. киім өлшемі менікімен бірдей болатын, бір-екі рет маған киім салған сәлемдеме де жіберді. Ол кісіні осы күнге дейін сенімдегі пірім деп білемін.

Біз танысқанда, Т.Л. мен Дэйзи Құдайға миллиондаған адамды алып келген ұлы қызметкерлер еді. Олардың бұл қызметі теледидар арқылы емес, әлемді аралап жүріп өткізген крусейдтері арқылы жүзеге асқан еді. Крусейдтерінің көбісі Африкада өтті. Әр жиналысқа қатысушылар саны 50.000-нан 250.000-ға дейін.

Әрбір жиналыста зағиптардың көзі ашылатын. Соқыр болып барып, жанары көріп қайтатын адамдар көп болды! Жүздеген саңырау адамдар шипа алды; емі жоқ аурулардан жазылғандар сансыз көп, зембілмен жеткізілген науқастар зембілін алып, өз аяғымен қайтты. Жиналыстарында болған кереметтер туралы Осборн бауырымыз бірнеше кітап жазды. Африкада кереметтер ерекше көп болды.

Сол кітаптардағы көптеген куәліктердің ішінде ерекше әсер қалдырған біреуін баяндап берейін. Африкада өткен жиналыстардың бірінде Дэйзидің жанына бір әйел келеді. Қолында – жас сәбиінің өлі денесі. Мәйіт жөргекке оралған, беті жабық. Әйел баланы Дэйзиге ұстатып, мінәжат етуін сұрады. Дэйзи қарапайым мінәжатын бастады. Бірнеше секунд өткенде, бала тыпырлай баста, жөргектің астында бірнеше рет түшкіріп-пысқырды. Дэйзи орауын ашып қараса, сап-сау ұл бала өзіне қарап жатыр.

Дэйзи жөргекті қайта жауып, сәбиді анасына берді. Енді жөргектің астына анасы үңілді. Баласының аман-сау екенін көріп, шаттана дауыстай жөнелді. Дэйзи күмілжіп қалды, сәбидің түшкіргенін естігенде неге шаттанбағанына, баласын көргенде ғана зор қуаныш білдіргеніне қайран қалып тұр. Аудармашы арқылы осыны сұрады.

Бақытты ана былай деп жауап берді: “Баламның тұғанынан бір көзі жоқ еді. Бір көзінің орны үңірейіп, бос тұрған. Енді екі көзі мөлдіреп маған қарап жатыр!”.

Т.Л. мен Дэйзидің Құтқарушымыз Исаның атымен атқарған ұлы істері жайлы көп естеліктер сақталған.

Африкада, әсіресе, Эфиопия мен Суданда, көптеген крусейд өткізген



досым бар. Сол қызметкердің жиналыстарына қатысатын адам саны 50 000-нан 200 000-ға дейін екен, жүздеген адам шипа алыпты, зағиптардың көзі ашылып, саңыраулардың құлағы еститін болыпты.

Сол досым бірнеше жыл бұрын ғажап бір әңгіме айтып берді. Африкадағы бір елде крусейд өткізіп жүрген кезі. Сол маңда “маймыл-адам” атанып кеткен бір кісі тұрады екен. Бұл адамды әбден жын жайлап кеткені сондай, адам болудан қалып, маймылша өмір сүреді екен. Киім кимейді, төрт тағандап жүреді, ағаш бұтақтарында түнейді. Аяқ-қолын күс басқан, алақандары мен табандары сүйелденіп, әбден қатып кеткен. Сол бейбаққа жаны ашыған жергілікті тұрғындар аяқ-қолын байлап, жиналысқа алып келеді. “Джон, көпшіліктің алдында уағыз айтып тұрғам, кенет әлгі адам сегіз футтай (2,5 метрге жуық) биіктіке секірді де, жерге құлап түсті. Қимылсыз жатыр. Өліп қалған болар деп ойладымын. Алайда, ертеңіне сол адам жиналысқа келді. Үстінде таза киім. Сахнаға, менің жаныма келіп, Құдайдың өзін азат еткенін айтты” деді досым.

Осы оқиғадан кейін әр жиналысқа ондаған мың емес, жүздеген мың адам келетін болды. Бұл аймақта “маймыл-адамды” білмейтін кісі жоқ еді. Енді солардың барлығы оны шайтанның құлдығынан азат еткен Құдайдың сөзін естуге құштар болатын.

Құдайдың қызметкерлерінен басқа елдерде, әсіресе, Африкада болған осындай кереметтер жайлы талай-талай куәлік естідім. Ал сол қызметкерлер Америкаға немесе басқа батыс елдеріне қайтып келеді; дәл сол адам, сол жолдау, сол майлану, сол қызмет, бірақ, жиналыстарда басы не белі ауырған, буыны сырқыраған бірнеше адам ғана шипа алады. Неге бұлай? Мұның сыры – құрмет қағидасында! Кейбір елдерде Құдайдың қызметкерлерін зор құрметпен қарсы алады. Олардың Құдай жіберген адам екенін мойындап, патшалардай дәріптейді.

## **Сен Құдайдың адамысың, солай емес пе?**

Менің де Африкада бірнеше рет қызмет еткенім бар. Кения, Зимбабве, Ангола, сол сияқты тағы бірнеше елде болдым. Сондағы сыйсыяпатты көргенімде, аздап қысылатынмын. (жергілікті тұрғындарды жазғырғаным емес, әрине). Олардың маған көрсеткен құрметі патшаға лайық. Мен үшін ең үздік отельдерден бөлме жалдады. Африкадағы қауым үшін осының өзі – әжептәуір шығын. Маған ешбір затты, тіпті

## 40 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

Киелі Кітабымды да көтертпей, қолымнан алып, өздері көтеріп жүрді. Ең жақсы асын алдыма қойды, маған қызмет етсін деп, жаныма елгезек қызметкерлерін қосып қойды.

Бірде бірнеше мың адамның алдында уағыз айтқанымнан кейін, қызметкерлер мені кондиционері бар бөлмеге апарды (Африкада жиналыс өтететін жерлерде кондиционердің болуы – сирек кездесетін жайт). Жаныма екі-үш әйел келді. Бірі тізесін бүгіп, алдыма тегене ұстап отырды, екіншісі қолындағы құмырадан қолыма су құйды. Тағы бір әйел қолымды орамалмен сүртті. Жергілікті тұрғындар мені мейлінше құрметке бөлеп, қолынан келген жақсылығын жасады.

Әлгі әйел алдыма тізе бүгіп отыра кеткенде, өзімді ыңғайсыз сезіндім. “Қолымды өзім де жуа аламын; оған әуре болудың қажеті жоқ” деп ойлады. Алайда, Киелі Рух: “Бұлардың қызметінен бас тартушы болма” деп қатаң ескертті.

Құрмет көрсету мен табынудың арасында айырмашылық бар. Иеміз бен Патшамыз, жалғыз Жаратушы Құдайымызға мәңгі табынамыз. Құрметке лайық адамдарға да мәңгі құрмет көрсететін боламыз. Құдай Патшалығындағы тәртіп сондай.

1990-шы жылдары әлемге танымал Құдайдың елшісі басқаратын қауымға барып, сол қауымдағы жетекшілерге уағыз айттым. Бұл кісінің қол астындағы барлық қауымдарды қосқанда, бес миллионға жуық адам бар екен. Қауымдар Африканың он сегіз елінде. Жыл сайын, ақпан айында, қауымдардың бас бағушылары бас қосады. Бас бағушылардың саны алты мыңдай, бағушының көмекшісі қызметін атқарып жүргендер бұл жиналыстарға қатыспайды. Елші осы жиналыстарда уағыз айтуға Америкадан немесе басқа елдерден қызметкер шақырады. Сол жылғы жиналыс тоқсаныншы жылдардағы ең мықты жиналыс болды. Уағыз айтқанымда, өзімді басқа әлемнен келген адамша сезіндім. Құдайдың құзыры анық сезіліп тұрды.

Үзілістерде маған бір адам қызмет етті. Оның қызметі жоғарыда айтылған мысалдарға ұқсас еді. Ол адам қызметін атқарып болып, шығып кеткенде, елші маған қарап: “Жаңа ғана өзіңе қызмет еткен адамның кім екенін білесің бе?” деді. “Ол – Халықаралық мәсіхшілер ассоциациясының бір елдегі басшысы”.

Қайран қалдым. Есімді жиғаннан кейін, күбірлеп, “әлгінің барлығын мен үшін істеді ме?” дедім. Сондай лауазымы бар адамның маған

осынша кішіпейілділікпен қызмет етіп жүргеніне сене алар емеспін. Ол кісінің маған қызмет етуі түгіл, қасында жүрудің өзі – мен үшін зор мәртебе еді.

Сол сәтте елші маған қарап, аңырып отырғанымды біле қойды. “Сен Құдайдың адамысың ғой, солай емес пе?” деді. Ішімнен “Біз, американдықтар, мұндайды түсіне алмаспыз” деп ойладым да қойдым.

## Құдай жіберген адамды қабылдау

Әлемді аралап, Құдайдың Сөзін уағыздап жүргеніме жиырма жылдан асты. Байқағаным, дамып келе жатқан елдерде, түрмелерде және әскери базаларда қызмет ету бәрінен оңай, өйткені, сондай жерлерде кереметтер көп болады; онда уағыз айту да оңай, Құдайдың құзыры да мықты. Неге дейсіз ғой? Себебі, сондай жерлерде билікке деген құрмет зор.

Мәселе, тіпті, менде емес, адамдардың мені кім деп қабылдауында екен. Осыған көзімді жеткізген бір оқиға жайында айтып берейін. АҚШ-тың оңтүстік-шығысында орналасқан бір қаладағы қауымда уағыз айтуым керек болатын. Қаланың маңында бір жарым мың адамдық түрме бар. Қауымның бас бағушысы негізгі қызметімен қатар түрмедегі діни қызметкердің көмекшісі екен. Ол кісі жексенбі күні таңертең түрмедегі адамдарға уағыз айтуымды сұрады. Таңғы сегізде түрмеде, он бірде қауымда жиналыс өтетін болды. Уақыт жеткілікті, екеуіне де үлгеремін. Келісе кеттім.

Жексенбінің таңында жүзден астам адам жиналысқа келді. Табыну тамаша өтті. Жиналғандар Құдайды шын жүрегімен мадақтады. Қатаң тәртіп түрмесінде жүргенімді ұмытып та кетіппін. Жиналыстың соңында мадақтау тобының жетекшісінен қай мерзімге қамалғанын сұрадым. Ол жігіттің кіршіксіз таза көзқарасы мен жүзіне қарап, екі-үш жыл деген жауап еститін шығармын деп ойладым.

Ол маған қарап, өте кішіпейіл әрі сабырлы жауап берді: “Сэр, өмірлік мерзімнің үшеуі”. Мұндай жауап күтпегенім айтпаса да, түсінікті. Бұл адамның маған деген құрметі сөзбен айтып жеткізгісіз еді. Басқалардың да маған деген ықыласы дәл сондай. Бұл адамдар басқа қаладан келген қызметкердің арнайы уақыт бөліп, түрмеге келгеніне дән риза еді. Олар маған аса құрмет көрсетті, онысы өшпес әсер қалдырды.

## 42 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

Қолыма микрофон тиіп, уағыз айта бастауым мұң еді, өзімді бейне бір басқа әлемнен келген адамша сезіндім. Майлану өте күшті болды. Ынта-жігерім тасып, футбол командасын әлемдік жарысқа дайындаған бапкердей сахнада әрлі-берлі жүгірдім. Тыңдармандарым ылғи ер адамдар, дауыстап, мені қолдап отырды. Бұл бір тамаша уақыт еді!

Бір сағат уағыз айттым. Содан кейін жиналысқа Киелі Рух қонды. Келесі бір жарым сағат кереметтерге толы болды. Жиналысқа қатысушылар Құдай алдында күнәларын мойындап, құтқарылып жатты, Киелі Рухқа кенелді, шипа алды, Құдайдың жүректеріне сөйлеп, толық қызметке шақырғанын естіді.

Іссапарларда өзіммен бірге жүретін көмекшім жиналыстың соңында жаныма келді де, микрофонды алды. Көңілі босап, “Жақын жерде тұратын болсам, осы қауымға мүше болар едім” деді. Залдың ішін қуанған дауыстар алып кетті, шаттықта шек жоқ.

Түрмеден 10:30-да шықтық. Бағушы, көмекшім, мен – үшеуіміздің де көңіліміз көтеріңкі. Қаладағы қауымда өтетін тамаша жиналыстың басталуын асыға күттік. “мынадай керемет өткен жиналыстан кейін барлық жиналыстар тамаша өтуі тиіс” дедім. Залға кіргенімізде, бізге қонған Құдайдың құзыры жиналған адамдарға да қонатынына күмәнім жоқ.

Сол жиналыстың қалай өткенін еш ұмытпаспын. Сахнаға шықтым да, өзімді тілім байланып қалғандай сезіндім. Залдағы атмосфера өте ауыр, уағыз айту қиынға соқты. “Бұл қалай, осыдан екі-ақ сағат бұрын басқа әлемнен келген адамдай уағыз айтып, Құдайдың кереметтерін көрдім ғой, не болып кетті?” деген ой қайтып орала берді. Түк түсіне алар емеспін, өзімді-өзім шабыттандыра да, жігерлендіре де алар емеспін. Ішімдегі бір шырақ сөніп қалғандай. Майлану сарқылып қалған сияқты. Ол кезде мен құрмет қағидасынан бейхабар болатынмын. Ондай нәрселерді енді үйреніп жүрген кезім еді. Ал қазір менің білгенімді әр адам білсе екен деген ниетім бар!

Айтпақшы, түрмедегі жиналыс туралы әңгіменің жалғасы бар. Арада он алты жыл өткенде, Небраска штаты, Омаха қаласындағы бір ірі қауымда уағыз айтуға шақыру алдым. Ондағылардың маған деген көзқарасы қандай боларын білген жоқпын. Бірінші жиналыста дыбыс режиссері болып, толық қызметте жүрген адамға қарап, түрмедегі мадақтау тобының жетекшісін танып қалдым. Қайран қалып, аңырып ұрмын. “Түрмеден қалай шықтың? Өмірлік мерзімнің үшеуіне кесілген

едің ғой, және мерзімнен ерте босау құқығынан да айырылған едің”.

Ол маған Құдайдың жасаған кереметі жайлы айтып берді. Мұндай керемет болатынын сол кезде естісем, сенуім қиын болар еді. Әлгі жігіт он алты жыл бұрынғы жиналыста менің өзіне айтқан пайғамбарлық сөзімді есіме салды. Түрмедегі жиналыс таспаға жазылып алынған еді, сондықтан ол сол пайғамбарлық сөзді қайта тыңдап, қағаз бетіне түсіріп алыпты. Сол жылдарда ойындағысын қойын дәптеріне жазып жүреді екен. Күнделігін маған да көрсетті. Өзім айтқан пайғамбарлық сөзді оқып шықтым. Мен арқылы Құдай оған болашақта қауымдағы толық қызметке кіретінін, ал түрмеде атқарып жүрген қызметі – соған дайындық екенін айтқан екен. Бұл пайғамбарлық сөзді танысымның қандай жазаға кесілгенін білмей тұрғанда айтыппын. Солай болғанына қуанамын. Әйтпегенде, мұндай пайғамбарлық сөзді айта алар ма едім, кім білген.

Сол жиналыста төгілген Құдайдың құдіретін осыдан-ақ байқауға болады. Ал енді, іштегі жалыным сөніп, қауымдағы сахнада, екі иінімді басқан ауыр атмосфераның ортасында тұрмын. Уағызымды айтып шықтым, әйтеуір. Сол күні мәселе менің өзімде емес, жиналғандардың мені Құдай жіберген адам деп қабылдау-қабылдамауында екен. Түрмеде жазасын өтеп жүргендер мені ізетпен қабылдап, құрмет көрсетті. Ал қауымдағылардың кейпінен-ақ “Бізге келіп-кетіп жүрген уағыздаушылар көп, біз бәрін білеміз. Сен бізге қандай жаңалық ашпақсың?” деген ойлары танылған еді. Жиналыстар алуан түрлі өтеді. Айырмашылық тек бір нәрсеге байланысты, ол – құрмет.

## **Өзіңді ренжіткен адамдарға құрметпен қарау**

Жетекшінің қандай екені емес, адамдардың оны қалай қабылдағаны маңызды. Осыны дәлелдейтін аяттарды келтірмекпін. Көне Өсиетте Елқана атты адам жайлы айтылады. Оның Пәнана мен Ханна есімді екі әйелі бар екен. (Тоқал алу дәстүрінің жойылғанына қуанамын. Жалғыз сүйікті жарым барына ризамын).

Пәнаның балалары бар, Ханна болса, бедеу. Ол заманда бала туу, әсіресе ұл бала табу, әйелдің басты міндеті саналатын. Ұл бала тапқан әйел ұрпақ жалғастырады, ал бұл өте маңызды еді.

Жыл сайын Елқана әйелдері мен бала-шағасын ертіп, Шилоға баратын. Шилода Исраил халқы Құдайға құрбандық жасайтын арнайы

#### 44 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

орын бар еді. Ханна бала таппағанына қатты қынжылатын еді. Оның үстіне Пәнана да оны мұқатуды әдетке айналдырды. “Бірақ күндесі Пәнана Ханнаны кекетіп-мұқатып, Жаратқан Иенің оған перзент сыйламағанын бетіне басып, ренжіте беретін» деп жазылған (1 Патша. 1:6). Пәнаның ащы сөздері Ханнаның жүрегін жаралады. «Қайсымызды күйеуіміз көбірек сүйеді, қалай ойлайсың? Мен Елқанаға бірнеше перзент тауып бердім, сен ше? Сенің тапқан балаң қайсы? Сені әйел деуге де болмас. Әлде Елқана саған жақындамайды ма? Сенен жеркенетін шығар, мүмкін? Әрине, солай, ол мені ғана сүйеді” деген сөздер Ханнаның сүйегінен өтсе керек.

Ақыры, Ханна осындай сөзден әбден мезі болды. Ол ғибадатханаға барды да, Құдайдың алдында оңаша қалып, жұбаныш таппақ болды. Еңіреп жылап, Жаратқанға жалбарына мінәжат етті. Еріндері жыбырлап тұрса да, әйел іштей сыйынып, ешқандай дыбыс шығармады. Ханна Құдай өтінішін қабыл алып, балалы болса, сол баланы Жаратқан иеге біржола арнаймын деп уәде берді.

Ханна дұға етіп отырғанда бас діни қызметкер Ели келіп қалды. Ол Ханнаны мас екен деп ойлап қалып: “Сен қашанғы мас болып жүре бересің? Шарап ішуіңді дұғар!» деп зекіді (1 Патша. 1:13, 14). Ханна Америкада туып өскен жоқ. Әйтпесе, Ели сол сәтте талай сөз еститін еді. «Бұл не деген діни қызметкер? Мен ораза тұтып, мінәжат етіп жүрген адаммын, ал мынауың мені маскүнем деп жазғырады ғой. Олай болуы мүмкін емес, мен, бәлкім дұрыс естімеген шығармын. Жо-жоқ, дәл солай деді. Не деген тасжүрек адам! Не деген көргенсіз! Қалай ғана ғибадатхананың басшысы болып жүр? Бұл адамға қатаң сөгіс беріп, өзін қызметтен қуу керек қой» деп ойлайтын еді Ханна.

Содан кейін ашуға мініп, Елиге бас салар еді. «Мені мас деп тұрсың ба? Мен ораза тұтып, Құдайдың алдында мұңымды шағып отырған адаммын, сен болсаң, мені маскүнем деп қорладың! Құдайға шын берілген адамды тани алмасаң, қалай діни қызметкер болып жүрсің?! Бұл ғибадатхана ма, ғибадатхана емес пе? Күйеуіме бәрін айтамын, ендігәрі мұнда қайтып келмеспіз! Басқа ғибадатханаға барамыз!»

Ханна осылай әрекет етсе, Құдайдың берер сыйынан құр алақан қалар еді. Өмірден бала сүймей өтер еді, жүрегі ызаға толып, өшігіп кетер еді. Ақыры, о дүниеге Құдай мінәжатымды естімеді деген оймен аттанар еді. “Ораза тұттым, дұға еттім, Құдайдан сонда да жауап болмады”.

Жоқ, Ханнаның әрекеті басқа болды. Өзін ренжіткен жетекшіге

былай деп жауап берді: “Мырзам, олай емес. Мен бір күйзеліп жүрген сорлы әйелмін. Не шараптан, не сырадан ауыз да тиген жоқпын. Тек көкірегімдегі зарымды Жаратқан Иеге ақтарып сиынып отырмын. Мені арсыз әйел деп ойлап қалмаңыз! Қайғы-қасіретім өте зор болғандықтан осылайша жалынып тұрмын!» (1 Патша. 1:15, 16).

Ханнаның Елиге қаншалықты құрмет көрсеткенін байқадыңыз ба? Елиді “Мырзам», өзін «сорлы әйел» деді. Ханна зор ізет танытты. Сонда Ели оған: «Тыныштықпен үйіңе қайта бер. Исраилдің сиынатын Құдайы тілеуіңді қабыл алсын!» деп батасын берді (1 Патша. 1:17).

Үш айдан соң Ханна бала көтерді. Ғибадатханадағы сол бір мінәжатынан кейін, бір жыл өтер-өтпес дүниеге Самуил атты ұл келді. Ол Исраил еліне рухани ояныш әкелген ұлы пайғамбар болды. Ханнаның дұғасы өзіне дөрекі сөйлеген діни қызметкерге құрмет көрсеткеннен кейін қабыл болды. Кейін Жаратқан Ие Ели жайында былай деді: «Ұлдарының зұлымдығы үшін оларды біржолата жазалайтынымды Елиге хабарлағанмын. Ол ұлдарының Құдайды қорлағандарын біліп жүрсе де, оларды жүгендеп, тоқтатқан емес. Сол себепті Мен: Елидің отбасы өз кінәсінің зардабынан ешқашан не құрбандық, не басқа да сый-тарту арқылы арыла алмайды деп ант еттім» (1 Патша. 3:13, 14).

Не деген сұмдық! Мұндай үкімге кесілуден Құдай сақтасын. Күнәсі ешқашан кешірілмек емес! Солай бола тұра, Ханна осы адамды құрметтегені үшін Құдайдан өзіне тиесілі сыйын алды. Мәселе Ели мен оның істерінде емес, Ханнаның өзінен мәртебесі асып тұрған адамды сыйлай білуінде еді. Билік сатысында өзімізден гөрі жоғары тұрған адамдарды құрметтесек, Құдайдың өзімізге арнаған сыйына қол жеткіземіз.





## 5-ші ТАРАУ

# Билік

**П**айғамбар немесе жетекшінің сыйы жайлы сөзімді жалғастырмас бұрын, биліктің өз алдына құндылығын мен маңызын қарастырғанымыз жөн. Бұл ақиқат жүрегімізге орнықса, лауазымы бізден жоғары адамдарды біз шын жүректен құрметтейтін боламыз.

Ізет сөзінің мағынасын еске түсірейік: «әлденені жоғары бағалау, оны құнды, маңызды көру». Біз құрмет көрсетер адамның қолында билік болса, ізет сөзіміз дәріптеу, қастерлеу деген мағынаға ие болады. Келесі бірнеше тарауларда талқылайтынымыз осы. Уэбстер сөздігі (1828 жылғы басылым) ізет сөзіне келесідей анықтама береді: «қастерлеу, құрметтеу; инабат тұту, бағыну, тиісті міндетті орындау». Осыдан білетініміз, билікті мойындап, оған бағыну – ізетті болудың үлгісі.

Сөз жүзінде билікті құрметтейміз деп, алайда іс жүзінде бағыну мен мойынсұнудан қашсақ, өз-өзімізді алдағанымыз. Билікті құрметтеу дегеніміз оған бағыну. Бағынбасақ, билікті құрметтемегеніміз. Римдік жүзбасын еске алыңыз: ол біреудің қол астында болудың не екенін жақсы түсінді. Ізет оның тұла бойына сіңіп кеткен, табиғатынан ажырамайтын дүние. Исамен кездескенде, жүзбасы Оған аса жоғары құрмет көрсетіп, өзінің толық сыйын алды.

### Биліктің төрт деңгейі

Құдай Патшалығында табысталған биліктен еш хабарсыз өмір сүру оңай. Біздің заманауи қоғамда ол биліктің не үшін керекін, қалай жұмыс

## 48 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

жасайтынын анық білмеу әсіресе оңай. Дегенмен, біз таймай, ол ақиқатта нық тұруымыз керек. Киелі Кітап бізге былай дейді:

Әрқайсың жоғары билігі барларға мойынсұныңдар! Себебі жоғары биліктің бәрі негізінде Құдайдан; қазіргі билікті де Құдай орнатқан. Сондықтан билікке қарсы шыққандар Құдайдың орнатқан тәртібіне қарсы тұрады. Мұндай қарсыласқандар жазаларын тартатын болады

– Римдіктерге. 13:1, 2, орысшадан аударма

Біріншіден, бұның кеңес не ұсыныс емес, нақты бұйрық екенін байқаңыз. «Әрқайсысың» сөзіне де назар аударыңыз. Басқаша айтқанда, біреуімізді қалдырмай, бәрімізге айтылған сөз. Исаны мойындайтын әр жан осы талапты орындау керек.

«Жоғары билік» деп, әрине, Пауыл елші азаматтық және үкімет билігін айтады. Дегенмен, бұл ескерту тек мемлекет басшыларына емес, басқа да табысталған билікке қатысты.

Жаңа Өсиетте табысталған биліктің төрт деңгейі туралы сөз қозғалады: азаматтық билік, қауым, отбасы және қоғамдық билік. Қоғамдық билік деп, барлық бастықтарды, мұғалімдерді, жаттықтырушыларды және тағы басқаларды айтамын. Жаңа Өсиетте биліктің әр түрі жайлы ерекше ақыл беріледі, бірақ бағыну туралы айтатын аяттардың көбісі осы табысталған билік түрлеріне де қатысты.

Бір пайғамбарды Құдайдың хабаршысы болғандықтан қабылдау туралы сөз қозғағанда, Иса тура соны әділ кісіге қатысты қайталап, соңында атақ-шені жоқтарды атап өтеді. Өткенде жазғанымдай, мұнда қоғамда кездесетін үш деңгейді көріп отырмыз: бізден жоғары тұрғандар, бізбен бір дәрежедегі адамдар және бізге бағынатындар. Бізден жоғары деңгейге мысал ретінде Иса қауымдағы биліктің бейнесі «пайғамбарды» келтірсе де, мұндағы қағиданың онымен шектелмей, биліктің барлық деңгейлеріне қатысы бар. Осыны растайтын Киелі Кітаптан тағы бір үзіндіні келтірейін:

Сондықтан да алым-салық төлеп тұрсыңдар, себебі билік иелері — Құдайдың қызметіндегілер, олар ел басқарумен үздіксіз айналысуда. Әркімге тиістісін беріңдер: алым-салықты — салықшыларға, кеден салығын — кеденшілерге төлеп, сый-құрмет пен қадірді — тиістілерге көрсетіңдер.

– Римдіктерге. 13:6, 7

Азаматтық билікті Құдай тағайындайды. Ол Құдайдың берген жұмысын атқаруы тиіс. Билікке құрмет көрсетсек, оны қойған Иемізді де сыйлағанмыз. Онда Құдай бізді де марапаттайды. Ізеттің қағидасы осы. Қоғамдық билікке қатысты келесі үзіндіні оқиық:

Құлдықта жүрген барлық қызметшілер қожайындарын құрмет атаулыға лайық деп есептесін!

– 1 Тимоте. 6:1

Қазіргі заманда бұл аяттың мағынасы мынадай: «Әрбір жұмыскер өзінің бастығын құрметтесін». Немесе: «Әр оқушы мұғалімдерін құрметтесін». Тура осыны спортшылар мен жаттықтырушыларға қатысты, әрі бағынуды талап ететін кез-келген қарым-қатынас жайлы айтуға болады. Отбасыдағы билікке келсек, мынадай нұсқау бар:

«Ата-анаңды сыйла!» Бұл Құдайдың бір уәдемен байланыстырып берген алғашқы өсиеті: «Сонда жерде игілікті де ұзақ өмір сүретін боласың».

– Ефестіктерге. 6:2, 3

Ата-ананы құрметтеудің сыйы бір өсиетке байланысты. Кейін оны толығырақ қарастырамыз. Соңында қауымдағы билік туралы оқиық:

Қымбатты бауырластар, сендерден сұрайтынымыз мынау: Иеміздің ізгі ісінде өздеріңе жетекшілік еткендерді сыйлаңдар. Олар араларыңда еңбек етіп, сендерге дұрыс жолды сілтеп жүр. Оларды айрықша құрметтеп, еңбектері үшін жақсы көріңдер. Өзара бейбіт, тату болыңдар!

– 1 Салоника. 5:12, 13

Биліктің әр деңгейіне қатысты Киелі Кітапта көп нұсқау беріледі, оны әлі талқылаймыз. Құдай бізге билікті құрметтеңдер дейді, ізет қағидасы тек осылай қолданылады. Жартылай не толық сыйды біз билікті қаншалықты бағалап, құрметтегенімізге қарай аламыз.

## Патшалық

Құдайдың Патшылығы нағыз шынайы Патшалық екенін ұмытпайық. Онда белгілі бір тәртіп, билік деңгейлері және табысталған өкілдік бар. Бірнеше жыл бойы мен осы ұғымды дүниежүзін аралап уағыздап келемін. Бір байқағаным, Құдайдың тәртібін батыстың адамдарына түсіндіру қиынға соғады. Неліктен? Жауабы күрделі емес:

Біз Патшалықтың қағидаларын өзіміздің демократиялық санамызбен түсінуге тырысатын халықпыз.

Құдайдың Патшалығы демократия емес. Сондықтан, біз Құдайдың жүрегін демократиялық ой-санамен түсінуге тырыссақ, еш нәтижеге жетпейміз, Құдайға жақындай алмаймыз да. Ізетті бола алмасақ, Иеміздің билігі беретін қорғаусыз қалып, әлсіреп, дұрыс жолдан таямыз. Иса замандастарымыздың көбісі алданатын болады деп содан айтады. Басқа уақытпен салыстырғанда, бүгін біз билікті аса елемейміз. Бір жаманы, оны тек зайырлы қоғам ғана емес, сенушілер де ескермей жатады. Биліктің Құдайдан келгенін және бізге қорғау, қауіпсіздік пен бейбіт үшін берілгенін ұмытпайық.

Батыстық көзқарас Америкадағы көптеген қауымдардың бөлініп кетуіне себепші болды. Нәтижесінде көптеген сенушілер үйде кішігірім топ болып жиналатын болды. Ол адамдардың сенімін жоққа шығарғым келмейді, бірақ олардың Иса Мәсіхтің Өзі орнатқан билікке бағынғысы келмейтіні анық. Мүмкін сіз «Джон, қытайлық қауым тұтастай кішігірім үй жиналыстарынан құралған» дерсіз, Иә, келісемін, бірақ олардың ашық жиналуға мүмкіндігі болмағаннан, олар осындай шара қолдануға мәжбүр болды. Сонымен қатар, олардың ұйымы Құдайдың Сөзіне толықтай сәйкес келеді. Ондағы билік жүйесі керемет. Осы жылы мен қытайлық жасырын қауымның бес жетекшісімен кездестім. Қауымды бастайтын бес жетекші он миллион жанға жауапты. Олардың құрған тәртібі шынымен де әсер қалдырады. Біздің қызметіміз олардың қауымдарына екі жүз елу мың кітап жіберді. Бірнеше күннің ішінде кітаптар таратылып берді. Олардың билік жүйесі Киелі Кітаптағы билікпен бір ағында.

Америкадағы үй жиналыстарының көбісі ондай емес. Көне Өсиеттегі басқару мен есеп беру онда жоқ. Байқасаңыз, жолдауларында (мысалы, Тит пен Тимотеге жазған хаттарында) Пауыл елші қауымды түзететін, әшкерелейтін, тәлім беретін, ескертетін бас қызметкерлерді тағайындаудың маңызын айтады. Осылайша Исаның құрған билік

жүйесінде есеп беру болады. Американың үй жиналыстарында оңдайды таба алмайсың. Одан гөрі өкпелі, ренжіген, қауымнан көңілдері қалған сенушілерді кездестіргеніміз ықтимал. Олар үй жиналыстарына есеп беру міндетінен құтылу үшін барады. Қауымды адам емес, Иеміз Иса Мәсіх жаратқаны есімізде болу керек. Елшілердің істері кітабында сенушілердің үйде бірге жиналғандары жайлы оқимыз. Оның еш жаманы жоқ, алайда, тағайындалған басшылары бар жергілікті қауымдарда жетекшілік пен есеп беру жетік қалыптасуы керек.

## Заңды биліктің бәрі – Құдайдан

Римдіктерге арналған хатта айтылғандай, бәріміз де жоғары билікке бағынуымыз керек. Неліктен? Себебі, Құдайдан келмеген билік жоқ (13:1). Әлемдегі барлық заңды билік Құдайдың тағынан шығады. Шынымен де, жаңадан туған әр сенуші билікті мойындап, оны құрметтейді. Маған билікті елемейтін адамды көрсетсеңіз, мен Құдаймен қарым-қатынасы жоқ адамды көрсетемін. Кінәларын мойындаса да, апта сайын қауымға барса да, адамның жүрегінде билікке деген құрмет болмаса, ол құтқарылмаған адам.

«Джон, мұны қалай ғана сонша батылдықпен айтасың?» деп сұрарсыз. Иса шынайы сенушілерді күнәкар мінәжатын оқығаннан емес, қайта «жемістерінен», яғни іс-әрекеттерінен танисыңдар деді. Құдайды шынымен сүйетін, Оны білетін адам Құдайдың билігіне мойынсұнады, себебі Жаратқан Иені білу – билікті түсіну деген сөз. Құдай мен Оның билігі бір-бірінен ажырамайды.

Сосын, Римдіктерге арналған хатта Пауыл елші былай дейді: «Себебі мемлекеттік биліктің бәрі негізінде Құдайдан» (Римдіктерге. 13:1). Мұнда адамдар билікті таңдайды деп жазылмағанына көңіл аударыңыз. Оны тағайындайтын Құдайдың Өзі. Ағылшынша аудармада мұнда appointed сөзі, ал грекше tasso сөзі қолданған. Tasso «тапсыру, тағайындау, арнау»-ды білдіреді. Астарлы тұспал іздесек те, «кездейсоқ болған нәрсе»-ге ұқсас мағынаны таппаймыз. Мұнда тек нақты тағайындау жайлы сөз қозғалған. Құдай биліктің барлығын тағайындаған соң, біздің билікті елемей, құрмет көрсетпеуіміз, билікке бағынбауымыз одан жоғары тұрған Билікке қарсы шыққанымыз. Оны білсек те, білмесек те біз Құдайдың орнатқан тәртібі мен заңдарына бағынбайтын болып шығамыз. Құдайдың табыстаған билігіне қарсы шыққанда, біз Құдайдың Өзіне қарсы шығамыз. Сол

## 52 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

себептен Пауыл елші «билікке қарсы шыққандар Құдайдың орнатқан тәртібіне қарсы тұрады» деп жазады (Римдіктерге арналған хат 13:2).

Осы ақиқатты алғаш білгенім есімде. 1992 жылы Билл Клинтон АҚШ президенті болып сайланды. Үш күн бойы мен жабырқаңқы көңіл-күйде жүрдім. Содан кейін Киелі Рух маған Одан жасырып ешкім қолына билік ала алмайтынын айтты. Жүрегіме осы сөз келген соң, мен Клинтон президенттен мін іздегенді қойып, қайта оған құрмет білдіріп, ол үшін мінәжат етіп, Құдайға алғыс айттым. Пауыл елші: «Ал енді, ең алдымен мынаны ескертемін: барлық адамдар үшін Құдайға сиынып, өтініштерің мен алғыстарыңды білдіріңдер. Патшалар мен басқа да барлық әкімшілік иелері үшін де мінәжат ету керек; соның нәтижесінде біз барлық жағдайда Құдайға ұнамды да адал болып, тыныш та бейбіт өмір сүрмекпіз» деп Құдайдың Сөзін бізге жеткізеді (1 Тимоте. 2:1, 2).

Байқадыңыз ба? Тыныш та бейбіт өмір сүру тек билікті құрметтегенде ғана мүмкін болады. Билікке құрмет көрсететін адамдарға Құдайдың беретін сыйларының бірі осы. Сенуші бола тұра, билігі бар адамдарға ізет білдірмесек, өз басымызға өзіміз қиындық тудырамыз.

Қудалаудың екі түрі бар. Біріншісі – өзіміздің теріс әрекетімізге бола қудалану, екіншісі – әділдік үшін қудалану. Петір елші осы екеуін атап өтеді. Бірінші түрі жайлы ол: «Жасаған жамандықтарыңа лайықты соққыға шыдасаңдар, оның несі мақтарлық?» (1 Петір. 2:20). Басқаша айтқанда, қате әрекетіміз үшін біз жаза тартамыз. «Стоп» сигналын ескермей тоқтамай өте шықсаңыз, артыңыздан жыпылықкөз шамын жағып полицияның жүргеніне шайтанды айыптамаңыз. Неге десеңіз, дәл осындай жағдайлардың алдын алу үшін, Құдай билік тағайындады. «Билеушілерден жақсылық істегендер емес, жамандық істегендер қорқуға тиіс. Билік иесінен қорықпай жүргің келсе, жақсылық істей бер, сонда одан мақтау аласың» (Римдіктерге. 13:3). Жай ғана билікке бағынып, көп қиындықты жолатпауға болады.

Қудалаудың басқа түрі – әділдік үшін қудалану. «Ал жақсылық жасай тұра азап шегіп, соған шыдасаңдар, бұл Құдайға ұнайды. Ол сендерді сол үшін де шақырды. Мәсіхтің Өзі бізге бола азап шегіп, үлгі қалдырды, сондықтан Оның ізімен жүруіміз керек» дейді Петір (1 Петір. 2:21).

Бізге қарсы біреудің жамандық жасағанына қарамастан біз жақсы, үлгілі жұмыскер, оқушы, азамат, қауым мүшесі болып қала берсек, ол ізет көрсетудің ең лайықты бейнесі. Құдайды жүрегімізбен қастерлеу бізді жақтырмайтын адамдарды да құрметтей алу үшін қажет.

Осы сөзді орындаудың орнына «Менің бос еркім бар! Мен тәуелсіз елде тұратын сенушімін, бос сөзге ермеймін!» деп қасарысатындар көп. Әрине, еркін адамсыз, бірақ Құдайдың Сөзіндегі мына үзіндіні ұмытпаңыз: «Бауырластар, Құдай сендерді еркіндікке шақырды. Бірақ еркіндікті күнәлі құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін теріс пайдаланбаңдар, қайта, бір-біріңе сүйіспеншілікпен қызмет етіңдер!» (Ғалаттарға. 5:13). Барлығы бізге жазықсыз жамандық жасаса да, оған дұрыс шыдау біздің борышымыз. Петір елшінің жазғанын оқыңыз: «Ол сендерді сол үшін де шақырды (яғни, ол Құдайдың аманаты). Мәсіхтің Өзі бізге бола азап шегіп, үлгі қалдырды, сондықтан Оның ізімен жүруіміз керек» (1 Петір. 2:21).

Исаның үлгісі қандай болды? Ол тек жақсылық жасаса да, билігі барлар Оны жамандық жасағаны үшін өлімге кесті. Осында бұрыннан бері көп пікірталас туғызып келе жатқан сұрақ пайда болады: қолында билігі бар адам бізге әділетсіз қарайтын болса да, біз оған бағынып, оны құрметтеуіміз керек пе?

## Әділетсіз басқарушылар?

Көбісі осында менімен сөз таластырып «Джон, мен көптеген жаман, тіпті қатыгез әміршілерді білемін. Оларды Құдай тағайындады дегенің бе? Біз оларға бағынуымыз керек пе? Бұл талапты жоятын жағдайлар болуы керек қой!» дер.

Ол рас. Қатыгез, әділетсіз билік жүргізген зұлым тирандар көп. Киелі Кітапта да ондай билеушілерді жиі кездестіреміз. Құдайдың Сөзін әрдайым есте сақтаған жөн. Ол былай дейді: «Билік – Құдайдан, бірақ Құдайды қастерлемейтін билік те болады».

Жаңа Өсиетті жазған елшілерге Құдай билікті құрметтеу туралы сөз бергенде, Ол алда әрі көптеген озбыр басқарушылардың болатынын білді. Киелі Жазба да жәбірлеуші басқарушының зұлымдығын еш жасырмай, ашық айтады. Перғауынды еске алыңыз. Ол Ыбырайымның ұрпағы, Құдіретті Құдайдың халқына қарсы көп қастандық жасады. Ол халықты қанап, ұрып-соғып, тіпті балаларын өлтірді.

Перғауынның ол билігі қайдан келді? Киелі Жазбада Құдайдың перғауынға «сені патша етіп қойдым» дегені бар (Мысырдан шығу 9:16). Хаттарының бірінде Пауыл елші де оны растайды (Римдіктерге. 9:17

## 54 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

қараңыз), ал екі адамның куәлігі – шындық (Жохан. 8:17). Перғауынды адам не шайтан емес, Құдайдың өзі әмірші еткеніне менің еш күмәнім жоқ. Яғни, «биліктің бәрі Құдайдан» (Римдіктерге. 13:1) дейтін тұжырыммен еш қарама-қайшылық таппаймыз.

Бабыл патшасы Набуходоносорды еске алыңыз. Ол Яһудеяны жаулап алып, қаланың астан-кестеңін шығарып, Жаратқан Иенің киелі үйі мен халықтың барлық дерлік үйлерін қиратып, тонап кетті. Кейіннен ол белгілі әлемді толықтай басып алатын империяның негізін қалады. Оның Құдайға бағынбай кеткені сонша, бір кезде «Ол адамдардың арасынан аластатылып, өгіз сияқты шөппен қоректеніп, денесі шыққа малынып тұрды. Содан шаштары бүркіттің қауырсынындай, тырнақтары құстың шеңгеліндей болып сойдиып өсіп кетті» (Даниял пайғамбар 4:30). Сонда да, Құдай былай айтады: «Жиналғандарға былай де: Әлемнің Иесі, Израилдің Құдайы, мынаны айтады: Мен Өзіме қызмет етуші Бабыл патшасы Набуходоносорды осында алдыртып, оның патшалық тағын осы жерде көмулі жатқан тастардың үстіне орнатамын. Бабыл патшасы солардың үстіне өзінің шатырын тігетін болады» (Еремия. 43:10). «Өзіме қызмет етуші» дейді Құдай, себебі «биліктің бәрі Құдайдан».

Саул патшаны да еске алайық. «Саулды адамдар таңдады, ал Дәуітті Құдай тағайындады» деген пікірді мен көп естідім. Шын мәнінде, бұл шындыққа жанаспайтын тұжырым. Осындай қате пікірден кейбір сенушілердің шығаратын қорытындысы – заңды билік Құдайдың еркімен емес, адамның дегенімен сайланады. Бұл, әрине, қауымға зиян келтіруі мүмкін. Осының кесірінен адамдар өздері ұнатпаған басқарушыларға тиісті құрмет көрсетпей, Құдайдың берер сыйынан айырылып қалады. Құдайдың Өзі Саулдың асау, тәкаппар, тілазар жүрегі жайлы былай дейді: «Саулды патша етіп тағайындағанымнан қайтамын. Себебі ол Менен теріс айналып, бұйрықтарымды орындамады», — деді (1 Патша. 15:11). «Саулды тағайындағанымнан» деген тұсына назар аударыңыз. Саул патшалыққа Құдайдың еркімен қол жеткізді. Тағы да «биліктің барлығы Құдайдан» деген ақиқаттың шындығын көріп отырмыз.

Киелі Жазба «Құдайдың көңілінен шыққан адам» деп жалғыз Дәуітті ғана айтады. Сонда да Дәуіт көп жыл бойы Саулдың қол астында жүріп, оған қызмет етті. Бұл кезең Құдайдың Саулға қатысты шешімінен қайтқанынан кейін орын алды. Кездейсоқ болған жайт па? Жоқ, әрине. Ол Құдайдың жоспары.

Дәуіт патшаға қызмет еткенде, Саул өз тарапынан оған барынша



қамқорлық жасап, жылы шырай танытты. Дәуіт қауіп төндіре бастаған мезетте Саул қатыгездігін жасырмай, дұшпанын жоюға бар күшін салды. Тірі қалу үшін болашақ патша сарайдан қашуға мәжбүр болды.

Келесі он төрт жыл бойы Дәуіт қашқын болып өмір сүреді. Шөл даланы кезіп, үңгірлерге тығылады. Бірде тіпті шет елден пана табады. Ондай өмірдің қиындығы, сөзсіз, зор. Ойлап көріңіз, он алты және отыз жас аралығында Дәуіт, аз уақытқа болсын, үйіне орала алмады. Ол өз отбасынан, бала кезде бірге ойнаған достарынан, туған жерінен ажырап қалды. Ал ең жақын досы Жонатанмен кездесу басын өлімге тіккенмен тең еді. Жас кездегі жайлылық пен қауіпсіздік, әрі өзіне үйреншікті, ұнамды нәрсенің барлығы артта қалды. Осы ауыртпалықтың барлығы Құдайдың тағайындаған патшасы Саулдың кесірінен болды. Көңілінен шыққан адамның маңдайына Құдайдың осындай тағдыр жазғаны ма?

Саулға билік бергеніне Құдай өкінсе де, Дәуіт патшаға бағынып, ізет көрсетуін тоқтатпады. Өзінің айыпсыздығын Дәуіт бірнеше рет дәлелдесе де, Саул оны өлтірудің амалын іздеді. Бірнеше жыл бойы қуғында өмір сүргеннен кейін Дәуіт осы қиындықтың бәрін тоқтауға мүмкіндік алды. Бірде філістірлердің шабуылын тойтарып тастап, Саул Ен-Геди маңындағы елсіз қыратта аялдап, дем алуға тоқтайды. Патша қару-жарағын тастап, үңгірлердің біріне кіреді. Ол үңгірде толықтай қарулы жауынгерлерімен бірге әскери қақтығысқа дайын Дәуіттің отырғаны, әрине, патшаға беймәлім. Қорғаусыз қалған патшадан Дәуіт біржола құтыла алар еді. Жігіттері де Дәуітке қазір кенеттен шабуыл жасағанымыз дұрыс деп, Құдайдың сөзін дәлел қылып келтіреді. «Жаратқан Иенің сізге: «Мен қас жауыңды қолыңа тапсырамын, оған қалағаныңды істе» дегені, міне, бүгін іске асып тұр!» (1 Патшалықтар 24:5).

Олар: «Саул – халқымызды азапқа салған жалмауыз жан. Ол діни қызметкерлер мен қарапайым отбасыларды жазықсыз өлтірген жоқ па? Сізді Исраилдің келесі патшасы етіп майлаған – ұлы Самуил пайғамбардың өзі. Жауыңды құртпасаң, өзің өлесің деп бекер айтылмаған. Бұл өз-өзіңізді қорғау, соттың алдына барсаңыз да, сізді ешкім айыптамайды!» деп жалынды. Тамаша дәлелдер. Шынымен де, Саулдың Дәуітке қарсы жасаған жөнсіз қастандығы көп қиындық туғызды.

Дегенмен, Дәуіт естігеніне ермей, басқаша әрекет етті. Ол Саулға жақындап барып, білдірмей шапанының бір шетін кесіп қана алды. Осы алақандай мата Дәуіттің еш арам ниеті жоғын көрсететін дәлел болмақшы. Дәуіттің Саулды өлтіруге мүмкіндігі болса да, патшаға қарсы

## 56 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

еш жамандық жасамағанын көрген әркім Дәуіттің билікке таласпайтынын көрмейді ме? Оны көрген Саул да Дәуітті құдалауын тоқтатушы еді.

Патшасының киімінен қиып алғанда Дәуіт «мұнысына да ар-ұжданының алдында ұят сезінді» дейді Киелі Жазба. Ол патшасын масқаралағандай болды. Ондайға қалай ғана дәті барды? «Дәуіт серіктеріне қайта оралып:

— Жаратқан Ие тағайындаған тақсыр иеме қарсы көтеріліп, оған қол жұмсаудан Құдай сақтасын! Бұл Жаратқан Ие тағайындаған патша ғой! — деді».

— 1 Патша. 24:6, 7

Сонан соң ол өзінің ақ ниетін дәлелдейін деп Саулға былай деп дауыстап тіл қатты:

«Біреулердің «Дәуіт сізге қастық ойлап жүр» дегендеріне неге сенесіз? Үңгірде болғаныңызда Жаратқан Ие сізді қолыма тапсырып-ақ еді, соған енді көз жеткізе аласыз. Маған «Көзін құртыңыз!» деді, бірақ мен: «Тақсыр иеме қол жұмсамаймын, ол Жаратқан Иенің тағайындаған патшасы ғой!» деп, сізге жаным ашыды. Қараңызшы, әке, шапаныңыздың бір шеті, міне, менің қолымда! Оны жаңа ғана шапаныңыздан кесіп алдым, бірақ өзіңізді өлтірмедім. Содан менің сізге ешқандай қастық не бүлік жасамағанымды біліп алыңыз.

Сізге істеген ешбір жамандығым жоқ, ал өзіңіз қалайда жанымды алу үшін артымнан қалмай жүрсіз. Екеуіміздің арамызда Жаратқан Ие төрелік етсін! Істеген істеріңізге қарай Жаратқан Иенің Өзі сізді жазаламақ. Бірақ мен сізге қолымның ұшын да тигізбеймін».

— 1 Патша. 24:10, 13

Өшін алуға себеп болса да, Дәуіт бәрін Жаратқан Иенің қолына тапсырды. Мінез-құлқына қарасақ, ол Саулға тек құрмет көрсетіп, еш қылмыс жасаған жоқ. Тіпті өзін өлтірмекші болған адамға «Әке» деп кішіпейілдік танытты.

Дәуіттің ақ пейілін көрген Саул: «Сен менен әлдеқайда әділсің! Өзіңе істеген зұлымдықтарыма жақсылықпен жауап қайтардың» деп көңілі толқып кетті (1 Патша. 24:18). Бұдан кейін Саул әскерімен еліне қайтты.

## Дәуіттің ізеттілігі сыналды

Дәуіт айыпсыздығын дәлелдегеннен кейін, Саул оған тыныштық берді деп ойлаған шығарсыз. Алайда, патша қастандығын жалғастырды. Ен-Геди қыратындағы оқиғадан сәл уақыт өте Саул Дәуіттің һақила аймағында жүргенін естиді. Ол Исраилдің ең мықты үш мың жауынгерін алып, Дәуітке қарсы шығады.

Осы кезде Дәуіттің не сезгенін елестете аласыз ба? Жақында ғана бейбітшілік орнап еді, Саул тағы да Дәуітті дұшпан көріп, өлтіргелі жүр. Дәуіттің «Саул — мейірімді, әділ патша» деген үміті қор болды. Осы тұста ашу-ызаға беріліп: «Мен өзімнен жоғары тұрған адамға құрмет көрсетіп, оның өмірін сақтап қалдым. Оның маған істеген жақсылығы осы ма? Енді менен рақым күтпе!» деп кек алуға болар еді. Дәуіттің не істегенін оқиық.

Саул бастаған әскер кешке қос тігіп, терең ұйқыға батады (1 Патшалықтар 26:12 қараңыз). Дәуіт жауынгерлерінен «Менімен қайсың барасың?» деп сұрағанда, Жоғабтың інісі Әбішай баруға тілек білдіреді. Ағасы да, інісі де жауын аямайтын қанқұмар батырлар еді.

Сонымен, Дәуіт пен Әбішай түн жамылып Саулдың қосына енеді. Саул тұрақтың ортасында, қарулы жауынгерлердің қоршауында жатқан екен. Жанында Әбенир. Сонда Әбішай «Бүгін Құдай жауыңызды қолыңызға түсіріп отыр. Оны сүңгімен жерге қадап тастауға рұқсат етіңіз. Мен бір ұрсам болды, екінші рет ұрып жатпаймын!» деп өтінеді (1 Патша. 26:8).

Дәуіт дұрыс шешім қайсы деп қатты ойланғанын елестету оңай. Ол «Басыма туған қиындықтың бәрі тура қазір біте қалады. Жанымдағы адал серіктерімнің де өмірі жеңілдей түседі. Аяулы туған жерімнің халқы азап шекпейтін болады. Майдандас жолдасымның да қалайтыны сол. Өзім үшін және өзіме бағынатын адамдарым үшін Саулды өлтіргенім дұрыс болмай ма? Жанымдағы арыстай азаматтар отбасыларына оралуды қанша жыл армандап келеді. Оларды елемей, Саулға адал болғаным қалай? Саул мені алдады. Мені сатқын деп халықтың алдында абыройымды төкті. Саулдың кесірінен елінің мақтан тұтар азаматы болудың орнына мен әкемнің үйін тастап бейшара қашқын болып жүрмін. Ол мені көзіне де ілмей, тіпті менің әйелімді басқа күйеуге беріп жіберді (1 Пат. 25:44 қараңыз). Саулға бола бәрінен айырылдым».

Дәуіттің ойын адал жауынгері Әбішай бөліп жібереді: «Тақсыр, жауды қазір-ақ жоямыз. Бұл жалмауыздың көзін құртуға бұйрық берсеңіз болды».

Өмірін Дәуітті қорғауға арнаған жолдасы сөзін былай жалғастырғанын елестетемін. «Жазықсыз айыпталғаныңызды қанша рет дәлелдедіңіз. Ен-Геди үңгірінде Саул қолыңызға түсіп еді, өмірін сақтадыңыз. Шүбә жоқ, адалдығыңызды бәрінің көзінше ашық көрсеттіңіз, сонда да патша артыңыздан қалмай, сізді өлтірмекші. Кімнен сұрасаңыз да, ол сізді жақтайды».

Дәуіт жауап қайтармады.

Әбішай тықыршып: «Дәуіт мырза, Құдайдың елшісі ұлы Самуил пайғамбар сізді таққа майлады. Израилдің келесі әміршісі – өзіңіз. Халықты мына қанаушы патшадан азат ету тек сіздің қолыңыздан келеді. Ноб қаласында әйелдері мен балаларымен қоса сексен бес діни қызметкерді Саулдың ойланбастан мерт қылғанын ұмыттыңыз ба? Олардың бар кінәсі – бізге нан бергендері (1-Пат. 22 қараңыз)! Бұл патша емес, бұл жексұрын кісі өлтіруші!» деген шығар.

Ақыры, шыдай алмай «Құдай әскерді оянбайтындай терең ұйқыға не үшін батырды дейсіз? Халықты осы жалмауыз патшадан құтқару үшін емес пе?!» деген болар.

Дәуіт бұл кеңеске жақсылап ой жүгіртті. Қисынды көрінгенмен, ол Құдайдың сөзіне қарсы келді. Дәуіт Әбішайдің айтқанын және өзінің күмәнін сыпырып тастап, қатаң тыйым салды: «Оны өлтіруші болма! Жаратқан Ие тағайындаған патшаға қол көтерген адам айыпсыз қалмайды. Мәңгі тірі Жаратқан Иенің алдында шын айтамын: Оның Өзі Саулды өлтіретін болады. Не уақыты жетіп қайтыс болады, не соғысқа шығып қаза табады. Бірақ Өзінің тағайындаған патшасына қол тигізу дегеннен Жаратқан Ие сақтай көрсін!» (1 Патша. 26:9-11).

Дәуіт қызметшісін үлкен қатеден ұстап қалып, патшаның қосынан кетіп қалады.

Ал шынымен де, Құдай әскерді не үшін терең ұйқыға батырды? Дәуіттің жүрегін сынау үшін. Дәуіт Құдайдың көңілінен шыққан адам болып қалады ма, әлде Саулдай бәрін өз қолына алады ма – осыны тексеру үшін. Құдайдың тағайындаған басқарушысын құрметтемей, Құдайдың Өзін сыйламай кетеді ме? Дәуіт үшін бұл шешуші сәт болды. Патша Дәуітке еш ізет көрсетпесе де, Дәуіт патшаны құрметке бөлегенін тоқтатқан жоқ. Нәтижесінде, оның алған сыйы күткеннен әлдеқайда жоғары болды. Қатыгез болсын, басшысын қадірлеп, оны құрметтеген Дәуіт жайлы Құдай былай дейді:

«Осы қызметшім Дәуітті тауып алдым,  
 Арнайы майымды оған жақтырттым,  
 Патша болуға оны тағайындаттым.  
 Ұдайы оны қорғап-қолдайтын боламын,  
 Әрдайым күш-қуат сыйлайтын боламын.  
 Жау одан амалын асыра алмайды,  
 Зұлымдар тықсырып, жеңе алмайды,  
 Оның алдынан жауларын құртамын,  
 Өзін жек көргендерді қиратамын.  
 Берік рақымыма Дәуіт ие болады,  
 Өз атыма бола оның күші артады

...

Мен Дәуітке ант еткенмін біржолата,  
 Қасиеттімін, жалғандық айтпаймын да:  
 Әулеті жалғасады шексіз уақытқа,  
 Оның патшалық тағы Менің көз алдымда,  
 Күн іспетті ол әрдайым бар болады да,  
 Ай іспетті ол тұрақты болып орнайды,  
 Аспандағы адал айғаққа ұқсайды»

– Забур. 88:21-25, 36-38

Дәуіт Саулдың зұлымдығын ғана емес, оған табысталған билікті да көрді. Ол ізет қағидасы бойынша өмір сүрді: Құдайдың жоғары қойған адамын құрметтеу арқылы ол Құдайдың Өзін дәріптеді. Құдайға ізет көрсетсе, Құдай да ақ батасын береді. Забур жырларынан оқыған үзіндіміз Құдайдың Дәуітке дарытқан мол құрметін көрсетеді. Сыйы да зор болды!

Аз уақыттың ішінде Құдай Саулға қатысты үкім шығарды. Патша філістірліктердің қолынан қаза табады. Дәуіт мұны естігенде Саул мен Жонатанға арнап жоқтау шығарып, Яһудея тұрғындарына таратады. Ел билеуші жаза тартып, қайтыс болғаннан кейін де, Дәуіт оған құрмет көрсетті.

Сонымен, билік лауазымын беретін адам, не шайтан емес, Құдайдың Өзі екенін анық көрсететін бір-екі мысалды қарастырдық. Адамзат тарихында Құдай әр билеушіні жақсы не жаман әрекетіне қарамастан тағайындады. Әр билеушінің қолына билік кездейсоқ түскен жоқ, оның нақты бір мақсаты болды. Құдайдың мәңгі ақиқатын тағы бір қайталайын: «Биліктің барлығы – Құдайдан».

## 60 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

Қатыгез, зұлым билеуші болса да, оның билігін Құдай орнатты, бірақ оның зұлымдығы Құдайдан емес. Басқарушы Құдайдың алдында жауап береді, ал оның қоластындағы адамдар, Дәуіт тәрізді сыналатын болады. Басшыны құрметтей білген жандардың сыйы зор болады.

Басқарушыларды Құдайдың өзі тағайындайтынына көз жеткіздік. «Қолында билігі бар адамдар қатыгез, зұлым болса да, біз оларға бағынуға міндеттіміз бе?» деген сұраққа жауап іздеуді келесі тарауда жалғастырамыз.

## 6-шы ТАРАУ

# Қатыгез билік

**А**лдыңғы тарауда заңды биліктің барлығы Құдайдан екенін айттық. Билік қатыгез болса да, осы ақиқат күшін жоймайды. Сонда мейірімді Құдай билікке қатыгез адамдарды қоятын болғаны ма? Бұл сұрақтың жауабы өте қарапайым. Билік атаулыны жаратқан – Құдай. Алайда, Құдай зұлымдықты жаратқан жоқ. Адамға билік беретін – Құдай. Бірақ билігі бар адамның барлығы Құдайды мойындап отырған жоқ.

Көп адамның көкейінде жүрген тағы бір сұрақ бар. Биліктегілер қатыгездік танытып, қол астындағыларға дұрыс қарамаса, ондай билікке бағынуға тиіспіз бе? Бұл сұрақтың жауабын Дәуіттің өміріне қарасақ, анық көреміз. Билік иесі күнәкар болса да, билікке бағынуға тиіспіз. Құдайдың еркі – осы. Петір елші былай дейді: “Сендер, басыбайлы қызметшілер, қожайындарыңа мойынсұныңдар; тек мейірімді де ақпейіл болғандарға ғана емес, сондай-ақ, өздеріңді жәбірлеп жүргендерге де толық құрмет көрсетіңдер!” (1 Петір. 2:18).

Жетекшінің мейірбан да ақпейіл болғаны жақсы. Ондай жетекшілер рухани өсіп келе жатқан адамның қайсысына да керек. Дегенмен, Петір мейірімді билікке ғана емес, қатыгез билікке де бағынуымыз керектігін айтады.

Осы аяттағы «толық құрмет» деген сөзге назар аударыңыз. Шынайы құрмет адамның жүрегінде, Құдайды қастерлеуден туатынын айтқанымыз есіңізде болар? Американдықтар биліктегілерге «Әуелі сенімімізді ақтап, құрметімізге лайық екендеріңді дәлелдендер, сендерге сонда ғана бағынамыз» дейді. Алайда, Ишая пайғамбардың

## 62 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

айтуынша, «Патша тек көрген сырт пішінге, ұзын құлақтан естігеніне ғана сүйеніп үкім шығармайды», Оның үкімі шындыққа негізделеді (Ишая 11:3).

Олай болса, Құдайды қастерлейтін адам: “Сенің үстіңдегі Құдайдың билігін көріп тұрмын. Менің саған деген шартсыз құрметім соған негізделеді” деп ойлайды.

Петір елші “тек мейірімді де ақпейіл болғандарға ғана емес, сондай-ақ, өздеріңді жәбірлеп жүргендерге де толық құрмет көрсетіңдер» деп, баса айтады. Осы аятты оқығанымда, «Тоқтай тұр. Өздеріңді жәбірлеп жүргендер дей ме? Мен оқып отырған аудармада тым қатаң сөз қолданылған сияқты. Грек тіліндегі түпнұсқада қай сөз жазылған екен?» деп ойладым.

Алдымен Тайер сөздігін алдым. «Өздеріңді жәбірлеп жүргендер» деген сөз тіркесінің орнында «сколиос» деген сөз тұр екен. Тайер «сколиос» деген сөзді «қисайып кеткен, бұрмаланған, өтірікші, адамгершіліктен бас тартқан, озбыр» деп аударыпты. Шошынып, “Мына аударма әлгіден де асып кетті ғой! Тайер қателесті ма екен? Басқа сөздіктен қарайын” дедім. Басқа аудармадан көңіліме қонатын сөз табам ба деп үміттенген едім. Қолыма Е. Винстің аудармасын алдым, ол да грек тілінің маманы. Оның түсіндірмесі: “езуші, қысымшылық көрсетуші билік”.

Ізденісімді жалғастыра бердім. Басқа аудармашылар одан да қатты сөздерді қолданыпты. Жаңа Жүзжылдық атты аудармадан “тек мейірімді де ақпейіл болғандарға ғана емес, сондай-ақ, арам ниеттілерге де” дегенді оқыдым. Киелі кітаптың қазіргі заманғы ағылшын тіліне аудармасы “тек мейірімді де ақпейіл болғандарға ғана емес, сондай-ақ, қатыгездерге де» дейді. Жаңа американдық стандарт аудармада «парасаттан безгендерге» деп жазылыпты.

Келесі сұрағымыз: “Құдай Өз перзенттерін жәбірлейді ме?”. Жоқ деп нық айта аламыз! Жаратқан Иеміз – мейірімді, дана, абзал Әке! Құдайда сүйіспеншілік бар десек, қателесеміз, Құдайдың Өзі – сүйіспеншілік! Олай болса, менің мейірімді Әкем, Өзінің сүйікті перзенті – маған не себепті адалдық пен ақыл-парасаттан безген, қатыгез билікке бағын дейді? Және мұнысы өтініш емес, бұйрық. Бұған себеп көп, бәрін қоссақ, бір-ақ қорытынды түйеміз: менің пайдам үшін.

Қатыгез билікті құрметтей алсақ, үш түрлі ұтысқа қол жеткіземіз.



Біріншіден, жәбір көргеніңізде, ізеттен аттамай, билікке бағына берсеңіз, сіздің ісіңізге Құдайдың Өзі араласады. Ал Құдайымыздың төрелігі қашанда әділ. “Мәсіхтің Өзі бізге бола азап шегіп, үлгі қалдырды, сондықтан Оның ізімен жүруіміз керек. «Ол ешқандай күнә жасаған да емес, аузынан бірде-бір өтірік шыққан да емес». Мәсіх Өзіне тіл тигізгендерге жаман сөз қайырмады, азап көрген кезде де оларды қорқытпады. Қайта, Ол ісін әділ Соттаушыға тапсырды” (1 Петір. 2:21, 23). Төрелікті өз қолымызға алсақ, Құдайдың қолдауынсыз қаламыз. Онда жағдайымыз мүшкіл. Билікпен тартысқан адам көбіне жеңіледі. Тіпті, жеңген күнімізде де, рухымызда қалып қойған жаралар мен ащы тамырдан кейін улы жеміс өнеді.

Екіншіден, жәбірлеушіге жақсылықпен жауап қайтарсақ, Құдайдың батасы қонады. “Жамандыққа жамандықпен, қорлыққа қорлықпен емес, ақ батамен жауап беріңдер. Себебі Құдай сендерді шақырғанда Өзінің ақ батасына ие болсын деп мақсат еткен еді» (1 Петір. 3:9).

Құдай бізді қысымшылыққа төзуге шақырады. Осы бұйрығын қалай орындаймыз? Өзімізге суық қараған адамдарға қадір-құрмет көрсетеміз, билікке бағынамыз. Құдайдың бұйрығын орындау не үшін қажет? Көктегі Әкеміздің батасын алу үшін. Сонымен, билік өкілдерінен қысымшылық көрсеңіз, қуана беріңіз. Өйткені, бұл – Құдайдан сый алу мүмкіндігі!

## Құдайдың сыйы – мансап

Осы тұста бұрынғы кітаптарымда баяндалған бір оқиғаны сізге де айтып бермекпін. Бұл мысал қысымшылық көре тұра, ізеттен таймаған адамды Құдайдың қалай жарылқайтынын бейнелейді. Эл Брайс атты жақын досым бар. Ол Даллас қаласындағы бір қауымда бағушы. Жексенбілік жиналыстардың бірінде Эл Петірдің бірінші хатына сүйеніп, уағыз айтқан екен. Жиналыстан кейін бір жігіт келіп жолықты (есімі Брайан болсын). “Брайс бағушы, мен бір өте ірі компанияның екінші атқарушы директорымын. Адал еңбек етіп жүрген білікті маманмын, оны әріптестерім түгел біледі. Компанияға еңбегім сіңген, басшының орынбасары лауазымына бүкіл компанияда менен лайық адам жоқ. Айтып тұрғанымның барлығы шындық. Алайда, сол орын босағанда, орынбасарлыққа мені емес, басқа біреуді алды” деді ол.

— Неге бұлай болды? — деп сұрады Эл бағушы.

— Өйткені, әлгі адам ақ нәсілді, мен болсам, қара нәсілдімін. Бағушы,

## 64 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

бұл — барып тұрған дискриминация. Солай екенін сотта дәлелдей аламын, құжаттарым дайын, жақын күндері сотқа шағымданбақ едім. Ал сіздің бүгінгі уағызыңыздан кейін қобалжып қалдым!

Брайс бағушы Брайаннан:

— Осы мәселені Құдайдың жолымен шешкің келе ме, әлде адами жолмен шешесің бе? — деп сұрады.

Брайан мүдірместен:

— Бағушы, мен Құдайды шын жүрегіммен сүйемін. Мәселемді Құдайдың жолымен шешемін. Сізге жолыққанымның себебі де сол. Менімен бірге мінәжат етуіңізді сұраймын, — деді.

Екеуі келісіп, мінәжат етті де, Брайанның мәселесін Әділ Төрешіге тапсырды. Ертеңіне Брайан жаңа лауазымға тағайындалған әріптесіне ілтипат көрсетті. Кеңсесіне арнай кіріп, қолын алып, жылы құттықтады.

— Жаңа лауазымың құтты болсын! Қарамағыңдағы мамандардың ішіндегі ең үздігі болмақ ниетім бар, саған соны айтуға келдім, — деді ол.

Әлгі жігіт ыңғайсызданып қалды, өйткені, бұл мансапқа кімнің шын лайық екенін ол да біледі.

Бұл кеңседе Брайан отыруға тиіс еді, өзі болса, Брайанның қол астында болуы керек.

Арада бірнеше апта өтті, бірақ еш өзгеріс болмады. Көбінесе солай болады да. Құдайдың әділдігі біз күткен мерзімнен кеш орнайды! Брайан басынан өткен әділетсіздікке көп күйінбей, жүрегіндегі тыныштықты сақтап қалды. Билікке мойынсұну жолын таңдады. Сөйтіп, өз жұмысын мейлінше жақсы орындап жүре берді.

Бір күні Брайанға бәсекелес компаниядан қоңырау түсті. Бөлімшелерінің бірі Далласта орналасқан аса ірі халықаралық компания еді. Қоңырау шалған адам:

— Сіздің жұмысыңызды көптен бері бақылап жүрміз. Білікті маман екеніңізге көзіміз жетті. Біздің компаниямызға ауысуға қалай қарайсыз? — деді.

Брайан көп ойланбастан:

— Жоқ, ондай ойым жоқ. Көп жылдан бері бір компанияда жұмыс істеп келемін. Клиенттерім көп, табысым жақсы. Клиенттерім мен әріптестерімнің алдында абыройым бар, бір-бірімізді жақсы білеміз. Қазіргі жағдайыма ризамын, өмірімді өзгерткім келмейді. Сізге рахмет, дегенмен, ұсынысыңызды қабыл алмаймын, — деді.

Әлгі адам да қайтпады.

— Дегенмен, сұрайтыным – бір-ақ кездесу. Бірге түстеніп, сөйлесейікші. Онда тұрған не бар?

Бұл жолы Брайан:

— Уақытыңызды босқа жоғалтпаңыз. Ұсынысыңыз маған қызық емес, — деп, кесіп айтты.

Ар жақтағы адам бұл сөзді мүлде естімеген сыңайлы:

— Қойыңызшы, бар болғаны, бір кездесу емес пе?

— Жарайды, кездесейік, — деді Брайан, әбден мезі болған соң.

Келісілген күні түскі асқа бірнеше адам жиналды. Дастарқан үстінде әлгі компанияның басшыларының бірі:

— Брайан, сенің жұмысыңды көріп, көптен тәнті болып жүрміз. Біздің компанияға оындай адам керек, — деді.

Брайан басын шайқады.

— Телефонмен сөйлескенде-ақ айтып едім ғой. Уақытыңызды зая кетіріп отырсыз. Жұмыс орнымды ауыстырмақ ниетім жоқ. Табысым жақсы. Компанияма еңбегім сіңді. Сіздің компанияға ауыспаймын.

— Жарайды, Брайан, ойыңды түсіндім. Дегенмен, бір өтінішім бар. Әйеліңмен ақылдас. Екеуің ойланып, қандай айлық төленуін қалайтындарыңды шешіңдер. Бір аптадан кейін тағы бір кездесейік, — деді әлгі адам.

— Мақұл, келістік.

Брайан үйіне келді. Болған әңгімеге, шынында да, мән бермеген еді. Әлгі ұсыныс жайлы әйеліне айтып берді.

— Шынымды айтсам, басқа жұмысқа ауысқым келмейді. Қалаған айлығымды төлемек. Бұлардан әбден жалықтым. Сондықтан, былай істеймін: кездесуге барамын. Айлық туралы сөз болғанда, ақылға қонымсыз бірдеңені айтамын. Мысалы, қазіргі табысымнан үш есе көп айлық алғым келеді деймін! Сонымен әңгіме өзінен-өзі тәмам болады.

Брайанның ең жоғары қызметтердің бірінде жүрген маман екенін ұмытпаңыз. Қазірдің өзінде қомақты ақша тауып жүрген. Сол табысынан үш есе артық айлық, шынымен де, ақылға қонбайтын еді. Брайан сол соманы бір парақ қағазға жазып қойды.

Ертеңіне Брайан әлгі кісілермен тағы кездесті. Даяшыға тапсырыс берілгеннен кейін, басшы Брайанның айлық жөніндегі ойын сұрады.

— Иә, — деді де, Брайан қалтасындағы қағазды шығара берді. Бірақ әлгі кісі:

## 66 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

— Жо-жоқ, сіздің қалауыңызды білгеннен бұрын, ұсынысымызды біз айтайық, — деді.

Ол Брайанға өз қағазын ұстатты. Брайан қағазда жазылғанды оқи бастады да, есінен танып қала жаздады. Қазіргі айлығынан төрт есе көп! Брайан не айтарын білмей қалды. Хатқа қарап үндемей отыр. Әлгі кісілер онысын өздерінше топшылады. Айлықты азсынып отыр деп шешті. Сөйтті де, ай сайынғы айлыққа сыйақы қосты!

Ақыры, Брайан есін жиып:

— Мырзалар, мен мәсіхшімін. Мына хатты үйге апарып, әйеліммен бірге мінәжат етпекпін, — деді.

— Әрине, әрине, ойланыңыздар, — деді олар.

Брайан үйіне келіп, болған оқиғаны әйеліне айтып берді. Екеуі дұға етті. Киелі Рухтан мынадай сөз келді: «Балам, ісіңді Менің қолыма тапсырдың. Мәселеңді Мен шештім. Сені көтерген – Өзім. Менің сыйымды ал!»

Осы оқиғадан бері бірнеше жыл өтті. Брайан Далластан көшіп кетті. Бүгінгі таңда ол – сол аса ірі компанияның президенті, жұмыс орны – Вирджиниядағы халықаралық кеңседе. Брайан басқарып жүрген компания оған қысымшылық көрсеткен компанияны әлдеқайда басып озып, өсуіне мүмкіндік бермей қойды. Бұл екеуінің бәсекелес екені есіңізде болар?

Осы оқиғадан қандай ой түйе аламыз? Әлбетте, Брайан өзін-өзі қорғай алатын еді, тіпті өзіне әділетсіздік көрсеткен адамдардың сазайын да тарттырар еді. Заң жүзінде ондай құқығы да бар еді. Сотқа жүгінсе, жеңіп шығары да анық. Алайда, сол тартыста жеңіп шыққанымен, әлгіндей биік шыңға шыға алмас еді. Ол өзіне тиесілі жарылқаудан құр қалар еді!

## Мойынсұну мен бағыну

Құдайдың бізге қатыгез билікке бағынуды бұйыруының үшінші себебі: Өзімізді-өзіміз қорғаштай бермей, үмітімізді Құдайға артсақ, Көктегі Әкемізге ұнамды мінез қалыптастырамыз. Петір елші сөзін былай деп жалғастырады: “Сонымен, Мәсіхтің Өзі тәнімен азап шеккендіктен, сендер де (жақсылық үшін азап шегуге дайын) болыңдар! Осындай ой-ниет өздеріңді қорғайтын қалқан іспетті. Тәні азап шегіп жатқан сенуші

күнәлі құмарлықтарына берілмейді» (1 Петір. 4:1).

Бұл аят билік өкілдерінің кейбір әрекеттерінен азап шегу жайлы айтады. Осында айтылғандай ой-ниетті өзімізге қалқан етіп алайық. Неге дейсіз ғой? Өйткені, билік өкілдері бізге қамқор болмаса да, біз оларды сыйлауға шақырылғанбыз.

Солай еткен адам күнәлі құмарлықтарға берілмейді дейді Петір. Яғни, рухани жетіледі. Пауыл елші былай дейді: “Иә, тіпті азап шегіп жүрсек те, шаттана аламыз. Себебі азаптың бізге шыдамды болуды үйренуге көмектесетінін білеміз. Шыдамдылықтан сенімділік туады, ал сенімділік бізге үміт береді» (Римдіктерге. 5:3, 4). Мінезіміз кемелденген сайын, әрбір адамды, бет-жүзіне қарамай, құрметтеуді үйренеміз. Ал бұл – Құдайды бұрынғыдан гөрі тереңірек қастерлеуіміздің белгісі. Олай болса, Құдайдан алар сыйымыз да толық болмақ.

Енді жоғарыда айтқанымыздың барлығын тепе-теңдікке келтірейік. Сонымен, Киелі Кітап билікке шартсыз мойынсұнуды үйретеді. Алайда, сөзсіз бағынуға шақырмайды.

Мойынсұну мен бағынудың арасында айырмашылық бар. Мойынсұну көзқарасымызға, ой-пікірімізге қатысты болса, бағыну дегеніміз – іс-әрекет, яғни тіл алу, айтылғанды орындау. “Егер Маған мойынсұнып, тілімді алсаңдар, жердің жақсы өнімдерін жейтін боласыңдар» дейді Құдай (Ишая 1:19). Бір жолы Киелі Рух қатемді түзетті. Көңілім толмай жүрген. Оның себебі алты айдан бері бағушымының уағыздарынан рухани сусыным қанбайды. Дұға етіп отырғанымда, Құдай жүрегіме сөйлеп, мәселе өзімде екенін айтты. Бағушыға деген көзқарасымда.

«Бағушыға бағынып жүрмін! Ол кісінің де, басқа жетекшілердің де айтқанын бұлжытпай орындаймын» деп, қарсылық таныттым. Киелі Рух жауап берді: «Тілімді алсаңдар, жердің жақсы өнімдерін жейтін боласыңдар деген жоқпын, Маған мойынсұнып, тілімді алсаңдар, жердің жақсы өнімдерін жейтін боласыңдар дедім. Тіл алу – іс-әрекетің, ал мойынсұну – көңілің, ықыласың, көзқарасың, ой-пікірің. Ал сенің көзқарасың дұрыс емес!».

Тілін алғаным ғана емес, бағушыға деген көңілімнің де маңызды екенін сонда ұқтым. Өйткені, Құдайды жүрегімізбен қастерлейміз, қадір-құрмет те жүректен шығады.

Осы ақиқатты Жаңа Өсиеттен де таба аламыз. Пауыл елші: “Жетекшілеріңе мойынсұнып, айтқандарын тыңдаңдар. Олар ұдайы

рухани өмірлерінің қамын жеп, сол қызметтері туралы Мәсіх алдында есеп беруге тиісті. Мұны қинала емес, қуана атқарулары үшін оларға мойынсұныңдар. Олай етпесеңдер, өздерің зиян көресіңдер» дейді (Еврейлерге. 13:17). Сөз – рухани билігі бар адамдарға мойынсұну мен бағыну туралы. Бағыну іс-әрекетімізді, мойынсұну жүрегімізді түзейді. Назар аударатын тағы бір нәрсе: Құдай қойған адамдарға бағынбағанымызда, зиянын олар көрмейді, өзіміз көреміз. Әкенің берер сыйынан айрылып қаламыз.

Жоғарыда айтқанымдай, Киелі Кітап билікке шартсыз мойынсұнуды үйретеді, бірақ, сөзсіз бағынуға шақырмайды. Киелі Жазба бір ғана жағдайда билікке бағынбауды талап етеді: билік сенушілерді күнәға, яғни, Құдайдың Сөзіне қарсы шығуға итермелегенде ғана.

Киелі Жазбадағы мысалдардың бірін қарастырайық. Бабыл патшасы Набуходоносор арнайы жарлық шығарып, алтыннан жасалған пұтқа табынуды талап етті. Ал бұйрыққа бағынбаған адамдар болса, жеңдеттер оларды жалындап тұрған пешке тастайды. Бабыл патшалығында Израил елінен әкелінген Шадырақ, Мисақ, Әбдінего атты үш жас жігіт бар еді. Осы бір парасатты жастар патшаның көңілінен шығып жүрген. Дегенмен, олардың патшаға деген құрметінен Құдайды қастерлеуі басым еді. Ал патшаның жарлығы Құдайдың заңына қарсы екені анық.

Жастар патша жарлығына бағынбады. Бұл жайлы хабар патшаның құлағына жетті. Жігіттер Набуходоносордың алдына жеткізілді. Олар патшаның алдында тұрып, былай деді: «Уа, патша, бұл мәселе бойынша сіздің алдыңызда қорғануымыздың қажеті жоқ. Егер лаулап жанып тұрған пешке лақтырылсақ та, ғибадат етіп жүрген Құдайымыздың бізді құтқаруға құдіреті жетеді. Ол бізді сіздің қолыңыздан құтқаратын болады да! Тіпті солай болмаса да, мынаны біліп қойыңыз, уа тақсыр: сіздің тәңірлеріңізге ғибадат етпейміз де, орнатқан алтын мүсініңіз алдында иіліп тағзым етпейміз де!» (Даниял 3:16-18).

Олар өлім жазасына кесілсе де, Құдайдың заңын бұзбақ емес. Дегенмен, патшаға деген құрметтен бас тартқан жоқ. Патшаға «уа, тақсыр» деп ізетпен сөйледі, «әй, зұлым, сенің мына жарлығыңа бағынбаймыз!» деп жекіген жоқ. Патшаға бұлай сөйлеу, шын мәнінде, оны патшалыққа тағайындаған Құдайға мойынсұнбау болар еді. Биліктің әлгіндей жарлығын орындамасақ та, кішіпейіл болып, сол билікті Құдай қойғанын мойындауымыз керек.

Еврей жігіттер Құдайды дәріптеумен қатар, патшаға да өзіне лайық

құрмет көрсетті. Өлім жазасына кесілетінін біле тұра, күнә жасаудан бас тартты, бұл – Құдайды қастерлеу. Екіншіден, ашуға мініп, ақыра сөйлеген патшаның алдында кішіпейіл де ізетті болды. Оларды Құдайдың керемет сыйы күтіп тұр.

Патша жігіттерді пешке тастауды бұйырды. Қаһарына мінген патша пешті жеті есе қатты қыздыруды талап етті. Шадырақ, Мисақ, Әбдінегоны пешке тастағанда, жеңдеттер жалынның қызуынан сол жерде жан тапсырды.

Ал сол үш жігіт Шадырақ, Мисақ, Әбдінего байланған күйлері лаулап жанып тұрған пештің ішіне құлап түсті. Бұған қарап тұрған Набуходоносор патша кенет таңғалып, орнынан ұшып тұрып, қасындағы кеңесшілерінен:

— Біз байлатып, отқа лақтыртқан адам үшеу емес пе еді? — деп сұрады.

— Дәл солай, уа, патша ағзам! — деп жауап қатты олар. Сонда патша:

— Қараңдар, мен от ішінде емін-еркін, аман-сау жүрген төрт адамды көріп тұрмын! Ал төртіншісі тәңірдің баласы іспетті екен! — деп айқайлап жіберді. Содан ол лаулап жанып тұрған пештің аузына қарай барып:

— Уа, Шадырақ, Мисақ, Әбдінего — Алла Тағаланың қызметшілері, шығып бері келсеңдер екен, — деп шақырды.

Сонда үшеуі оттың ортасынан шықты. Аймақ әміршілері, қолбасшылар, әкімдер және патшаның кеңесшілері үш жігітті айналдыра жиналып, оттың оларға ешқандай зиян тигізбегеніне көздері жетті. Үшеуінің шаштары да күймепті, шапандары да өртенбепті, тіпті оттың иісі де оларға сіңбепті!

— Даниял 3:23-27

Осы оқиғадан кейін:

...патша Шадырақ, Мисақ, Әбдінегоны Бабыл аймағындағы бұрынғыдан да жоғары лауазымды қызметтерге тағайындады.

— Даниял 3:30

Олардың қызметі жоғарылады! Билік өкілдерінен әділетсіздік көре тұра, оларды құрметтеуден танбасақ, Құдайдан толық сый аламыз. Бұл – рухани заң. Құдай қойған адамдарды құрметтеу – Құдайға деген қадір-құрметіміздің көрінісі. Ал Өзін дәріптегендерді Құдай да құрметке

## 70 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

бөлейді. Өміріміздегі қиын жағдайдан көзімізді осынау рухани заңға аударсақ, Құдайдың сыйынан қапы қалмаймыз. Осы үш жігіт пен Брайанның өмірі соған дәлел.

Петір елші сөзін жалғастырып, былай дейді: «Егер жақсылық жасауға ынталы болсаңдар, кім сендерге нұқсан келтірмек?» (1 Петір. 3:13). Яғни, қай жағдайда да ізетті болуға бекем шешім қабылдасаңыз, кім сізге не істей алмақ? Қандай да бір әділетсіздік көрсеңіз, әсіресе, сол әділетсіздік билік өкілдерінің тарапынан келсе, Құдайды қастерлеуден танбаңыз. Сонда, сіз көрген әрбір әділетсіздік Құдайдан сый алуыңызбен аяқталады. Құрмет қағидасын бұзғаныңызға бола, Құдайдың сыйынан неше рет құр қалып едіңіз?



## 7-ші ТАРАУ

# Билік өкілдерін құрметтеу

Билеушілерден жақсылық істегендер емес, жамандық істегендер қорқуға тиіс. Билік иесінен қорықпай жүргің келсе, жақсылық істей бер, сонда одан мақтау аласың. Өйткені ол сенің мүддең үшін Құдайға қызмет етуші. Ал егер жамандық істесең, қорыққаның жөн, ол семсерін беліне бекер байлап жүрген жоқ. Билік иесі — Құдайдың қылмыскерге жазасын тартқызатын қызметшісі ғой. Сонымен, сендер тек жазадан қорыққандықтан ғана емес, ар-ұждандарыңның таза болуы үшін де мойынсұнуларың керек. Сондықтан да алым-салық төлеп тұрсыңдар, себебі билік иелері — Құдайдың қызметіндегілер, олар ел басқарумен үздіксіз айналысуда. Әркімге тиістісін беріңдер: алым-салықты — салықшыларға, кеден салығын — кеденшілерге төлеп, сый-құрмет пен қадірді — тиістілерге көрсетіңдер.

– Римдіктерге. 13:3-7

Осы аятта Пауыл елші билік өкілдерін Құдайдың қызметшісі, Құдайға қызмет етуші және Құдайдың қызметіндегілер деп атайды. Ал ондай адамдарға құрмет көрсетуге тиіспіз. Назар аударатын жайт, Пауыл елші олардың кейбіреулері емес, барлығы «Құдайдың қызметкерлері» екенін айтады.

Өрт сөндіруші, полиция қызметкері, мэр, судья, конгрессмен, сенатор тәрізді қызмет иелеріне, биліктің қай тармағында болсын, қызмет атқарып жүрген адамдарға аса зор құрметпен қараймын. Құдайды

## 72 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

қастерлеуім осы адамдарға деген құрметімнен көрініс табады.

Жақында бір маңызды кездесуге баруым керек болды. Өте асығыспын. Оқу жылының басы болатын. Жаз айларында қаланың ішінде рұқсат етілген жылдамдық сағатына отыз бес шақырым\* болатын. Ал оқу жылы басталғалы бері сағатына жиырма шақырым\*\*. Және бұл ереже тәулік бойы емес, белгілі бір сағаттарда күшіне енеді. Асығыстықпен шектеу белгісін байқамаппын, сағатына отыз бес шақырым\*\*\* жылдамдықпен жүріп келем. Кенет полиция қызметкерін байқап қалдым, ол маған көлігінің шамын жарқ еткізіп, белгі берді. Жолдың шетіне шықтым. Жүргізуші құжаттарын тексеретін барлық полицейлер байыпты да сұсты келеді ғой, бұл жігіт те сондай. Онымен ізет білдіре сөйлестім. Қатемді мойындайтынымды, ереже бұзғаныма өкінетінімді айттым. Аздап сөйлескеннен кейін, ереже бұзған жүргізушілердің көбі өзін ақтап алғысы келетінін, наразылық танытатынын айтты. “Кінәлімін, сэр, ереже бұзғаным рас” дедім.

Жылдамдық ережесін бұзғандарға 220 доллар айыппұл салынады екен. Алайда, құжаттарымды өзіме қайтарды да, “Күніңіз сәтті өтсін!” деді. Сөйтті де, көлігіне қарай жүре берді.

Таң қалып тұрмын. “Маған айыппұл салмайсыз ба?” деп дауыстадым. Маған жымыып қарады да, кете барды.

Кінәсі кешірілген адамның қуанышына бөлендім. Жүрегім алғысқа толы.

Дегенмен, үнемі бұлай бола бермейді. Бұрын да офицерлерге дәл сондай ілтипат танытсам да, бірнеше рет айыппұл төлегенім бар. Бірде миссиямызға жаңадан келген бір қызметкермен бірге аэропортқа бардым. Жолда спидометрге қарауды ұмытып кетіппін. Жылдамдығым рұқсат етілгеннен асып кетуі мұң екен, полиция қызметкері тоқтата қойды. Көмекшім ол туралы дөрекі әзіл айтты да, онысына бір-екі кекесін сөз қосып қойды. Мен ұнатады деп ойласа керек. Жылдамдығым сәл-ақ асып кеткен еді. Басқа офицер болса, мұндайға мән бермей-ақ қоя салар еді. Жанымдағы жігіт осыған ашулы болатын.

Полиция қызметкерімен сыпайы сөйлестім. Алайда, ол қатаң райынан қайтқан жоқ. Айыппұл салатын болды. Түбіртекті толтырып болғанын үндемей күттім. Содан кейін ғана “Қатемді мойындаймын, жол жүру

\* 56,3 км/сағ – Аудармашының ескертуі

\*\* 32,18 км/сағ – Аудармашының ескертуі

\*\*\* 49,8 км/сағ – Аудармашының ескертуі

ережесін бұзғаныма өкінемін. Еңбегіңіз бен қоғамға деген қызметіңіз үшін рахмет” дедім. Түбіртек толтырылғаннан кейін айыппұлды кері қайтара мүмкін емес, оны екеуіміз де білеміз.

Полиция қызметкерінің қабағы ашылып, түсі жылып сала берді. Билікке деген зор құрметімді байқағанда, үні де жұмсарды. Айыппұлды кері қайтара алмайтынына өкініп тұрған сыңайы бар. Римдіктерге арналған хатқа сай, мен бұл адамға Құдайдың қызметшісіне лайық құрмет көрсеттім.

Көлігіме қайта отырдым да, көмекшіме қарап, “Әлгі сөзің менің көңілімнен шығады деп ойлаған болсаң, қателестің” дедім. Сосын билікке деген қадір-құрмет жайлы біраз ақыл-кеңес бердім. Ол да қатесін тез түсінді. Үйреншікті болып кеткен көзқарасы Құдайдың Сөзіне мүлде қарсы екеніне көзі жетті. Осы оқиғадан кейін қадір-құрмет қағидасын санасына мықтап сіңірді.

## Мемлекеттік биліктен келетін марапат

Өзім естіген бір тамаша куәлікті сіздермен бөліспекпін. 1980-ші жылдары басқа қауымдарға барып, уағыз айта бастадым. Мидвест қаласындағы бір қауымға қатарынан бірнеше жыл бойы барып жүрдім. Бұл қауым мүшелерінің саны – бір жарым мыңға жуық, өсу жоқ. Мен барып жүрген жылдары сол қауымда еш өзгеріс болмады. Кейін онда баруды қойдым. Арада тағы бірнеше жыл өткенде сол қауым өткізетін конференцияға шақыру алдым. Жыл сайын өтетін конференция екен. Ал бұрын бұл қауым ешқандай да конференция өткізбейтін. Шақыру қағазын мұқият қарап шықтым. Бағдарламада танымал уағыздаушылардың есімдері бар әрі конференцияға сегіз мың адам қатыспақ екен. Таңырқап та, қуанып та қалдым.

Дұға еткеннен кейін, шақыруды қабылдадым. Мидвест қаласына келіп, қауымға да жеттім. Қауым жаңа ғимаратқа көшіпті. Төңірек толы жарқыраған жаңа көліктер. Залға сегіз-он мыңдай адам лық толып отыр екен. Құдайдың құзыры осы қауымда бұрын көргенімнен әлдеқайда анық сезіледі. Жиналыс тамаша өтті.

Жиналыстан кейін бағушымен әңгімелестім.

– Қауым бірнеше жыл бойы тоқыраудан шыға алмап еді. Келмегеніме үш-ақ жыл болыпты. Қауымыңның осыншалық жылдам өсуінің сыры

## 74 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

неде? Мынадай тамаша өзгеріске қалай қол жеткіздің? – деп сұрадым.

Бағушы мән-жайды түсіндірді:

– Джон, қауым мүшелерінің толассыз күңкілінен әбден мезі болдым. Олар салық жүйесі мен мемлекет басшыларына үнемі наразы болатын. Қайтсем де, күңкілді тоқтатуым керек болды. Мінәжат ете бастадым, бір күні Құдайдан бір жақсы ой келді.

Қала басшылығына барып, қаламыздағы ең өзекті мұқтаждықтың қандай екенін сұрадым. Ондай мұқтаждық өрт сөндірушілерде екен. Оларға қалың түтіннің ішінде көре алатын арнайы көзілдірік аса қажет екен. Өрт кезіндегі адам өлімі көбіне күйіктен емес, түтінге уланудан болады екен. Ал түтіннің қалың болатыны сондай, өрт сөндірушілер қол созым жердегіні көре алмайды. Әлгіндей көзілдіріктері болса, өрт ішінде қалып қойған адамды тез тауып, құтқара алар еді. Жедел шешім талап ететін мәселе осы екен. Алайда, қала бюджетінде оған қаражат жоқ. Бір көзілдіріктің бағасы жиырма бес мың доллар екен.

Келесі жексенбіде бағушы Римдіктерге арналған хаттың 13-ші тарауынан уағыз айтты. Қауым мүшелеріне Құдайдың Сөзін зор сүйіспеншілікпен жеткізді. Билік өкілдеріне деген наразылықты тоқтату керектігін айтты. Олардың Құдай қойған қызметшілер екенін естеріне салды. Билік өкілдерін сыйламаса, салық төлеуден қашқақтаса, Құдайдың жарылқауынан құр қалатындарын ескертті. Киелі Кітапқа сүйеніп, берік рухани негіз қалағаннан кейін, өрт сөндірушілерге қажет болып жүрген көзілдірік жайлы айтты. Соған арнап, құрбандық жинайтынын хабарлады. Қала тұрғындарына қызмет етіп жүрген адамдарға құрмет көрсетудің жақсы жолы осы екенін де айтты.

Қауым тәубе етіп, теріс көзқарастан бас тартты. Сол жиналыста жиырма бес мың доллар құрбандық жиналды. Бағушы әкімге хабарласып, қала басшыларының басын қосып, өрт сөндірушілерге керек болып жүрген көзілдірікті алуға қажет қаражатты тапсырғысы келетінін айтты.

Чекті әкімге тапсырарда бағушы жиналғандарға Римдіктерге арналған хаттың 13-ші тарауынан үзінді оқып берді. Қауымның қаладағы тұрмыс-тіршілікті қамтамасыз етіп жүрген жандарды Құдайдың қызметкерлері деп қабылдайтынын жеткізді. Олардың қала тұрғындарының қамы үшін атқарып жүрген жұмысын жоғары бағалап, алғысын білдірді. Шенеуніктер мұншалық құрмет пен жомарттықты күтпепті.

Бірнеше айдан соң қауымның жаңа ғимаратының салтанатты ашылуы болды. Қала тұрмысын қамтамасыз ететін ұйымдардың жұмыскерлері мен әкімшілік қызметтегі адамдар келді. Көбісі Исаны қабылдап, қауымға мүше болды. “Джон, қауымның қарқынды өсуінің сыры – осы” деді бағушы.

“Пайғамбарды пайғамбар болғаны үшін құрметтеген адам сол пайғамбар арқылы келетін сыйды алады” деген Исаның сөзін ұмытпайық. Иса мұнда қауым қызметкерлері туралы айтқан. Дегенмен, рухани заңдар биліктің барлық салаларын қамтиды. Олай болса, “билік өкілдерін билік өкілдері болғаны үшін құрметтеген әркім сол билік өкілі арқылы келетін сыйды алады” десек, қателеспейміз. Ал билік өкілдері арқылы қандай сый келмек? Құдай бізге қоғамның, адам жүрегінің кілтін береді. Билік өкілдері – ауылдардың, қалалардың, елдің Құдай қойған қамқоршылары. Үкіметті сынға алудың орнына, қауым жетекшілері билік өкілдеріне құрмет көрсетсе, сенушілердің барлығы салық төлеуде адал болса, Ізгі Хабардың әлемге таралуы қарқындар ма еді?

## Жөндеу жұмыстары

Денни есімді жақсы досым бар. Ол – Австралиядағы Аделаида қаласында, ірі қауымда бағушы. Былтыр сол қауымда өткен конференцияға бардым. Денни бір әңгіме айтты. Жексенбілік жиналыстардың бірінде ол қаладағы тұрмыс-тіршілікті қамтамасыз етіп жүрген адамдарға құрмет көрсеткісі келетінін айтты. Денни осы ниетін жүрегіне сақтап, біраз уақыт мінәжат етіп, ой толғайды. Ақыры, мемлекеттік мектептерге қолдау көрсету керек деген шешімге келеді. Сөйтіп, қаладағы мектептердің жағдайы бәрінен мүшкілін табады. Мектеп ғимараты да әбден тозған, ауласы да күтімсіз қалған екен. Қала әкімшілігіне хабарласып, қауымның сол мектепті ретке келтіруіне рұқсат сұрайды. Әкімшілік қуана-қуана келіседі.

Бағушы өзінің жоспарын қауым мүшелерімен бөліседі. Ол ағаш ұсталары мен бизнесмендерді бір күн қызмет етуге шақырады. Қалған адамдардан да өз үлесін қосуын сұрайды. Қауым жетекшілері бірнеше аптаға созылған науқан ұйымдастырды. Сол науқан барысында жөндеу жұмыстарына керек-жарақтың барлығы сатып алынды, мектепке қажет жаңа жабдық та дайын болды.

## 76 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

Осынау мұқият дайындықтан кейін, мектеп бір күннің ішінде жөнделді. Денни маған сол күні түсірілген видеоны көрсетті. Қабырғадағы үгіліп тұрған сылақ алынып тасталды да, жаңа сылақ жағылды, тозған құрылыс материалдарының барлығы айырбасталды. Ескі жихаздың орнына жаңа жихаз қойылды. Мектептің іші-сыртында еңбек етіп жүрген адамдар өте көп. Сынғанды бүтіндеп, әлденені желімдеп, сырлап, тұсқағаз іліп жүрген адамдар. Олар сыныптарда тұрған ескі тақталарды шығарып, жаңасын ілді, мектептегі жабдықтарды түгел жаңартты, аулаға газон төседі, ағаш отырғызды, гүл екті. Мектептің бұрынғы суреттері мен жөндеуден кейінгі суреттері салыстыруға да келмеді. Жап-жаңа мектеп дерсің.

Қалаға қызмет еткенде, қауым мүшелері зор қуанышқа бөленді. Өзіңізден ілтипат күтпеген адамға құрмет көрсетсеңіз, жүрегіңіз қуанышқа толады. Иса Мәсіхтің атынан туған қаласына сол күні қызмет еткен әрбір адамның алған сыйы – жүрегін толтырған сол бір қанағат сезімі. Дегенмен, оларды бұдан да зор сый күтіп тұр екен. Австралия премьер-министрі Джон Ховард естіп, қауымға келіп, алғысын айтты. Бейнежазбадан премьер-министрдің қауым сахнасында тұрып, зор алғысын білдіргенін көрдім. Денни басқаратын қауым қаладағы ең беделді қауымға айналыпты. Олардың беделі мен қала ғана емес, бүкіл елдегі ықпалы едәуір артты.

Әңгіме мұнымен біткен жоқ! Денни осы күәлігін басқа қауымдарда айта бастағанда, олар өз жобаларын іске асыруға кірісті. Бүгінгі таңда Австралия, Англия, Швеция, Сингапур, Малайзия елдерінде 200-ден астам мектеп жөнделді.

Денни бағушының қауымы енді әйелдер түрмесін жөндеуге кірісті. Сол жобаны жүзеге асыру барысында түрме басшылығымен тығыз қарым-қатынас пайда болды. Соның нәтижесінде жазасын тартып жүрген әйелдерге белгілі бір күні қауымға баруға рұқсат берілді. Көбісі Исаны қабылдады, түрменің ішінде сенушілердің жиналыстары өтетін болды.

### Абырой

“Өзіміз тұратын өңірде абыройлы болғанмыз не үшін керек?” деген сұраққа жауап берейік. Біріншіден, Бұл Киелі Жазбаға сай. Қауым жетекшілері жайлы Пауыл елші былай дейді: «Сондай-ақ, масқараланып,

шайтанның торына түсіп кетпеуі үшін қауымнан тыс жұрттың да оған жақсы куәлік берулері керек» (1 Тимоте. 3:7). Атымызға дақ түсірмей жүруіміз керек, өйткені, сенушілердің жаман істері Ізгі Хабарды масқаралайды.

Ежелгі Рим тұрғыны, пұтқа табынушы философ Киприанның жазбаларында мынадай сөз бар: “Мәсіхшілер жердегі өмірін аспандағы патшалықтың азаматтарындай өткізеді. Жазылған заңдарға бағынады. Сөйте тұра, өз өмірімен жаңа заң орнатады” (Диогнетусқа хат, 5-ші тарау).

Елшілердің Істері кітабында Иерусалимдегі қауым жайлы былай деп жазылған: “Бөтендерден ешкімнің де оларды мазалауға батылы бармады, ал халық бұларды дәріптеп мақтады» (Елшілер. 5:13). Қауым не себепті соншалық беделді болды? Өйткені, сенушілер өте биік деңгейде өмір сүрді. Адам санасын Құдай Патшалығының деңгейінде өмір сүре алатындай етіп өзгерту – шынайы әділдіктің бір көрінісі.

Осы тұста:

– Джон, билік өкілдерін құрметтеп, көңілін табуымыз үшін ымырашыл болғанымыз дұрыс па? – деп сұрауыңыз мүмкін.

Жоқ! Жақия пайғамбар Ирод патшаның күнәсін бетіне басып, тәубеге шақырды. Сол себептен оның басы шабылды.

Президент Клинтонмен кездесіп, Құдайдың сөзін жеткізген бір қызметкерді білемін. Ол еліміздің басшысына аборт жасау арқылы жазықсыз нәрестелердің өмірін қиюды заңдастыруды тоқтатпаса, болашақта өзі де, Америка да Құдайдың қаңарына ұшырайтынын айтты. Құдайдың қызметкері бұл ескертуді аса даналықпен және зор сүйіспеншілікпен жеткізді, нәтижесінде президент ескертуді дұрыс қабылдады. Ирод патшаның да Жақияның ескертуінен кейін пайғамбарға деген құрметі арта түскен еді.

Ирод патша Жақия пайғамбардан қорқатын. Билік өкілдеріне сын айтатын, наразылық білдіретін, оларға тәкаппарлықпен қарайтын адамдар көп. Мұндай көзқарас қадір-құрметке жатпайды, әлбетте. Шадырақ, Мисақ, Әбдінего да пұтқа табынуға қарсы болғанымен, патша алдында ізетті болды.

## Қарама-қайшылық

Бірде Лиза көрген түсін айтып берді, сол түс есімнен кетпейді. Клинтонның президент болып тұрған кезі еді. Жұбайым мені түн ішінде оятты, өзі дір-дір етіп жатыр. “Джон, түсімді саған айтып беруім керек”

## 78 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

деді ол. (Құдай Лизаға көбіне түс арқылы аян береді).

Лиза әңгімесін бастады: “Үлкен бір залда уағыз тыңдап отыр екенбіз. Нақты кім екенін білмеймін, әйтеуір аты әйгілі бір қызметкердің жиналысы екен. Уағызы президент Клинтонға қарсы. Кемшіліктерін тізіп, президентті әбден сынға алды. Жиналғандардың көбісі оның сөзін қолпаштап отырды. Сен екеуіміз өзімізді ыңғайсыз сезіндік”.

“Залдың қаракөлеңке тұсында отырған бір адам орнынан тұрып, шыға беріске беттеді. Соңынан мен де ердім. Залдан шыққанымда әлгі кісі маған бұрылып қарады. Президент Клинтон екен. Жүрегі жараланған, қатты күйініп, қиналған сыңайы бар. Осыдан кейін ол кісі көз алдымнан ғайып болды”.

“Джон, сол түсімде президент қауымға көмек пен қолдау таппақ ниетпен келеді екен деймін. Алайда, қауым сүйіспеншілік пен жанашырлық көрсетуден бас тартып, ол кісіден теріс айналды. Құдайдан ол өзіне де, халқымызға да қажеттің бәрін табар еді. Алайда, біз оның жүрегін жаралап, теріс айналуына түрткі саламыз”.

Батыс Америкадағы бір ірі қауымда бағушы қызметін атқарып жүрген досым бар. Лиза түсінде көрген жағдайды сол досымның билік өкілдеріне деген көзқарасымен салыстырмақпын. Негізгі қызметіне қоса, досым Вашингтонда орналасқан Ұлттық мінәжат орталығын басқарады. Құдайдың тапсырмасымен еліміздің астанасындағы Сенат, Үкімет үйі және басқа да мемлекеттік мекемелер үшін дұға етіп, оларға қызмет етеді. Досым бір жылдың, кем дегенде, 22 аптасын Вашингтонда өткізеді, соған қарамастан, оның қауымы үздіксіз өсуде.

Бірде досым былай деді: “Джон, басшылармен жалғыз-ақ мақсатпен кездесемін. Әр кездесуде елімізге деген қызметі үшін алғыс айтамын және олар үшін мінәжат етемін”.

Досымның айтуынша, билік өкілдерімен өздерін қалай ұстау керектігін бағушыларға және қауым жетекшілеріне үйретеді екен. Саналарына сіңіп кеткен, билікке деген сыни көзқарастан арылтуға тырысады. Бағушылар билік өкілдерін либерал ұстанымдағы адамдар деп, ұнатпайды. Сөйтіп, Құдайдың билікті құрметтеп, дұға етуімізді тапсырғанын назарынан шығарып алады.

Басшылардың шын мәнінде ашық та кішіпейіл адамдар екенін көргенде, сенушілер қайран қалады екен. Қауымның өкілдері билікке талап қоюды көздеп немесе әлдене сұрап бармайды, құрмет көрсету



үшін барады. Кездесудің жылы өтетіні де содан. Бағушы досымның айтып берген екі куәлігін сіздермен бөліспекпін. Сөз билік басындағы екі адам жайлы болады. Екеуі де либерал көзқарасты мықтап ұстанатын адамдар екенін назарыңызда ұстай отырып, сол куәлікті оқып шығыңыз:

Конгрессменмен бұрын да бірнеше рет кездескем. Осы жолғы кездесуге бір топ жас музыканттарды ерте келдім. Кездесу конгрессменнің кеңсесінде өтетін болды. Әңгімеміз әдеттегідей басталды. Конгрессменге халыққа адал қызметі үшін алғыс айттық. Содан кейін ол кісі кейбір ойларын бізбен бөлісті де, бірнеше сұрақ қойды. Сөз кезегі маған тигенде, мадақтау әнін айтып, сол кісі үшін мінәжат етуге рұқсат сұрадым. Конгрессмен қуана келісті.

Мадақтау әнін айта бастағанымыз мұң екен, Құдайдың құзыры келді. Бәріміздің көзіміз жасқа толды. Бірнеше өлең айттық, арасында мадақтау әндерімен қатар отанымызға деген сүйіспеншілік туралы әндер де бар. Дұға ете бастадық. Құдайдың құзыры анық сезілгені сонша, сыйынып болған соң, ешқайсымыз тіл қата алмай, үнсіз отырдық.

Біраздан соң конгрессмен маған қарады да, жүрегіндегі сезімін түсіндірмек болды, бірақ сезімін жеткізер сөз таппады. Ақыры: “Бағушы, екі кішкентай балам бар. Соларды қауымға апаруым керек, солай ма?” деді.

Сол сөзімен бізге деген зор ризашылығын білдірді.

Екінші куәлік. Басқа бір конгрессменнің кеңсесіне он бес адам болып бардық. Арамызда дұға етушілер мен бағушылар бар. Бұл кісімен алғаш кездесуім. Байқаймын, не мақсатпен келгенімізді білмей, күмілжіп тұрған сияқты. Біз – Ұлттық мінәжат орталығының өкілі ретінде келген едік.

Дегенмен, конгрессмен жылы шырай танытып, келуіміздің мақсатын сұрады. Әлдене сұрайын деп емес, елімізге деген адал қызметі үшін алғысымызды айтып, өзі үшін мінәжат етуге келгенімізді айттым.

Әлгі кісінің көңілі орнына түсті, білем. “Мен үшін бұл зор құрмет” деді. Алдына келген адамдар ақша сұрап мазалай беретінін айтты. Және бұл – күн сайын қайталанатын жайт екен. Кеңсесінің дәлізінде дисплей орнатып, келушілер сұраған ақшаның мөлшерін күнде қосып, жалпы соманы соған шығарып қойыпты. “Ал сіздер менен әлдене дәметіп келген жоқсыңдар, өздерің маған бір жақсылық ала келдіңдер. Мұндайды бірінші рет көріп тұрмын” деді.

Ол кісі үшін мінәжат еттік. Конгрессмен “менің жұмыскерлерім үшін де дұға етесіздер ме?” деп сұрады. Кеңседегілер түгел жиналды,

## 80 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

олар үшін де мінәжат еттік. Содан кейін конгресмен сағатына қарап қойып, былай деді: “Бүгінге белгіленген бір кездесуім болмайтын болды. Капитолийді аралауға қалай қарайсыздар? Қастарыңызда өзін боламын” (Келген қонақтарға Капитолийді көрсету конгресменнің міндеті емес, ондай жұмысты әдетте интерндер немесе төменгі сатыдағы қызметкерлер орындайды).

Бір жарым сағат бойы Капитолийдің ішін араладық. Өте қызықты экскурсия болды. Кездесудің соңында бір-бірімізден телефон номерін алдық.

Екі аптадай уақыт өтті. Бір таныс бағушы хабарласты. Ол кісіге әлгі конгресмен қоңырау шалып, алдағы жексенбіде қауымға барғысы келетінін айтыпты. Бағушыға конгресменмен қалай сөйлесіп, өзін қалай ұстауы керек екенін айттым. Жексенбі күні конгресмен әйелі мен көмекшісін ертіп, қауымға келіпті.

Мадақтау біткен соң, бағушы конгресменге сөз береді. Содан кейін әйелі екеуі үшін дұға етеді. Конгресменнің әйелі сенушілерге ерекше риза болыпты. Осының бәрі – конгресменнің кеңсесінде болған мінәжаттың нәтижесі.

Досымның осындай кәуәліктері өте көп. Осы тұста “Билік басында жүрген адамдарға ақиқатты жеткізуге тиіспіз бе?” деп сұрауыңыз мүмкін. Иә, Жақия пайғамбар да, президент Клинтонға Құдайдың ескертудің жеткізген бауырымыз да солай істеді. Алайда, билік өкілдеріне қауымның Иса Мәсіхтен келетін жанашырлық пен сүйіспеншіліктің ордасы екенін, сенушілердің билікті шын құрметтейтінін жеткізуіміз керек. Осыны білгенде ғана, олар біздің сөзімізге құлақ асатын болады. Ақиқатты айтуымыз керек, әлбетте. Алайда, ақиқат тек сүйіспеншілікпен, Құдайды терең қастерлей отырып, айтылуы керек.

Болашақта Құдай Өз қызметкерлерін билік өкілдеріне жіберетін болады. Олар патшаларға Жаратқан Иенің сөзін жеткізген Көне Өсиеттегі пайғамбарлар тәрізді қызмет етеді. Үйімізде, шағын топтарда, қауымда билік өкілдерін сынағанымыздың несі жақсы? Сыншылдарды қолдағанымыздан да не пайда? Мұның бәрі – ғайбат сөз. Адамның өзіне сүйіспеншілікпен айта алмайтын сөздеріңді ол кісінің сыртынан да айтпа. Құдайдың сөзін сүйіспеншілік пен құрмет көрсете отырып, билік өкіліне тура айтуға дайын болуымыз керек. Ал сыртынан айтылған сын – сын емес, өсек. Өсек адам рухын улайды да, ерте ме, кеш пе аузыңнан балағат сөз болып шығады.

## Патшаға деген құрмет

Петір елші: «Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтынды істеуден шошыныңдар; патшаны қадірлеңдер!» дейді (1 Петір. 2:17).

«Біреу «Құдайды сүйемін» дей тұра, бауырын жек көрсе, оның өтірікші болғаны. Себебі көз алдындағы бауырын сүймейтін кісі көзге көрінбейтін Құдайды қалай сүйе алады? Одан алған өсиетіміз мынау: Құдайды сүйетін кісі бауырын да сүюге тиіс!» дейді Жохан елші (1 Жохан 4:20, 21). Көзіміздің алдындағы билік өкілін құрметтей алмасақ, көзге көрінбейтін Құдайды қалай қастерлей аламыз? Құдайды қастерлейтін адам қоғамда, отбасында немесе қауымда болсын, Құдай қойған билікті де құрметтейді.

Алдыңғы тарауда айтқанымдай, американдықтардың ұстанымы «әуелі билік өкілі менің сеніміме лайық екенін дәлелдесін, сонда ғана мен оған бағынамын». Алайда, Құдайды қастерлейтін адам: «Сені Құдай қойған, сондықтан мен сені құрметтеймін» дейді.

«Патшаны қадірлеңдер!» деген сөзді жазған Петір елші қай патшаның тұсында өмір сүргенін білмек болып, кішігірім зерттеу жүргіздім. Киелі Жазба кейбір адамдарға емес, күллі сенушілерге арналған. Оған мерзімдік немесе аймақтық шектеу жоқ. Киелі Кітаптың нұсқаулары барлық заманда, барлық елде өзекті. Дегенмен, тарихтың сол кезеңіне үңілейік. Петір елші Ирод Агриппа I деген патшаның тұсында өмір сүрген екен. Бұл адам менмендікке белшесінен батқан, нағыз озбырдың өзі болатын.

Ирод Агриппа біздің заманымыздың 37-ші жылында, яғни Иса қайта тіріліп, көкке көтерілгеннен кейін, дүниеге келген. Оның таққа отыруына қулығы мен жылпостығы септігін тигізді. Мәртебесінің жоғарылауын бұрыннан көздеп, таққа қол жеткізер жолдарды қарастырып жүріпті. Калигула көз жұмғаннан кейін Ирод Клавдийдің император тағына отыруына барын салады. Онысы – Клавдийге деген достық көңілі емес, өз мақсатына жетудің амалы болатын. Таққа қолы жетісімен, Клавдий Иродтың дәрежесін жоғарылатып, Иродтың қол астындағы жерлеріне Яһудея мен Самарияны қосып береді. Сонымен, Ирод Агриппа атасы Ұлы Иродтың билегенімен пара-пар, кең-байтақ жерлердің билеушісі болды.

Ирод Агриппаның тұсында еврейлердің ежелгі діні – иудаизм мен жаңа сенім – мәсіхшіліктің арасындағы тартыс өршіді. Патша екі жақтың бірін қолдап, бірін жау санауы тиіс. Агриппа мәсіхшілердің қатыгез

## 82 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

жауына айналды. Жаңа Өсиетте: “Шамамен осы кезде Ирод (Агриппа) патша қауымның кейбір мүшелерін тұтқындатып, зорлық-зомбылық көрсетіп, Жоханның туған ағасы Жақыпты семсермен шауып өлтіртті. Осы қылығы яһудилерге ұнағанын көрген ол Петірді де қолға түсірді. Бұл Ашымаған нан мейрамының кезінде болды» деп жазылған (Елшілер. 12:1-3). Яһудилердің көңілін тауып, саяси ұтысқа жетуді көздеген патша сенушілерге аяусыз қатыгездік көрсетті. Исаға ерекше жақын болған үш елшінің бірі Жақыпты өлтіргеннен кейін, Агриппа Петірді де өлім жазасына кеспек еді.

Алайда, бұл жоспар қауымның мінәжаты мен Құдайға мүлтіксіз бағынуының арқасында іске аспай қалды (Елшілер. 12:5-19). Петірдің өлім аузынан құтылуы мәсіхшілердің сенімін нығайтты. Құдайға бағынып әрекет еткендері үшін қауымның алған сыйы зор болды: «Құдайдың сөзі кеңінен тарап, сенушілердің саны өсе берді» (Елшілер. 12:24).

Сол кезде орын алған тарихи оқиғаларға мәсіхшілердің үздіксіз мінәжаты мен Құдайдың айтқандарын бұлжытпай орындауы едәуір ықпал етті. Елшілердің Істері кітабын әрі қарай оқиық. Ирод Агриппа арнайы күн белгілеп, халық алдына салтанатпен шықты. Биік таққа отырып, халыққа сөзін арнады. «Жиналған халық оған: «Адам емес, құдай сөйлеп тұр!» — деп айқайлай берді. Ирод Құдайға тиісті құрметті көрсетпегендіктен, Жаратқан Иенің періштесі оған дереу жаза жіберді: Ирод тірідей құртқа жем болып өлді» (Елшілер. 12:22, 23).

Ирод патша тиісті жазасын алды. Алайда, оған үкім шығарған – Құдайдың адамдары емес, Жаратқанның әділ соты. Жердегі билікке төрелік ететін – Құдайдың Өзі. Ал бізге билік өкілдерін құрметтеп, олар үшін дұға ету тапсырылған. Әділ төрелік қажет болса, Құдайға жол беруіміз керек. Құдай әр адамға тиістісін береді. Алайда, билік өкілдерін құрметтеп, олар үшін дұға етуден бас тартқанымызда, Құдайдың әділ төрелігіне жол бермейміз. Сөйтіп, еліміз бен қоғамымызға өте қажет болып жүрген нәрсеге – Құдайдың араласуына бөгет боламыз.

### **Біздің заманымызда болған оқиға**

Осыған ұқсас оқиға 20-шы ғасырда Нигерияда болды. 1993-ші жылы Сани Абача деген адам заңсыз жолмен билікке келді. Ол президенттік сайлау нәтижелерін жоққа шығарды, ал сол сайлауда жеңіп шыққан

Масхұд Абиолуды қамауға алды. Билікке келісімен, ол демократия жолында жүрген, халық алдында беделі бар адамдарды жаппай қырып салды. Сөйтіп, диктаторлық жолын қантөгістен бастады. Абача президент болып тұрғанда, талай жазықсыз адамның қаны төгілді. Онымен қоймай, елін тонап, үш миллион доллар ақшаны Европадағы жеке шоттарына аударды.

Менің жақын досым Марк Нигерияға жиі барып тұрады. Нигериядағы ең ірі қауымдарды басқаратын бағушылар – И.А.Адебойи және епископ Давид Ойедепо – аса ірі мәсіхшілік қозғалыстың жетекшілері. Адебойидің жетекшілігімен ай сайын өтетін мінәжатқа бір миллион адам қатысады. Жылына екі рет өтетін арнайы мінәжат жиналысына 2 миллион адам қатысады.

Марктың да, Нигерияға жиі баратын басқа адамдардың да, айтуынша, Нигериядағы қауымдар билік өкілдеріне аса құрметпен қарайды. Сонымен қатар олар билік үшін мінәжат етіп, Құдайдан елде әділдік орнауын сұрайды.

Нигерияда ай сайын мінәжат жиналыстары өтетінін жоғарыда айттым. 1998 жылы, сондай жиналыстардың бірінде Нигерияға кең танымал, Эммануэль Куре деген бағушыға Құдай аян берді. Ол кісі бұл арасында тұрған екі алып періштені көрді. Қолдарында зор семсерлері бар. Абачаның санаулы ғана күндері қалғанын рухымен ұғынды. Куре бағушы пайғамбарлық сөз айтты, Абача тәубеге келмесе, оған қатал үкім шығарылады, еш кешірім болмайды деді.

Бұл сөз президенттің құлағына жетті. Ол өзіне төнген қауіптен құтылмақ болып, Куреге ірі мөлшерде қаражат жіберді. “Абачаның алапесі өзіңе көшсін демесең, ақшаны алма” деді Құдай. Куре бағушы президентке күнәдан бас тартып, Құдайға бет бұруы керек екенін айтып, сәлем жолдады. Жіберген ақшасын да өзіне қайтарды.

Осыдан кейін Құдай мінәжат жиналыстарын өткізіп жүрген Адебойи бағушыға керемет мүмкіндік берді. Ол кісі президентпен жеке кездесетін болды. Бағушы президентке тәубе етпесе, жақын арада өмірінен айырылатынын айтты. 1998 жылдың маусымында өткен мінәжат кезінде, яғни, Куре бағушы періштелерді көргеннен кейін үш ай өткенде, Адебойи бағушы жиналғандарға “бір-біріңізге қарап, бақытты Жаңа жыл тілеңіздер” деді. Жиналған жұртқа бұл сөзі оғаштау естілді. Сонда бағушы бұғаудың босағанын, бүкіл халық көшеге шығып, шаттана билейтінін айтты.

## 84 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

Осыдан кейін, жиырма төрт сағаттың ішінде Абачи жүрек талмасына ұшырап, жан тапсырды. Сол күні Интернетте мынадай жаңалықтар шықты: “Би-Би-Си мемлекеттік радиосының хабарлауынша, жергілікті ақпарат көздері мынаны мәлімдейді: Нигерияның халқы барлық қалалардың көшелерінде диктатордың қайтыс болғанын тойлап жүр”. Кешегі мінәжатқа қатысқан адамдар Адебойи бағушының қай бұғау туралы айтқанын сонда түсінді.

Осы кітап жазылып жатқан күндерде Нигерия президентінің аппаратында бір адал мәсіхші жұмыс істеп жүр. Ол – елдегі ең беделді екі бағушының шәкірті. Елде рухани ояныш жүріп жатыр. Абачидің тұсында Ізгі Хабар тарату қызметінің майталманы Рейхард Бонкеге елге кіруге тыйым салынған еді. Жаңа президент Олусегун Обасаньо Рейхардты инаугурациясына шақырды. Сол күннен бері Рейхард үшін Нигерияның есігі қашанда ашық.

Бонке алғашқы крусейдін 1999 жылдың қазан айында өткізді. 2006 жылдың қазанында Нигерияда өткен крусейд кезінде 42 миллион адам Исаны Ием әрі Құтқарушым деп қабылдады. Бұл мәліметті дәлелдейтін, сол адамдардың аты-жөні жазылған құжаттар бар. Осы мәліметті Рейхард Бонкенің миссиясында атқарушы директор қызметінде жүрген жақсы танысым да растайды.

2000 жылы Нигерияның халқының саны 123 337 822 адам болған екен. 42 миллион адам дегеніміз – халықтың үштен бірі деуге болады. (Ал Нигерияның халқы бүкіл Африка халқының төрттен бірін құрайды). Міне, жергілікті бағушылардың, осы елде 1999 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан Ізгі Хабар таратушылардың, елдегі сенушілердің жемісі осындай. Ғажап жеміс. Ирод патша көз жұмғанан кейін не болғаны есіңізде ме? «Құдайдың сөзі кеңінен тарап, сенушілердің саны өсе берді» (Елшілер. 12:24). Қатыгез патшаның өліміне не себеп болды? Біріншіден, Құдайды қастерлейтін адамдар (Құдайды қастерлеуге билік иелеріне деген құрмет те кіреді), екіншіден, үздіксіз мінәжат.

Құдайдың халқы билік өкілдерін сыйласа, олар үшін мінәжат етсе, Құдайдың сөзін орындауда ұқыпты болса, Киелі Рух ауылдарымыз бен қалаларымызға молынан төгіледі: Олай болса, не күтіп отырмыз?

## 8-ші ТАРАУ

# Зайырлы билікті құрметтеу

Құлдықта жүрген барлық қызметшілер қожайындарын құрмет атаулыға лайық деп есептесін! Әйтпесе Құдайдың есімі мен біздің ілімімізге жұрт тіл тигізіп жүрер.

– 1 Тимоте. 6:1

**Б**ұл аятта Пауыл елші жұмыс берушілер, басшылар, ұстаздар мен бапкерлер, т.б. жөнінде айтады. Пауыл қазіргі заманда өмір сүрсе, «Барлық жұмыскерлер басшылары мен жұмыс берушілерін құрмет атаулыға лайық деп есептесін!» деп немесе «Жоғары білім алып жүрген студенттердің барлығы ұстаздарын құрмет атаулыға лайық деп есептесін!» деп жазар еді. Бұл аят зайырлы қоғамдағы бір адамның екіншісіне бағынуын талап ететін қарым-қатынастың қайсысына да қатысты.

Зайырлы билікті құрметтегеніміз Құдайдың есіміне және мәсіхшілік ілімге кір келтірмеуіміз үшін керек дейді Пауыл елші. Киелі Кітаптың кеңейтілген аудармасында «Әйтпесе Құдайдың есімі мен біздің іліміміз жаманатты болады» деп жазылған. Ел алдында жаманатты болу дегеніміз – қоғамда кең тараған теріс көзқарас. Олай болса, Құдайдың есімі мен рухани құндалықтар аяққа тапталады деген сөз.

Сенушілер басшыларға, ұстаздарға және басқа да зайырлы жетекшілерге құрметпен қарамаса, қоғам да Құдай Патшалығын сыйламайтын болады. Сөйтіп, Құдайымыздың және рухани құндылықтарымыздың қоғам алдындағы қадірін кетіреміз.

Қоғамның Құдайды және рухани құндылықтарды қадірлемейі дегеніміз не? Оған қандай іс-әрекеттер жатады? Мектепте мінәжат етуге тыйым салынды; сот залдарындағы он өсиет жазылған плакаттар орындарынан алынды; халықтың көбісі жексұрын да тұрпайы ойын-сауықтарды қызықтып жүр; сахнадан айтылып жүрген әндердің көбісі Құдайдың атын қорлайды; білім беру жүйесі сенушілерді ой-өрісі тар, тіпті, ғылымның дамуына тосқауыл қойып жүрген адамдар етіп көрсетеді; бұл тізімді әлі де жалғастыра беруге болады. Қоғамдағы осынау теріс өзгерістерге сенушілер де септігін тигізген жоқ па деп ойлаймын. Қалай дейсіз ғой? Зайырлы билікке тиісті құрмет көрсетпугі арқылы. Біз ізетті болудан бас тартсақ, қоғам да Құдайды қадірлемейді деп Пауыл елші жазған еді.

### **Біреу Ізгі Хабарға кір келтірмек**

Осы тақырыпқа көптеген мысал келтіре аламын, дегенмен, бір әңгімемен ғана шектелейін. Иссапардан үйге қайтып келе жатқам. Сол кездегі жұмыстарым өте қауырт болғандықтан, билетті ұшақтың бірінші класына алған едім. Жанымда жақсы киінген бизнесмен отыр. Ол кісімен танысып, Ізгі Хабар айтпақ болдым. Жеңіл-желпі әңгімеден бастадым, тез тіл табысып, әңгімеміз жарасып кетті.

Сөйлеу мәнерінен өмір бойы басшылық қызметте болған адам екенін байқап отырмын. Қандай кәсіппен айналысатынын сұрадым. Қаладағы ең ірі компаниялардың бірінің иесі де, басшысы да өзі екен. Компаниясы мен жұмысын біраз әңгіме қылдық. Ол да менің кәсібім жайлы сұрады. “Құдайдың қол астында жұмыс істеймін, Ізгі Хабар қызметкерімін” дедім.

Танысымның жүзіндегі жылылық лезде жоғалды. Түсін суытып, қабағын түйіп алды. Наразы кейіппен бірдеңе деді де, теріс айналып отырып алды. Қайран қалдым. Жаңа ғана әңгімеміз жарасып, жайдары отыр едік, енді “көрмегенім сен бол” дегендей теріс қарап отыр. Дегенмен, үзілген әңгімені жалғауды жөн көрдім. Сыпайы үн қатып, “Менің жауабымды жақтырмай қалдыңыз ғой. Не боп қалды?” деп сұрадым.

“Неге екенін білмеймін, сізге сенетін сияқтымын, сондықтан, шынымды айтайын, мәсіхші қызметкерлермен де, жалпы сенушілермен де істес болғым келмейді” деді әлгі кісі. Зейін қоя тыңдап отырмын. Ол



әңгімесін жалғастырды: “Компаниямда бір әйел жұмыс істеді. Өздерін “жоғарыдан туылған адаммын” дейтіндердің бірі. Жұмысқа келгеннен кешке дейін уағыз айтудан қолы босамайды. Басқа жұмыскерлерге “құтқарылу” туралы айтумен болады. Өз міндетін орындамайтынын былай қойғанда, басқалардың да жұмысына кедергі келтіреді.

Сол әйел ақыры, жұмыстан шығып кетті. Және жәй кетпей, кеңседен біраз нәрселерді ала кетіпті. Кеңседегі телефоннан Германияда тұратын ұлына қоңырау шалып тұрады екен, сегіз мың доллар қарызын да мен төледім. (Оқиға тоқсаныншы жылдардың ортасында болған, ол кезде шетелге қоңырау шалу өте қымбатқа түсетін).

Не дерімді білмедім. Мынадай оқиғадан кейін сол компанияда жұмыс істейтін адамдардың Құдайдың Сөзін қабылдауы екіталай. Әлгі әйелдің іс-әрекеті сенбеушілердің Құдайдың атына тіл тигізуіне түрткі болды. Жұмыс орнындағы міндетін орындаудың орнына, Ізгі Хабар айтқаны, онымен қоймай, ұрлық жасауы – Құдайдың Сөзіне мүлде қарама-қайшы. Сол сенуші әйел ең үздік жұмыскер болуы керек еді. Міне, сондықтан да, Пауыл елші барлық жұмыскерлерге былай деп нұсқау береді:

Басыбайлы қызметшілер қожайындарына барлық істе де мойынсұнып, көңілдерінен шығуға ұмтылсын. Оларға қарсы сөйлемей, ұрлық жасамай, әрдайым шын көңілмен адал болулары керек; осылайша Құтқарушымыз Құдайдың ілімін көркейтсін.

– Титке. 2:9, 10

Әлгі әйел өзі уағыздаған нәрселерді өзі жоққа шығарды. Шын мәнінде кім екенімізді сөзіміз емес, іс-әрекетіміз анық көрсетеді. Әлгі сенуші әйел Ізгі Хабарды қор қылды. Құдайдың Сөзін орындауға шындап ұмтылса, басшысын құрметтейтін еді. Сонда жұмысына да ұқыпты болар еді. Құрметтеу дегеніміз – жоғары бағалау, қадірлеу, бағыну, мойынсұну. Ізетті адамның іс-әрекеті бұл әйелдікінен мүлде басқа болады. Ұстанымы дұрыс сенуші жұмысын да жақсы атқарады, Мәсіх үйреткендей адал болады, сонда әріптестерінің Ізгі Хабарға деген қызығушылығы да, көп сөз айтпай-ақ, артады.

Ұшақтағы қалған уақытымда сол әйелдің іс-әрекеті үшін кешірім сұраумен болдым. Танысым сөзімді тыңдағанмен, көңілі жіби қоймады. Сенушінің әрекетінен едәуір зардап шегіп, көңілі қалған адам ғой. Енді

әуелгідей жылы қабақ танытпады.

Бірнеше жыл өткенде, осы оқиғаны уағызыма қостым. Миссиямызды қаржылай қолдап жүрген серіктестерімнің бірі уағыздың бейнежазбасын көріп, бізге хат жазды. Әлгі бизнесменнің компаниясы туралы мәлімет сұрапты, ол кісіге хат жазып, кешірім сұрап, сегіз мың доллар ақша жібермек екен. Сөйтіп, бизнесменнің сенушіден көрген зардабын өтеп, Құдайдың сүйіспеншілігін көрсеткісі келеді екен.

Серіктесіміздің ниетіне риза болғаным сондай, бизнесменді іздестіруге өзім кірістім. Өкінішке орай, ол кісі алты ай бұрын жүрек талмасынан қайтыс болып кетіпті. Мұндай жаңалық күтпеп едім. Ұшақта айтқан сөздерім жүрегіне жетті ме екен деп көп ойландым. Әй, қайдам. Ізгі Хабар айтпақ болғаныммен, ол кісінің жүрегі тарс жабық болатын, кілтін таппай-ақ қойған едім. Құдайдың басқа бір қызметкері кез болып, көңілін табар деген үміт қана. Құдайдың алдына барарынан бұрын, Иса Мәсіхті қабылдады ма екен деп уайымдадым. Әлгі сенуші әйелдің істерін көргеннен кейін ол кісінің тәубе етуі нағыз керемет болар еді.

Сол бір әйел жұмыс орнында өзін Құдайдың Сөзіне сай ұстағанда, бизнесменге Ізгі Хабар айту қаншалықты оңай болар еді! Ол кісінің жүрегі де ашық болатын еді ғой. “Джон, айтқаныңды түсініп отырмын. Компаниямдағы ең үздік жұмыскерлердің бәрі – мәсіхші. Иә, қиналып жүргенім рас. Маған Құдайдың көмегі керек. Иә, Иса Мәсіхті қабылдаймын. Мінәжат етуге дайынмын” дейтін еді ол.

Дегенмен, Құдайға сенбейтін адамдардан басқа да әңгіме естимін. Қол астындағы жұмыскерлердің уағызынан емес, іс-әрекетінен, олардың түрлі жағдайларда өзін қалай ұстағанынан нағыз мәсіхшілік мінез байқағанын айтқандар да аз емес. Сенушілер өз міндетін басқалардан гөрі ұқыпты орындайтынын айтады. Сенушілер адал, сенімді, басшымен сөз таластырмайды, күңкілдемейді дегенді де жиі естимін.

Осылай еңбек етуге деген қабілетті олар қайдан алады? Бұл – Құдайды қастерлегеннен туатын мінез, Жаратқан Иені қастерлеген адам басқаларды да құрметтей алады.

### Сыныпта

Сенушілердің іс-әрекеті қоғамда Ізгі Хабар жайлы жақсы не жаман пікір қалыптастырады. Ізетті сенушілердің жемісі мен инабатсыз

сенушілердің жемісі екі түрлі. Екеуін де алғаш рет мектеп қабырғасында жүргенімде көрдім.

Мен Иса Мәсіхті Пурду Университетінде оқып жүргенімде қабылдадым. Әке-шешем католик болатын, бала кезімде шіркеуге үзбей барып тұратынбыз. Дегенмен, Құдайды танымайтын, құтқарылмаған адам едім.

Университетте оқып жүргенімде, студенттердің бірінен ерекше мінез байқағаным есімде. Біріншіден, оның мінезіндегі жылу мен қайраттылық қатар келетін еді. Өзі мықты спортшы әрі аса ұстамды жігіт. Жастар сауық кешін ұйымдастырса, әлгі жігіт кештің бас жағына қатысады да, ішімдік ішу басталып, жұрт масайғанда, кетіп қалады. Өзі тек газды сусын ішеді, жігіттермен де, қыздармен де тіл табысып, әңгімесі жарасып жүреді.

Сол жігіт менің әрі діншіл, әрі Құдайдан алыс екенімді байқаса керек. Сонымен, әуелі менімен достасып алды. Біраз уақыт өткенде, бөлмеме келді. Маған Құдайдың Сөзін айтты да, кенет: “Джон, АҚШ президенті туралы білесің бе?” деп сұрады.

“Әрине, білемін” дедім. “Оның аты Джимми Картер, әйелінің есімі Розлин. Бұрын Джорджия штатының губернаторы болған, ал одан бұрын өз фермасында жержаңғақ өсірген”.

“Ал Иса Мәсіх жайлы не айта аласың?” деді досым.

“Иса Мәсіх Мәриям қыздан туған, Оның жердегі әкесі – Жүсіп, Исаның он екі шәкірті болған, Өзі айқыш ағашта қаза тапқан” дедім мен.

“Тамаша” деді ол. “Ал сен президент Картерді өз анаңды танитындай, жақын танисың ба?” деп сұрады.

“Жоқ” дедім.

“Сонда айырмашылық неде?” деп сұрады ол.

“Ананың аты ана. Анамды жеке танимын. Ал президентпен, тіпті, таныс та емеспін”.

“Сонымен, анаңмен жеке қарым-қатынасың бар, ал президентті танымайсың. Ол кісі туралы көп мәлімет білесің, дегенмен, жеке таныс емессің, ол кісімен еш қарым-қатынасың жоқ”.

“Иә, солай”.

Сонда досым: “Ал Иса Мәсіхті, анаңды танитындай, танисың ба?” деп сұрады.

Қапелімде не дерімді білмей қалдым. Әрі қарай досым мынаны түсіндірді: Құдай бізді сүйеді, Көктегі Әкеміз үшін әрқайсымыз

## 90 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

қымбатпыз. Ол әрбірімізбен жеке қарым-қатынаста болғысы келеді. Сондықтан да Исаның жерге келуінің мақсаты – бізді шіркеуге барып, уағыз тыңдайтын адамға айналдыру емес, бізбен жеке, жақын, сырлас қарым-қатынас. Құдайдың мені не үшін жаратқанын білгенімде, қайран қалдым.

Осы әңгімеден кейін бір жыл бойы Киелі кітаптан бас алмадым. Шөл далада бұлаққа кез болған адамдай, рухани сусыным қанар емес. Құдайдың Сөзін қомағайлана оқыдым. Өмірімді Исаға арнағанға дейін Киелі Кітап мен үшін хикаялар мен ережелер жазылған кітапша еді. Ал енді Құдайдың жеке өзіме арнаған, жүрегіме дәлме-дәл жеткен Сөзіне айналды. Инженерлік факультетте оқитын студенттер кейбір пәндерді өздері таңдайды. Ерікті түрде оқытылатын пәндер тізімінде Нотр-Дам университетінің дәрістері де бар екен. Оларды оқитын – студенттер қалашығында тұратын профессор. Көне Өсиетпен танысу курсына жызылдым. Ол кезде жас сенуші едім, Көне Өсиетті түсіну мен үшін қиын болып жүрген. Осы курсты оқып шықсам, толық мәлімет аламын ба деген үмітім бар еді. Дәріс дүйсенбі сайын өтетін болды, ұзақтығы – үш сағат. Бірінші сабақта-ақ профессорымыз үмітімді тас-талқан етті. Киелі Кітапта алты жүзден аса қарама-қайшылық бар, ал Иса Мәсіхтің өлімнен қайта тірілгенін дәлелдейтін айғақтар жеткіліксіз деді ол. Мұса пайғамбар Исраил халқын Қызыл теңізден өткізгенде, теңіздің тереңдігі шалшық судай-ақ екен. Ал Киелі Кітапта бұл оқиғаның көркем суреттелуі – ауыздан ауызға айтылып жүріп, әбден өзгеруінен.

Сол сабақтарда профессормен де, басқа студенттермен де талай рет пікір таластырдым. Өмірімдегі ең бір мазасыз кезеңдердің бірі сол семестр болды. Бірде профессор екеуіміздің арамыздағы пікірталас екі сағатқа созылды. Алайда, өз ұстанымымды батыл қорғасам да, профессорға лайық құрмет көрсетуді ұмытқан жоқпын.

Семестр барысында зерттеу жүргізуіміз керек болатын. Курсты тәмамдағанымызда, зерттеу де жасалып болуы керек. Қорытынды бағамыздың үштен бірін зерттеу жұмысының бағасы құрайды. Өзімнің зерттеуімді ұқыпты жасап шықтым. Профессор жұмыстарымызды тексеріп, соңғы сабақта өзімізге қайта таратты. Бағаның орнына менің жұмысыма ағылшынның “I” әрпін қойыпты. Бұл белгінің нені білдіретінін түсіне алар емеспін. Сабақ біткен соң, профессорға жолықтым. “Джон, – деді ол кісі, – кабинетіме келші, қандай баға екенін түсіндірейін”.

Бірнеше күннен кейін ол кісінің кабинетіне бардым. Профессор:

“Джон, сен екеуіміз мүлде бөлек екі әлемде өмір сүреміз. Сондықтан, сенің жұмысыңды қалай бағаларымды білмедім. Әлгі белгі жұмысың осы семестрде екі емтихан тапсырғаныңмен бірдей бағаланды дегенді білдіреді”.

“Джон”, – деді ол, сөзін жалғап, – менің дәрістеріме көптеген “көзсіз сенімді ұстанатындардың” талайы қатысты. Олар маған көп кедергі келтіретін. Өйткені, не сабақ үстіндегі тәртіпті бұзады, не курсты аяқтамастан, топтан шығып кетеді. Олардың арасында сенімнен бас тартқандар да болды”.

Содан кейін, үні жұмсарып, “Ал сен болсаң, өзіңді басқаша ұстадың. Сеніміңнен бас тартқан жоқсың. Өз ұстанымыңа бекем болып қалдың. Дегенмен, ұстазды сыйлаудан, ізеттен еш аттаған жоқсың. Сонымен қатар, басқа студенттер де сені сыйлатын болды. Батылдығың мен маған көрсеткен құрметің үшін саған алғысымды айтамын” деді.

Осы әңгімеден біраз ой түйдім. Құдайдың сөзін берік ұстанып, өзімізден мәртебесі биік адамдарды құрметтеуден танбасақ, Жаратқан Ие Өз әділдігін орнатады. Ал біз соған күә боламыз. Профессор айтқан “көзсіз сенімді ұстанатындар” – жоғарыдан туылған сенушілер болса керек. Алайда, олардың істері өздері айтқан Ізгі Хабарға сай болмаған. Сыныптастары мен ұстаздарына Иса Мәсіх туралы ауызбен айтып жүріп, істерімен көрсете алмаған. Менің пайымдауынша, олар ұстазға лайық құрмет көрсетудің орнына, тек сөз таластырған, сөйтіп, сабақтың берекесін кетірген. Осыдан кейін Ізгі Хабарға деген құрмет қайдан болсын. Олар құрмет қағидасын білмегендіктен, Құдай берген мүмкіндіктен айырылып қалған.

Құдайдың Сөзінен еш ауытқымай, бекем ұстануымыз керек. Сонымен қатар, өзімізге қарсы шыққандарды ақылға шақыруға тиіспіз. Тек, мұны кішіпейіл, мейірбан қалпымыздан танбай істеуіміз керек. Басшымыз, ұстазымыз не бапкеріміз болсын, Мәсіхтің мінезіндегі мінез танытуға міндеттіміз. Ал Құдай ретін келтіргенде, үндемей қалмаңыз, ақиқатты сүйіспеншілікпен айтыңыз.

## **Зайырлы билік өкілдеріне құрмет көрсету**

Зайырлы билік өкілдеріне қалай құрмет көрсете аламыз? “Құрмет” сөзінің мағынасын есімізге түсірейік. Құрметтеу дегеніміз – жоғары

## 92 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

бағалау, қадірлеу, Құдайдың сөзіне қарсы әрекеттен басқасына бағыну, мойынсұну.

Осы анықтаманы қалт жібермей, назарымызда ұстасақ, үнемі мінәжат етіп жүрсек, онда жұмыста, оқуда, спортзалда немесе басқа жерде болсын, мінез-құлқымыз өзгере бастайды. Құдайдың жүрегімізді зайырлы билік өкілдеріне деген құрметке толтыруын сұрасақ, оларға деген көзқарасымыз мүлде өзгереді. Құқымыз үшін күрескенді қойып, олардың талабын өз қалауымыздан жоғары қоятын боламыз. Оларға жәрдем беруге асығатын боламыз. Және мұндайда пайда табуды көздемейміз, ниетіміз риясыз адал болады. Ал осының барлығына қалай қол жеткіземіз? Киелі Жазба былай дейді:

Басыбайлы қызметшілер, Мәсікке мойынсұнғандай, жер бетіндегі қожайындарыңа да шын жүректен мойынсұнып, жамандық жасаудан шошыныңдар! Айтқандарын тек көңілдерінен шығу үшін, олар сендерді бақылап тұрғанда ғана емес, ұдайы жан-тәндеріңмен орындай беріңдер! Осылай Құдайдың еркін Мәсіхтің қызметшісі ретінде іске асырыңдар! Сөйтіп қызметтеріңді адамға емес, Иемізге арнағандай ынтамен атқарыңдар. Мейлі басыбайлы, мейлі ерікті болсын, әркімнің істеген игі істерінің лайықты сыйын Иемізден алатынын біліп қойыңдар.

– Ефестіктерге. 6:5-8

«Қызметтеріңді адамға емес, Иемізге арнағандай ынтамен атқарыңдар» деген сөзге назар аударыңыз. Осы сөз жүрегімізде жазулы тұрса, құл болғанды қойып, қызметшіге айналамыз. «Мен құл емеспін» дейтін боларсыз. Бұл сөзіңізге жауап берерден бұрын, құл мен қызметшінің арасындағы айырмашылықты түсіндірейін. Құлға ең төменгі талап қойылады, ал қызметшіде ең зор әлеует бар. Құл еңбектенуге мәжбүр, ал қызметші жұмысқа өзі кіріседі. Құлдан ұрлап не тартып алады, қызметші өз еркімен береді. Қызметші бұйрық күтпейді, ол мүмкіндіктерді өзі іздейді. Өзі қызмет ететін адамының қажетін, айтқызбай-ақ, өтейді.

Бастығыңыздан қысымшылық көрсеңіз, ренішіңізге ермеңіз, дұрыс әрекет етіңіз. Эмоцияның жетегінде кеткен адам көрген қысымшылығын айтып шағымдана береді, жабырқап, түнеріп жүреді, селқос күйге түседі. Жамандықтан жеңілмей, оны жақсылықпен жеңетін адам болса

(Римдіктерге. 12:21 қараңыз), қатал бастықтың жанына барады да, “Жұмыс әлі де көп, сондықтан, келесі аптада жұмысқа күн сайын екі сағат ерте келем де, бәрін бітіріп тастаймын. Маған қосымша ақы төлеуіңізді де сұрамаймын” дейді.

Жанжалды осылай шешсеңіз, алдымен Құдайдың рақымына, ақырында бастығыңыздың рақымына ілігесіз. Мұны қайдан білем дейсіз ғой? Киелі Кітапта былай деп жазылған:

Мейірім мен шындықтан ешқашан безбе,  
Мойныға байлап, жазып қойғандай жүрекке.  
Сонда ұнамды болып Құдай мен адамға,  
Ие боласың зор құрмет-абыройға.

– Нақыл сөздер 3:3, 4

Егер бастығыңыздың көңілі сонда да жібімесе, Құдай сізге басқа мүмкіндіктер береді, алдыңыздан басқа есік ашылады. Көктегі Әкеміз Өзінің адал перзенттерін жарылқаудың амалын қашанда табады. Алдыңғы тарауда айтылған Брайанның өмірі осыған дәлел. Барып тұрған әділетсіздікке кез болғанда да, басшыны сыйлаудан бас тартқан жоқ. Ол алғандай, толық сыйыңызды сіз де аласыз.

Бұл рухани заң. Билік өкілдерін құрметтеген адам Көктегі Әкеден толық сыйын алады. Сіздің алар сыйыңыз билік өкілі арқылы келеді ме, әлде басқа жолмен келеді ме, әйтеуір сыйыңыздан құр қалмасыңыз анық. Құдай Өз сөзінің мүлтіксіз орындалуын мұқият қадағалайды!





## 9-шы ТАРАУ

# Отбасындағы билікті құрметтеу

**О**тбасы жөніндегі әңгімемізді балалардан бастайық. Киелі Жазба былай дейді: «Ата-анаңды сыйла!» Бұл, Құдайдың бір уәдемен байланыстырып берген алғашқы өсиеті: «Сонда жерде игілікті де ұзақ өмір сүретін боласың» (Ефестіктерге. 6:2, 3).

Ата-ананы сыйлау – жай ғана ұсыныс та, жақсы кеңес те емес, Құдайдың өсиеті. Әлде, Жаңа Өсиет сенушілері өсиеттерді орындаудан босатылған деп ойлайсыз ба? Иса «Менің өсиеттерімді жүректеріне сақтап, орындап жүргендер — Мені сүйетіндер» деген еді (Жохан. 14:21). Осы сөзді Жохан елші де құптайды:

«...сүйіспеншілік – Оның өсиеттері бойынша жүруімізде».

– 2 Жохан. 6

Исаны Иеміз деп қабылдаған сәтімізде, рухымыз өзгеріске ұшырады. Бұрынғы адам жоқ болды. Қайта жаратылған, жаңа адамға айналдық. Жүрегіміз жаңарды, енді Құдайды қастерлейтін, сүйіспеншілікке толы жүрекке ие болдық. Енді ой-ниетіміз де басқа, жаңа болмысымызға сай, Құдайға ұнамды өмір сүруге ұмтыламыз. Бұдан былай біз үшін «...бастысы — Құдайдың өсиеттерін орындау» (1 Қорынт. 7:19).

Ал Құдайдың өсиеттерін елемей жүре беретін адамдар Иса Мәсіхпен таныс емес. Өздерін мәсіхші санайтын да шығар, алайда, Исаның «адамдарды «жемістерінен» танып білесіңдер» деген сөзі бар (Матай. 7:20). Құдайдың өсиеттерін ескерусіз қалдырса, демек, жүректерінде түбегейлі рухани өзгерістің болмағаны. «Құдайды танымын дей тұра, Оның өсиеттерін орындамайтын кісі — өтірікші, соның жан дүниесінен шындық орын алған жоқ» (1 Жохан. 2:4). Яғни, ондай адам – Құдайдың перзенті емес, ол – адасып жүрген адам.

Алдыңғы тарауда айтқанымыздай, құрметтеу, сыйлау дегеніміз – жоғары бағалау, қадірлеу, бағыну, мойынсұну. Ата-анамызға құрметпен қарасақ, оларға ізет пен сүйіспеншілік танытуымыз керек. Құрмет іс-әрекетіміз, сөзіміз, тіпті, ойымыз арқылы көрініс табады. Шынайы құрмет жүректен шығады. Жастар ата-анасымен үнемі әдепсіз, жеңілтек, инабатсыз, дәрекі сөйлесе, оларды сыйламайтынын көрсетеді. “Жан дүниең неге толса, ауызың соны айтар» (Матай. 12:34 қараңыз). Адамның жүріс-тұрысы, үні, қас-қабағы, көз қарасы, ықыласы – осының барлығынан сол адамның жүрегіндегіні байқауға болады.

Ата-ананы сыйламау Америкада қалыпты жағдайға айналды. Әдептілік жойылып бара жатқан сияқты. «Отбасылық кино» санатына жататын фильмдердің көбісін балаларымның көруіне мүлде рұқсат бермес едім. Олардың кейбіреуі, тіпті, «G» әрпімен белгіленген. Бұл белгі “фильмді сенімді кинокомпания түсіргенін” білдіреді. Яғни, балалар үшін зиянсыз деп саналады. Сол фильмдерде баяндалатын оқиға, шынында да, өте әсерлі болуы мүмкін. Бірақ балалардың ата-анасымен сөйлесу мәнері – тұрпайы. Ата-ана – балаларын әбден мезі қылған, түк білмейтін ақымақ дерсің. Фильмнің басынан аяғына дейін балалар әке-шешенің тілін алмайды, үлкендерді менсінбейді. Ал соңында, соған қарамастан, қиындық атаулыны жеңіп, арманына жетеді. Мені тым қатал деп ойлап отырған боларсыз. Құдайдың Сөзі былай дейді: «Әке-шешесін менсінбей қорлағанды қарғыс атады!» Соған бүкіл халық: «Аумин!» деңдер (Заңды қайталау 27:16).

Қарғыс сөзінің мағынасын білесіз бе? Құдайдың қарғысына

ұшырау деген – сұмдық нәрсе. «Адам өлтірген, ұрлық жасаған, азғындыққа немесе сиқыршылыққа батқан адамды қарғыс атады» дегенге келісу оңай. Алайда, әке-шешесін менсінбей қорлаған адамды да қарғыс атады екен. «Менсінбеу» сөзінің мағынасы «қадірлемеу, түкке тұрғысыз нәрседей көру, құл санау». Қаттырақ айтсақ, тіл тигізу, масқаралау, абыройын төгу.

### **Ұрпақтарға жеткен қарғыс**

Ата-анасын қорлағаны үшін қарғысқа ұшыраған адамдар туралы Киелі Кітапта бірнеше рет айтылған. Сондай адамдардың бірі – Хам. Хам Нұхтың кенжесі, әрі Қанаханның әкесі еді. Топан су басылып, жер құрғағаннан кейін Нұх жер өңдеп, жер бетінде бірінші болып жүзім екті. Бірде ол шарап ішіп, мас болды. Неге бұйтті екен? Бәлкім, жер бетін мекендеген адамзаттың жойылғанына қайғырды ма. Әлде басқа бір себептерден қайғы жұтып, сол қайғысын баспақ болды ма, оны білмейміз. Әйтеуір, таңдаған жолы – дұрыс емес. Есін білмей, мас болған Нұх шатырына кіріп, киімін түгел шешіп тастады. Шатырдың ішінде жалаңаш жатқан Нұхты Хам көрді де, көргенін жұртқа жайып салды. Айналада жұрт та көп емес, екі бауыры Шам мен Япші ғана. «Жігіттер, әкеміз шарапқа шошқадай тойып алып, тыр-жалаңаш жатыр! Барып, көріңдер» деген Хамның кекесін кейпі көз алдыма келеді.

Алайда, Шам мен Япшінің іс-әрекеті Хамдыкінен мүлде басқа болды. Олар бір жамылғыны иықтарына іле салып, теріс қарап ішке кіріп, әкелерінің денесін жапты. Жүздерін басқа жаққа бұрғандықтан, олар оның жалаңаш денесін көрген жоқ. Әкенің масқара болғанын көргісі келмеді.

Нұх мастығынан айығып, оянғаннан кейін, кіші ұлының өзін келеке еткені туралы естіп, былай деді:

«Қанаханды қарғыс атсын!

Ол ағайындарының ең бейшара құлына айналсын!»

Содан соң ол:

«Шамның Құдай Иесі мадақталсын!

Ал Қанахан Шамның құлы болсын!

Құдай Япшінің өрісін кеңейтсін,

Ол Шамның шатырларында тұрсын!

Ал Қанахан оның құлы болсын!» — деді.

– Жаратылыс. 9:25-27

Нұхтың аузынан шыққан пайғамбарлық сөз кейінгі ұрпақтардың өмірінде айна-қатесіз орындалды. Хамның ұрпағы – қанахандықтар – қарғысқа ұшырады. Құдайдың Сөзіне сай, оларды Исраил халқы үнемі құлдықта ұстады.

Хам инабатсыздық танытып, өзін де, ұрпақтарын да қарғысқа ұшыратты. Хамның осы ісінің салдары ауыр болды. Ал Нұхтың шарапқа мас болғанына қарамастан, Киелі Кітапта оның жазалануы жөнінде ештеңе жазылмаған. Еврейлерге арналған хаттың 11-ші тарауында Құдай Өзі мақтан тұтатын сенім қаһармандарының есімдерін атайды. Арасында Нұхтың да аты аталады. Нұх күнәсіне өкініп, тәубе еткен болу керек. Сонымен, Нұх Құдайдың кешірімін алды. Хам болса, тізімге кірген жоқ. Ол жайлы Киелі Кітаптан бірде-бір жақсы сөз таппаймыз.

Нұхтың сүрінуі ұлдарына сын болды, олардың жүрегіндегісі ашылып қалды. Бірі құрмет емес, кекесін білдірсе, қалған екеуі әдептен аттамады. Әкесін жазғырған жоқ, өйткені, әкені сынау – баланың міндеті емес. Әкесінің сүріне жығылғанына қарамай, өзіне тиесілі құрмет көрсетті. Нұхтың істегені, әлбетте, – Құдайға ұнамды іс емес. Дегенмен, оған тиісті бағасын ұлдары емес, бір Құдай ғана бере алады. Осыны білген екі ұл әдеп сақтады. Үшіншісі әкенің ісіне төреші болам деп, абыройын айрандай төкті. Сөйтіп, қарғысқа ұшырады.

Осы мысалдағы тағы бір маңызды жайтты атап өтуіміз керек. Хамның сөзі толығымен шындық болатын. Ол өз ойынан ештеңе қосқан жоқ. Бір қарағанда, Хамды ақтап алуға да болатын сияқты: ол, бар болғаны, көргенін, яғни, “шындықты” айтты ғой. Алайда, Құдай

Патшалығындағы құрмет пен билік қағидасы адами “шындыққа” негізделмейді.

## Әдепсіздік арта береді

Киелі Жазбада әкесін сыйламаған тағы бір кейіпкер бар, ол – Жақыптың тұңғыш ұлы, Рубен. Оның анасы – Лия. Рубен әкесінің жолын қалай кесті? Әкесінің күңі Балхамен төсектес болды.

Шын мәнінде, бұл күнәнің тамыры тереңде жатыр. Жақыптың екі әйелі бар еді: апалы-сіңлілі Лия мен Рахила. Балха – Рахиланың күңі. Рахила мен Лия бірімен-бірі күндес болатын. Екі әйелдің арасындағы тартыс жыл санап, өрши түсті. Ал Жақыптың көңілі Рахилада еді. Рахиланы бір көргеннен-ақ ғашық болған ол, жарын өмір бойы сүйіп өтті.

Жаратқан Ие Жақыптың Лияны ұнатпайтынын көрген соң, оған балалы болу қабілетін сыйлады. Сонымен Лия жүкті болып, ұл туды. Ол: «Шеккен жәбіріме Жаратқан Ие қарады. Енді күйеуім мені жақсы көретін болады», — деп, баласына Рубен («Қара, бір ұл!») деген ат қойды.

Кейін Лия тағы да ұл тапқанда: «Жаратқан Ие менің (күйеуіме) ұнамсыз екенімді естіп, маған мына ұлды да сыйлады», — деп, оған Шимон (яғни «Естіп тұрған») деген есім берді.

Үшінші ұлын туғаннан кейін, Лия: «Енді күйеуім маған берік қосылатын болды, себебі мен оған үш ұл туып бердім», — деді. Сондықтан бала Леуі («Берік қосылған») деп аталды (Жаратылыс. 29:32-34). Лияның осы сөзінен күйеуін өзіне қарата алмай-ақ қойған әйелдің қайғысы сезіледі.

Рахила болса, бедеу. Әпкесінің үш ұл тапқанын көргенде, Рахила, қайтсе де, қалыспаудың амалын іздеді. Ол Жақыптың қойнына Балханы салып беруге бел бұды. «Мынау күңім Балха, сонымен жақындас. Ол мен үшін бала туып берсін, соның арқасында мен де балалы болайын» деді Рахила (Жаратылыс. 30:3). Енді Балха да ұл тапты. Сонда Рахила: «Мен әпкеммен жүргізген зор тартысымда оны

жеңіп шығудамын», — деп, оған Нафталим («Тартысым») деген есім берді (Жаратылыс. 30:8).

Рубен өз анасы мен Рахиланың арасындағы күндестік пен тартысты көріп өсті. Есейе келе, анасының жүрегіндегі жара ұлының жүрегінде сыздайтын болды. Жақыптың Лияны сүймейтіні анық. Бірде Рубен даладан «махаббат алмасы» деген жемістер тауып алып, шешесі Лияға алып келді. Сонда Рахила Лиядан:

— Ұлыңның махаббат алмасынан берші, — деп сұрады. Ал Лия:

— Күйеуімді тартып алғаның аз болғандай, енді балам әкелген жемісті де алғың келе ме? — деп бермей қойды. Ал Рахила:

— Жемістерді маған берсең, онда Жақып бүгін сенің шатырыңа қонсын, — деді.

Жақып кешке даладан келгенде, Лия оның алдынан шығып: «Бүгін түнде менімен бірге болсаңыз екен. Соны ұлымның әкелген махаббат алмаларына сатып алдым», — деді. Содан ол түнді Лиямен өткізді (Жаратылыс. 30:16). Лия күйеуінің құшағын сатып алуға мәжбүр болғанына қарағанда, Жақып Лияның шатырына қонбайтын болғаны ғой.

Отбасындағы жағдайды Рубен көріп-біліп жүр. Әкесінің Рахиланы артық көріп, Лияны көзге ілмеуі есі кіріп қалған баланың көңіліне сызат түсірді. Жара күн санап тереңдей берді.

Уақыт өте берді, Жақып он ұлдың әкесі болды. Осы кезде Рахила алғаш рет құрсақ көтерді. Он бірінші болып дүниеге Рахиланың ұлы Жүсіп келді. Жақып осы баласын басқа балаларының бәрінен артық көрді. Рубеннің көңілі бұрынғыдан бетер сүйі түсті. Жүсіпке әкесі ерекше сәнді киім кигізді, ауыр жұмыс істетпей, жанына ертіп жүрді.

Жақып отбасын алып, Лаванның елінен көшіп шықты. Олар жолда келе жатқанда, қызметшілер келіп, Жақыпқа «алдыңнан ағаң Есау келе жатыр, қасында төрт жүз жігіті бар» деген хабар жеткізді. Жақыптың зәресі зәр түбіне жетті, өйткені, Есаудың Жақыпта кеткен кегі бар. Енді ағасының қолына өзі барып түскелі тұр.

Сонда Жақып балаларын Лияға, Рахилаға және екі күңіне бөліп беріп, күңдерді балаларымен алдына, олардың артына Лияны

балаларымен, ең соңына Рахиланы Жүсіппен тұрғызды (Жаратылыс. 33:2). Жақыптың ниеті – Есау алда келе жатқандарды қырып тастаса, өзі арттағыларды алып, қаша жөнелмек. Сөйтіп, өз өмірі мен жанына жақын адамдардың өмірін сауғаламақ. Рубеннің сол сәттегі ызасын түсіне аламын. Анасы екеуін Есаудың семсерінен қаза тапсын деп, алға қойды да, Рахила мен Жүсіпті алып, өзі көштің соңына тұрды.

Уақыт өткен сайын, Рубеннің жүрегіндегі ыза өшпенділікке айнала бастады. Рахила екінші ұлын босанарда, қайтыс болды. Жақып сүйікті әйелін жоқтап, біраз уақыт қайғы жұтты. Содан кейін Рахиланың қабірінің басына құлпытас орнатты. Рахиланың құлпытасын кейінгі ұрпақтар да көрді. Бұл бір еңселі дә сәнді ескерткіш болса керек. Ең қызығы, Лияға ескерткіш қойылғаны жөнінде еш мәлімет жоқ. Ескерткіш Рахиланың ғана қабіріне қойылды. Осы тұста Рубеннің ызасы қайнап, шыдамы шегіне жетсе керек.

Киелі Кітапта Рахила қайтыс болғанан кейін «... Рубен әкесінің кәнизагы Балхамен жақындасты» деп жазылған (Жаратылыс. 35:22). Жастайынан өз отбасындағы әділетсіздікті көріп өскен Рубен енді әкесінің сүйікті ұлы Жүсіптің де еркелігін көріп жүр. Әкесі Жақыптың Рахиланы сүйіп, Лияны шетқақпай қылғаны есінен кетпейді. Бұл әділетсіздікке көндіге алмай-ақ қойды. Балхаға баруына түрткі болған – сол кек. Рахиланың шатырын арамдап, абыройын таптаса, қарымтасы қайтып, әкесі салған жараның сыздауы қанатындай еді.

Осы оқиғалардан кейін, көп жыл өткенде, Киелі Жазбаға мынадай сөздер енді: “Исраилдің тұңғыш ұлы Рубен болды. Алайда Рубен әкесінің кәнизагымен жақындасып, әке төсегін арамдағаны себепті оның тұңғыштық жолы Исраилдің басқа ұлы Жүсіптің екі ұлына берілді. Сондықтан да шежіре жазбаларында Рубен тұңғыш ұл ретінде тіркелмеген» (1 Шежірелер. 5:1).

Жақыптың Рахиланы сүйіп, Лияны шетқақпай қылуы дұрыс емес. Мұндай қылығын Құдай да құптаған жоқ. “Жаратқан Ие Жақыптың Лияны ұнатпайтынын көрген соң, оған балалы болу қабілетін

сыйлады. Ал Рахила бедеу болатын” деп жазылған (Жаратылыс. 29:31). Адамнан әділетсіздік көрген әйелге Құдайдың Өзі жұбаныш сыйлады.

Рубен отбасындағы жағдайды анық түсінді. Ол әкесін бекерден-бекер жазғырған жоқ. Жақыптың кінәсі анық еді. Алайда, Рубен ащы сезімнің жетегінде кетті, ақыры жүрегіндегі ыза-кек өзінің түбіне жетті. Құдай ата-анаға деген құрметті әр баланың жүрегіне салады. Рубен сол құрметтен бас тартты, ызаның жетегіне еріп, әкесін жат көріп кетті. Әкесіне деген құрметтің аяққа тапталуына жол берді. Ал онысын жүрегіндегі ыза-кек те ақтай алмайды. Сөйтіп, күнәсінің жазасын өзі арқалады. Рубен өзіне тиесілі тұңғыш ұлдың несібесінен айырылды.

Елиден жәбір көрген Ханна есіңізде болар. Діни қызметкерден дәрекі сөз естісе де, ашу-ызаға жол бермеді, ізеттен аттамады. Құдайдың билікті құрметтеу жөніндегі өсиетін орындаудан танған жоқ. Сөйтіп, Ханна толық сыйын алды. Рубен болса, алар сыйынан құр қалды. Әкесінің іс-әрекетіне берген бағасы дұрыс болса да, өзінің іс-әрекеті бұрыс болды. Отбасындағы жағдайды дұрыс түсінгенімен, сол жағдайға деген жауабы дұрыс емес-ті.

## **Біреудің бұрыс әрекеті сізді дұрыс жолдан тайдырмасын**

Құдай бізге дұрыс пен бұрыстың не екенін ашып берді. Құдайдың Сөзі – мызғымас ақиқат, дәл таразы. Басқалар өздерін қалай ұстаса да, дұрыс жолдан таймауымыз керек. Мұса пайғамбардың өмірінен осыны анық көреміз.

Жақып тәрізді, Исраил халқы да, Құдайға ұнамсыз мінез танытты. Жақып әйелін шетқақпай қылса, еврейлер үздіксіз күңкілдеумен болды. Рубен тәрізді, Мұса да айналасындағы адамдардың теріс қылықтарынан зардап шекті. Халқының қыңыр мінезіне бола, Мұса да қырық жыл бойы шөл даланы кезді. Бірде халық иен далада су таппай қалды. Сонда Мұсаға қатты наразы болып былай деді:



«Ағайындарымыз Жаратқан Иенің алдында өлген кезде біздің де өліп қалғанымыз игі болар еді! Бізді — Жаратқан Иенің қауымын неге осы иен далаға бастап алып келдіңдер? Өзіміз бен малымыздың қырылуы үшін бе?! Бізді Мысыр елінен шығарып, мына қу медиенге неге алып келдіңдер? Мұнда астық шықпайды, інжір, жүзім, анар дегендерің өспейді! Тіпті ішетін су да жоқ!» Жаратқан Ие Мұсаға тіл қатып былай деді: «Әлгі таяқты қолыңа алып, ағаң һарон екеуің бүкіл қауымды жинаңдар. Олардың көз алдында мына жартасқа бұйыра сөйлеңдер! Сонда ол сендерге ішінен суын ағызады». Алайда, халықтың қит етсе, өзіне қарсы шығатын мінезінен әбден мезі болған Мұса жартастың алдына жиналған халыққа: «Уа, бағынбайтын қыңырлар, құлақ салыңдар! Сендерге осы жартастан су ағызайық па?» — деп дауыстады. Содан кейін Мұса қолын көтеріп, жартасты екі рет таяғымен соғып қалды. Сонда одан су молынан сарқырап аға жөнелді. Бүкіл жамағат та, малдары да ішіп, шөлдерін қандырды (Рулар. 20:10, 11).

Ашуға жеңдіргені үшін Мұса пайғамбар Уәде етілген жерге кіре алмай қалды.

Халық Құдайды Меріба суының маңында да  
Ызаландырып, жапа шеккізді Мұсаға,  
Олар Мұсаны кейітіп өшіктірді,  
Сонда ол қызбаланып ағат сөйледі.

– Забур. 105:32, 33

Халықтың қыңырлығы Мұсаны әбден мезі қылды. Ол Құдайдың айтқанын дәлме-дәл орындаудың орнына, ашудың жетегінде кетті. Өзімнің Киелі Кітабымда, осы аяттың тұсына былай деп жазып қойыппын: «басқалардың теріс қылықтары біздің бұрыс істерімізге сылтау бола алмайды». Бұл ақиқатты терең ұғынып, бұлжытпай орындау ешкімге де оңай соқпайды.

Рубеннің анасына деген Жақыптың суық көзқарасы – дұрыс емес. Дегенмен, бұл жағдай Рубеннің әкесіне деген құрметті аяққа таптауына себеп-сылтау бола алмайды, Рубеннің күнәсін жуып-шая

алмайды. Құдай ата-анаңды сыйла дейді. Олар бізге жақсы әкешеше бола алған-алмағанына қарамастан, іс-әрекеттері құрметке лайық болған-болмағанына қарамастан, ата-ананы сыйлау – Құдай алдындағы міндетіміз. Алдыңғы тарауда айтылған өте маңызды қағиданы есіңізге салайын: Құдайдың Сөзіне қарсы келетін нәрсені істеуден басқаның бәрінде билікке бағынуға тиіспіз. Мысалы, ата-ана баласына мұғалімді алдай сал десе, бала ізет сақтай отырып, «Әке, ана, сіздерді сыйлайтынымды білесіздер, алайда, өтірік айтпаймын. Өйткені, жалған сөйлеу – Құдай алдында күнә» деуі керек. Өкінішке орай, өмірде бұдан қайғылы жағдайлар кездеседі. Мысалы, әкесі баласына жәбір көрсетіп, зорлық-зомбылық жасайтын болса, баланың сырттан көмек іздегені жөн. Мұндай жағдайда отбасының өміріне араласып, әкеге де, балаға да көмек бере алатын адамдарға жүгіну – күнә емес.

### Екі есе сый

Осы тараудың басында келтірілген аятты тағы қайталап оқиық: «Ата-анаңды сыйла!» Бұл, Құдайдың бір уәдемен байланыстырып берген алғашқы өсиеті: «Сонда жерде игілікті де ұзақ өмір сүретін боласың» (Ефестіктерге. 6:2, 3).

Ізетті адамның сауабы – екі есе. Біріншіден, деніңіз сау, табысты боласыз, көздеген мақсатыңызға жетесіз, өміріңіз тыныштыққа, сүйіспеншілікке толы, берекелі болады. Екіншіден, өміріңіз ұзақ болады. Өз уәдесіне сай, Құдай сізді тосын бір себептерден өмірдің ерте үзілуінен сақтайды.

Осы тұста «Өмір бойы ата-анасын сыйлап өткен, соған қарамастан, ерте көз жұмған адамдарды білемін» деп ойлауыңыз мүмкін. «Құдайдың уәдесі олардың өмірінде неге жүзеге аспады?» деген сұрақ та туатын болар. Құдайдың уәделері өзінен-өзі жүзеге аспайды, оларды сенім арқылы іске қосу керек. Бұл сөзім сізге оғаш естілсе, Киелі Кітаптан мысал келтіріп, айтқанымды дәлелдейін.

Құдай Ыбырайымға ұл беретінін, сол ұлынан ұлы халық

тарайтынын уәде еткен еді. «Әйелің Сара саған ұл туып береді, оның атын Ысқақ деп қоясың. Мен Ысқақпен Келісім жасап, оны үрім-бұтағы үшін мәңгілікке бекітемін» (Жаратылыс. 17:19). Жаңа Өсиетте бұл жайында былай деп жазылған: «Құдай Ыбырайымға: «Сенің ұрпағың Ысқақтан тарайтын болады», — деді» (Римдіктерге. 9:7). Осы аяттардан ұғатынымыз – Ысқақтан көп ұрпақ тарайтыны сөзсіз.

Ысқаққа қалыңдықты кім таңдап беріп еді? Құдайдың Өзі. Ысқаққа қалыңдық іздеп Ыбырайымның туыстарына барған қызметші есіңізде ме? Сол қызметші жолға шығарда «Уа, Жаратқан Ие, қожайыным Ыбырайымның сиынатын Құдайы! Бүгін жолымды оңғарып, қожайыныма рақымыңды түсіре гөр! Міне, мен осы жерде су көзінің қасында тұрмын. Қала тұрғындарының қыздары су алуға келе жатыр. Мен араларындағы бір бойжеткенге: құмыраңызды еңкейтсеңіз екен, су ішіп алайын деп айтқанда, ол маған: ішіңіз, мен түйелеріңізді де суарып берейін десе, сонда құлың Ысқаққа Өзің бұйыртқан қалыңдық сол қыз болып шықса екен деп Сенен тілеймін. Қожайыныма жасаған рақымыңды осыдан білетін боламын», — деп мінәжат етті (Жаратылыс. 24:12-14).

Қызметші Құдайға нақты өтінішін айтты. Қызметшінің айтқан шарттары кездейсоқ бір жағдайлармен орындалуы мүмкін емес. Түйе малы орасан көп су ішеді. Құдай жүрегіне салмаса, біреудің он шақты түйесін суаруға ешкімнің де зауқы соға қоймас. Қызметші қалыңдық таңдауда қателескісі келмеді, Құдайға деген өтінішінің соншалық күрделі болуы да содан. Қызметші “Құлың Ысқаққа Өзің бұйыртқан қалыңдық сол қыз болып шықса екен» деген еді. Яғни, Рабиғаны Ысқаққа Құдайдың Өзі бұйырған.

Қызметші мінәжатын аяқтай бергенде, құдықтың басына құмырасын иығына салып, Рабиға да келді. Қызметші жылдам басып қыздың қасына келіп: «Құмыраңыздан кішкене су ішейінші» деді (Жаратылыс. 24:17). Түйе суару жайлы тіс жарған жоқ. Мінәжатта қалай сұраса, қызға дәл солай сөйлеп тұр. Рабиға қызметшіге су берді де, «Мен түйелеріңізді де шөлдері қанғанша суарып берейін» деді (Жаратылыс. 24:19). Қызметшінің Құдайдан

сұрағаны дәлме-дәл орындалды. Таңданысы мен қуанышында шек жоқ. Дұғасы Құдайдың құлағына шалынған екен. Алда шешуші кезең бар. Рабиғаның туыстары өздері алғаш көріп тұрған адамға қызын сеніп тапсырады ма? Алыстағы жат елге жібереді ме?

Қызметші Рабиғаның жақындарына жөнін айтқаннан кейін, сол үйдің ер адамдары «Бұл іс Жаратқан Иенің Өзінен шықты. Біз сізге не қарсы болып, не қостап түк айта алмаймыз» деді (Жаратылыс. 24:50). Ертеңіне туыстары Рабиғаны Ыбырайымның қызметшісіне тапсырып, алыс жолға аттандырды. Ысқақ пен Рабиға Құдайдың қалауымен отау тікті.

Ал енді, ең қызығы басталады. Ысқақ пен Рабиғаны Жаратқан Ие Өз кереметімен қосты. Алайда, Рабиға бедеу болып шықты! Бұл қалай? Ысқақтан аспандағы жұлдыздай көп ұрпақ тарайды деп уәде берген Құдай сол Ысқаққа бедеу әйел бергені ме? Неге? Мәселе мынада: Құдайдың уәделері орындалу үшін сенім керек. Әкесі ұсынған сыйлықты бала қолын созып алады, сол сияқты өзімізге уәде етілген игіліктерге сенімімізді іске қосып қол жеткіземіз. «Әйелі бала көтермегендіктен, Ысқақ ол үшін Жаратқан Иеге жалына сиынды. Оның тілегін Иеміз қабыл алып, күндердің күнінде Рабиға жүкті болды» (Жаратылыс. 25:21). Ысқақ Құдайға не деп сиынды дейсіздер ғой? «Құдайым, менен сансыз көп ұрпақ тарайды деген уәдең бар ғой. Менің ұрпағымнан барлық халыққа құтқарылу әкелетін Мәсіх шығады дедің. Әйелім құрсақ көтере алмаса, уәдең қалай орындалмақ? Рабиғаның құрсағын жарылқай гөр, Құдайым. Сенің уәделерің, бірі қалмай, орындалсын» деп мінәжат етті.

## Рухани заң

Құдай Патшалығындағы рухани заңдарды білуіміз керек. Сол заңдардың бірін қарастырайық. Киелі Жазбада “Сенің айтқан сөздерің, Жаратқан Ием, көкте тұр мәңгілікке бекітілген!” деген сөз бар (Забур. 118:89).

«Жаратқан Ием, Сенің сөздерің көк пен жерде бекітілген» деп

жазылмаған. Олай болса, Құдайдың сөзі жерде қалай бекітіледі? Киелі Кітаптан тағы да мынадай сөз оқимыз: «Әрбір ісең кем дегенде екі не үш куәгердің айтқандарымен дәлелденуі керек» (2 Қор. 13:1). Ишая пайғамбар былай дейді: «Менің аузымнан шыққан сөзім де соған ұқсайды: ол нәтиже берместен Өзіме қайта оралмайды. Керісінше, Менің сөзім еркімді толық орындап, көздеген мақсаттарымды жүзеге асырады» (Ишая 55:11).

«Сөзім нәтиже бермесе, Өзіме қайта оралмайды» дейді Құдай. Қайдан оралмайды? Біздің аузымыздан. Сөзді әуелі Құдайдың Өзі айтады. Келесі кезек – бізде. Яғни, Құдайдың аузынан шыққан сөзді біз өз аузымызбен айтуымыз керек, сонда ол сөз жерде бекітіледі! Осынау ғажап ақиқатты түсініп отырсыз ба? Жаратқан Ие Ысқақтан сансыз ұрпақ тарататынын уәде етті. Ал сол уәде жүзеге асу үшін, Ысқақ оны өз аузымен жариялап, жер бетінде және өз өмірінде бекітті.

Ата-анамызды сыйласақ, өміріміз ұзақ болады. Бұл – Құдайдың уәдесі. Құдайдың уәделерін сеніммен жарияласақ, Көктегі Әкеміздің біз туралы айтқандарын бекітеміз. Біз – Құдайдың айтқанын жерде бекітетін екінші куәгерміз. Осыны ойласам, шаттыққа кенелем! Ауру-сырқаудың бетіне тік қарап тұрып, Құдаймен арадағы келісімге негізделген құқықтарымызды, Көктегі Әкеміздің өзімізге берген уәделерін жарияласақ, дерт атаулы бағынуға міндетті. Өз үйімізде, сапарда, қай жерде болсын, Құдайдың бізді қауіп-қатерден сақтайтынын батыл мәлімдей аламыз. «Мен қорықпаймын өзіме жан-жақтан қарсы шыққан мыңдаған жауларымнан» деп жариялаймыз (Забур. 3:7). Өйткені, Құдайдың «ғұмырын ұзақ қылып риза етемін, құтқаруымды оған сыйлап беремін» деген уәдесі бар (Забур. 90:16).

Қиындыққа тап болып, тығырыққа тірелсек, «Әкем мен анама әрқашан құрмет көрсетемін. Құдайдың маған берген уәделері орындалады, менің өмірімде бәрі жақсы болады! Исаның атымен бұйырамын, бөгет атаулы құласын, жоқшылық пен күйзеліс жойылсын!» деп жариялаймыз.

Құдайдың қай уәдесін алсақ та, жүрегімізбен нық сене отырып, аузымызбен жарияласақ, уәде жүзеге аса бастайды. Молшылықта өмір сүретіндер мен тапшылық көріп жүргендердің арасында жалғыз-ақ айырмашылық бар: айтып жүрген сөздері басқа. «Мен бүгін сендерге қарсы көк пен жерді айғақ болуға шақырып отырмын: таңдап алуларың үшін өмір не өлім, жарылқау не қарғыс әкелетін жолдарды алдарыңа жайып салдым. Ендеше өмірді таңдап алсаңдар ғой!» дейді Құдай (Заңды қайталау 30:19). Міне, көрдіңіз бе, өмірді (яғни, Құдайдың жарылқауларын) өзіміз таңдап алуымыз керек екен! Өзіміз таңдау жасап, өмірдің, жарылқаудың жағына шығуымыз керек. Неге дейсіз ғой? Өйткені, жер бетін ажал жайлаған. Өмірді таңдау үшін не істеуіміз керек?

Тілде өмір мен өлімнің билігі болар,  
Сөзге үйір соның жемісін татар.

– Нақыл сөздер 18:21

Қайсысына келісетінімізді өзіміз шешеміз: Құдайдың уәделеріне ме, шайтанның жоқшылық, ауру-сырқау, өлім әкелетін қарғысына ма? Бұл ақиқат әрі терең, әрі қарапайым. Алайда, оны білмей, сүрінетіндер көп. Сол себепті Жақып пайғамбар былай деп ескертеді: «Бәріміз де көп қате жібереміз. Ал кім сөзінде қате жібермесе, сол — денесін тұтастай меңгере алатын жетілген адам. Мініс атын өз еркімізге көндіру үшін жай ғана ауыздық салып, бүкіл денесін бағындырып, бағыттаймыз... От ұшқыны қаншама майда болса да, қалың орманды өртеп жібере алады!» (Жақып. 3:2, 3).

Жалғыз ұшқыннан бүкіл орманды жоқ қылатын өрт шығады. Дәл солай, үрейлі сәтте айтылған сөз адам өміріне балта шабуы мүмкін. Алайда, Құдайдың уәделері әрқашан көз алдымызда. Жүрегімізді Құдайдың сөзіне толтырсақ, аузымыздан да тек Құдайдың сөздері шығатын болады. Жақыптың хатын әрі қарай оқысақ, елшінің адам тілін бұлақ көзіне теңейтінін көреміз. «Бір бұлақтан бір мезгілде тұщы да, ащы да судың шығуы мүмкін бе?» дейді ол. Мәселе бұлақта емес, сол бұлақ бастау алатын топырақта. Дәл солай, мәселе тілімізді емес,

жүрегімізде. «Ізгі адам жан дүниесіндегі игілікті қазынадан игілік алып шығады, ал зұлым адам арам жан дүниесінен арамдық алып шығады. Жан дүниең неге толса, ауызың соны айтар» дейді Лұқа (Лұқа. 6:45).

Ата-анасын сыйлаған адамға ұзақ та игілікті өмір уәде етілген. Осы кітапты оқып отырғаныңызда, Киелі Рух ақиқатты жүрегіңізде салуда. Бұдан былай бейберекет сөйлемей, Құдайдың Сөзін айтатын боласыз. Құдайға деген сеніміңізді басқа біреудің айтқанына негіздемеңіз. Сеніміңіз тек Құдайдың Сөзіне негізделсін. Өз басым, жасым ұзақ боларына сенемін, Жаратқанның уәдесі жүрегімде мықтап орныққан, ал уәдесінің орындалуын Құдайдың Өзі қадағалайды.

### **Құдай әйелге жұбайын құрметтеуді тапсырған**

Отбасындағы әйел адамның роліне келсек, Киелі Кітап былай дейді: “Бірақ ол сендерге де қатысты: әрқайсың әйеліңді өзіңдей сүйе тиістісің, ал әр әйел күйеуін құрметтеуге міндетті» (Ефестіктерге. 5:33). Кеңейтілген аудармада «... күйеуін қадірлеуге, пікірімен санасуға, аса құрметтеуге, басқалардан жоғары қоюға, мақтауға, қолдауға, сыйлауға, шексіз сүйе міндетті” деп жазылған.

Не деген тізім! Әйел білуге тиістің барлығын Пауыл елші мұқият тізіп шыққан. (Келесі тарауларда күйеулері әйелдеріне қалай құрмет көрсетуі керек екенін де айтамын).

Ер адам – отағасы. Мұны ойлап тапқан әлдебір шовинистер емес, Құдайдың Өзі солай ұйғарған. Күйеуімен еш санаспайтын, тізгінді өзі ғана ұстайтын әйелдің үйінде шынайы тыныштық пен береке болмайды. Күйеуін сыйлайтын сенуші әйел ізетінің сауабын алады. Жақсылығы күйеуінен қайта ма, әлде Құдай басқа бір жолдармен бере ме, әйтеуір, сыйынан құр қалмайтыны анық.

Жақында Европадағы ірі қауымдардың бірінде уағыз айттым. Уағыздан кейін бір әйел келіп, жолықты. “Джон, қауымға саған бола келіп жүрмін” деді ол.

Бұл сөзі оғаш естілді. Әйел болған мән-жайды түсіндірді. Бірнеше жыл бұрын өзі баратын қауымда жетекшілер ауысыпты. Енді күйеуі екеуі үйлерінен бірталай алыс орналасқан қауымға баратын болыпты. Олар үйлеріне жақын жерден қауым іздестіре бастайды. Әйел бірнеше қауымға барып көреді де, бір шағын қауымға тоқтайды. Алайда, күйеуі бұл шешімін қолдамайды. Ол бұл қауымға ауысудың қажеті жоғын, бұрынғы қауымда қала беруі керек екенін сезеді. Әйелі күйеуінің көңілі үшін сол қауымға бірге барып жүреді. Ал кешкі жиналысқа өзі таңдаған қауымға барады екен.

Бірте-бірте сол қауымға бауыр басып қалады, сонда қызмет ете бастайды. Бір күні қауым жетекшілері “Күйеуіңмен сөйлес, Құдайдың жетелеуіне мойынсұнып, осы қауымға келуге тиіс екенін айт” дейді. (Жетекшіліктің осындай түрінен шошынамын).

Бұл сөз әйелге қатты әсер етті. Ол күйеуіне бұрынғы қауымнан шығатынын айтты. Содан кейін бұрынғы қауымның бағушысымен кездесу уақытын белгіледі. Бағушыға басқа қауымға ауысатынын айтпақ. Кездесу белгіленген күннің алдында, жатарда менің “Жаратқан Иенің панасында” деген кітабымды қолына алып оқи бастапты. Кітап – билікке бағынудың маңызы жайында.

“Джон, – деді әлгі әйел. Сол кітабыңды таң атқанша оқыдым. Оқып отырып, Құдайға да, жұбайыма да қарсы шыққан бүлікшіл екенімді түсіндім. Өкініп, көз жасымды көл қылдым. Ертеңіне күйеуім мен бағушымының алдында тәубе еттім”.

Ол бұрынға қауымына қуана оралды. Арада бірнеше ай өтті. Бағушының әйелі оны басқа бір әйелмен таныстырды. Менің танысым мен әлгі әйел – екеуінің де көкейінде көптен жүрген бір арман бар екен, ол – белгілі бір кәсіп ашу. Екеуі бірігіп, сол кәсіпті бастапты. Бүгінгі таңда кәсіптері өркендеп, Құдай Патшалығына ірі мөлшерде қаражат бөледі екен.

Әйел сөзін жалғап, “Джон, басқа қауымға кетіп қалғанымда, күйеуіммен ажырасып тынар едім. Құдайдың өзіме дайындап қойған жарылқауынан қағылатын едім”. Күйеуіне қарсы шығуға азғырған жетекшілер тарап кетіп, әлгі шағын қауым, ақыры,



жабылып қалыпты. Күйеуіне құрмет көрсетіп, қорғаныш пен сыйға ие болған әйелдің әңгімесі осындай.

## Күйеулері Құдайды танымайтын әйелдер

“Сол сияқты сендер, әйелдер, күйеулеріңе мойынсұныңдар. Осылайша, олардың кейбіреулері Құдайдың сөзіне құлақ аспаса да, өздеріңнің айтқан сөздеріңмен емес, игілікті мінез-құлықтарыңмен оларды баурап алып, Мәсіхтің иелігіне айналдырыңдар. Олар таза да ізетті мінез-құлықтарыңды көргенде ғана бұлай болмақ».

– 1 Петір. 3:1, 2

Күйеуі құтқарылмаған әйелдер уағыз айту емес, жақсы мінез-құлығымен жұбайларын Құдайға әкеле алады. Таныстарымның арасында әйелдерінің игілікті мінезіне бола, Құдайға келген азаматтар бар.

Сондай адамдардың жарқын мысалы – Смит Виглсворт. Ол кісі – жиырмасыншы ғасырдың басында Европада өмір сүрген Құдайдың ұлы қызметкері.

Виглсворт құбыр жөндеуші болатын. Құдайға деген көзқарасы теріс, және уақыт өткен сайын қауымға деген өшпенділігі арта берді. Мәсіх, қауым, Киелі Кітап туралы тіс жарып айтуға да рұқсат бермейтін еді. Смиттің жұбайы Поли, керісінше, Құдайды шын жүрегімен сүйетін мәсіхші. Және сүйіспеншілігі мен сенімі күн санап, арта берді. Полидің сенімі артқан сайын, Смиттің өшпенділігі де ұлғая түсті. Бара-бара, әйелін мүлде көргісі келмейтін күйге жетті.

Смит әйеліне талай жәбір көрсетті. Ақыры, қауымға баруына да тыйым салатын болды. Поли Құдайдың еркіне қарама-қайшы келетін бұл талапқа бағынбады.

Жексенбі сайын Поли кешкі асты дайындап қойып, қауымға асығатын. Бірде ол қауымнан әдеттегіден кеш қайтты. Поли үйге кіргенде, Смит ашуға мініп, «Үй иесі – мен, менің айтқаным болу

## 112 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

керек. Ойыңа келген уақытта келіп-кетіп жүретін болсаң, маған керегің жоқ!» деді.

Поли сабыр сақтап, «Рас, сен – күйеуімісің. Мәсіх болса, өмірімнің Иесі» деді.

Смит ашуға булығып, есікті ашты да, әйелін сыртқа итеріп шығарып жіберді, есікті ішінен құлыптап жауып алды.

Поли Құдайға адал болып қала берді, күйеуін сыйлаудан еш танған жоқ. Осынау кішіпейілділігі Смитке орасан зор ықпал етті. Кейін ол өмірін Құдайға біржола арнады да, Иса Мәсіхке толық мойынсұнды. Смиттің Құдайға деген адалдығы мен Құдай алдындағы ерен еңбегін сенушілердің бәрі біледі. Смит Вигсворттың қызметі арқылы сансыз көп адам құтқарылды, көптеген адам шипа алды, тіпті өлімнен қайта тірілгендер де болды.

Мәсіхтің төрелік тағының алдына барғанда, Полидің алған сыйы зор болды. Өйткені, Смиттің қызметінің арқасында жүздеген мың адамның өмірі өзгерді. Полидің сыйы – күйеуінің өміріндегі ғажап өзгеріс қана емес, ол мәңгі марапатқа да ие болды.

Енді түсініп отырған боларсыз? Құрметке лайық адамдарды сыйлағанымыз олар үшін емес, ең әуелі өзіміз үшін керек. Құдайдың құрметте деген адамдарын құрметтемесек, көп нәрседен өзіміз құр қаламыз.



# MessengerX

*Күн сайынғы шәкіртілігіңізге арналған қосымша*

## Толықтай тегін!

Мобильді құрылғыңызға жүктеп алыңыз да, пайдалана беріңіз! Немесе сайттағы веб-нұсқаны қолданыңыз:



**MessengerX.com**



## 115+ тілде және мұнымен шектелмейміз



115-тен астам тілдегі материалдарды көріп, жүктеп алыңыз.



Материалдарды достарыңызбен бөлісіңіз немесе оқу тобын бастаңыз.



Жаңа материалдарды үнемі қосып отырамыз.

## Көріңіз. Оқыңыз. Тыңдаңыз.

Ресурстардың кең көлемді кітапханасына курстар, электронды кітаптар, аудиокітаптар, қысқа метражды фильмдер енді, қалағаныңызды тыңдауыңызға, оқыңызға немесе көруіңізге болады.




## Ең маңызды салаларда ілгерілеу

Отбасы, салауатты қарым-қатынас, өмірлік мақсатыңыз, порнографиядан азаттық, сенімді жетілдіру, Құдайдың даусын есту, кәсіптегі көсбасшылық және тағы басқа тақырыптарды терең зерттеңіз!

## Өсіп-жетілу жолы


**MessengerX** -тің мақсаты – өмір жолындағы келесі қадамыңызды жасауыңызға көмектесу. Біз сізге шәкіртшіліктің сара жолын ұсынамыз. Осы жолда адаспауыңыз үшін керек құралдарды дайындап қойдық.



## Қосымшаның тамаша функциялары көңіліңізден шығары сөзсіз!

- Осы материалдарды басқалармен бөлісуге және оқу топтарын ұйымдастыруға көмектесетін қолайлы құралдар.
- Chromecast пен AirPlay-ды пайдаланып, бейнежазбаларды смарт теледидарыңыздан көре аласыз.
- Ілгерілеуіңізді барлық құрылғыңызда сақтай аласыз. Өзіңіз ұнатқан материалдарды кітапханаңызға сақтап қойып, кез келген уақытта жылдам таба аласыз.
- Материалдарды құрылғыңызға жүктеп алып, офлайн көре аласыз.
- Қолайлы іздеу мен фильтрді пайдаланып, керегіңізді жылдам таба аласыз.
- Аудиокітаптардың, Киелі Кітаптың тарауларын, мадақтау әндерін автоматты түрде өз ретімен тыңдай аласыз!

# MessengerX - 1-2-3 тәрізді оп-оңай!





- 1** MessengerX қосымшасын Apple Store немесе Google Play-ден жүктеп алыңыз
- 2** Қосымшаға тіркеліп, материалдарды өз тіліңізде көріңіз
- 3** Өзіңіз ұнатқан материалдарды көріңіз, оқыңыз, тыңдаңыз, жүктеп алыңыз әрі басқалармен бөлісіңіз

Өзіңіз шәкірт болыңыз, басқаларды шәкірт етіңіз

**MessengerX** ұжымына қосылып, өзге тілдерге аударылған ресурстарды әлемнің әр түкпіріндегі адамдарға жеткізуге атсалыса аласыз.

**Өйткені әрбір адам білім алуға лайық!**



**MessengerX.com**

## 10-шы ТАРАУ

# Қауымдағы жетекшілерге ізет көрсету

**А**лдыңғы тарауларда айтқанымдай, Құдайдың Патшалығы – нағыз Патшалық екенін естен шығармайық. Сондықтан, қауымда әрдайым анық тәртіп пен басшылық ететін қызметкерлер болады. Қауымдағы жетекшіге құрмет көрсетсек – Исаны ізет тұтқанымыз, Исаны ізет тұтсақ, Құдай Әкені дәріптегеніміз (Матай 10:40, 41 қараңыз). Жетекшіге қалай қарағанымыз, онымен қалай сөйлескеніміз, тіпті ол жайлы не ойлағанымыз – осының барлығы жетекшіні тағайындаған Құдайға деген көзқарасымызды айқын қылады.

«Мені сыйлағандарды Мен де сыйлаймын, ал Мені менсінбегендер масқара болады» дейді Құдай (Патшалықтар туралы бірінші жазба 2:30). Құдайды сыйлағанымыз, не менсінбегеніміз қауымдағы жетекшілерге көзқарасымыздан білінеді. Қауымдағы билікті құрметтемейтін адам Құдайды дәріптеймін дей алмайды.

### **«Адамды емес, Құдайды қастерлеймін»**

Осы сөздің шынайы мағынасын көрсететін бір жайтты айтып берейін. Қызметтің бірінде мен ерекше адамды кездестірдім. Сол күні мен өкпе-реніштен азат болудың маңызы жайлы уағыздап, жиналғандарды бірге мінәжат етуге шақырдым. Тыңдармандардың көбісі сахнаға қарай жылжыды. Алға шыққандардың арасында бір жас жігіт болды. Оның көп қиындық кешіргенін мен бірден сездім. Жігітті бірге мінәжат етейік деп

сахнаға шақырдым. Одан қалмай тағы бір адам көтеріліп, жанымызға тұрды. Ұзын шашын жинап қойған, джинс шалбары, қысқа жең жейде және қара былғары кеудеше киген, қолына қаптатып тату суреттерін салған адам. Жабайы аңдай жан-жағына алақ-жұлақ қарайды. Қазір есі ауысқан адамдай бүлік шығаратын сияқты. Жас жігіттің қорыққандай қатып тұрып қалғанын кезім шалып қалды. Әлгі адамға бұрылып, сахнадан түсуін сыпайы сұрадым.

Ол маған қарап, «Жоқ!» деп айқай салды.

Сонша ызаланған жауап күтпеген мен бір сәтке не істерімді білмей сасып қалдым. Сосын лезде ойымды жиып «Сіз сахнадан түспегенше мен қызметті жалғастырмаймын» деп ескерттім.

Ол тағы да «Жоқ!» деді.

Аздап қобалжи бастаған кезім. Ұйымдастырушылар көмекке неге келмей жатыр, бұл адамды сахнадан неге алып кетпейді деп жай таппай тұрмын. Олардың да қорқып қалғанын мен сосын білдім. Алдымда тұрған адам еш билікті мойындамайтынын түсіне бастадым. Дегенмен, мен сезімге берілмей, тізгінді мықтап ұстап, Құдайға сенім артуыма тура келді. Жағдай өзгермей, жас жігітке еш көмектесе алмайтынымды біліп, мен табан тіресіп тағы да «Сахнадан түсуіңізді бұйырамын» дедім.

Ол қайтадан «Жоқ!» деп сіресіп тұрып алды. Сосын күтпеген жерден: «Мен адамды емес, Құдайды ғана қастерлеймін!» деп хабарлады.

Бірақ ол Құдайды қастерлемейді. Ол адам Құдайдың бейнесін өзі ойлап тауып, сол бейнеден ғана қорқып жүр. Ол бейненің аспан мен жерді жаратқан Құдіретті Құдайға қатысы жоқ. Құдайды қастерлесе, ол маған, Құдайдың қызметшісіне құрмет көрсетіп, айтқанымды орындайтын еді.

Мен де дегенімнен қайтпай, Киелі Рухтың көмегін сұрадым. Сосын біреудің айтқанын анық естігендей, бұл адам – жас жігіттің әкесі екенін түсіндім. Ол адам үшін мінәжат етуім керектігін де түсіндім. Ол ойымды растап, жігіттің әкесі екенін айтты. Мен «Ұлыңыз Құдайдан көмек алсын десеңіз, сахнадан түскеніңіз жөн. Құдай ұлыңызға жүрегіне шипа беруге дайын. Соған бөгет болмаңыз».

Айтқаныма көнген сияқты, маған қадала қарап сахнадан түсті. Әкесі кеткеннен кейін ұлы еркін сезініп, менімен бірге мінәжат етті. Құдайдың құдіреті жанын сауықтыра бастаған екен, жігіт елжіреп кетті де, жылап жіберді.

Қызметтен кейі мен жігіттің әкесімен кеңсемде кездестім. Ол қаладағы байкер тобының мүшесі болып шықты. Жүрегі тастай қатып қалған адам сияқты, ол менің сөзімді еш елеген жоқ. Мен де дегенімнен қайтпай,



жылы-жұмсақ сөйлеп, оны сендіргім келді. Сабыр сақтап сөйлесек те, ол менімен төбелесе кетуге дайын екенін сездім. «Құдайды қастерлеп, оның қызметшілерін сыйламау мүмкін емес» дедім мен. Құдайды қастерлеу дегеніміз – Оның тағайындаған билігін сыйлау. Ол кісі сахнадан түсуден бас тартқанда, неге қателескендігін айттым.

Бір кезде ол жүзін жылытып, бері қарағандай болды. Бірақ мен де осында тоқтап қалмай, Құдайдың Сөзін нық айтуды жалғастырдым. Ақырында, ол істегеніне өкініп, жылап жіберді. Жас кезінде бұл кісінің әкесі жүрегін терең жаралапты. Соның кесірінен оның өмірге, айналасындағы адамдарға, Құдайға және билікке деген көзқарасы дұрыс қалыптаспаған. Бұл кісі әкесін кешіре алмағандықтан, өзінің баласын да тура солай ренжіткен. Сөзімді аяқтамай тұрып, ол балаша еңіреп жылап жіберді.

Қатесін түсінген сәтте ол өз бағушысы және мені жетекшілердей көріп, бізден кешірім сұрады. Сонда ғана ол Құдайдың мол сыйларын қабылдай алды. Бір қызығы, менімен сөйлескеннен кейін бұл кісі мені бір керемет ерлік жасаған батырдай көретін болды. Басында мені қатты жақтырмай қалған адам кейіннен жылыұшырап, ерекше құрмет көрсетті.

## **Жасырын сыйламаушылық**

Жоғарыдағы мысал, әрине, қалыптан тыс жағдай. Дегенмен, ондай мінезді сенушілердің арасында өте жиі кездестіруге болады. Бұл адамның сыйламаушылығы ап-айқын еді. Ол ештеңені жасырмай, көзқарасын ашық білдіргеннен, онымен сөйлесу да оңай болды. Осындай ашық қатынас көбісінде жоқ. Олар керісінше өздерінің шын ойын жасырып, сөз жүзінде құрмет көрсетсе де, іс жүзінде адамды сыйламайды. Тағы, әдепсіз мінездерін басқалар біліп қоймасын деп, олар құрметті сырттай ғана көрсетіп, іштей адамды менсінбей, кекетіп тұрады. Осылайша сырт келбеттерін басқалар құптайтындай түрге жақсылап келтіретін адамдар көп.

Олар жетекшілерді мақтап, көпшіліктің алдында оларға құрмет көрсетсе, жүректері Құдайдың қызметшілерін шынымен де қадірлеуден алшақ. Ондайлардың шын ниеті ақшалай көмек көрсететін кезде, өмірде үлкен өзгерістер болғанда, жетекшілердің өтініштерін орындайтын кезде білініп қалады. Бағушы ерекше мадақтау кешіне шақырғанда, қауымның оннан бір бөлігі ғана келеді. Немесе, далада Ізгі Хабар айтуға шақырғанда, бестен бірі ғана келеді. Мен көптеген қауымдарға уағыз айтуға барамын. Сонда екі, үш, төрт жексенбі бойы жиналыс өткіземін. О кезде бірнеше

мың адам келеді. Әр жиналыста адам отыратын жер жетпей, зал толып кетеді. Алайда, бағушы дүйсенбі күні кешкі мінәжатқа шақырса, екі жүздей адам ғана жиналады. Ол неден? Бағушыны сыйламаудан.

«Джон, тым асыра сөйлеп жатырсың» деп ойлап отырған шығарсыз. Тағы бір мысал келтірейін, сонда менімен келісетін боласыз. Жексенбі күні бағушы қауымға «Осы айда дүйсенбі сайын мінәжат кештеріне жиналайық. Келесі төрт апта бойы осында сағат жетіде келіңіздер» деп хабарлады дейік. Жиналғандардың кем дегенде 80 пайызы мұны құлақтарына ілмейді. Жиналыс уақыты футбол матчтарына сәйкес келсе, одан да аз адам келеді.

Өлгі хабарламаға бағушы «Қалмай, төрт жиналыстық бәріне қатысқан адамға 500 доллар беремін» деп қосты дейік. Бәрі келеді ме? Онда залға адам сыймайтын шығар. Бәрі кешікпей, жиналысқа алдын-ала ерте келеді.

Ал, жауабыңыз қандай? Өз-өзіңізді алдамай, шын ойыңызды айтыңыз. Құдай жүрегіңізде не барын анық көрсетсін. Өзіңізге екі қарапайым сұрақ қойыңыз. Біріншіден, ақша жайлы естімесеніз, ол жиналыстарға барушы ма едіңіз? Екіншіден, жарты миллион доллар ұсынса, барар ма едіңіз? Жаңа үй, жаңа көлік алып, ақшаңыз басқа керектеріңізге де молынан жетеді.

Бірінші сұраққа «жоқ», екінші сұраққа «иә» деп жауап берсеңіз, бағушыға деген құрметіңіз түкке тұрмайтыны анық. Құрметтеу дегеніміз – қадірін білу, айтқанын істеу екенін ұмытпаңыз.

Құдай былай дейді: «Жетекшілеріңе мойынсұнып, айтқандарын тыңдаңдар. Олар ұдайы рухани өмірлеріңнің қамын жеп, сол қызметтері туралы Мәсіх алдында есеп беруге тиісті. Мұны қинала емес, қуана атқарулары үшін оларға мойынсұныңдар. Олай етпесеңдер, өздерің зиян көресіңдер» (Еврейлерге. 13:17). Бұл Құдайдың халқына берген ескертпесі. Біз қауымдағы жетекшілерімізді сыйлауымыз керек. Ақша төлесе ғана айтқанын істеуіміз қалай? Бағушы Иса Мәсіхтің тағайындаған адамы ретінде айтса, сөзін елемегеніміз қалай? Онда біздің қожайынымыз кім? Иса тек біреуіне – не Құдайға, не байлыққа қызмет ету мүмкін дейді (Матай. 6:24).

Өзімізге қиын сұрақ қояйық. Сіз жиналысқа кешікпей, уақытында келесіз бе? Бағушы әлденеге қаржылай көмек жинауға шақырса, іштей қарсыласасыз ба? Жетекшілер балалар қызметіне, ұйымдастырушылар қызметіне, Ізгі Хабар тарату қызметіне көмек керек деп шақырса, олардың сөздеріне көңіл аударасыз ба? Мінәжат жиналыстарына келмеу үшін сылтау іздейсіз бе? Ал енді осы сұрақтарды бес жүз мың доллар ұсынып қайталасам, жауабыңыз қандай болады? Өзгерді ме?

Өзгерсе, Құдайдың тағайындаған қызметшісінен гөрі сіз ақшаны көбірек бағалайды екенсіз. Исаның мына сөзін еске алыңыз: «Кім сендерді қабылдаса, соның Мені қабылдағаны. Ал кім Мені қабылдаса, оның Мені Жібергенді де қабылдағаны» (Матай. 10:40).

Көптеген адамның өмірі неге өзгермейтіні енді анық. «Жаратқанның үйінде ол тамыр жаяды, Құдайымыздың ауласында құлпырады» (Забур. 91:14). Жергілікті қауымға тамыр жайған болсаңыз, қазіргі өміріңіз де құлпырады, Исаның алдындағы сотта да мүдірмей нық тұрасыз. Дәуіт «Жаратқанның үйіне барып тұратындар» деп жазған жоқ. Қауымға барып тұру онда тамыр жаюмен бірдей емес. Тамыр жаю – өміріңізді Құдайға арнап қызмет ететін орында болу. Сонда ондық беріп, қызмет етіп, жетекшілерге бағыну. Ағаш тіршілігіне қажеттің бәрін құнарлы топырақтан алады. Тұра солай біз де, жергілікті қауымымызға тамыр жайып, оны қадірлей білуіміз керек.

Қауымға барып қайтатын ғана адамдардың өмірінде де жетістік, өркендеу, бақыт пайда болатын шығар. Бірақ ол тез ғайып болатын уақытша ғана дүние. Біз кездейсоқ жарылқауды іздеудің орнына тұрақты, ұзаққа жететін игілікті қууымыз керек. Заман аяғындағы сотта салмақ беретін нәрселер әсіресе маңызды, себебі онда жасырын және айқынның барлығы ашылатын болады.

Қауымда тамыр жайған сенуші болсаңыз, жетекшілердің айтқанын дұрыс бағалайсыз. Олардың сөздерін жеңіл-желпі ғана қабылдамай, Құдайға деген құрметіңізді оларға да жаясыз. Құдайдың тағайындаған жетекшілеріне құрмет көрсету арқылы сіз Оның дайындаған сыйына ие бола аласыз.

## Айрықша құрмет

Киелі Кітап бізге былай дейді:

«Қымбатты бауырластар, сендерден сұрайтынымыз мынау: Иеміздің ізгі ісінде өздеріңе жетекшілік еткендерді сыйлаңдар. Олар араларыңда еңбек етіп, сендерге дұрыс жолды сілтеп жүр. Оларды айрықша құрметтеп, еңбектері үшін жақсы көріңдер. Өзара бейбіт, тату болыңдар!».

– 1 Салониқа. 5:12, 13

Мен жиырма бес жылдан астам қызмет етіп келемін. Оның жеті жылын жергілікті қауымдарда, ал қалған уақытты дүниежүзін аралап, басқа

қауымдарда уағыздаумен өткіздім. Сонда бір байқағаным, Киелі Рухқа толған, тыныштық, бақыт тапқан, өмірлері берекелі жандар қауымдағы жетекшілерін жоғары бағалап, оларға барынша құрмет көрсетеді.

Қызметке толықтай берілген адамдарды да, қызметпен шаруасы жоқ адамдарды да мен көп кездестірдім. Өздерін бағушымен тең санайтын адамдарды да көрдім. Олар өздерін жетекшілерден жоғары ұстайды. Олар өз жұмысын бас қызметкерлердің жұмысынан да маңызды болмаса, одан кем емес санайды. Бағушыдан гөрі қауымға өздері басшылық еткісі келеді. Жиналыстарды да жетекшілерден артық өткізе алады деп ойлайды. «Құдай маған Өзі жоғары мансап береді» деп, олар ыңғайын күтіп, бағушыны ығыстыруды көздейді.

Қауым жиналысына немқұрайлы қарайтын адамдар да бар. Олар апта бойы жұмыстарына барып жүреді де, тәртібі сондай болғаннан ғана жексенбі күні жиналысқа келеді. Алдыңғы типтен айырмашылығы – бағушының орнында өздері емес, басқа кез-келген адам бола алады деп санайды. Өздері діни емес, дүнияуи салада жұмыс істейтін болғандықтан, бағушы лауазымын көздемейді. Интеллектуалды, зияткерлік білім жағынан олар бағушыны өздерінен кем санайды. Бағушы қауымда дәл осы себептен отырып қалды деп ойлайды.

Қалай болса да, әдетте, ондай адамдар мол жетістікке жетпейді, өздерінің мүмкіндіктерін толықтай іске асыра алмайды. Бәлкім, кәсіппен немесе қызметпен жақсы айналысатын шығар, бірақ олар қауымға тамыр жаймайды, әрі бағушыны Құдайдың берген игілігі деп бағаламайды. Көбінесе олар некеде, бала тәрбиелеуде, денсаулықта, қаржы саласында және тағы басқа мәселелерде қиындық көреді.

## **Жан қылын шертер әңгіме**

Қазір сыйламаушылықтың соңы аянышты болатынын көрсететін бірнеше оқиғаны айтып бермекпін. Менің бір досым бар. Ол – үлкен қауымның бағушысы. Оның қауымында мен он жыл бойы жиі қызмет өткізіп тұрамын. Осы досыммен танысқаныма жиырма жыл болып қалған шығар. Қауымы оны қатты сыйлайды, әрі ұлттық және халықаралық ықпалы бар адамдар да құрметтейді.

Бірнеше жыл бұрын ол бір жас жігітке Құдайдың бағытын түсінуге көмектескен. Ол жігіт, аты Билл болсын, Құдайдың Сөзіндегі ақиқаттарды мойындамайтын кішігірім діни ұйымда өскен адам еді. Әлгі досым, аты

Рэнди болсын, оған Киелі Рухтың жетелеуімен жүруді үйретіп, мол өнім әкелген мықты қызмет бастап кетуіне көмектесті.

Шамалы уақыт өткенде, Киелі Рухқа кенеліп, Оның дарындарымен қызмет еткені үшін әлгі діни ұйым Биллді араларынан қуып жіберіп, заттарының бәрін далаға лақтырып тастайды. Билл баспанасыз қалады. Рэнди бағушы көмекшілерімен келіп, Биллдің заттарын жинасып, пәтер жалдап береді.

Біраздан кейін Билл басқа қаладағы үлкен қауымның бағушысы болады. Алдымен бірен-саран адам жиналса да, Құдайдың берген дарынының арқасында қауым қарқынды өсіп кетті. Бір-екі жылдан кейін Билл кинотеатр ғимаратын сатып алып, тар болып бара жатқан залды тастап, жаңартылған, кең жерге көшеді. Жаңа ғимаратты қызметке арнау рәсіміне ол Рэнди бағушыны шақырады. Керемет тамаша кездесу болды. Ең басында баға жетпес қолдау берген тәжірибелі қызметкер мен өзінің жемісті қызметін бастағалы тұрған жас шәкіртін көру – кімнің болса да көңілін тербеп жіберетін көрініс.

Қауым екпінді дамып бара жатқан кезде, Билл, өкінішке орай ішімдікке салынды. Әрине, бұл қызметке қатты бөгет болды. Ақырында, Биллдің ішімдікке құмарлығы басым болып, мәселе қауымдағы бас қызметкерлерге мәлім болды.

Кейде Билл Рэнди бағушыға қоңырау шалып, себебін білдіртпей, қызметті тастағысы келетінін айтатын. Рэнди бағушы оны жігерлендіріп, рухын көтеріп отырды. Бас қызметкерлердің бірі Рэнди бағушыға Биллдің ішімдікке құмарлығы туралы айтпаса, мұның соңы не болатыны белгісіз. Рэнди дереу ұшаққа отырып, Биллдің қауымына көмек беруге келеді. Өкінішке орай, бас қызметкерлер Биллдің жағдайын білсе де, қауымда жетекшілік етуін жалғастырсын деді.

Рэнди олардың сөзін естігенде былай жауап қайтарды: «Биллге уағыз айтуға рұқсат берсеңіздер, мен ертең осы мәселені жұрттың алдына шығарамын. Биллдің отбасында шаруаңыз жоқ екен. Сіз тек өзіңізді және қауымды ойлап отырсыз. Биллдің қызметтен шыққанына көнсеңіз, мен қауымның қайтадан есін жинап, жұмысын түзетіп әкетуіне көмектесемін».

Сол күні Рэнди Билл мен оның отбасын сақтап қалып, қауымға жақынырақ қылып үй жалдап береді. Биллді жақсы жұмысқа тұрғызды. Біраз уақыттан кейін Билл Рэнди бағушының қоластындағы қызметке қайтып келеді.

Кейіннен Рэнди Биллді өзінің көмекшісі ретінде тағайындап, қызметтік

дәрежесін көтереді. Бағушының оң қолы болып, Билл Құдайға беріле қызмет етті. Сол кезде кітап-журналдарда Биллдің маскүнемдіктен азат болғаны жайлы әңгіме бірнеше рет басылып шықты. Күәлігінің арқасында Билл күннен күнге жалпыға танымал бола берді. Біраздан соң басқа қызмет «бізге тәлімгер болыңыз» деп Биллге ұсыныс жасады. Оған келіссе, Билл кейіннен әлемді аралап уағыз айтатын қызметкер бола алатын. Рэнди бағушы Биллдің ондай өзгеріске әлі дайын емес екенін сезіп, ұсыныстан бас тартуға кеңес берді. Бұл сөзді Билл өз өміріне деген шектен шығатын араласу деп санап, Рэндидің кеңесін елемей ұсынысты қабылдап, кетіп қалады.

Уақыт өте мен Билл және басқа екі бағушымен кездесіп, бірге ас іштім. Кездесу барысында Билл Рэнди бағушыға көп наразылық білдірді. Бағушы ретінде, бастығы ретінде Рэндиге сын айтты. Биллдің айтуы бойынша, Рэнди кеңседегі әріптестеріне өте қатал талап қойып, Биллдің басқа қызметке кетіп қаламын деген ниетіне көп қарсыласты. Сонда жүрегімде пайда болған мазасыз сезім әлі есімде. Биллдің өкпе сақтап қалғанын түсіндім. Сонша қамқорлық көрсеткен Рэнди бағушыны мінеп отырғаны содан.

Мен досымды барынша жақтағанмен, босқа тырысқанымды түсініп отырдым. Рэнди жоқта оны сырттан өсектегендей сөз қылып отырғанымыз дұрыс емес екенін де білемін. Оның да айтары бар, онсыз мәселені әңгімелеудің пайдасы жоқ. Сондықтан сөзді аяқтай қойдым да, Рэнди – Биллдің «рухани әкесіндей» тұлға екенін есіне салдым. Оның өзі екіталай, бірақ Рэнди бағушының қателескен кездері болса да, оны сырттан жамандап, кемшілігін жайып салу дұрыс емес дедім. Іс жүзінде, әрине, жаңылысып отырған Биллдің өзі, осыны да шама келгенше түсіндіруге тырыстым. Киелі Кітаптан жоғарыда айтып кеткен бірнеше әңгімені де келтірдім. Бері қарайтын түрі жоқ, Билл қоймай бағушысының атына кір келтіре берді.

Бірнеше ай өткенде Рэнди бағушы маған қоңырау шалды. Оның қайғылы даусы әлі есімде. Біреу қайтыс болғандай мұңайған. Билл кітап жазып шығарған екен, оның бір тарауын қауымдағы бас қызметкерлерді қалай тексеру керек, сол тақырыпқа арнапты. «Джон, Биллдің кітабынан төрт бетті оқып бергім келеді» деді досым. Билл Рэнди бағушыны, оның қауымын, жетекшілерін балағаттап, масқара жағымсыз заттар жазды. Ешкімнің атын атамаса да, оның кім жайлы айтып тұрғаны бәріне белгілі. Билл тек Рэнди бағушының көмекшісі болды, оны барлығы біледі. Биллдің сөзіне сенсек, Рэнди бағушы – қауымдағы әр адамның өмірін басқарып отырған жексұрын қанаушы (он жылдың ішінде қауымның жетекшілік

құрамы аса өзгерген жоқ, себебі әріптестері мен көмекшілерінің бәрі Рэнди бағушыны жақсы көріп, шын жүректен сыйлайтын).

Төрт бетті оқып шығып, ол былай деді: «Джон, мен бұл соққыға шыдай аламын. Мыңдаған қауым мүшелері ше? Олар кітапты оқиды ғой, көбісі Билл мұнда бағушы болғандықтан оқиды. Оларға бұл кітап жыланның уындай. Бұдан кейін олар қауымда Құдайдың Сөзін естіп қалай нәрленеді?»

Мен естігеніме сенер-сенбесімді білмей қалдым. Биллдің көмектесер адамы болмағанда, Рэнди қол созды. Ол Биллдің жағдайын жасап, барынша жәрдем берді. Биллдің мұнысы не? Бұл егілген тұқымдай әлі өнім береді Ондай сыйламаушылықтың соңы ырысты болмас. Билл тәубе етпесе, өмірінің астаң-кестеңі шығады.

Бірнеше жылдан кейін Билл қайтадан қауым бағушысы болды. Қауым тағы да Құдайдың берген дарынының арқасында өсіп отырды (біз Құдайдан алшақтасақ та, Оның берген дарыны жұмыс жасай береді). Дегенмен, өнім әлі алда еді. Билл бұрынғы әдетіне оралып, ішімдікке салынды. Бірақ бұл жолы басқа отбасы да зардап шеккеннен жағдай шиеленісіп кетті. Оның салдары қауымға да, бағушының тұрған аумағына да тарап кетті. Қауым мүшелерінің де көңілдері қалып, көбісі ренжіп кетіп қалды. Қазір Билл қызмет етпейді.

Ол өзінің «рухани әкесіне» тиісті құрмет көрсетсе, қайтадан сүрініп, күнәға батпас еді. Өз қызметін әрі қарай дамытып, Құдайды дәріптейтін еді. Дегенмен, дәрежесі өзінен жоғары адамды сыйламаған ол осындай қайғылы оқиғаға тап болды. Ол жайтқа жол бермеуге болар ма еді? Әрине. Бірақ, соңы осы болды. Бұл жайт Биллдің өзіне де, көптеген басқа адамдардың өміріне де әсер етті. Оқырмандарым бұл әңгімені естіп, мұндағы жайттарға жол бермейді деп үміттенемін.

Биллдің дарыны – Құдайдың Сөзін үйрету еді. Ол жұртты аузына қаратып, Киелі Кітапты керемет шеберлікпен түсіндіретін. Құдайдың оған беретін біліміне өзім де тамсанатынмын. Биллмен бірге қызмет еткен адамдардан оның тәлімінде ерекше күш болғанын көп естідім. Обал-ай. Қарапайым сыйластықтың жоқтығына бола осынау керемет дарынның жоғалуы өкінішті. Билл ізет жайлы ұмытпаса, оның өмірі де, басқаларға тигізген ықпалы да өзгеше болар еді.

Пауыл елші былай жазады: «Мәсіхпен жүрген тіпті он мың ұстаздарың болса да, «рухани әкелерің» көп емес» (1 Қорынт. 4:15). «Рухани әкелерімізді»

сыйламасақ, жаза тартатынымызды Құдай ескертті. Жүрегімізде шынайы құрмет пен ізет көрсету, реніш пен өкпеден алшақ болу қалыптасса, көптеген қайғылы оқиғалардың алдын алуға болады деп сенемін.

### Екі-үш куәгер

Мені қызметке баулыған адамның өзі сегіз мыңдық қауымнан айырылып қалды. Жастау келіншек алу үшін бағушының әйелімен ажырасып кетуі осынау үлкен қауымның тарап кетуіне себеп болды. Ол барша жиналысқа ажырасу туралы шешімін хабарлап, келіспейтіндер басқа қауымға кете берсін деді. Әрине, қауымға ол ауыр тиді. Өкінішке орай, көптеген ер адамдар бағушының үлгісіне еріп, әйелдерімен ажырасып кетті.

Сол қауымда менімен бірге жұмыс істеген қызметкерлер бағушыға қарсы сөз айта бастады. Басында мен де оларға қосылып, ашуымды төктім. «Ол қылық қалай ғана ойына келді?!» деп мен де наразы болдым. Жүрегімдегі оған деген құрмет тез-ақ ғайып болды. Осы жайттан бес жыл бұрын ол қауымнан мен кетіп қалған едім. Бағушы Лиза екеуімізге басқа штатта қызмет ету үшін бата берген-ді. Менің кетіп қалғанымға біраз болса да, жаным тітіркеніп, қатты ыза болдым.

Сосын, екі аптаның ішінде бұрынғы бағушым жайлы мен төрт рет түс көрдім. Әдетте, көрген түстерім есімде қалмайды. Бірақ осы жолы төртінші реттен кейін «Құдайым, мұның мағынасы не? Маған де дегің келеді?» деп мінәжат еттім.

Сол сәтте «Менің қызметкерімді айыптағаныңды қой!» деп Құдай қатал тиым салды.

Маған «рухани әке» болған бұрынғы бағушымды мінеуге менің еш хақым жоқ-тын. Қатемді түсінгенде, бірден тәубеге келдім де, бағушыдан кешірім сұрап хат жаздым.

Әйелімен ажырасқаннан кейін, екі айдың ішінде ол жас ақсары қызға үйленді. Қауым мүшелерінің саны тез арада сегіз мыңнан төрт жүзге дейін азайды. Қауымды сақтап қалуға тырысса да, кеш болды. Бағушы ашық күнә жасап, тәубе етпесе, қауымнан кету керек пе? Иә, әрине. Пауыл елші былай дейді:

«Өткендегі хатымда сендерге «Азғындармен араласпаңдар!» деп жазған болатынмын. Онда мен осы дүниелік азғын, дүниеқоңыз, қарақшы немесе жалған тәңірлерге құлшылық



етуші адамдарды ойлаған жоқпын. Әйтпесе бұ дүниеден түгелдей безіп кетуге тиіс болар едіңдер ғой. Алайда өзін сенімдегі бауырласпын деп атағанмен, азғын, дүниеқоңыз, жалған тәңірлерге құлшылық етуші, өсекші, маскүнем немесе алаяқ болып жүрген ешкіммен де араласпауларың керек. Мұндайлармен тіпті дастарқандас та болмаңдар».

– 1 Қорынт. 5:9-11

Пауыл күнәсынан айырылғысы келмейтін «сенушілермен» араласпаңдар деп тіке айтады. Осы жағдайда, жас қызға үйлену үшін бағушының әйелімен ажырасып кетуі — азғандық, күнә. Иса да былай анық айтады: «Сендерге айтамын: кім жеңіл жүріске түспеген әйелімен ажырасып, басқаны алса, сол неке адалдығын бұзады (күйеуімен ажырасқан әйелге үйленген де неке адалдығын бұзады)» (Матай. 19:9).

Сонымен, күнәдан бас тартқысы келмейтін «сенушілермен» бірге отырып ас ішуге тыйым салынса, олардың ықпалында болу тіпті мүмкін емес. Қызметтің жетекшісі күнәдан арылмаса, біз одан ешқандай рухани нәр ала алмаймыз. Ол тәубе еткенде ғана, басқа адамдарға қызмет ете алады.

«Джон, қызметкерді сыйлау ше? Олай істесек, оны айыптамаймыз ба?» деп ойлап отырған шығарсыз. Жоқ, мұнда біз адамның өзін емес, қызметінің жемісін айыптап отырмыз. Біз адамның әкелген жемісіне, яғни істерінің нәтижесіне дұрыс баға беруіміз керек. Ал жүректен шыққан ниет тек Құдайға белгілі, оған үкім шығару біздің жұмысымыз емес. Пауыл елші былай дейді: «Қауымнан сырт адамдарды соттау біздің шаруамыз ба? Неге ішіндегілердің күнәларын тергемейсіңдер?».

– 1 Қорынт. 5:12

Егжей-тегжейін білмей, мен бағушымның ниетін айыптадым, Құдайдың маған ескерту салғаны содан. Адамның әлденені не себептен жасағаны тек Құдайға белгілі, және тек Құдай оны әділ соттай алады. Пауыл хаттарының бірінде былай дейді: «Сондықтан уақыты келместен бұрын айыптауға асықпай, Иеміздің қайта оралуын күтіңдер! Ол әзірше қараңғыға жасырылғанды әшкерелеп, жүрегіміздің ой-ниеттерін ашып көрсетеді. Сол кезде Құдай әрқайсымызға лайықты мақтауын береді» (1 Қорынт. 4:5).

Сондықтан бұрынғы бағушымның өмірі әлі өзгереді деген үміттен қол үзбеймін.

Кеше ғана конференцияның бірінде айтылған уағызды ұнатпай қалған адаммен сөйлестім. Досым телефонмен уағыздың негізгі ойын айтып берді де, оның қателегін дәлелдейтін Киелі Кітап үзінділерін келтірді. Мен уағызға қатысты бұл оймен келістім (қарсы шыққан басқа да қызметкерлер болды). Бірақ сосын досым «Ол қызметкер ірі қауымдар мен конференцияларға шақырсын деп әдейі осы тақырыпты таңдаған шығар» деді.

Сол сәтте сөзін бөліп «Тоқтай тұр, мынауың дұрыс емес. Адамның ниетін жамандауға болмайды» дедім.

Жемісті, яғни айтылған сөзді, жасалған істі жақтауға, не оған қарсы шығуға болады. Алайда, ішкі ой-ниетті айыптауға болмайды. Оны соттайтын жалғыз Құдай ғана. Осыны досыма да түсіндірдім. Бұрынғы бағушымының ниетін жамандауым қате болды. Оның қоластында қалған төрт жүз адамды аяймын. Олар Құдайдың Сөзін орындап, бағушыға адалдық көрсеттік деп ойлап жүрген шығар. Шын мәнінде олар Құдайдың Рухы емес, басқа бір зұлым рухтың ықпалында қалды.

Бұрынғы бағушыым одан кейін тағы да үшінші рет үйленді. Оған қарамастан, мен оны құрметтеуді тоқтатқан жоқпын. Қазір оның қауымы болса, мен оның жетекшілігінде қызмет етпеуші едім. Сонда да өмірімнің соңына дейін жүрегімде бағушыма деген ізетті сақтаймын. Құдай Саулды жазалағанда да, Дәуіт оған арнап жоқтау шығарып, Яһудея халқына таратты. Бұрынғы бағушыым қазір қоңырау шалып, көмек сұраса, мен кідірместен шама келгенше қолдау көрсетер едім. Ол Киелі Кітаптың көптеген сырларын маған ашып берді. Сонда үйренгенімді осы күнге шейін қолданып келемін. Ол маған сеніп, мүмкіндік берді. Мені қызметке қатыстырған жалғыз сол бағушы ғана болды. Мен жас болып, тәжірибем жетпей жатқанда көптеген қателерім болды. Сонда бағушыым мені кешіріп, маған жігер беретін. Ол кісіге алғысым, құрметім көптен көп. Ол тәубе етіп, бұрынғы мықты қызметкер қалпына ол оралады деп сенемін. «Дәйім қорған болып, ұдайы сенеді, үмітін еш үзбей, бәріне шыдайды» дейді Киелі Кітап (1 Қорынт. 13:7).

Бір жағынан, бағушы күнә жасап жүр деген сыбысты ести сала қауымнан қашуға дайын адамдар көп. Жоқ, жоқ, тағы да жоқ! Ол дұрыс емес! Расталмаған лақап сөзге назар аударудың керегі жоқ. Киелі Жазба былай дейді: «Қауым жетекшілері айыпталғанда, ең аз дегенде екі-үш куәгер болмаса, соған құлақ аспа» (1 Тимоте. 5:19).

Куәгер дегеніміз – айқын, бұлтартпайтын дәлелі бар адам. Ол дәлелді куәгер соттың алдында растай алады. Яғни, бір-бірімен алдын-ала келісіп қойған, не өсек таратып жүрген бір топ емес, бір-бірінен тәуелсіз куәлік ете

алатын екі-үш адам. Пауыл елші мұны неліктен жазды? Бізді қорғау үшін.

Ойлап көріңіз, жетекшілер жайлы айтылған өсектің бәріне сене берсек, күдік, өтірік, азғындыққа жол береміз. Сыйламаушылық адамның жүрегінде тез-ақ пайда болады. Бас қызметкерді сыйламасақ, ол кісі арқылы Құдайдың бізге берейін деп тұрған сыйынан құр алақан қаламыз. Дәл осы себептен батыстағы сенушілердің көбісіне Құдайдың айтқанын қабылдау қиын. Біздің заманда, өкінішке орай, қызметте көп жанжал туып жатады. Соның кесірінен адамдар да қызметкерлердің сөзін, әрекеттерін сынап, күдіктенуге дайын. Сосын олар жабырқаңқы көңілге салынып, бетбақтыққа беріледі, сенімдері де әлсірей береді. Ондай көзқарас, әрине, құрмет қалыптастырмайды. Жаудың мақсаты дәл осы – бізді жетекшілер арқылы ештеңе қабылдай алмайтындай қылып, көктің жарылқауынан алып қалу.

Самуил пайғамбардың анасы Ханнаның әңгімесі есіңізде ме? Ол ғибадатханаға барып, Жаратқан Иенің алдында сырын ақтарып, жылап мінәжат етті. Сонда Ели діни қызметкер оны мас деп, «Шарапты қашанғы іше бересің?» деп сөкті. Осы кезде «Бұл не деген ағат пікірлі мінез?» деп Ханнаның намыстанып қалуына болар еді. Алайда Ханна жүрегін бетбақтықтан сақтап, Елидің батасын алып қайтты. Уақыт өте Құдай Елиді үй ішімен бірге нысапсыз, сараң болмысы үшін қатал жазалады. Елидің мінезіне, әрекетіне қарамастан, Ханна сұрағанын алды. Кез-келген жағдайға екі түрлі жауап беруге болады. Бірі – эмоцияның жетегінде кетіп, ашуға, не басқа сезімге жеңдіру. Екіншісі – әрекеттің болашақ салдарын ескеріп, сабыр сақтап әрекет ету. Ханнаның істегені дұрыс болды. Қазіргі таңда сенушілердің көбісі қызметкерлердің сәтсіздіктері мен Құдайдан безгендеріне эмоцияға беріліп айыптайды.

Көптеген жетекшілер туралы мен неше түрлі жағымсыз сөз естідім, бірақ өзім тек жоғарыда келтірген аятқа бағынамын. Ақпарат тек тік бір адамнан келсе, не екі-үш адамның нақты дәлелі болмаса, біреуді жамандайтын сыбысқа мен мән бермеймін. Мені сендіру үшін, кемінде екі адамның куәлігі керек. Өтірік әңгімеге сенетін болсам, Құдайдың жарылқауына өзім бөгет боламын. Жетекшілердің барлығы – көктің сыйын жеткізетін қызметшілер. Мен Құдайдың беріп тұрғанынан айырылғым келмейді.

## Өзгеше көзқарас

Басқа жағынан, қауымда жетекшілерді құрметтей білетін адамдар аз емес. Мен олардың көбімен танысып, достасып кеттім. Кейбіреулері

қауым кеңселерінде, жетекшілердің көмекшілері болып жұмыс істейді, енді басқалары қарапайым қауым мүшелері, не әртүрлі қызметтердің серіктестері.

Ол кісілердің жетістіктерін көргенде жүрегім қуанады. Уақыт өте олардың жауапкершілігі, мансабы, қоластындағы адамдар саны жоғарылай береді. Ол бірден көзге түспесе де, қарап отырсаңыз, он-жиырма жылдың ішінде әрдайым жағдайлары жақсарып отырады.

Бұрынғы бағушымның қауымы оған қатты ренжіген болатын. Осы көзқараста еш құрмет болмады. Кейіннен олардың көбісі ауыр қиындықтарға ұшырады. Неке мәселесі, бала тәрбиелеу, қаржылық сала және тағы басқа мәселелерде көп қиындық туындады. Кейбіреулері өз қауымдарын ашты, бірақ бірнеше жыл бойы еңбек еткеннен кейін еш нәтиже шықпады. Жантүршігерлік бір жайт есімде. Менімен бірге теледидарда жұмыс істеген бір әйел бұрынғы бағушым жайлы көп жағымсыз сөз айтты. Денсаулығы мықты, сау-саламат жүрген адам, екі айдан кейін ми ауруынан кенеттен қайтыс болды. Кездейсоқ дәл кеп қалды ма? Жоқ, меніңше. Пауыл елшінің айтуындай, сенушілердің көбісі Мәсіхтің денесіне тиісті құрмет көрсетпей, Құдайдың жазасына ілігеді. «Сондықтан да сендердің көбің әлсіз де аурусыңдар, біразың қайтыс болдыңдар» (1 Қорынт. 11:30). Пауылдың бұл сөзді нан үзі рәсіміне қатысты айтты. Бірақ бұл ақиқатты өмірдің барлық саласында қолдануға болады. Мәсіхтің денесіне құрмет көрсету – нан жеп, жүзім шырынын жеу ғана емес.

Бұрынғы бағушымның істегенін басқаша қабылдағандар да бар. Олар бас қызметкердің кесірінен зардап шексе де, оны құрметтеуді, оған сыйластықпен, сыпайылықпен қарауды тоқтатпады. Олардың өмірлері бақытты! Қызметте, кәсіптерінде, жеке өмірлерінде жетістік мол. Некелері мықты, балалары Құдайды таниды. Өмірлері берекелі, себебі жүректерінде шынайы ізет пен адалдық бар. Олар ниеттерін әрдайым тексеріп, бей-берекет сөйлеген жоқ. Олар Құдайдың көңілінен шықты.

Құдайдың берейін деп тұрған тамаша өмірін неге қабылдамасқа? Әлде мін іздеп, бетбақтыққа салынған дұрыс па? Біз қандай рухани жеміс әкелеміз? Жетекшімнің маған деген көзқарасы қандай болса да, мен оның атына кір келтіретін сөзге жол бермеймін. Киелі Кітапта Құдайға жақын адамдардың барлығы өзінен жоғары тұрған жетекшілеріне тиісті құрмет көрсете білді. Мен олардың жолын қуғым келеді. Құдайдың жүрегін білу, Онымен тығыз қарым-қатынаста болу – мен үшін ең үлкен сый. Өмірде одан артық дүние жоқ.

## 11-ші ТАРАУ

# Екі есе құрмет

**Қ**ауымды жақсы басқаратын жетекшілер, әсіресе Құдай сөзін уағыздап, үйретуге еңбегі сіңгендер, ерекше құрмет пен қамқорлыққа лайық. Себебі Киелі жазбаларда былай делінген: «Астық бастырып жүрген өгіздің аузын бума». Және: «Еңбек еткен ақысын алуға лайық» (1 Тимоте. 5:17-18). Ағылшын тіліндегі Киелі Кітапта «жетекшілер екі есе құрметке лайық» деп жазылған.

Екі есе құрмет жайлы жалғыз аят – осы. Құдай бізге Ізгі Хабар қызметкерлерін басқалардан екі есе артық құрметтеуді үйретеді.

Бұл нұсқауды қалай орындаймыз? Қауымдағы жетекшілерге «бағушы», «сэр», «мистер» немесе «миссис» деп сөйлеуіміз керек. Өздері басқаша атауыңызды сұрамаса, осылай, құрмет көрсете сөйлегеніңіз жөн. Ол кісілермен сөйлескеніңізде, әр сөзін ден қойып тыңдаңыз, сөзін бөлмеңіз.

Жетекшіміз бізге Құдайдың Сөзінен тәлім бергенде, мұқият тыңдауымыз керек. Назарымыз басқа жаққа ауып отырса, құрметтің жетіспеушілігі. Ізет іс-әрекеттен ғана емес, сөзімізден де, ойымыздан да көрініс табады. Пауыл елші Тимотеге жазған хатында былай дейді: «Мен барғанша Киелі жазбаларды оқып беріп, насихаттап сенімдерін нығайтып, тәлім берумен айналыса бер» (1 Тимоте. 4:13).

Қауымдағы жиналыс үстінде жаныңыздағы адаммен сөйлесіп отырғаныңыз – уағыздаушыны ғана емес, Киелі Рухты да сыйламауыңыздың белгісі. Әңгіменің қайсысы болса да, жиналыстан кейін айтылуы тиіс. Сондай-ақ, досымыз жіберген хабарлама, телефон, басқа бір шаруалар күте тұрсын. Жиналыс бітпей жатып, шығып кету

де дұрыс емес. Әрі жиналысқа уақытылы келген жөн. Жұмысыңызға күн сайын он бес минут кешігіп баратын болсаңыз, басшыңыз не дер еді? Жұмысқа кешікпейміз. Олай болса, жексенбілік жиналысқа дәл уақытыңда неге келмейміз?

Жетекшіңіз көмек сұрамаса да, ол кісіге қызмет ету мүмкіндігін қалт жібермеңіз. Жетекшінің қамын алдын-ала ойластырып жүріңіз. Ол кісінің тапсырмасын немесе өтінішін ең жоғары деңгейде орындауға барыңызды салыңыз.

Жетекшінің әр тапсырмасы мезгілінде орындалатын болсын. Киген киіміңіз орынды, көлігіңіз таза болсын. Басқа қалаларға барғанымда, аэропорттан күтіп алатын көліктің іші кейде лас, қоқысқа толы болады. Ондайда «Қауымға келген қонақты мынадай машинамен әкеле жатқанын білсе, мына бауырымның жетекшісі не дер еді? Осы ісімен мені де, жетекшісін де сыйламайтынын көрсетті ғой» деп ойлаймын.

Біздің миссиямыздың штаты үздік жұмыскерлерден құралған. Қарамағымда елу шақты адам жұмыс істейді. Олардың Лиза екеуімізге деген құрметіне дән ризамын. Кеңсеге келгенімде, үстелімде таза су дайын тұрады. Маған көрсетпей, көлігімнің кілтін алады да, жанармай құйып қояды. Жұмыскерлерімнің арқасында көлігім әрқашан таза. Автотұрақта менің көлігіме арнайы орын бөлінбеген, дегенмен, олар кіреберіс есікке жақын жерден менің машинама үнемі орын қалдырады. Мен кіргенде, орындарынан тұрады. Маған “сэр” деп сөйлейді. Маған бір мәселемен келерден бұрын, сол мәселенің байыбына барады. Менің қандай сұрақ қоятынымды алдын-ала біліп, жауаптарын күні бұрын дайындайды. Тапсырманың барлығы жылдам әрі тиянақты орындалады. Жолымызда қандай бөгет кездессе де, ұжымым бәрін жеңіп, мақсатқа жетпей, тоқтамайды. Орындалуы мүлде мүмкін емес тапсырмалар ғана жүзеге аспай қалады. Соның өзінде, әуелі тапсырманы орындап шығудың барлық жолдарын қарастырады. Ол мүмкін болмаса, өз ұсыныстарын айтады.

Олардың маған көрсетіп жүрген құрметі, шын мәнінде, Исаға деген құрмет екенін үнемі есімде сақтаймын. Жұмыскерлерім сыйдан құр алақан қалмайтынына кәміл сенемін. Ұсақ-түйекке алаңдап, Құдай берген аманатымды назарымнан шығарып алмауым үшін, олар маған мейлінше қызмет етеді. Лиза екеуіміз Құдайдың өзімізге берген тапсырмасын орындауға бар күшімізді салсақ, көбірек адамға қызмет ете аламыз. Құдай Патшалығындағы басты нәрсе – қызмет. Бірімізді-біріміз неғұрлым

қадір тұтсақ, әрқайсымыздың қызметіміз соғұрлым жемісті болады.

Лиза екеуіміз құрмет күтпейміз. Жетекшінің сый-құрмет күтуі немесе қошемет талап етуі – пендешілік. Исаның Өзі “Мен адамдардан құрмет күтпеймін» деген (Жохан. 5:41). Ол Көктегі Әкенің ғана дәріптелуін көздеген еді. Яһуди басшыларына “Бір-біріңнен құрмет күтіп, жалғыз Құдайдан болатын шынайы құрметті іздемей жүресіңдер. Сонда сендер Менің Құдайдан келгеніме қалайша сене аласыңдар?» деген болатын (Жохан. 5:44). Бұл жетекшілер адамдардың өздеріне құрмет көрсетуін көздеді. Мақсаттары – өзімізді мен тәкаппарлығын қанағаттандыру. Адамдардың Исаға көрсеткен құрметі өздері үшін пайдалы еді, әрі Көктегі Әкені дәріптеу болып табылады.

Есімізде болатын тағы бір жайт: өзімізге көрсетілген құрметті Исаға және Құдай Әкеге бағыштауымыз керек. Құрмет көрсете білген адамның да сыйынан құр қалмайтыны есімізде болсын. Өйткені, бізге көрсетілген құрмет Құдайдан қайтады. Ал атақ-абырой, сый-құрметке құмар адам, кім болса да, тайғақ жолда. Бұл – Құдайдың жарылқауына жеткізер жол емес.

## Екі есе қаражат

Ізгі Хабар қызметкерлеріне ерекше құрмет көрсету жайында айтарым көп. Киелі Рухтың Пауыл елші арқылы былай деген еді: “Қауымды жақсы басқаратын жетекшілер, әсіресе Құдай сөзін уағыздап, үйретуге еңбегі сіңгендер, ерекше құрмет пен қамқорлыққа лайық. Себебі Киелі жазбаларда былай делінген: «Астық бастырып жүрген өгіздің аузын бума». Және: «Еңбек еткен ақысын алуға лайық»” (1 Тимоте. 5:17, 18). Бұл үзіндіде қаражат жайлы тіке айтылады. Киелі Кітаптың Жаңа Тірі Аудармасында бұл аят былай жазылған: «Жұмысын жақсы атқарып жүрген қызметкерлерге жақсы қаражат төленуі тиіс». Киелі Кітаптың Жаңа аудармасы былай дейді: «Жұмысын жақсы атқарып жүрген қауым жетекшілері, әсіресе, тәлім берушілер екі есе сый-құрметке лайық». Бүгінгі Күн Аудармасы деп аталатын аударма: «Міндетін адал орындап жүрген қызметкерлер екі есе ақы алсын» дейді. Киелі Кітаптың кеңейтілген аудармасынан: «Қызметін жақсы атқарып жүрген жетекшілерге жеткілікті мөлшерде қаржы бөлінуі керек» дегенді оқимыз.

Иса шәкірттеріне былай деген еді: «Сендерге өте маңызды шындықты айтайын: Кім Мен жіберген адамды құрметтесе, соның

### 130 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

Мені құрметтегені. Ал кім Мені құрметтесе, оның Мені Жібергенді де құрметтегені» (Жохан. 13:20. Автор «қабылдайды» деген сөздің орнына «құрметтейді» сөзін қойған). «Мен жіберген адам» деген сөзге назар аударыңыз. Исаны Құдай Әке жіберген. Толық қызметтің бес түрі барын Киелі Кітаптан білеміз. Сол қызметтің біріне тағайындалған адам да – Құдай жіберген адам. Бұл жөнінде Пауыл елші былай дейді:

Ол рухани дарындар сыйлап, сенушілердің біреулерін елші, біреулерін пайғамбар, тағы басқаларын Ізгі хабарды таратушы, енді біреулерін қауымның рухани бағушысы немесе тәлімгері етіп тағайындады.

– Ефестіктерге. 4:11

Толық қызметтің бес түрі – осылар. «Ол ... тағайындады» деген сөз бұл қызметтердің қайсысына да адамды Исаның Өзі қояды дегенді білдіреді. Пауыл айтқан «қауымды басқаратын жетекшілер, Құдай сөзін уағыздап, үйретуге еңбегі сіңгендер», яғни, екі есе құрметке лайық адамдар – осы кісілер.

Әлемді аралап, қызмет етіп жүргеніме жиырма жылдан асты. Құдайдың нұсқауы өзгерген жоқ. Дегенмен, бағушыларына аз айлық төлейтін қауымдарды көріп жүрмін. Жетекшісі ескірген көлік мініп, жалға алынған үйде тұрады, ал жай мүшелері үй мен көліктің жақсысын иемденіп жүр. Алайда, олардың қаржылық жағдайын зейін сала зерттесек, көбісінің жағдайы мәз емес. Кәсіпкерлер сәтсіздікке жиі ұшырайды, кейбіреулері зор шығын көріп жүр. Қарызға батқан адамдар көп. Көптеген отбасының табысынан шығыны көп. Қайырымдылық жасауға қаражаты жетпейді. Жетекшілерге төленуге тиіс қаражат жөніндегі нұсқаудың орындалмай жүргенінің нәтижесі осы емес пе?

Кері жағдайды да көрдім. Бағушыларына жақсы айлық төлейтін қауымдар көп. Ондағы жетекшілер жаңа көлік мінеді, жақсы үйлерде тұрады, балалары ештеңеден тарықпайды, демалысын өте жақсы өткізеді. Қауым мүшелері бағушының отбасын қонаққа шақырып, мол дастарқан жаяды, сыйлық сыйлайды, тағы басқа жолдармен оларға ілтипат білдіреді. Мұндай қауымдағы сенушілер ауқатты өмір сүреді. Кәсіпкерлер жаңа белестерден көрініп, жаңа табысқа қол жеткізіп жүреді. Жесір әйелдерге, жалғыз басты аналарға, жоқшылық көріп жүргендерге қол ұшын созудан бас тартпайды, өйткені, молшылықта өмір сүреді.



Бұл қауымдар мисионерлерге де қаражатты мол бөледі. Осынау рухани заңдылықтың мүлтіксіз орындалуын қауымдардың бәрінен көріп жүрмін. Құрмет қағидасы қашанда күшінде.

Бағушыға аз айлық төлейтін қауымдар үнемдеген қаражатын мисионерлерге, кедейлерге т. б. мұқтаждықтарға жұмсай аламыз деп ойлайды. Алайда, жетекшінің еңбегіне лайықты ақы төлеу жөніндегі Құдайдың нұсқауын орындамағандықтан, қаржылық жарылқаудан қағылып қалады. Қауымдағы кәсіпкерлердің ісі өрге баспайды, қауымдағы жобаларға қаржылай көмек бере алмайды. Құдай бізді қашанда жақсылыққа жетелейді, осыны неге түсінбейміз? Құдайдың Сөзін орындаудан бас тартып, өз ақылымен жүретін адам – тәкаппар, Құдайға шындап мойынсұнбайтын адам. Осындай ісімен ол өзін Құдайдан ақылды санайтынын көрсетеді.

Осы ақиқат Америкадағы көптеген қауымдарда ескерусіз қалып жүр. Кейбір қауым жетекшілерінің ақша мен материалдық заттар туралы көп айтатынын байқап, қынжыламын. Олардың өмірі берекесіз, назары – өткінші нәрселерде. Ал жаралы жандарға деген жанашырлық пен Құдайды танымайтындарды құтқару назарынан тыс қалған. Ақиқатты білгенімен, нағыз қызметші болудан танып, жалдамалы жұмыскерге айналған. Уағыздары да ақиқат жолынан тайып, жемісті болудан қалған. Ондай жетекшілер жөнінде Құдай былай дейді:

Исраилді күзетіп жүруге тиісті басшылары соқыр да надан!  
Барлығы үре алмайтын мылқау, қиялдап жатып, ұйықтағанды  
жақсы көретін иттер сияқты. Олар қомағай, тоюды білмейтін  
төбеттерге ұқсас! Түсінігі жоқ осы бағушылардың бәрі өз  
беттерімен жүріп, әрқайсысы өз пайдасын ғана ойлайды.

– Ишя 56:10, 11

«Әрқайсысы өз пайдасын ғана ойлайды» деген сөзге назар аударыңыз. Ағылшын тіліндегі Киелі Кітапта «өзімшіл мақсаттарын ғана көздеп, қойларға қамқор болуды қойған» деп жазылған. Қызметін өз мүддесіне, қауымның қаражатын жеке басының пайдасына қолданатын жетекшілер де бар (ондайлардың саны өте аз). Олар құрмет қағидасын өз пайдасына бұрмалап жүр. Санасын түнек билеп кеткен. Жаратқан Иенің жоспарын теріс айналдырып, Құдайға емес, өз нәпсісіне қызмет етіп жүр. Мәсіхшілік қызмет дегеніміз – Құдайдың халқына қызмет етіп, адасып

жүргендерді құтқару. Әлгі жетекшілер осы ақиқаттан алыстап кеткен. Онысынан қайтпаса, түнекке кетеді.

Құрмет қағидасын бұрмалап, теріс пайдаланған адамдарды өмірімде де, Киелі Кітап беттерінде де кездестірдім. Құдайдың қызметкерлеріне сый-құрмет көрсету жөніндегі нұсқауды сонда да ұстанамыз ба? Әлгіндей адамдардың іс-әрекетін сылтау қылып, Құдайдың айтқанын орындаудан бас тартамыз ба? Онда сол адамдармен қатар, біз де жазаға кесілеміз.

### Таң қаларлық жайт

Құдайдың қызметкерлеріне тиісті қаржыны ұстап қалудың қандай салдары болатынын анық көрсеткен бір оқиғаға куә болғаным бар. Бұл жағдай қызметті енді бастап жүргенімде болған еді. Лиза екеуіміз 120 адамы бар қауымға бардық. Қауымның ашылғанына бірталай уақыт болса да, мүшелерінің саны 35 адамнан 120 адамға дейінгі аралықта. Қала тұрғындарының саны 250 000 болса да, қауым өспей қойды. Яғни, қоғамға ықпал етуге, адасқандарды құтқаруға қауымның шамасы келмеді.

Біз сол қауымда төрт күн болдық. Бағушы бізді өз үйіне қондырды, оған себеп –қауым қонақ үйдің ақысын көтере алмайды. Бағушының отбасымен қарым-қатынасымыз жақсы болатын. Келістік.

Сенбі күні кешке сол қалаға келдік. Бағушының отбасы жалдамалы пәтерде тұрады екен. Бағушы өзі мініп жүрген, тозығы жеткен көлігінің кілтін маған ұстатты. Бізді қолынан келгенше күтті. Бағушының жұбайы өте қонақжай адам екен, жанашырлығы мен мейірбандығында шек жоқ. Өзі әлі күнге дейін жұмыс істейді. Иссапарға жиі барады. Әр айдың он бес – он сегіз күнін басқа қалаларда өткізеді.

Жиналыс, жалпы алғанда, жақсы өтті. Сенушілер Құдайды шын сүйетін, ақ пейілді адамдар сияқты. Дегенмен, бір кедергі бар. Құдайдың құзыры мен құдіреті де, майлану да келмей қойды. Арада бір бөгет бардай. Мұның сырын ұға алмадым.

Үшінші күні жиналыстың алдында ұзақ мінәжат еттім. Рухымда бір толқу бар. Мәселенің шешімін де таба алар емеспін, ойымнан да шығарып тастай алмаймын. Дұға етіп жүріп, бағушының отбасына қауымның не себепті қамқорлық көрсетпейтінін ойлаумен болдым. Ақыры, жүрегіме Исаның «Осы мәселені бүгін шешуің керек» деген сөзі келді.

Құдайдан мәселені шешудің жолын сұрадым. Әлгі бөгетті бұзу үшін, бағушыны қаржылай қолдаудың маңыздылығына қауымның көзін ашу

керек екен. Бағушыға арнап, құрбандық жинауға бел будым. Алайда, бұл шешімді орындаудың дұрыс жолын білмедім.

Кешкі жиналыстың алдында бағушы маған: «Джон, мен сенің қызметіңе арнап құрбандық жинамай-ақ қояйын. Жұртты құрбандыққа өзің шақырғаның дұрыс» деді.

Бұл – Құдайдың Өзі берген мүмкіндік екені анық. Қуана келітім. Бірақ, өзіміздің қызметімізге арнап құрбандық жинаудың орнына, бағушының отбасына арналған жарылқау жинамақпын. Сахнаға бара жатқанымда, бағушы құлағымға «Джон, құрбандық жинауды ұмытып кетпе, және еш қысылма» деді.

Бағушыға жымия қарадым. Менің сөзімді естігенде, таң қалатынын білемін. Сахнаға шықтым да, Тимотеге арналған бірінші хаттың 5-тарауы, 17-ші аятын оқыдым. Келесі қырық бес минут бойы бағушыға қамқорлық жасаудың маңызы жайлы уағыз айттым.

Қауым мүшелеріне сәгіс бердім, қатесін бетіне бастым, қатаң ескерту жасадым. «Бағушының жұбайы қауымнан тыс жұмыс істеп жүр. Әрбір айдың жартысын үйінен алшақта өткізеді. Бұл қалай? Мұндай жағдайға неге жол беріп отырсыздар? Бағушының жұбайы үйде, күйеуінің жанында болуы керек. Қауым жетекшісінің отбасына деген қамқорлықтарыңыз жеткіліксіз» дедім.

Байқауымша, бағушы қипалақтап отыр, екі беті барған сайын қызарып барады. Маған бұл уағызды өзі айтқызығандай болады ма деп уайымдап отыр. Жұртта сондай пікір қалыптасса, кейбір адамдар отбасымен бірге қауымнан шығып кетеді. (Ескерту: қай қауымға барсам да, бағушының ұстанымына қайшы келетін уағыз айтпаймын. Әлгі қауымда бағушының менімен келісетін-келіспейтінін білген жоқпын, тек мазасызданып отырғанын байқадым).

Құдайдың жүрегіме салған сөзін қауым дұрыс қабылдады. «Осы жиналыста мен өзімнің қызметіме арнап құрбандық жинауға тиіс едім. Бірақ олай істемеймін. Қазір бағушының отбасына арнап құрбандық жинаймыз. Берген ақшаңыздан салық ұстап қалмаңыздар. Құдайдың өзіңізге берген сыйы – бағушыңыз үшін Көктегі Әкеге деген алғысыңызды білдіріңіз» дедім. Құрбандық жинап болдық та, жиналысты аяқтадық. Жаныма келген адамдармен сөйлесіп тұрып, бағушының кеңсеге шығып кеткенін көзім шалды. Соңынан мен де кеттім. Жүзіне қарасам, қызарғаны басылған, қуаныштың нышаны бар. Жымиып, «Жиналған құрбандықтың мөлшері қандай екен?» деп сұрадым.

Бағушының жауабын естігенімде, шалқамнан құлап түсе жаздадым. Жексенбілік қызметте бұрын-соңды жиналған құрбандықтан үш есе көп. Мол жарылқау жиналар деп өзім де үміттенген болатынмын, алайда, мынадай шағын қауым осынша қаражат жинайды деп күткен жоқпын.

Келесі дүйсенбіде телефоныма қоңырау түсті. Әлгі бағушы екен. «Джон, саған жексенбілік жиналыстың бейнежазбасын жібермекпін» деді, үнінде шаттық бар.

«Жарайды, уағызыңды тыңдайын» дедім.

«Джон, – деді ол. Уағыз айтқан жоқпын. Қауым мүшелері екі сағат бойы бірінен соң бірі отбасында және кәсібінде болған қаржылық кереметтерді айтып, куәлік етумен болды. Жиналыс бұлай өтеді деп жоспарлаған жоқпыз. Болған жайттарға аса таң қалмасам да, Құдайдың құдіретін көріп, бұрынғыдан бетер бас идім. Құдайдың кереметтері болатынын білгем, алайда, осыншалық жылдам болатынын күткен жоқпын».

Бірнеше жылдан кейін сол қауымға тағы бардым. Жиналыс енді дүкеннің фойесінде емес, өздері жөндеп алған мектеп ғимаратында өтетін болыпты. Жаңалық мұнымен бітпейді. Қауым мектеп залын жалға алып отырған жоқ, мектепті сатып алыпты! Адам саны бес есе артқан. Бағушыға деген қаржылай қамқорлықтың жемісі – әйелі жұмыстан шыққан, қауым мүшелерінің отбасылары ауқатты, кәсіптері өрге басуда.

### **«Мына зат жақсы екен» деп айтпа**

Бұл – мызғымайтын ақиқат. Рухани жетекшілерімізге көрсеткен құрметіміз өз өмірімізге береке әкеледі. Әлемдегі ең ірі қауымның бағушысы Дэвид Йонги Чо жайлы естіген боларсыз. Ол кісі Оңтүстік Кореяның астанасы Сеул қаласындағы қауымды басқарады. Йонги Чо бағушы қауымды көп жыл бұрын, елді жоқшылық жайлаған жылдары бастаған болатын. Бүгінгі таңда қауымда елу мыңнан астам миллионер бар екен.

Йонги Чо бағушымен талай рет кездесіп, дастарқандас әрі сұхбаттас болдым. Ол кісі сапар шеккенде, жанына бірнеше бизнесмен серіктесін алып жүреді. Олар бағушының жағдайын жасап, қажетін қамтамасыз етеді. Байқағаным, бағушы дастарқанға отырмай, серіктерінің ешқайсысы отырмайды. Олардың бағушыға деген ізеті керемет. Қаланың ең кедей аудандарының бірінде басталған қауымда енді байлардың соншалық көп болуы содан емес пе екен?

Эл Брайс атты жақын досым бар. Эл Америкада бағушы қызметін атқарады және біздің миссиямыздың әкімшілік кеңесіне кіреді. Өзі гольфты жақсы ойнайды. 1980-ші жылы ол гольфтан әуесқойлар арасындағы турнирге де қатысқан. Гольфты Йонги Чо бағушы да ұнатады. Сол ойынның арқасында екеуі тіл табысып кетіпті.

Йонги Чо серіктерімен бірге Америка Құрама Штаттарына кезекті сапар шеккенде, Элмен кездесіп, гольф ойнауды жоспарлапты. Шетелдік қонақтар ойынға қажет жабдықтарын алып, көліктен түсті. Біреуінің қолында Бесінші авенюдегі дүкеннен бірнеше мың долларға алынған су жаңа доптаяқ бар. Эл, сыпайылық танытып, жаңа доптаяқ жөнінде бір-екі мақтау сөз айтыпты. Сол-ақ екен, әлгі жігіт доптаяғын Элдың сөмкесіне сала бастады. Эл сасқанынан «Тоқтай тұр, мұның не?» депті.

Кореядан келген жігіт «Саған деген құрметімді көрсетпекпін, сондықтан, доптаяғымды саған сыйлаймын» депті, доптаяғын Элдың сөмкесіне тықпалап жатып. Досым онысын тоқтатпақ болса да, корей жігіт ақыры айтқанын істепті.

Бірнеше айдан кейін Эл Кореяға барды. Йонги Чо бағушымен әдеттегідей гольф ойнамақ болыпты. Бағушының серіктерімен бірге кәсіби гольфқа арналған тауарлар сататын дүкенге барған екен. Сөреде тұрған бір аяқ киімді қатты ұнатып, «Не деген әдемі аяқ киім!» депті.

Сол сәт жанындағы адамдардың бірі Элдың көзі түскен аяқ киімді алып, кассаға қарай жөнеледі. Эл оған: «Жоқ, жоқ, керек емес. Жай айтқаным ғой» десе, әлгі адам «Жоқ, сэр, осындай аяқ киіміңіздің болғанын қалаймын. Сізге деген құрметім болсын» депті.

Осы әңгімесінің соңында «Жанымда Йонги Чо қауымының мүшелері жүрсе, ешбір затқа тамсанбауым керек екен, соны ұқтым. Маған әлдененің ұнағанын білсе, алып бере қояды» деді Эл күліп. Сол сенушілер құрмет көрсету өнерін жетік меңгерген, сондықтан, мол жарылқаудың астында.

## Өмірін Құдай жарылқағандар

Джек есімді ардақты досым болған еді, о дүниелік болып кетті. Оның өмірі аса табысты да берекелі болды. Джектің өмірі мен қызметі жүздеген мың адамға ықпал етті.

Жас кезінде Джек Америка Құрама Штаттарына кеңінен танымал, ірі қауымның мүшесі болған. Алғашқы қызметін де сол қауымда бастады.

Бірнеше жыл бойы бағушысына қызмет еткеннен кейін, Джекке елдің басқа өңірінде қауым ашу тапсырылды.

Джектің қауымы жылдам өсіп, бірнеше жылда адам саны бес мыңға жетті. Сол қауымға жиі барып тұратынмын. Джек өзінің бағушысын аса қадірлейтін. Ол кісіні рухани әкем деп айтатын. «Джон, – деді досым бірде. Бағушыны көрген сайын, ол кісіге мың долларлық чек ұсынамын». Мұншалық зор ілтипатқа қайран қалдым. Джектің өміріндегі Құдайдың жарылқауларының сырын ұқтым. Қауым мүшелері Джекті өте жақсы көретін еді. Джекпен қоштасу төрт сағатқа созылды. Қауым ғимараты оны соңғы сапарға шығарып салуға келген адамдарға лық толды. Қауым мүшелері ғана емес, қаланың басқа тұрғындары да бар, ұзын саны бес мыңнан астам адам жиналды. Джек қауымға да, қоғамға да сыйлы адам болатын.

Джектің қауымы да оны қадір тұтатын. Қауым кеңесі Джекке айлық төлеуге ниеттенген еді. Алайда, Джектің қаржылық салымдарынан тауып жүрген табысы жақсы еді. Сондықтан ол бағушы ретіндегі айлықтан бас тартып, қауымға өз табысынан құрбандық беретін. Джектің өміріндегідей мол игілік сирек кездеседі. Әйелі мен бала-шағасының Джекке деген махаббаты зор еді. Үй іші берекелі, дос-жараны көп, кең пейілді адам еді. Джек өзінің рухани әкесін құрметке бөледі де, өмірінің барлық саласына Құдайдың жарылқауын жауырды.

## **Біздің жиналыстарымызда**

Әлемді аралап, көп саяхаттадым. Әр елдегі қауымдарда қонақтарды қарсы алу деңгейі әр алуан. Қонақжай, елгезек қауымдар мен бізді жай жолаушыдай көрген қауымдардың жемісі де әр түрлі.

Кей қауымдардың мені не үшін шақырғанын да түсіне алмадым. Бізді суы да, жеңіл-желпі тамағы да жоқ, арзан қонақ үйге жайғастырған, қауым кеңсесінде жайлы орындық та ұсынбаған қауымдар болды. Мені ризашылықпен емес, «мынаны орындауың керек» деген кейіппен қарсы алған бағушыларды да көрдім. Кейбіреулерінің маған деген көзқарасы «біз маңызды істермен айналысып жүрміз, бұл қауымға келіп, уағыз айтқаның – сен үшін зор мәртебе» дегендей еді.

Ондай қауымдарда сахнаға шыққанымда, жиналғандар маған немқұрайлы қарап отырады. «Сенсіз де бәрін білеміз, бізге не жаңалық

ашпақсың?» деген ойлары кейпінен-ақ көрініп тұрады. Мұндай адамдарға уағыз айтудың өзі – бір азап.

Селқос тыңдарманға уағыз айту – едәуір қажытатын жұмыс. Ондайда шөлдеген жүректерді сусындатудың орнына, бар күшім қарсылықты жеңуге кетеді. Жиналыс біткен соң бағушы қолыма бір апта күн көруге де жетпейтін болмашы қаражатты ұстатады. Мұндай жағдайлардың сирек кездесетіні қуантады, әйтеуір.

Бірде бір аптаға созылған конференцияға шақыру алдым. Жеті күн бойы тағы бір қызметкер екеуіміз кезектесіп уағыз айттық. Бағушының айтуынша, барлық жиналыстарда жиналған құрбандықтарды қосқанда, екі жүз елу мың доллардан астам қаражат жиналыпты. Қауымның қаржылық жағдайы түзеліп қалатын болды деп, ішімнен қуанып қалдым. Алайда, кетерімде бағушының маған бергені алты жүз доллар болды. Бұл ақша Америка ресторанында даяшыға берілетін шайпұлмен де салыстыруға келмейді. Екі жүз елу мыңның он пайызы жиырма бес мың доллар болар еді. Ал маған төленген сома – бір пайыздың бестен бірі (0,2%).

Дегенмен, мынаны ұқтым – Құдай біздің миссиямызды қалай да қамтамасыз етеді, адал қызметкерлерін жарылқаудың жолын табады. Қауымдардан әлгіндей «шайпұл» алғанымда, бірер күн өтпей-ақ, пошта арқылы аса ірі қаржылық көмек немесе басқа бір қауымнан қомақты құрбандық келіп түседі. Сондайда Құдайдың Өзі «жағдайыңды білемін» деп тұрғандай болады.

Бізді қамтамасыз етуде Құдайдың уәдесіне адал екенін талай рет көзім жетті. Бір түнімді де уайымдап, дөңбекшіп өткізген емеспін. Бізге сараңдық танытқан адамдарды аяймын, Құдай жіберген адамдарға лайықты құрмет көрсете алмаған олар алар сыйынан құр қалды.

Ұшақтан қарсы алған сәтінен шығарып салғанға дейін шынайы қонақжайлық танытқан қауымдар да аз емес. Маған мейлінше жағдай жасап, қажетімді қамтамасыз етеді.

Қонақүйдегі бөлмемде жемістер, сусындар, жеңіл тағамдар дайын тұрады. Менің жұмыскерлеріме хабарласып, қандай асты ұнататынымды да біліп алады екен. Кейде бөлмемде қалам, жейде, иіссу секілді сүйкімді сыйлықтар дайын тұрады. Қонақүйдің жақсысына жайғастырады. Мен үшін қосалқы қызметтері бар бөлме жалдайды. Ондайда жол қиындығы сезілмейді, өзімді үйдегідей жайлы сезінемін. Және осы қамқорлықты маған ғана емес, қасымдағы көмекшілеріме де жасайды.

Сахнаға шыққанымда, жиналғандар орындарынан тұрып, ду қол шапалақпен қарсы алады. Олар Құдайдың өздеріне хабаршы жіберіп, Сөзін жеткізгеніне қуанады. Жиналыс үстінде қыбыр еткен жан болмайды, өйткені, бір сөзімді қалт жібергісі келмейді. Құдайдың құзырын аса қадірлейді. Жиналыс бітісімен, біздің миссиямыз ұсынатын кітаптарды сатып алады.

Мұндай қауымдармен айлап-жылдап хат-хабар алысып тұрамыз. «Джон, сен келіп кеткеннен кейін, бағытымыз күрт өзгерді», «Қызметкерлер де, жалпы қауым да қайта түлеп, жаңа деңгейге шықтық» деген сөздерді жиі естимін. Кейде осыдан бір-ақ апта бұрын басқа қауымның бізді көп жолаушының біріндей қабылдағанын есіме алып, ішімнен күліп қоямын. Ол қауымда да сол уағызды айттым, алайда, ондағы нәтиже болмашы, куәліктерін айтып хабарласқан ешкім жоқ.

«Сендерді қабылдаған адамның, Мені қабылдағаны, ал Мені қабылдаған адамның Мені Жібергенді қабылдағаны» деген еді Иса. Сіздің қауымда Исаның Өзі бағушы болса, немесе Ол жексенбілік жиналыстардың біріне келіп, уағыз айтса, Оған қандай қамқорлық жасар едіңіз? Иса жіберген адамдарға көрсеткен құрметіміз – Исаның Өзіне көрсетілген құрмет. Ал Исаны құрметтеген адам Құдай Әкені де құрметтейді.

## Құдайды дәріпте

Құрмет қағидасын есіңізге тағы салайын. «Себебі Мені сыйлағандарды Мен де сыйлаймын, ал Мені менсінбегендер масқара болады» (1 Патша. 2:30). Киелі Кітаптың осы аяты жүрегімізге өшпестей болып, жазылуы керек. Құдайды сыйлағандарды Құдай да сыйлайды. «Мен Құдайды сыйласам, Ол да мені сыйлайды» деп айтыңыз. Осы сөзді, жүрегіңізге терең тамыр жайғанша, қайталап айта беріңіз, назарыңызда ұстаңыз. Құдайды дәріптеу – Оның сыйын өз өміріңе келтіру деген сөз. Не деген ғажап! Осы тақырыптағы тағы бірнеше аятты қарастырайық.

Жаратқанды құрметтеп сыйға бер мал-мүлкіңнен,  
Алған бар өніміңнің алғашқы түсімінен.

– Нақыл сөздер 3:9

Құдайдың Сөзі Жартқан Иені мал-мүлкімізбен де құрметтеуге



шақырады. Киелі Кітаптың кеңейтілген аудармасында бұл аят «Жаратқанды құрметтеп, мал-мүлкіңнен, қаражатыңнан, табысыңнан, бар өніміңнің алғашқы түсімінен сый бер» деп жазылған.

Киелі Кітаптың Жаңа аудармасы былай дейді: «Құдайға қаражат беріп, құрметіңді көрсет». Қаржылық құрбандық – Құдайға деген құрметімізді білдірудің бір жолы. Ал Құдайға қалайша қаражат бере аламыз? Аспан Патшалығында біздің ақша жүрмейді ғой. Бұл сұрақтың жауабы мынау: Құдай жіберген адамдарға қаражат беру арқылы.

Киелі Кітаптағы ондық пен құрбандық мәселесін зерттеп шықсаңыз, олардың не үшін берілетінін көресіз. Сенушілердің ондық беруіне нақты үш себеп бар екен. Біріншіден, Құдайдың қызметкерлерінің қажетін қамтамасыз ету. Және, осы тараудың басында айтқанымыздай, олар екі есе құрметке лайық. Екіншіден, түрлі қызметтердің жұмысын қаржыландыру. Үшіншіден, қауымның жарлыларға, жесірлерге, жетімдерге көрсететін көмегіне үлес қосу.

Осы үш себеп Киелі Кітапта көп айтылады. Сол аяттардың бірнешеуін қарастырайық. Әуелі Пауылдың Қорынт қаласындағы қауымға жазған хатына үңілейік: «Біз жүрекеріңе рухани игілік — Ізгі хабардың тұқымын септік; енді соның «өнімі» ретінде бұ дүниелік игіліктеріңнен қабылдасақ, сол тым көп болар ма еді? Сол сияқты, Иеміз Ізгі хабарды уағыздаушылардың осы қызметтерімен күндерін көруіне әмір еткен» (1 Қорынт. 11, 14). Жаңа Тірі Аудармада бұл аят «Ізгі Хабарды қабылдағандар оны таратушыларға қолдау көрсетсін» деп жазылған. Осындай нұсқау Көне Өсиетте де бар. Діни қызметкерлер мен леуіліктердің үлесі – халық әкелген ондықтар еді. Исраилдың басқа руларындай, Леуі руына жер бөлінген жоқ.

Екінші себепті Пауыл елшінің Філіпіліктерге жазған хатынан табамыз:

Қымбатты філіпіліктер, өздерің де білесіңдер: мен алғаш рет Ізгі хабарды сендерге жеткізіп, содан кейін Македония өлкесінен кеткенімде, маған басқа бір қауым емес, сендер ғана игіліктер жіберіп, Құдайдың жарылқауын қабылдауда ортақтастыңдар. Әлі Салоникада жүргенімде де сендер маған бірнеше рет қажетімді жеткізіп тұрдыңдар. Сендер жібергендердің бәрін де алдым, енді артығымен жетіп жатыр. Епафродит сәлемдемелеріңді әкеліп бергелі қажетті нәрселерім ағыл-тегіл. Олар — Құдай ұнатып қабылдайтын хош

иісті тартулар мен құрбандық іспетті.

– Філіпіліктерге. 4:15, 16, 18

Өзіңіз көріп тұрғандай, қаржылық көмектің арқасында Пауыл елші Құдайдың аманатын орындай алды. Ашығын айтсақ, қоғамға қызмет ету үшін көп қаражат керек. Пауыл «қажет нәрселерім ағыл-тегіл мол» дейді. Қаржылай көмек беру арқылы філіпіліктер Пауылдың қызметтегі серіктесіне айналды.

Үшінші себеп жайлы Көне Өсиетте жазылған. «...үшінші жыл — өнімнің арнайы он бөлігінің бірін беретін жыл. Сондықтан сол жылы өніміңнің он бөлігінің бірін бөліп қойып, оны леуіліктерге, жат жұрттықтар мен жетім-жесірлерге беріңдер. Елді мекендеріңде тұрып жатқан олар да соны жеп тойынсын» (Заңды қайталау 26:12). Осы қағиданы Исаның елшілері де бекітті: «Олар бізден тек қана мұқтаж сенушілерге көмектесуді ұмытпауымызды өтінді. Ал мен дәл осыны істеуге зор ынтамен ұмтылып келемін» (Ғалаттарға. 2:10).

Мұқтаж сенушілер санатына келімсектер, жетімдер, жесірлер кіреді. Таныстарымыздың арасында ондай адамдардың болмауы да мүмкін. Олай болса, біздің қаржылай көмегімізді оларға қауым қызметкерлері жеткізеді.

Жоғарыда айтқанымыздай, Құдай тағайындаған адамдарға құрбандық беру арқылы Жаратқан Иемізді дәріптейміз. Қызметтің жұмысын қаржыландырудан бас тартқан адамдар, шын мәнінде, Құдайға құрмет көрсетуден бас тартып жүр. Жүректеріне ақиқат тұқымын сепкен жетекшілеріне ондығы мен құрбандығын қимай жүрген сенушілер қаншама? Қызметкерлерге көңілі толмай, «Осылар құрбандық жайлы айтпаса, уағыздай алмай ма? Кейінгі кезде онсыз да қаражат жағынан қиналып жүрмін» деп күңкілдейтіндер ше? Әлде, қаражат тапшылығының себебі де – осындай сөздері ме? Мұндай адамдар, сайып келгенде, Құдайдан гөрі өздерін көбірек дәріптейді.

Әлемнің Иесі енді мынаны айтады: «Істеген іс-әрекеттеріңден қойып, ойланып алыңдар! Сендер көп еккенмен аз жинайсыңдар, тамақ жегенмен қарындарың тоймайды, сусын ішкенмен шөлдерің қанбайды, киім кигенмен жылынбайсыңдар, жалақы алғанмен оларың тесік қалтаға кетіп жатқандай болады». Сол себепті Әлемнің Иесі тағы

мынаны айтады: «Істейтін іс-әрекеттеріңе ден қойып, ойланып алыңдар! Тауға шығып, бөренелер тасып әкеліп, киелі үйді қайтадан салыңдар! Осылайша Мен риза болып, атақ-даңқым жайылады, — деп бұйырады Жаратқан Ие.

– Хаққай. 1:5-9

Анық айтылған сөз. Киелі Кітапта есімдері аталған сенушілердің қаражатқа деген көзқарасы тапшылық көріп жүрген бүгінгі сенушілердікіндей болмағанына шүкір деймін. Илияс пайғамбардың заманында болған ашаршылықта талай адам көз жұмды. Ал құрмет қағидасын ұстанған Сарепталық жесір сол қиын кезеңнен аман шықты. Баласы екуінің бір ішерлік асы қалған еді. Содан кейінгісі – аштық пен өлім. Жесір әйелдің үйінің жанына келген пайғамбар «пісірген наныңнан әуелі маған бер» деді. Осындай оқиға қазіргі заманда болса, қауымдар да, бұқаралық ақпарат құралдары да пайғамбардың соңына түсіп қудалайтын еді. «Аштан өлгелі жүрген жесірдің наны тамағыңнан қалай ғана өтті? Қайта, сол әйелге тамақ тауып беруің керек еді!» деген сын айтылатын еді. Алайда, сол әйелдің Құдай жіберген адамның қажетін өтеуі – Құдайдың Өзіне көрсеткен құрметі екенін білетін пайғамбар жесірдің нанын жеуді ұятқа санаған жоқ. Өзі жеуден бұрын, асын пайғамбарға ұсынған жесір сол ісімен Құдайдың бәрінен үстем екенін паш етті. Құдай әйелдің құрбандығы мен дәріптеуін қабыл алды да, пайғамбардың аузымен айтқан уәдесін орындады. «Жаратқан Ие Илияс арқылы уәде еткендей, кеспектегі ұн мен құмырадағы май таусылмады» (3 Патш. 17 қараңыз).

Құдай жіберген адамдарға ондығы мен құрбандығын беруге қимай жүрген адамдар өзіне-өзі зиян келтіреді, өйткені Құдайды дәріптемейді. Құдай былай дейді:

Әлде адамның Құдайдан ұрлауына бола ма? Алайда сендер Менен ұрлайсыңдар! «Сенен қалайша ұрлайды екенбіз?» деп сұрасаңдар, жауабым мынау: Өнімнің он бөлігінің бірін және өзге де тиесілі сый-тартуларды бермеулерің арқылы!

– Малахи. 3:8

Екінің бірін таңдауға мәжбүр болсам, Құдайды тонағаннан, банк тонағанды жөн көрер едім. Неге дейсіз ғой? Өйткені, Құдайды

қастерлеймін. Және бұл сезім – қорқыныштан басым. Дегенмен, Жаратқан Ие «сендер Менен ұрлайсыңдар!» дейді. «Менің қызметкерлерімді тонап жүрсіңдер!» демейді. Жоқ, ондығымыз бен сый-тартуымызды қызметкерлерге бермей, ұстап қалғанымызда, Құдайдың Өзін тонаймыз. Әрі қарай Құдай былай дейді: «Киелі үйімде әрдайым тамақ болуы үшін қоймама өнімнің он бөлігінің бірін толықтай алып келіңдер! Менің не істейтінімді осы арқылы сынап көріңдер! — деп ұсынады Әлемнің Иесі. — Сонда Менің аспаннан мол жауын-шашын жаудырып, сендерді жарылқауымның ағыл-тегіл болатыны соншама, оның бәрін жайғастыратын орындарыңның да болмай қалғанын көресіңдер!» (Малахи. 3:10). «Жарылқаудың мол болатыны сонша, жайғастыратын орындарың болмай қалады» дейді Жаратқан Ие. Құдайдың жарылқауын бір жерге не бір ыдысқа сыйғызу мүмкін емес. Кейбір уағыздардан «Құдайдың қаржылай не мүліктік жарылқауы мол болатыны сонша, сыйғыза алмай қаламыз» дегенді естіп жүрмін. Бұл пікірмен келіспеймін. Ақшаны, қанша мол болса да, әйтеуір, бір жерге сыйғызуға болады. Дүниедегі бар ақшаны бір жерге жинасақ та, сыйғыза аламыз. Олай болса, «Жайғастыратын орындарың болмай қалады» дегенде, Құдай нені айтады? Бұл сұрақтың жауабын Нақыл сөздер кітабынан табамыз:

Жаратқанды құрметтеп сыйға бер мал-мүлкіңнен,  
Алған бар өніміңнің алғашқы түсімінен.  
Сонда астыққа кенелер қамбаларың,  
Ернеулеп толар шырынға ыдыстарың.

– Нақыл сөздер 3:9, 10

Қамба дегеніміз – сақтау орны, қойма. Банктегі есепшотымыз, сандықтарымыз, жанармай құятын бақ, көлікжай, осының барлығы – қамба. Яғни, сыятын заттың бәрін сақтайтын жеріміз. Қамбаларға қаражат пен мүлікті жайғастырамыз. Олай болса, қай жарылқауды «жайғастыратын орын таппай қаламыз»? «Ернеулеп толар шырынға ыдыстарың» дейді 10-шы аят. Киелі Кітаптың басқа аудармаларында «Ернеулеп толар» деген сөздің орнында «асып төгілер» деп жазылған. Жүзім шырыны үлкен ыдыстарда сақталып, тұра-тұра шарапқа айналады. Ал жаңа шарап деп Киелі Кітапта нені айтады? Бұл – Киелі Рухтың жаңа лебі. Сонымен, Құдай тағайындаған адамдарға құрбандық беру арқылы

Жаратқанды дәріптесек, Киелі Рухқа жаңадан кенеліп, толық сыйымызды алады екенбіз! Сыйлық деп, осыны айт!

Жетекшілеріне деген құрметін қаржы арқылы көрсете білген сенушілердің мол жарылқауға ие болып, қомақты істер атқаруға әлауқатының жеткенін талай рет көрдім. Ең маңыздысы, олар Құдайдың құзырына молынан кенеліп жүреді. Құдайдың Өзі уәде еткен игілік осы емес пе? Ал қызметкерге лайық құрмет көрсетілмеген жерде Құдайдың құзыры соншалық анық сезіле қоймайды. Оған себеп – сенушілердің сараңдығы. Алайда, олар сараңдықтан арылысымен, Киелі Рух қауымды толтыра бастайды.

Осы ақиқатты назарыңызда ұстай отырып, Киелі Кітапты толық оқып шықсаңыз, құрбандық мол жерлерде кереметтер де мол болғанын, Құдайдың құзыры, құтқарылу, азаттық келгенін байқайсыз. Жомарт сенушінің өмірінің әр саласына көркею келеді. Құдайдың жарылқауын ешкім де сатып ала алмайды, дегенмен, бұл – Құдайдың рақымымен тығыз байланысты рухани заң. Пауыл елшінің Македониядағы қауым туралы жазғанын оқып көріңіз: «Ал енді, қымбатты бауырластар, сендерді Құдайдың Македониядағы қауымдарға рақымын төккені туралы да хабардар еткіміз келеді. Бастарынан өтіп жатқан ауыртпалықтар арқылы сенімдері қатты сыналғанмен, (Иемізге деген) қуаныштары шексіз болды. Осылайша олар ағыл-тегіл мол беріп, өздерінің тақыр кедейліктеріне қарамастан жомарттық көрсетті. Олардың қолдарынан келгенше, тіпті мүмкіндіктерінен де артық кеңпейілділік танытқандарына мен куәмін...» (2 Қорынт. 8:1-3). Олардың жомарттығын Пауыл Құдай рақымының жемісі деп санайды. Оларды асқан кеңпейілділік танытуға қабілетті еткен – Құдайдың рақымы ғана. Құдайдың рақымын сатып ала алмаймыз, Құдайға ақша беріп, ұнамды болу да мүмкін емес. Дегенмен, Құдайдың Сөзін бұлжытпай орындағанымыз – Көктегі Әкеміздің көңілінен шығатынын білеміз. Құдайдың қызметкерлеріне екі есе құрмет көрсеткенімізде, Әкенің бізді молынан жарылқауына мүмкіндік береміз. Ал жарылқаудың ішіне Құдайдың рақымы да кіреді.



## 12-ші ТАРАУ

# Теңімізді сыйлау

Кім сендерді қабылдаса, соның Мені қабылдағаны. Ал кім Мені қабылдаса, оның Мені Жібергенді де қабылдағаны. Бір пайғамбарды Құдайдың хабаршысы болғандықтан қабылдағандар сол пайғамбар алатын сыйға ие болады, әрі әділ кісіні әділ болғаны үшін қабылдағандар соның алатынындай сыйды иемденеді. Сендерге шындығын айтайын: атақ-шені жоқ осылардың біреуіне Менің шәкіртім болғаны үшін ең болмағанда бір тостаған салқын су берген әркім сол үшін алатын сыйынан құр қалмайды!

– Матай. 10:40-42

**Ө**зімізбен бір сатыда тұрған адамдар жайлы айтатын уақыт келді. Біз оларға жетекші емеспіз, олар да біздің қарамағымызда емес. Бұл адамдар жөнінде Иса «әділ кісіні әділ болғаны үшін қабылдағандар соның алатынындай сыйды иемденеді» дейді.

### Екі есе сый

Өзімізбен тең адамды құрметтеудің маңызын көрсететін бір мысал келтірейін. Жыл сайын отбасымды алып, саяхатқа шығамын. Лиза екеуіміз Құдайдың Сөзін уағыздау үшін өз елімізде де, шет елдерге де жиі сапар шегеміз. Балаларымыз бізге сол үшін реніш білдірген емес. Қызметіміздің маңыздылығын түсініп, бізге, қолдарынан келгенше,

қолдау көрсетеді. Жыл соңында ұлдарымызға сыйлық ретінде бәріміз бірге саяхатқа шығамыз. Балаларымыз үшін бұл бір тамаша уақыт, өйткені, Лиза екеуіміздің көңіліміз телефонға да, электронды поштаға да бөлінбейді. Саяхат кезінде ешқайсымыз компьютерді қолымызға алмаймыз, жұмыс жайлы айтпаймыз. Бір апта бойы көңіліміз тек балаларымызда. Солай деп алдын-ала келіскенбіз.

Бірнеше жыл бұрын сондай саяхаттан қайтып келіп, миссиямыздың менеджеріне телефон соқтым да, өте жайсыз хабар естідім. Біз жоқта жұмыскерлеріміздің бірі басқа миссияға ауысып кетіпті. Оны шақырып, жұмысқа алған – өзім танитын бір бағушы. Аталған жұмыскеріміздің атқарып жүрген қызметі миссия үшін өте маңызды болатын. Ол біздің кітаптарымызды басқа тілдерге аударуды ұйымдастыратын. Шет елдердегі баспашылармен келіссөз жүргізіп, кітаптарымызды дүние жүзіне таратудағы үлесі зор еді. Бұл – едәуір білім мен арнайы дайындықты қажет ететін жұмыс. Әр елдегі баспашылармен танысып, олармен қарым-қатынас орнату, түсінісу бірталай уақыт алады.

Жұмыскеріміздің кетіп қалғаны жөніндегі хабар ауыр тиді. Әлгі бағушыдан көңілім қалды. Оған деген ызамен күресіп әлек болдым. Жұмыскерімді тоғыз ай бойы баулып, жұмыстың қыр-сырын үйреткен едім. Танысым болса, маған хабарласып, келісімімді алуды да жөн көрмеді. Маңызды жұмыскеріміздің кетуінің біздің миссияға әсері қандай боларын ойлағысы да келмегені ғой. Құдайды танымайтын адам болса, бір жөн. Басқа миссияда жұмыс істеп жүрген адамды, басшысына ләм-мим деместен, өз қызметіне алып кету – мәсіхшіге лайық іс емес. Оның үстіне, сол бағушы – өзімнің досым.

Екі күн бойы мінәжатта ашу-ызаммен арпалыстым. Әлгі жұмыскерімнің орнына кімді аламын, жаңа маманды қайдан табамын? Басқа адамды үйретуге тағы да уақыт керек. Досым туралы санама келе берген жаман ойлар да мазамды алды. Оның неге бұлай істегенін түсінгім келеді, бірақ, түсіне алар емеспін. Мұндай қадамға қалай ғана барды екен? Екі-үш күн өткенде, Құдай маған «Балам, сол досыңа жаңа сағатыңды сыйлауың керек» деді.

Ямайкаға барғанымда, сағат сатып алған болатынмын. «Citizen» маркасының күннен қуат алатын өте әдемі сағаты, өзі су жаңа. Сағатымды жаңартпағаныма бірнеше жыл болған, жаңа сағатыма қарап, сүйсініп жүрген едім.

Құдай жүрегіме сөйлеген соң, Иемнің тапсырмасындағы асқан



даналығын ұға қойдым. Жүрегіме еніп кеткен ащы сезімнен, санамды баурап алған мазасыз ойлардан арылуыма мүмкіндік туды. Ыза-кектің жетегінде кетсем, Құдаймен де, адаммен де қарым-қатынасым бұзылатын еді, Көктегі Әкем мені содан сақтады. Әлгі досыма құрмет көрсетіп, жүрегімді ызаның уытынан тазартып алуға мүмкіндік берді. Осыны түсінгенімде, көңілім жай тапты. Екі ұлының да қамын бірдей ойлаған Көктегі Әкемнің даналығына қайран қалдым. Құдайдың қалауын қабыл алдым, сол сәт көңілімдегі ащы сезімнен азат болдым. Сенімдегі бауырыма құнды затымды сыйлай алатыныма қуандым.

Ертеңіне досыма қоңырау соқтым. Көңілімде еш қаяу болмағандықтан, емін-еркін сөйлесе алдым. Біраз әңгімелескеннен кейін, жіберген қатесі туралы да айттым. Ол әуелі өзін ақтап алуға тырысты, ақыры, қатесін мойындады. Бұл қадамын жан-жақты ойластырмапты. Құдай менің жүрегімді ауыр сезімнен азат етпегенде, әңгіме тіпті басқаша болар еді. Ашуымды тежей алмайтын едім, сонда не боларын бір Құдай біледі. Жанжалдың салдары қандай болары белгісіз.

Осы тұста маңызды бір нәрсені айта кетуіміз керек: әлденеге қарсылық білдірер болсаңыз, әуелі жүрегіңізді тексеріп алыңыз. Біреудің қатесін әшкерелейтін болсаңыз, ең алдымен сүйіспеншілік керек. Біреудің қатесін түзетудегі ниетіңіз қандай, соны тексеріп алыңыз. Көздегеніңіз – жеке басыңыздың мүддесі ме, басқа адамның пайдасы ма? Досымның қатесі туралы айтқанымда, әр сөзім сүйіспеншілікке толы болды, сондықтан, ол да ескертуімді дұрыс қабылдай алды. Әңгіменің соңында досымның кеңсесіне кіріп шықпақ екенімді айттым, ол келісті. Кездесу уақытын белгіледік.

Ол менің неге келгенімді білуге асықты. Сағатымды сыйламақ екенімді айттым. «Джон, – деді ол қайран қалып. Сағатым жоқ, сағат керек болып жүр еді». Бұл сөзді естіп, қатты қуандым. Сағатты қорабынан шығарып, қолына ұстаттым. Бауы қысқалау екен. Оның білегі менікінен жуандау. Сағатты сатып алғанымда, бауын өз қолыма шақтап, қысқартқам. Компанияға тапсырыс беріп, жаңа бау алдыртам деп едім, досым келіспеді.

Сол күннен бастап, достығымыз беки түсті. Бірімізді-біріміз өте қадірлейміз. Досымның мен сыйлаған сағатты тағып жүргенін ойласам, қуанамын. Қолындағы сағатты көргенімде, бұрынғыдан бетер сүйсінемін. Өзімнің бұрынғы жұмыскерімнің де лауазымы жоғарылап, жаңа табыстарға жеткеніне қуанамын. Онымен бірнеше рет кездескенім де бар.

Дегенмен, сол жұмыскердің орнына басқа маман керек еді. Құдай

бізді қамтамасыз ететінін білемін, сондықтан, жарылқаудың келуін күтіп жүрдім. Арада бірнеше апта өтті. Менеджер жұмысқа Дарси атты әйелді қабылдады. Бұл жұмыскеріміз өте алғыр да ынталы адам болып шықты. Құдайдың Сөзін әлемге таратуда соншалық ынта-жігер танытқан адамдар кемде-кем. Дарси, келе сала, жұмысқа білек сыбанып кірісіп кетті. Бұл жұмысты атқарған басқа мамандар менен нұсқау күтіп отыратын. Дарси болса, мінәжат етті де, баспашылармен келіссөз жүргізуге кірісті.

Бұрынғы жұмыскеріміз қомақты жұмыс атқарды. Ол келмей тұрғанда, кітаптарымыз он сегіз тілге аударылған еді. Тоғыз айдың ішінде шет тілдер санын жиырма үшке жеткізді. Дарси келгеннен кейін, тоғыз айдың ішінде кітаптарымыз қырық тілге аударылатын болды! Иә, дәл солай. Бұрынғы жұмыскер тоғыз айда кітаптардың аударылу аясын бес тілге кеңейтсе, Дарси дәл сондай мерзімде одан үш есе көп жұмыс тындырды, он жеті жаңа тіл қосты. Дарсидің өміріндегі Құдайдың рақымына бола, бүгінгі таңда кітаптарымыз қырық бес тілге аударылып жүр.

Бұрынғы жұмыскерімді өз ұйымына алып кеткен бағушыға көрсеткен құрметімнің нәтижесі осындай болды. Өз сыйымызды біз де алдық: Құдайдың Сөзі бұрынғыдан әлдеқайда көп адамды қамтитын болды. Дарсидің жетістіктерінің бірі – Ізгі Хабарға рұқсат бермейтін, жабық елдердегі Құдайдың қызметкерлеріне кітаптарымыздың ондаған мың данасын жеткіздік. Қай елдер екенін айта алмаймын, өйткені, сондағы сенушілерге қауіп төндіргім келмейді. Құдайдың Сөзін неғұрлым көп адамға жеткізуден асқан қуаныш жоқ. Дегенмен, Құдайдың маған дайындап қойған тағы бір сыйы бар екен. Бірнеше ай бұрын басқа қалада уағыз айтқан болатынмын. Жиналыстан кейін сол қауымның бағушысымен бірге түстенетін болдық. Бір сенуші кәсіпкер бізбен бірге баратын болды. Ас алдында қол жуып тұрып, «Джон, қандай сағат таққың келеді?» деп сұрады.

Қапелімде не дерімді білмей қалдым. Кібіртіктеп барып, «Соны білмей-ақ қойғаның дұрыс-ау» дедім. «Жоқ, білуім керек, — деп, ол да қайтпады. Джон, қандай сағат таққың келеді?» Айтқызбай қоймайтынын түсіндім де, «Бірнеше жылдан бері армандап жүргенім – Брайтлинг» деп шынымды айттым. «Брайтлинг» атты сағат маркасын «Бентли Мотор» компаниясынан бөлініп шыққан кәсіпорын шығарады. Бұл – өте қымбат сағат, және оны табу да оңай емес, өзі әр қалада сатыла бермейді. «Брайтлинг» сағатын алғаш рет біреудің қолынан кездейсоқ байқап қалып, дизайнын қатты ұнатып қалған едім. Сағат әу баста ұшақ пилоттарына арналып жасалған. Ұшақпен ұшқанды жақсы

көргеніммен, пилот емеспін. Алайда, «Брайтлингке» тәнті болып жүргем. Ірі қалалардың бірінде осы сағатты сататын дүкен бар екен. Сағаттың бағасын көргенімде, мұндай қаражатты шығындамай-ақ қояйын дедім. Сөйтіп, «Брайтлинг» арман болып қала берген.

Менің жауабымды естігенде, кәсіпкер жеңін қайырды да, қолынан жақында алынған «Брайтлинг» сағатын шешіп алды. «Navitimer» деген хронографы бар, соңғы моделі екен. Сағатты менің қолыма тақты да, «Джон, сен уағыз айтып тұрғанда, Құдай жүрегіме сөйлеп, осы сағатты саған бергенімді қалайтынын айтты» деді. Не дерімді білмей, үнсіз тұрмын. Мына жігітке Құдай айтпаса, менің қандай сағат армандап жүргенімді білуі мүмкін бе? Жаратқан Ием маған тамаша тосынсый дайындап қойған екен. Авиация стиліндегі сағаттың соңғы нұсқасы. Әлгі кәсіпкердің қолында дәл осы сағаттың болуы кездейсоқтық па?

Құдайдың жасаған кереметіне таң қалып, біраз тұрдым. Есімді жиғаннан кейін, бірнеше ай бұрын таныс бағушыға сағатымды сыйлап, құрмет көрсеткенім ойыма келді. Құдайдың «Мені сыйлағандарды Мен де сыйлаймын» деген уәдесі өмірімде дәлме-дәл орындалғанын сонда ұқтым (1 Патша. 2:30). «Джон, сен құрметіңді Құдайға емес, бағушыға көрсеттің ғой» дейтін боларсыз. «Кім Менің қызметкерімді құрметтесе, соның Мені құрметтегені. Ал кім Мені құрметтесе, оның Мені Жібергенді де құрметтегені» деген еді Иса (Матай. 10:40, парафраз автордыкі).

Қолымдағы сағатыма көзім түскен сайын, Көктегі Әкемнің тамаша сыйын көремін. Сағатымды дүкенге барып, өзім сатып алсам, мұндай ыстық болмас еді. Әлгі адам сағатын маған жай ғана сыйлай салса да, жаныма осыншалық қымбат болмас еді. Мәселе сағаттың өзінде емес, бұл сыйлықтың артында тұрған оқиғада, Құдай ашқан құпияда. Жаратқан Иенің қызметкерлеріне құрмет көрсеткен әркім Әкенің толық сыйын алады.

## **Киелі Рухтан келетін сүйіспеншілік**

Құрмет дегеніміз – жүректен шыққан сүйіспеншілік екеніне көзіңіз жеткен болар. Шартсыз, шынайы сүйіспеншілік Құдайды қастерлейтін адамнан ғана табылады. Құдайдың Сөзі былай дейді:

Сүйіспеншіліктерің адал болуы керек. Жамандықты жек көріп, жақсылықты берік ұстаныңдар. Бір-біріңді бауырлардай сүйіп, өз бастарыңнан артық сыйлаңдар.

– Римдіктерге. 12:9, 10

Осы екі аятта терең мағына жатыр. Біріншіден, шынайы сүйіспеншілікте екіжүзділік болмайды. «Екіжүзділік» сөзінің мағынасы – «шынайы ниетіңді немесе мінез-құлқыңды жасыру» (Вебстер сөздігі, 1828 ж.). Әлдебір адам сырт көзге сізді сыйлайтындай көрінгенімен, ішінен сізді көре алмай, сынап-мінеп жүреді делік. Америка Құрама Штаттарының оңтүстік өңірлеріндегі салт-дәстүр адамдарда екіжүзді мінез қалыптастырады. Оңтүстіктік халқының қонақжайлығы, ондағы адамдардың сыпайылығы жайлы бәріміз де естіген болармыз. Алайда, осынау биязы мінездері – шынайы болмысы емес, дәстүр талабы болса ше?

Осыдан көп жыл бұрын Оңтістік өңір тұрғындарымен араласқаным бар. Олар адамды сыртынан жамандайды да, кездескен жерде сый-құрмет көрсете қалады. Америка Құрама Штаттарының өзге өңірлеріндегі тұрғындар болса, мүлде басқа. Олар ойындағысын бүкпесіз, тіке айтады, өтірік күлімсіреу – олардың әдеті емес. Бірде солтүстік тұрғыны мені үйінен қуып шыққан. Олар сізді ұнатпаса, ұнатпайтынын бетіңізге айтып салады. Балаларын жалған сыпайылыққа баулымайды, қайта айналадағы шындықты сол қалпында көруді үйретеді.

Екіжүзділік бар жерде шынайы құрмет болмайды. Жалған құрмет – өтіріктің бір түрі, ол үшін Құдайдан сый алам деп дәмеленудің керегі жоқ.

«Сүйіспеншіліктерің адал болуы керек. Жамандықты жек көріп, жақсылықты берік ұстаныңдар» дейді Пауыл елші. Құдайды қастерлеу дегеніміз – осы: жамандықты жек көріп, жақсылықты берік ұстану.

Жаратқанды қастерлеп, мойынсұну,  
Бұл — жамандық атаулыны жек көру.

– Нақыл сөздер 8:13

Сонымен, Құдайды қастерлейтін адам өтіріктен, жасандылықтан, екіжүзділіктен бойын аулақ ұстайды. Бұл жайында Киелі Жазба не дейтінін көрейік. «Жасаған Ие мынаны айтады: «Бұл халық тек ауызбен алдыма келіп, Мені сөздерімен ғана сыйлайды, ал жүректері Менен тым алшақ. Адам баласы шығарған ережелерді үйретіп, жаттанды дәстүрлерімен Мені құрметтегенсиді, ал солары бекершілік!» (Ишая. 29:13, ағылшыннан аударма).

Жаттау дегеніміз «әлдебір сөздерді не іс-әрекетті мән-мағынасына

үңілмей, қайталай беру». «Халық тек ауызбен алдыма келіп, Мені сөздерімен ғана сыйлайды, ал жүректері Менен тым алшақ» дейді Жаратқан Ие. Жалған, жасанды сый-сыяпат пен шынайы құрмет – бір емес. Құдайды шын жүрегімен қастерлемейтін адамдардың Жаратқан Иенің алдына келуі – жай ғана, үйреншікті, әдет болып кеткен бір нәрсе.

Мұндайды сенушілердің арасынан да жиі байқаймын. Сыпайы болуды әдетке айналдырып, шынай болудан алшақтап кеттік.

Осы тұста бір мысал келтірейін. Стив жиналысқа асығып барады. Бүгін үйінен бес минут кеш шықты, жиналысқа уақытылы жетуі керек. Адам толы көшемен асығыс басып келе жатыр. Кенет анадайдан өзіне қарсы келе жатқан қауымдағы бауыры Джимді көзі шалды. «Мынау Джим ғой. Қап! Мені көрмесе екен. Онымен сөйлесіп тұруға уақытым да, зауқым да жоқ» деп ойлады Стив.

Кенет екеуінің көзі түйісіп қалды. Джим бауырымен сәлемдеспек болып, жолдың бергі жағына өте бастады. Енді Стив тоқтап, Джиммен амандасуы керек. Өз жөнімен кете бергені дөрекі көрінер еді. Ол Джимге қарай бірнеше қадам жасап, асығыс болғандықтан, бірінші болып, сәлемдесті. «Джим, Құдайға шүкір, сені көргеніме қуаныштымын».

Джим сәлемдесіп, Стивтің жағдайын сұрады.

Стив «Бәрі жақсы. Қазір жиналысқа асығып тұрмын, кейінірек хабарласармын, асықпай сөйлесерміз» деді. Сөйтіп, әрқайсысы өз жөніне кетті.

Стив пен Джимнің арасында болған осы қысқа әңгімені талдайық. Біріншіден, Стив «Құдайға шүкір, сені көргеніме қуаныштымын» деді. Сол сәтте Стив Құдайды ойына да алған жоқ, бұл – жай ғана әдет болып кеткен сөзі. Таныс мәсіхшіні көргенде, сенімі мен қуанышын көрсету үшін айтылатын сөз. Екіншіден, Джимді көргеніне мүлде қуанып тұрған жоқ. Жаңа ғана Джим мені байқамай өтіп кете ме деп үміттенген еді ғой. Демек, Стив бірінші сөйлемнен-ақ айлаға салып, жалған сөйлеп тұр. Онысына қысылып та тұрған жоқ.

Сөз соңында «кейінірек хабарласармын, сонда асықпай сөйлесеміз ғой» деді. Джимге қоңырау шалмақ ниеті де, онымен кездесіп, асықпай сөйлеспек ниеті де жоқ. Ыңғайсыз жағдайдан шығудың амалы ғана, ал сайып келгенде, тағы бір өтірік.

Стив осы өтіріктің барлығын әдейі айтты ма? Жоқ. Киелі Рухтың әшкерелеуін неге сезінбейді? Құдайды шын жүрегімен қастерлемейтін

## 152 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

адам жалған сүйіспеншілік пен жалған сыпайылықты үйренеді. Бұл бір жаттанды болып қалған өмірлік стиль. Бір қарағанда ізеттілік, сыпайылық болып көрінгенмен, үңіле қалсақ, оның бірі де жоқ.

Құдайды қастерлейтін адам Көктегі Әкеміздің әрбір ойымызды, ниетімізді білетінін, әр сөзімізді еститінін есінде ұстайды. Киелі Кітапта «Сендерге шын айтамын: адамдар өздері айтқан әрбір бос сөзі үшін қиямет сотында жауап береді» деп жазылған (Матай. 12:36, ағылшыннан аударма).

Келіңдер, балалар, тыңдаңдар сөзімді,  
Үйретемін сендерге Иемізді қастерлеуді.  
...жаман сөз ауыздарыңнан шығармаңдар,  
Өтірік айтудан да әрқашан сақтаныңдар!  
Жамандықтан бас тартып, жақсылықты жасаңдар,  
Татулыққа ұмтылып, сол үшін күш салыңдар!

– Забур. 33:12, 14, 15

Құдайды қастерлеп, жасандылықтан жиренсек, шынай сүйіспеншілікке сонда ғана жете аламыз!

### Өзіңді басқалардан артық көру

«Бір-біріңді бауырлардай сүйіп, өз бастарыңнан артық сыйлаңдар» дейді Пауыл елші (Римдіктерге. 12:10). Ізетті адам басқаларды сыйлай біледі, қадірлейді. Бұл жайында Пауыл елші басқа хатында былай деп жазған:

Мәсіхпен байланыстарың сендерді жігерлендіріп, Оның сүйіспеншілігі көңілдеріңді жұбатқандықтан және өздерің Киелі Рухпен қатынаста жүріп, қайырымды да жанашыр болғандықтан, пікірлес, бір-біріңді тең сүйетін, ынтымақтас әрі ниеттес болыңдар. Осылай мені қуанышқа кенелтсеңдер екен. Жеке басының абырой-атағын ойлайтын менмен емес, кішіпейіл болып, басқаларды өздеріңнен жоғары қойыңдар! Әрқайсың өз мүдделеріңді ғана емес, басқалардікін де ойлап жүріңдер! Иса Мәсіхтің мінез-құлқы сендердікі де болсын...

– Філіпіліктерге. 2:1-5

«...басқаларды өздеріңнен жоғары қойыңдар!» деген сөздің мағынасы – айналадағы адамдарды құрметтеу. Бұл жөнінде үнемі мінәжат етіп, құрмет қағидасын назарымызда ұстағанымыз жөн. Менмен, тәкаппар болмай, мардымсымай, кішіпейіл болуды үйренсек, ізетті болсақ, өмірімізге көп жарылқау келеді. «Иса Мәсіхтің мінез-құлқы сендердікі де болсын» деген сөзге ерекше назар аударайық.

Сенім жолындағы алғашқы жалдарым болатын. Бірде Құдай жүрегіме сөйлеп, былай деді: «Джон, Мен сені Өзімнен артық көремін, соны білесің бе?» Шексіз құдірет Иесі, ғаламды жаратқан Құдай маған осындай сөз айтуы мүмкін бе? Жүрегіме менмендік ұялатпақ болған дұшпанның сөзі екен деп қалдым. «Менен аулақ кет, әзәзіл! Маған тұзақ құрып жатырсың» демек болдым. Алайда, естігенім – шайтанның сөзі емес, Исаның даусы екенін жүрегім сезеді. Дегенмен, анық-қанығын тексеріп, көзімді жеткізуім керек. Киелі Кітапта «Сүйікті бауырларым, кез келген рухтарға сене бермеңдер, олар Құдайдан келген бе, жоқ па — алдымен соны анықтаңдар!» деп жазылған ғой (1 Жохан. 4:1). Аз ойланып барып, «Құдайым, Жаңа Өсиеттен үш куәлік берсең ғана, бұл сөзге сене аламын» дедім.

Даусым дірілдеп, әрең шықса да, ниетім дұрыс екенін білемін.

Құдай өтінішімді қабыл алды. Шындығында, Көктегі Әкем сұрағыма риза болған еді. Сол сәт «Філіпіліктерге арналған хаттың 2-ші тарауы, 3-ші аяты не дейді?» деп сұрады. Бұл аятты жатқа білемін, «Жеке басының абырой-атағын ойлайтын менмен емес, кішіпейіл болып, басқаларды өздеріңнен жоғары қойыңдар!» деп жауап бердім.

«Бірінші куәлік – осы» деді Иса.

«Иса, Пауылдың айтқаны басқа еді ғой. Ол сенушілерге бірін-бірі өздерінен жоғары қоюы керек екенін айтты. Сенің маған деген көзқарасың туралы айтқан жоқ» дедім, келіспей.

«Өзім істемейтін нәрсені балаларыма істеңдер демеймін!» деді Құдай.

Қатемді мойындадым.

«Бұл көптеген отбасыларда болатын мәселе ғой. Ересектер балалардан өздері орындамайтын нәрселерді талап етеді. Ата-аналар өзара жанжалдасып жүріп, балаларына тату болыңдар дейді. Мен олай істемеймін».

Осы сөз де жеткілікті еді, дегенмен, қыңырлыққа салып, «Тағы екі куәлік керек» дедім.

«Айқыш ағашта жан тапсырған кім, сен бе, Мен бе?» деді Иса.  
Бұл жолы үн қата алмадым.

«Сен күнәнің құлдығынан босатылып, әділ өмір сүре алуың үшін Мен айқыш ағашта күнәларыңның айыбын Өз денемде көтеріп тұрдым. Осылай Менің жараларым арқылы (рухани дертіңнен) сауықтың. Осындай қадамға сені Өзімнен артық көргендігімнен бардым» деді Иса.

– 1 Петір. 2:24

Шынымен де, маған сөйлеген – басқа біреу емес, Құдай екеніне көзім жетті. Иемнің мені Өзінен артық көргені рас екен. Олай болмағанда, маған кесілген жазаны Өзіне алмайтын еді, менің орныма айқышқа бармас еді. Үшінші күәліктің де көп кешікпейтінін білдім. Жүрегіме «Бір-біріңді бауырлардай сүйіп, өз бастарыңнан артық сыйлаңдар» деген сөз келді (Римдіктерге. 12:10). «Мен – көптеген бауырластарымның арасындағы тұңғышымын, бауырларымды сүйіп, Өз басымнан артық сыйлаймын» деп қосты Иса (Римдіктерге. 8:29). Бұл сөз маған ғана емес, бәрімізге қатысты, әрине. Құтқарушымыз әрқайсымызды Өзінен артық көреді. Құдайдың сүйіспеншілігінің мәні осыда. «Джон, Ол— Иса ғой, ал біз болсақ, олай сүйе алмаймыз» дерсіз. Сүйе аламыз. Өйткені, «...бізге сыйлаған Киелі Рухы арқылы Құдай жүрегімізді Өзінің сүйіспеншілігіне кенелтті» (Римдіктерге. 5:5). Пауыл елші былай дейді:

Мен Мәсіхпен тығыз байланыстағы адам ретінде жалған емес, шындығын айтып отырмын, Киелі Рухқа бағынған ар-ұжданым бұған күә: қасіретім зор, жүрегім үздіксіз сыздайды; егер қанымыз бір бауырлас яһуди халқының сенімге келуі үшін менің қарғысқа ұшырап, Мәсіхтен аластатылуым қажет болса, соған да дайын болар едім.

– Римдіктерге 9:1-3

Пауылдың осы сөзінен жаным түршігеді. Алайда, елшінің сөзінде ешбір жасандылық, жалғандылық жоқ. Қаны бір қандастарының сенімге келуі үшін Мәсіхтен аластатылуға да дайын екені рас. Өзіміз сияқты пенде бола тұра, Пауыл сүйіспеншіліктің осынау шыңына қалай шықты? Адамда мұндай құдірет жоқ. Бұл – Пауылдың жүрегіне құйылып, асып төгілген Құдайдың сүйіспеншілігі. Елші сол сүйіспеншілікті аялап, жетілдірген. Сол



сүйіспеншілік Пауылдың жүрегінен халқы үшін мінәжат болып шыққан. Осы сөздерінде тарыдай жалғандық болса, Киелі Жазбаға енбес еді. Әлбетте, Киелі Кітапты жазып отырған адам жалған сөз жазбайды.

Жоғарыдан туылған әрбір адамда Құдайдың әлеуеті бар, осыған көзіңіз жете ме? Пауыл елші «...бізге сыйлаған Киелі Рухы арқылы Құдай жүрегімізді Өзінің сүйіспеншілігіне кенелтті» деп үзілді-кесілді айтады (Римдіктерге 5:5). «Сендерге бір жаңа өсиет айтамын: біріңді-бірің жақсы көріңдер! Мен өздеріңді сүйгендей, сендер де бір-біріңді сүйіңдер!» деген еді Иса. Бұл – жаңа өсиет, өйткені, Көне Өсиет бойынша өмір сүргендерде мұндай сүйіспеншілік болған жоқ, адамдардың жүрегі Құдайдың сүйіспеншілігіне әлі кенелген жоқ. «Мен өздеріңді сүйгендей» деген сөзге назар аударыңыз. Иса біз үшін жанын қиды, біздің күнәмізді Өзіне алып, Әкеден аластатылды, Ол «О, Құдайым, Құдайым! Неліктен Мені жалғыз қалдырдың?» деп жан ұшыра дауыстады (Матай 27:46). Біздің мәңгі өмірді иеленуіміз үшін Иса аспандағы салтанатын тастап, құлдың кейпіне енді. Ол бізге шексіз құрмет көрсетті. Пауыл елші де халқын өзінен артық көрді. О, Көктегі Әкеміз, бізге де сондай сүйіспеншілік бергейсің! Сен бізге зор әлеует бердің, сол әлеуетімізді Киелі Рухтың көмегімен жетілдіруге тиіспіз.

Қымбатты бауырларым, жеке бастың ғана абырой-атағын ойламай, кішіпейіл болып, басқаларды өзіңнен жоғары қою – нағыз құрмет деген осы. Басқаларды қадірлі, сүйікті адамымыздай көрсек, Құдай Патшалығында қызмет етуге деген ынта-жігеріміз еселене түседі. Бұл қызмет алуан түрлі болуы мүмкін: іс-әрекет, қаржы, мінәжат, т.б. Македония тұрғындарының жоқшылықта отырып, жомарттық танытуына д түрткі болған – осындай көзқарас. Олар Мәсіхтің мінезіндей мінез танытты. Олардың сүйіспеншілігін Пауыл елші Қорынттық сенушілерге үлгі етті:

Ал енді, қымбатты бауырластар, сендерді Құдайдың Македониядағы қауымдарға рақымын төккені туралы да хабардар еткіміз келеді. Бастарынан өтіп жатқан ауыртпалықтар арқылы сенімдері қатты сыналғанмен, (Иемізге деген) қуаныштары шексіз болды. Осылайша олар ағыл-тегіл мол беріп, өздерінің тақыр кедейліктеріне қарамастан жомарттық көрсетті. Олардың қолдарынан келгенше, тіпті мүмкіндіктерінен де артық кеңпейілділік танытқандарына мен куәмін: өз жүрек қалауларымен бізден өтініп, өздері де Құдайдың халқына көмек жіберіп, қызмет етуге қатыса алуларын қоймастан жалынып

сұрады. Бұл күткенімізден де артық болды! Олар өздерін алдымен Иемізге бағыштап, сондай-ақ, Құдайдың еркімен бізге де беріле көмектесті. Сонымен, Тит сендердің араларыңда да осындай игілікті істі бастағандықтан, одан онысын тамамдауын сұрадық. Сенім, Құдайдың хабарын уағыздау, түсінік, барлық іске де ынта-жігер және бізге деген сүйіспеншіліктерің — бұлардың бәрі сендерде ағыл-тегіл мол. Дәл сол сияқты осы игілікті істі де молынан атқарыңдар. Мұны бұйыра айтып отырғаным жоқ. Ал басқалардың құлшыныстарына меңзеп, сүйіспеншіліктеріңнің шынайылығын сынап тұрмын. Иеміз Иса Мәсіхтің рақымдылығын жақсы білесіңдер: Ол сондай бай бола тұра, сендердің рухани баюларың үшін бәрінен бас тартып, жоқшылыққа ұшырады! Бұған байланысты айтар ақылым: былтыр сендер алғашқы болып көмек беріп қана қоймай, соны өз қалауларыңмен де атқардыңдар. Ал енді, құлшына тілегендеріңді жүзеге асырып, қолдарыңдағы бармен бөлісіп, осы істі тамамдаңдар. Біреу беруге ынталы болса, Тәңір Ие оның тарту-таралғысын қолындағы жоғына емес, барына қарай ризашылықпен қабылдайды. Басқалардың жағдайын жеңілдету үшін өздеріңнің қиналып қалуларыңның қажеті жоқ; керісінше, екі жақта да теңдік болуы керек. Қазіргі сендердің молшылықтарың олардың мұқтаждықтарын қамтамасыз етіп, кейін олардағы молшылық сендердегі мұқтаждықты қамтамасыз етпек; сонда екі жақта да теңдік орнайды. Осылайша «көп жинаған кісіден артылған жоқ, аз жинаған мұқтаж да болған жоқ» деп Тауратта жазылғандай болмақ.

– 2 Қорынт. 8:1-14

Сенушілерді жүрегімізге құйылған Құдайдың сүйіспеншілігіне сай өмір сүруге шақыру үшін, Пауыл елші македониялықтардың жарлыларға көрсеткен құрметін үлгі етті. Құдайдың сүйіспеншілігі біздің жүрегімізде де бар. Киелі Рухпен бірлесе әрекет етіп, оны жетілдіруіміз керек. «Мен ондай адам емеспін, менің қолымнан келмейді» деменіз. Ондай сөз осы өмірде де, болашақта да Құдай дайындап қойған толық сыйыңызды алуға кедергі келтіреді, өміріңіздің кең-кемел болуына, қуанышыңыздың мол болуына бөгет жасайды. Бауырластарыңызды, қатарыңызды құрметтеуден еш танбаңыз. Солай еткеніңізге мәңгілікте қуанатын боласыз.

## 13-ші ТАРАУ

# Қарамағымыздағы адамдарды сыйлау

Кім сендерді қабылдаса, соның Мені қабылдағаны. Ал кім Мені қабылдаса, оның Мені Жібергенді де қабылдағаны. Бір пайғамбарды Құдайдың хабаршысы болғандықтан қабылдағандар сол пайғамбар алатын сыйға ие болады, әрі әділ кісіні әділ болғаны үшін қабылдағандар соның алатынындай сыйды иемденеді. Сендерге шындығын айтайын: атақ-шені жоқ осылардың біреуіне Менің шәкіртім болғаны үшін ең болмағанда бір тостаған салқын су берген әркім сол үшін алатын сыйынан құр қалмайды!

– Матай 10:40-42

**О**сы тарауда сөз біздің қарамағымыздағы адамдар жөнінде болады. Иса олар жайлы былай дейді: «атақ-шені жоқ осылардың біреуіне Менің шәкіртім болғаны үшін ең болмағанда бір тостаған салқын су берген әркім сол үшін алатын сыйынан құр қалмайды!»

### «Атақ-шені жоқтар»

Киелі Жазба «атақ-шені жоқ адам» деп кішкентай балаларды, Құдай бізге тапсырған басқа да адамдарды айтады. Келесі тарауда балаларды сыйлау тақырыбын мұқият қарастырамыз. «Атақ-шені жоқтардың»

арасында билігі бар адамдардан жәбір көріп жүргендер аз емес. Құдайдың қаңарына ұшырағыңыз келмесе, Исаның мына ескертуін зейін сала оқып шығыңыз:

Ал кім Маған сенетін осы кішкеленелердің біреуін азғырып теріс жолға түсірсе, сол адам үшін мойнына диірменнің тасы байланып, теңіздің тұңғығына батырылғаны жақсырақ болар еді-ау! Осы күнәкар дүние адамдарды теріс жолға азғырғаны үшін қасіретке ұшырайды! Азғыратын жағдайлардың болатыны сөзсіз, бірақ азғыру кімнен шықса, сол қасіретке қалады! Сақ болыңдар, осы кішкеленелердің бірде-біреуін менсінбей жүрмеңдер! Сендерге айтамын: олардың періштелері көктегі Әкемнің келбетін әрдайым көріп тұрады.

– Матай. 18:6, 7, 10

Не деген ес жиғызар ескерту! Иса «қасірет» десе, нағыз қасірет болғаны. Осы мәселеде Құдай неліктен соншалық қаталдық танытады?

Құдай адамға билік береді. Құдай – сүйіспеншілік, біреудің қолына билік бергенде де көздейтіні – сүйіспеншілік пен қамқорлықтың жүзеге асуы. Оның орнына, қолдағы билікті теріс қолдану, қол астындағы адамды қорлау, оған зиян тигізу – Құдайдың Өзін қорлаумен бірдей. «Бұл Құдайды қорлау емес, Құдайдың халқын қорлау ғой» деп ойлап отырған боларсыз. Жоқ, олай емес. Иса былай деген еді: «Сендерге шындығын айтамын: Менің мына бауырларымның тіпті ең маңызсыз болып көрінген біреуіне жасағандарың — шын мәнінде Маған жасағандарың!» (Матай. 25:40, ағылшыннан аударма). Құдайдың бізге сеніп тапсырған адамдарын қаншалықты сыйласақ, Исаны да солай сыйлағанымыз. Балаларыңыз, жұбайыңыз, жұмыскерлеріңіз, оқушыларыңыз, осылардың барлығы – Құдайдың сізге сеніп тапсырған адамдары, соны ұмытпағайсыз.

Қолында билігі барлар қол астындағыларға дұрыс бағыт беріп, тәртіпке баулуы тиіс. Бұл – басшының жауапкершілігі. Кейбір жетекшілер «атақ-шені жоқтардың» адасып, сүрінуіне жол береді. Дер кезінде қатесін түземейді. Қараусыз қалып, өз бетімен кеткен бала, қатесін түзетер адам болмаса, адасары анық. Пауыл елші былай дейді: «Иеміз бізге сендерге зиян келтіру үшін емес, сенімдеріңді нығайту үшін билік берген болатын» (2 Қорынт. 10:8). Пауылдың Қорынттағы сенушілерге жазған хаттарын оқып отырсақ, елшінің оларды тәрбиелеудегі табандылығын байқаймыз.

«Атақ-шені жоқтарды» құрметтей отырып, жақсылыққа баулыды, мінін түзетті. Билік дегеніміз – қол астындағы адамның сенімін нығайту, қорғау, қамқор болу екенін елші анық айтты. Өзіңізге «Жетекші ретіндегі ниетім осындай ма?» деп сұрақ қойыңыз. «Атақ-шені жоқ адамдарға» қызмет етіп жүрген болсаңыз, оларды қорғауға, қажет болғанда, қатесін түзетуге дайын болыңыз, ниетіңіз дұрыс болсын.

Осыған кері ұстанымдағы адамдар да бар. Олар өздеріне берілген билікті қара басының мүддесіне қолданады. Сондай жетекшілерден зардап шегіп, көңілі қалған «атақ-шені жоқ адамдарды» жұбатқым келеді. Өзімшіл жетекшілерді түзету өзіңіз үшін қауіпті болуы мүмкін. Олардың жүрегінде қол астындағы адамдарға деген сүйіспеншілік жоқ. Құдайдың Сөзін терең зерттеу мен мінәжат арқылы рухын жетілдірмеген. Қарамағындағы адамдардың табысты болуын көздемейді. Мұнысы – қате ме? Әрине. Алайда, оларды түзетуге де, жазғыруға да асықпаңыз. Өзіңіздің де бір кезде рухани сәби болғаныңызды ұмытпасаңыз болды.

Менің де жетекшілеріме қарсы шыққан кезім болды. Ақымақ болғаным, тіпті, күнә жасағаным есімде. Албырт мінез, қызбалыққа беріліп, талай рет артық кеткенім де бар. Тосын қылықтарым мен оғаш сөздерім әлі есімде. Жетекшілерімнің менен теріс айналып кетпегеніне ризамын.

Өз алдыма қызмет бастаған кезім болатын, Лиза екеуіміз жұмыскер жинап, жаңадан ұжым құрып жүрген едік. Бүгінгі таңда қол астымда елу шақты адам жұмыс істейді, ол кезде бұдан едәуір аз болатын. Жұмыскерлеріміздің әрбір қатесіне кейітін едік. Бірде Лизаға сол жайында былай дедім: «Лиза, қарамағымыздағы адамдарға біздің де береріміз бар шығар. Әйтпесе, Құдай оларды неге біздің ұжымымызға әкелді?» Осы ойды екеуіміз де түсініп, бас изестік. Бұл сөзді аузыма Құдай салған екен, қатемізді түзетіп, бағытымызды дұрыстаған сөз болды.

## Қауымдағы жетекшілік

Көп жылғы қызметімде мыңдаған қауымда уағыз айттым. Алуан түрлі жетекшілерді көрдім. Әсіресе, шығармашылыққа бейім жетекшілермен танысқаным қуаныштымын. Олардың қауымды ұйымдастыруға деген көзқарасы – жаңашыл, жасампаз. Уағыздары сырттан келген адамдарға түсінікті. Қауымға алғаш келген адамдар өздерін жайлы сезінеді. Заманы өткен, ебедейсіз дәстүрлерден бас тартқан. Қолайсыз киім киіп жүруден, осыдан жиырма жыл бұрынғы өлеңдерден, сенушілер ғана түсінетін

сөздерден арылған. Хабарландыруды қағаздан оқығанның орнына заманауи технология қолданады. Осының барлығы – Құдайдан келген даналық екеніне күмәнім жоқ.

Осы тұста бір нәрсені ескерте кетейін. Құдай жұмсақ әдістерді қолдайды, алайда, жұмсақ, яғни, ымырашыл жолдауларға қарсы. Пауыл елші «Ал енді, мен мұны адамға не Құдайға жағу үшін айтып отырмын ба? Жоқ, мен адамдарға ұнауға тырыспаймын, әйтпесе Мәсіхтің қызметшісі бола алмас едім» деп жазған еді (Ғалаттықтарға. 1:10). Қауымдағы адам санын көбейтем деп, Құдайдың Сөзін бұрмалаушы болмаңыз. Әйтпесе, айналаңызға жалған мәсіхшілерді жинап аласыз. Қиямет күні сол адамдар Исаның аузынан «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» деген сөз естиді (Матай. 7:20-23). Ал олардың қаны сіздің мойныңызда қалады. Пауыл елші сенушілерге «Сондықтан бүгін сендерге салтанатты түрде ешкімнің қанын мойныма жүктемеймін деп мәлімдеймін. Себебі мен уағыз айтқанда ештеңені жасырмай, Құдайдың еркін түгел жарияладым» деп еді ғой, есіңізде ме? (Елшілер. 20:26, 27). Киелі Жазбаның жағымды тұстарын ғана жариялаумен шектелмеңіз, Ізгі Хабарды «барлық адамдарға жеткізіп, бәріне де ескертіп, барынша даналықпен тәлім беріңіз» (Қолос. 1:28).

Киелі Кітапта Құдай Рухы осы дүниенің күнәсін әшкерелейді деп, анық айтылған (Жохан. 16:8). Сыпайы ғана уағыз айтып, күнәні әшкерелеуден қашқақтайтын қауымдар Аян кітабында айтылған Лаудіки қауымының кебін киеді. Иса бұл қауым туралы «жылымшы болғаның үшін сені аузымнан түкіріп тастамақпын!» деген еді (Аян. 3:16). Лаудіки қауымы өзінің ымырашылдығымен Киелі Рухтың тазартушы әрекетіне кедергі келтірді. «Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын» деді Иса (Аян. 3:20). Сыпайы боламыз деп, сыйымыздан құр қалмайық.

Сыпайы да жұмсақ әдістер жөнінде Пауыл елші былай деген еді:

Мен бүкіл адамдардан тәуелсіз болсам да, олардың барынша көбін Мәсіхтің жолына түсіру үшін өзімді барлығының құлы еттім: яһудилерді сол жолға түсіру үшін араларында яһуди сияқты өмір сүремін; Таурат заңына бағынған оларды Мәсікке әкелу үшін, өзім Тауратқа бағынышты болмасам да, араларында Тауратқа бағынатындай жүріп-тұрамын. Таурат заңын білмейтін басқа халықтарды Мәсікке әкелу

үшін Тауратты білмейтіндей араларында өмір сүремін. Бұл, Құдайдың заңынсыз жүремін деген сөз емес, шынында мен Мәсіхтің өсиеттеріне мойынсұнып келемін. Сенімі әлсіздерді әкелу үшін соларға ұқсап өмір сүремін. Әр түрлі адамдар арасында оларға бейімделудемін. Осылай мен ең болмағанда бірсыпырасын құтқаруға ұмтыламын.

– 1 Қорынт. 19-22

«Әр түрлі адамдар арасында оларға бейімделудемін» деген сөзге назар аударыңыз. Осыдан біраз уақыт бұрын бірнеше жүз бағушының алдында уағыз айттым. Оларға өзінің қауымындағы жиналысқа сырттан келген адам ретінде қатысып көруді ұсындым. Содан кейін «Өзін-өзі алдап жүрген адам болмасаңыз, қауымда көп нәрсені өзгертесіз» дедім.

Ақпарат құралдары мен жаңа технологияны қолдануда Мәсіхтің Денесі бәрінен алда болуы керек. Біздің жаңашылдығымыз бен шығармашылығымыз әлемді тәнті етуге тиіс. Осы дүние озып, біз неге артта қалуымыз керек? Дүниеде үздігі, Құдайдың Патшалығында төменгі сапалысы болғаны дұрыс па? Даниялдың Бабылдың барлық данышпандарынан басым түсті. Біз де сондай болуымыз керек.

Құдайдың Сөзін бұрмаламай, Киелі Рухтың құдіретімен таза қалпында жариялайық. Ақиқатты жариялауда ымырашылдыққа жол бермейік. Сонымен қатар, уағзымыз сырттан келген адамға да түсінікті, күнәкарлардың да жүрегіне жететіндей ұғынықты болсын. Жолдауымыз күнәкарларды әшкерелейтін болсын. Иса Мәсіхке толық мойынсұнуды, яғни, теріс жолдан қайтып, күнәдан, осыдүниелік құндылықтардан бас тартуды уағыздайық. Сонымен қатар, жолдауымызды жеткізуде жаңа идеяларды жүзеге асыра білейік. Мәсіхші болу дегеніміз – жаңашылдықтан, қуаныштан, шабыттан айырылу емес. Жоқ, қайта, осылардың қайнар көзі – Исада. «Атақ-шені жоқ адамдарды» сыйласақ, жаңа идеяларды іздеп, жаңашыл ойлауға ерінбейміз. Мұндай көзқарас Құдайға ұнамды.

## Жігерлендіру мен үстемдік ету

Петір елшінің қауым жетекшілеріне айтқанын оқып көрейік:

Мен бүкіл адамдардан тәуелсіз болсам да, олардың барынша

көбін Мәсіхтің жолына түсіру үшін өзімді барлығының құлы еттім: яһудилерді сол жолға түсіру үшін араларында яһуди сияқты өмір сүремін; Таурат заңына бағынған оларды Мәсікке әкелу үшін, өзім Тауратқа бағынышты болмасам да, араларында Тауратқа бағынатындай жүріп-тұрамын. Таурат заңын білмейтін басқа халықтарды Мәсікке әкелу үшін Тауратты білмейтіндей араларында өмір сүремін. Бұл, Құдайдың заңынсыз жүремін деген сөз емес, шынында мен Мәсіхтің өсиеттеріне мойынсұнып келемін. Сенімі әлсіздерді әкелу үшін соларға ұқсап өмір сүремін. Әр түрлі адамдар арасында оларға бейімделудемін. Осылай мен ең болмағанда бірсыпырасын құтқаруға ұмтыламын.

– 1 Петір. 5:1-3

Жиырма бірінші ғасыр қауымында жетекшілік етудің түрлі әдістерін көруге болады: жаңашыл, заңшыл, командасына сүйенетін, дарабилеуші, қолдаушы, бақылаушы т.б. жетекшілер бар. Дегенмен, солардың барлығын екі санаттың біріне жатқыза аламыз. Бірі жігерлендіруші болса, екіншісі – үстемдік етуші. Бар мәселе жетекшінің жүрегінде.

Кейбір жетекшілер сырт көзге өте жемісті болғанымен, олардың жүріп өткен жерінде жәбір көрген, соққы алған, жаралы, тіпті, өлі сенушілер қалады. Басқа бір жетекшілер соңдарынан ергендерді жігерлендіріп отырады, олардың да жемісі аз емес. Бар гәп жетекшінің жүрегінде «атақ-шені жоқтарға» деген құрметтің бар-жоғында.

Құдайға қызмет етіп жүрген адамдар екі жолдың бірін таңдайды. Жүрегінде ізеті жоқ жетекші «атақ-шені жоқтарды» сүріндіреді, азғырып, теріс жолға түсіреді. Қол астындағыларды өзінің арман-мақсатына жетудің құралы санайды. Қарамағындағы адамдарды жігерлендіретін нағыз жетекші болса, Құдайдың өзіне берген арманын сол адамдарға қызмет етудің құралы деп біледі, соңынан ергендерді сыйлайды. Жетекшінің жүрегіндегі ниеті қандай болса, жемісі де сондай. «...даналықтың игілігі одан туындаған ізгі істермен дәлелденеді» деп, Исаның Өзі айтқан еді (Матай. 11:19). Кейбір қауымдарда эмоционалдық жағынан қажыған, жігерсіз адамдарды көремін (бір қуантатыны, мұндай жағдай жиі кездесе бермейді). Басқа қауымдарда сенушілердің жүзі жадырап, көңілдері жай тапқан адамның сыңайы байқалады. Жетекшінің қол астындағы адамдарды сыйлайтын-сыйламайтыны осыдан-ақ байқалады.



Ізетті жетекші адамдардың өсіп-жетілуіне күш салады. Оның ең үлкен қуанышы – қарамағындағылардың Құдаймен қатынасы жетіліп, рухани өркендеуі, Құдай берген аманатын орындауы. Жохан елшінің шәкірті жайында айтқанын оқып көрейік: «Кейбір бауырластар келіп, сенің шындыққа адал болып, үнемі шындық жолымен жүріп келе жатқаныңды хабарлағанда, мен қатты қуандым. Рухани балаларымның шындық жолымен жүріп жатқанын естуден артық маған қуаныш жоқ» (3 Жохан. 1:3, 4). Шындық жолымен жүру дегеніміз – Жаратқанды танып-білу мен Құдайға қызмет ету. Исаның атымен зор істер атқарған адамдардың кейбіріне қиямет күні Иса: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» дейтін болады. Олар өте бір маңызды нәрсеге – Құдайды жеке тануға мән бермеген. Нағыз жетекші Құдаймен арадағы қарым-қатынасын назарынан шығармайды.

Құдайды танитын, бірақ Құдайдың көңілінен шыға алмаған адамдар да болады. Олар Құдайдың үйін нығайтуға қажет дарындары бола тұра, онысын қолданбады. Құдай берген қабілеттерді жерге көміп тастағандарға Иеміз «зұлым да жалқау қызметші!» деп баға береді.

Құдайдың үйін нығайтуға әр сенуші үлес қосуға тиіс. Киелі Кітапта «Құдай бізді Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болып, игі істер жасау үшін ерекше қылып жаратты. Соларды орындауымыз үшін Құдай бізге алдын ала жағдай туғызды да» деп жазылған (Ефестіктерге. 2:10). Біз табысты болу үшін ғана емес, Құдайдың нақты тапсырмасын орындау үшін де жаратылғанбыз. Осы мәселеде тепе-теңдік сақтайық. Кейбір уағыздардан «Істеп жүрген істеріміз маңызды емес. Кім болып табылатынымыз маңызды. Біз – робот емес, адамбыз» дегенді естимін. Құлаққа жағатын, алайда, шындыққа жатпайтын сөз. Құдайға келгеннен кейін арқалаған ауыр жүгімізден құтылатынымыз рас. Дегенмен, Матай жазған Ізгі Хабарда «Исаның қамытын бірге киіп, жүктеген міндеттерін» алуымыз жөнінде айтылады. Сеніміміздің шынайы екенін көрсететін жемістеріміз болу керек (Жақып 2). Құдай берген аманатымызды ысырып қойып, Мәсіхте кім екенімізді ғана айту – сыңар жақтылық. Мұндай ілімге ерген сенушілер қауымға тамыр жайып, Құдайдың үйінде қызмет етуден бас тартады. Олар қиямет күнінде өздерін жайсыз сезінетін болады. Біз Құдайдың нақты аманатын орындауға жаратылғанбыз. Екі ақиқатты қатар ұстанып, тепе-теңдік сақтайық.

Ұрық күйімде мені көзіңмен көрдің.  
Сен маған бұйырған күндердің бірі  
Әлі де тумас бұрын, солардың бәрі  
Кітабыңда жазулы тұрған еді.

– Забур жыры. 138:16

Өзімізге артылған жауапкершілікті естен шығармайық, Иеміздің алдында есеп береміз.

Соңынан ергендердің қамын ойлайтын жетекші «атақ-шені жоқтарды» шындық жолына бағыттайды, сол жолдағы жетістіктерін көруді көздейді. Ата-ананың тілейтіні – баласының өзінен асып түсуі. «Мен жасаған кереметтер сияқтыларды Маған сенуші де істейді, тіпті одан да зорларын істейді» – Исаның қалауы осы. Соңымыздан ерген адамдардың өзімізден асып түсуінен қорықпай, қайта соған ұмтылуымыз керек. Олардың ақиқат жолын ұстанғаны, Жохан елші жазғандай, біз үшін ең үлкен қуаныш болсын.

## Ойланатын жайт

Нағыз жетекшілер жетістіктерін өздеріне қызмет ететін адамдардың еңбегі деп біледі. (Алғыс, мадақ, даңқ атаулы бір Құдайдыкі екенін білеміз, әлбетте. Дегенмен, Құдайдың адамдарды қолданатынын ұмытпайық). Ізетті жетекші ұжымының мүшелерін мақтайды, оларға алғыс айтады. Және мақтау сөздері жүрегінен шығады. Құдайдың аманатын орындауыма үлесін қосып жүрген адамдар туралы тек жақсы ойлауға, оларды қадірлеуге тырысамын. Жұмыскерлерімнің әрқайсысын Құдайдың берген жарылқауы деп білемін. Олар жайлы жаман ойлаудан аулақпын. Оларға деген жүрегімдегі құрметті осылайша «суарамын». Пауыл елші былай дейді:

Сонымен, бауырластарым, күллі шынайы да қастерлі, әділ де таза, ұнамды да тартымды нәрселер, яғни қандай да адамгершілік және мақтауға тұрарлық қасиет болмасын, солар туралы ойлана беріңдер!

– Філіпіліктерге. 4:8

Лизадан көңілім қалған кезім болды. Шынымды айтсам, сол күндері әйеліме мүлде көңілім толмайтын. Лизаға деген теріс көзқарас санамда

бірте-бірте қалыптасты. Наразылығым барған сайын арта берді. Бірде, сөз таластырып қалғанымызда, үйден шығып кеттім. Лизаның жанында болғым келмеді. Әйелімнің мінез-құлқы жайлы Құдай алдында ойланып келе жатқанымда, «Лизаның өзіңе ұнамды істерін есіңе алып, сол жақсылығы үшін Маған алғыс айтқаныңды қалаймын» деді. Негативті ойларға әбден берілсем де, есіме бір нәрсені түсіре алдым. Лиза – жақсы ана. Осыдан басқа жақсылығы есіме түсер деп ойлаған жоқпын. Дегенмен, сол үшін Құдайға алғыс айтуым мұң екен, тағы бір жақсы қасиеті ойыма келе қалды. Құдайға тағы да алғыс айттым. Лизаның мінезінің тағы бір тамаша қыры есіме түсті. Осылай жалғаса берді. Біраздан соң, әйелімнің қаншалықты жақсы адам екеніне таң қалдым. Енді отбасымдағы жағдайға деген көзқарасым мүлде өзгерді. Өзімнің бейшара күйімді көрдім. Ой-санам реттелгеннен кейін, жүрегіме тыныштық келді.

Үйге қайтып келген соң, Лизаға өзім бағалайтын қасиеттерін тізіп айта бастадым. Әр сөзім жүрегімнен шықты. Үйден шыққанымда, әйелім өте ашулы болатын. Соншалық ренжіген адаммен татуласу оңайға соқпас. Бірақ, жүрегімді кернеген құрметтің жемісі татулық болды. Сол күннен бастап, отбасымызға Құдайдың шипасы келді. Лиза екеуіміздің арамсыз содан қайтып суыған емес.

Балаларымыз, жұмыскерлеріміз, оқушыларымыз, қауымымыздың мүшелері сияқты соңымыздан ерген кісілермен арада осындай жағдайлар болуы мүмкін. Пауыл елшінің Філіпіліктерге жазғанын орындаудан танбайық, яғни, шынайы да қастерлі, әділ де таза, ұнамды да тартымды нәрселер мен мақтауға тұрарлық қасиет туралы ойлана берейік. Олардың Көктегі Әкеміздің перзенті екенін, Жаратқан Иеміздің алдында қаншалықты қадірлі екенін есте ұстайық. Құтқарылмаған болса, Исаның олар үшін жанын қиғанын ойлаңыз. Осындай көзқарасты ұстансақ, жүрегімізді ізетті қалпында сақтаймыз. Құдайдың жарылқауынан құр қалмаймыз.

Қажет болған жағдайда қамқорлығымыздағы адамдардың қатесін түзетеміз, одан бас тартпауымыз керек. Лиза екеуіміз наразылығымызды ішімізге сақтап жүрмейміз, оны жұмыскерлеріміздің бәрі біледі. Қажет болғанда, қатаң ескерту жасауымыз мүмкін. Артынша-ақ әзілдесіп, күлісіп кетеміз. Мұны Құдайдың Өзінен үйрендім. Әкеміз бізді қатемізді мойындаған сәтімізде кешіреді. Ашуын ішіне сақтап жүрмейді. Бізге айып арқалатып қоймайды. Күнәларымызды кешірім көліне батырып, жоқ қылады. Құдайдың бізден бар күтетіні – нұсқауына құлақ асып, қатемізді қайталамауымыз. Көктегі Әкеміздің біз туралы игі ойлары құмның қиыршығындай сансыз көп (Забур 138 қараңыз).

Жетекші «атақ-шені жоқтарды» сыйласа, олардың өмірінде Құдайдың дарындары жүзеге аса бастайды. Бір мақсаттың төңірегінде біріккен адамдардың әрқайсысының дарыны толық ашылып, жүзеге асса, алмайтын қамалы қалмайды. Сөйтіп, жетекші ұтады.

Кейбір бағушылардың қол астындағы адамдармен қалай сөйлесетінін естіп, таң қаламын. Әлдебір ақымақпен сөйлескендей, өктем сөйлейді. Артынан сол бағушылар «Жақсы жұмыскер таба алмай-ақ қойдым. Мыналар жұмыс істей алмайды» дейді. Қарамағындағы адамдардың қадірін білмеген соң, солай болады, әрине.

## Қаржы мәселесі

Жетекшілерімізге қаражат арқылы құрмет көрсеткеніміздей, қамқорлығымыздағы адамдарға да сый-құрмет көрсетуіміз керек. Бірнеше жыл бұрын Лизаның көмекшісіне төлейтін еңбек ақы мәселесін шешуіміз керек болды. Ол кезде жұмыскерлерімізге ресми түрде белгіленген орташа айлықты төлейтінбіз. Көмекші әйелдің ай сайын жұмсайтын ақшасын есептеп едім, айлығынан асады екен. «Мұндай айлыққа күн көре алмайсың ғой!» дедім. Әйелім жанымда тұрған, ол да солай ұйғарды.

Ұзаққа апармай, қаржы жөніндегі менеджерге хабарластым да, «Лизаның көмекшісінің бюджетін қарап шықтым. Оған айлықты аз төлеп жүр екенбіз. Жұмыскерлеріміздің ешқайсысы да тапшылық көрмейтін болсын. Барлығының айлығын көтеріңіз» дедім. Төленетін жалақының сомасын атап айттым. Біраз үнсіздіктен кейін ол «Олай болса, сенің қол астыңда жұмыс істегісі келетін адам көп болар» деп жауап берді.

«Ол емес, мен үшін жұмыскерлерімнің табысы жақсы болғаны маңызды. Олар бізбен бірге Құдайға қызмет етіп, өмірін осыған сарп етіп жүрген адамдар ғой» дедім.

Сол күні жұмыскерлерімнің айлығы көбейді. Күтпеген жақсы жаңалыққа олар да қатты қуанды. Жұмыскерлерімнің бірі келесі аптада жұмыстан шыққалы жүр екен. Қаражаттан қиналып, Индианада тұратын әке-шешесінің үйіне қайтып кетпекші екен. Сол күні жылдық еңбек ақысына бес мың доллар қосылды. Сөйтіп, ұжымымызда қалды.

Сол жұмыскер әлі де бізбен бірге, арада өткен бірнеше жылда бөлім бастығы лауазымына қол жеткізді. Ең жемісті қызметкерлеріміздің бірі. Айлықтың аздығынан жұмыстан шығып кеткенінде, не болар еді?

Құдайдың сыйы сол жұмыскермен шектелген жоқ. Қызметіміз

жан-жақты жетіле түсті. Жұмыскерлеріміздің біліктілігі сол кезден бері едәуір артты. Жемісіміз молая түсті. Мұны қарамағымыздағы адамдарға көрсеткен құрметіміздің жемісі деп білемін.

Осы тұста бір ескертуім бар. Жоғарыда айтқанымдай, сый-құрмет талап ету – Құдайға ұнамды мінез емес. Сый-құрметті қабылдауға екі-ақ себеп бар: біріншіден, бұл – Құдайға көрсетілген құрмет, екіншіден, бізге құрмет көрсеткендер өз сыйынан құр қалмайды.

Құдайға қызметім ірі қауымда басталды, бағушының көмекшісі болатынмын. Алатыным – ең төменгі айлық еді. Лиза екеуіміздің табысымыз баспана жалдау мен тамақтан артылмайтын. Жаңа киім, жихаз алу дегенді ойымызға да алмайтынбыз. Мұндай айлыққа келіскен – өзіміз. Жалақы талап ететін жалдамалы жұмыскер болғымыз келмеді.

Бір жыл өтті, айлығым өскен жоқ. Тағы бір жыл өтті. Енді баламыз біреу емес, екеу болды. Шығыс көбейді, кіріс сол қалпы.

Сол екі жылдың ішінде бірнеше рет қызметкерлер бас бағушы мен қауым әкімшілігіне жолығып, жалақыны көтеруді сұрамақ болды. Досым, бағушының екінші көмекшісі, мені де соларға қосылуға үгіттеді.

Бас тарттым. Досымның да мұндай шараға қосылғанын жөн көрмейтінімді айттым. «Мені қалай сыйлау керектігін басшыларға айтуды өз міндетім деп санамаймын» дедім.

«Джон, әйелім екеуіміз ата-анамыздан ақша сұрап, әрең күн көріп жүрміз» деді досым.

Досымның жағдайын түсінетінімді, дегенмен, әрі қарай да сенімімді бір Құдайға арта беретінімді айттым. Жарылқаудың қайнар көзі айлық емес, Құдайдың Өзі екенін айтып жеткізбек болдым. Бірақ, досым мені түсіне алмаған сияқты.

Отбасым ештеңеден тарыққан жоқ деп айта алмаймын, тарықтық. Алайда, жүрегіміз тыныштыққа толы болды, жоқшылық көрген жоқпыз. Үйімізде аздаған жихаз: төсек, екі кішкене кресло, бірнеше үстелшам, ас үстелі мен орындықтар бар еді. Алайда, бір жылдың ішінде Құдай Өз кереметімен үйімізді әдемі жаңа жихазға толтырып тастады. Құдайдың құдіретін көріп, қатты толқыдық.

Тағы бір жыл өтпей жатып, бағушымыз бөлек қызмет ашуыма батасын берді. Айлық төлеу тоқтатылды. Үш жүз доллар ақшамыз бар. Көлік пен үйдің кредиті айына мың доллар. Бағушыға хабарласып, қызметіме орын табуда көмек сұрамақ едім, Құдай тыйым салды. Бар үмітімді Құдайдың Өзіне ғана артуым керек болатын.

1989 жылдың қарашасының соңы болды. Екі жерден ғана шақыру алдым. Бірі – жүз шақты адамы бар шағын қауым. Жиналыстары Оңтүстік Каролинадағы жерлеу бюросының ғимаратында өтеді. Ол қауымға қаңтар айының басында барамын. Екінші шақыруды жіберген – Теннесидегі екі жүз адамдық қауым. Белгіленген уақыт – ақпан айының соңы. Желтоқсанның соңында соңғы айлығымды аламын. Лиза екеуіміздің сеніміміз сыналар сәт.

Құдайға сенім артуды бағушының көмекшісі болып жүргенімде үйренбесем, сол кезеңнің ауыртпалығына төзе алмас едім. Бұл сынақ тым ауыр болар еді мен үшін. Құдайдың жүзін іздеп, сөзін естудің орнына, қаржы көзін, ақша табудың түрлі амалын іздеп, күшімді босқа сарп етер едім.

Сол кезеңдегі төмен жалақым ақырында зор жарылқауға жеткізді. Досымның сөзіне еріп, бас бағушыға айлық сұрап барсам, бүгінгі күнде қайда болар едім? Қызметіміздің алғашқы жылында Құдай аптасына мың доллар қаражат береді деп сенетінбіз. Бүгінгі таңда қызметіміз апта сайын жүз мың доллардан астам ақшаны қажет етеді. Құдайға сенім артуды тоқтатқан емеспін.

Жұмысқа тұрсаңыз, белгілі бір жалақыға келісесіз. Сол ақыны алып, бар ынтаңызбен еңбек етіңіз. Басшыңызға құрмет көрсетіп, жұмысыңызды сапалы атқарсаңыз, Құдайдан тиісті сыйыңызды аласыз. Сыйыңыз басшыңыз арқылы келеді ме, Құдай басқа бір жолды таңдайды ма, Өзі біле жатар. Әйтеуір, сыйдан құр қалмайтыныңыз анық. Қауым бізге төмен жалақы төлеген кезде Құдайдан керемет жарылқаулар келді. Үйіміз жихазға толды, жақсы көлік міндік, дастарқанымызда қашанда ас тұрды. Табысымыздан әлдеқайда жоғары деңгейде өмір сүрдік. Киелі Кітаптағы «Әділдің қолындағы аздың өзі көп зұлымның қолындағы молдан ізгі» деген аят біздің өмірімізде айна-қатесіз орындалды.

Осыдан қандай қорытынды шығарамыз? Жұмыскер болсаңыз, мынаны есіңізден шығармаңыз: жұмысыңызға 100 пайыз берілсеңіз, басшыңызды құрметтесеңіз, Құдайдың сыйынан құр алақан қалмайсыз. Егер басшы болсаңыз, жұмыскерлеріңізді сыйлайтын болыңыз, сонда олардың дарындары ашылып, ісіңіз өркендейді. Жұмыс берушілер мен бағушыларға айтарым, қамқорлығыңыздағы адамдардың бойындағы дарындарын ашуға барыңызды салыңыз, оларды мейлінше құрметтеңіз. Сондай алар сыйыңыз зор болмақ.

## 14-ші ТАРАУ

# Отбасындағы құрмет – балалар

**Ж**ергілікті қауымда бірнеше жыл қызмет еттім және жиырма жылдан бері әлемді аралап, уағыз айтудамын. Осы мерзімнің ішінде байқағаным, құрметтің жетіспеушілігі қауымдар мен құжымдардан гөрі, от басында жиі байқалады. Әрбір әке мен ана балаларына ізетті болудың үлгісін көрсетсе, қоғам мен қауымда адамдардың өзара құрметі едәуір артар еді. Бұдан барлығымыз ұтамыз.

### Ата-ана сөзіндегі құдірет

Баланың әке-шешеге деген құрметінің қаншалықты маңызды екенін жоғарыда айттық. Ата-ананың баланы сыйлауы да соншалықты маңызды. Құрметтеу дегеніміз – қадірлеу. Балаларымызды қадір тұтсақ, олар да қанатын жайып, биікке самғайтын болады.

Кейбір ата-ананың баласын кемсітіп сөйлейтіні сонша, естіп тұрған менің зығырданым қайнайды. Жасөспірім қызына дөрекі сөйлеген немесе баласының ойын алаңындағы қатесін бетіне басқан әке. Баласы жерге қаратқан ана енді жұрт алдында тентек баланың масқарасын шығарып жатады. Осыған ұқсас жағдайларды тізіп айта беруге болады.

Мектеп қабырғасында жүргенде, Лиза еті тірі жеткіншек болатын. Салмағын ойлап, уайымдаған емес. Жазғы демалыс лагерінде барлық оқушылардың салмағы өлшенетін. Дене салмағының қосылуы өсіп келе жатқан балаға тән, қалыпты нәрсе саналатын.

## 170 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

Лиза жүзумен айналысатын еді. Қалаған уақытында қалаған асын ішетін. Жоғары сыныпта оқып жүргенінде, жарақат алып, спортты тастауға мәжбүр болды. Қимыл-қозғалысы күрт азайғанымен, тамақтануы сол қалпында қалды.

Бірде, Лиза мектептен келгенде, әкесі шақырып алды. Басынан аяғына дейін қарап шықты, арқа тұсынан тағы қарады. Сосын «мына шалбарың кішірейіп қалыпты. Салмағың қандай?» деді. Лиза лагерьдегі салмағын айтты.

«Мүмкін емес. Салмағың, кем дегенде, 135 фунт\*! Бар, өлшеп кел» деді әкесі.

Лиза ұяттан өртеніп кете жаздады. Дегенмен, ваннада тұрған таразыға барып, өлшенді. Салмағын көргенде, өзі де қайран қалды. 140 фунт\*\* екен. Әкесіне келіп, айтып еді, әкесі Лизаны бұрынғыдан бетер ұялтып тастады. Салмағың шектен шығып кетіпті деді. Толық қыздың сүйкімсіз болатынын, толық қызға жігіт қарамайтынын айтты. «Дәріс» аяқталғаннан кейін, Лиза ваннаға барып, шешінді де, айнаға қарады. Өмірінде бірінше рет өз денесінен өзі жеркенді.

Сол күннен бастап, дене салмағы Лизаның өміріндегі қозғаушы күшке айналды. Киім өлшеміне тым көп көңіл бөлетін болды, бар ойы – салмағының төңірегінде. Ішетін асының мөлшерін мықтап қадағалауға кірісті. Енді Лизаға ұлдар көңіл аударатын болды, олардың назары Лизаға да ұнайды. Сонымен, жас қыздың санасында «Сымбатты болсам, қолымнан бәрі келеді, сүйіспеншілік пен қошеметке бөленемін. Толық болсам, қолымнан түк келмейді, ешкімге керегім жоқ» деген ұғым қалыптасты.

Ал мұндай қате ұғымдар тереңдей беретін шиыршық баспалдақ тәрізді. Бара-бара Лиза булимия\* мен анорексия\*\* ауруларына шалдықты. Лизаның асқа деген көзқарасы әбден бұрмаланды. Ас ішкенді жақсы көреді, салмақ қосқаннан шошынады. Енді ол дене салмағын азайту үшін іш жүргізетін, зәр шығаратын дәрілерді іше бастады. Университеттегі алғашқы жылдарында ағзасы сол дәрілерге әбден үйреніп алды. Бір ай бойы үлкен дәрет болмағандықтан, ауруханаға жатып емделгені де бар. Жиырма екі жасында Лиза Құдайға келді, тәні, жаны, рухы түгел сауықты. Осы жайында Лизаның жазған кітабы бар. Лизаның әкесі қызымен

---

\* 61,2 кг. — Аудармашының ескертуі.

\*\* 63,5 кг. — Аудармашының ескертуі.



басқаша сөйлескенде, осының барлығы болмас та еді, бәлкім. Баласын кемсітудің орнына, жылы сөйлеп, қолдау көрсетсе, қалай болар еді? Лизаның өзіне деген көзқарасы қандай болар еді?

Соның дәлелін отбасымызда көрдім. Лизаға үйленгенімде, салмағы 116 фунт\* болатын. Әйелімнің сұлулығы мен сымбатын үнемі мақтайтынмын. Бір жыл өткенде де, әйеліме сүйсіне бердім. Лиза жүкті болғанда да, бала емізгенде де мақтауды тоқтатқан жоқпын.

Лизаға «Сен менің сұлуымсың!», «Отау құрғаннан кейін көп жыл өткенде де, әйелім сұлу да сымбатты қалпында қала беретінін жас кезімді білсем, той жасайтын едім», «Бүгін үйлену тоймыздағыдан да көріктісің ғой!» деген сөздерді айтудан жалықпаймын. Және осы сөздің барлығы шын жүрегімнен шығады. Және Лизаға комплимент айтқаным – өзім үшін пайдалы. Әйелімді мақтауға ешбір мүмкіндікті қалт жібермеймін. Мен оның күйеуімін, Лизаны мақтау – міндетім. Пауыл елші былай дейді: «Дәл осылай жұбайларын өз тәніндей жақсы көру — күйеулердің міндеті. Әйелін сүйген өзін де сүйеді. Ешкім де өз тәнін жек көрмейді, қайта, оған нәр беріп, баптап күтеді, Иеміз де қауымды солай қамқорлайды» (Ефестіктерге. 5:28, 29). «Нәр береді» деген сөзге назар аударайық. Бұл сөздің мағынасы – өсіп жетілуге қажеттің бәрін беру. Әйелімнің жанына нәр болатын сөздер айтуға тырысамын. Бұл да – құрмет көрсетудің бір жолы, келесі тарауда бұл тақырыпты егжей-тегжейлі қарастырамын.

Лиза да Құдайға сенім артуды тоқтатқан жоқ. Құдай оның жүрегіндегі Өз жұмысын жалғастыруда. Менен қолдау тапты, демек, Құдайдың уәделеріне сенуіне еш бөгет болған жоқ. Үйленгенімізге жиырма бес жыл толды, төрт бала тапты, соған қарамастан, Лизаның салмағы сол қалпында. Лиза салмағын бір деңгейде ұстауға көп күш салмайды, сондықтан, болмысы сондай деп ойлап қалуыңыз мүмкін. Алайда, Лизаның сыры маған мәлім, мен оны артық салмақтан әбден мезі болған, өзіне-өзі сенімсіз, күйзелген күйін көрдім.

## Бала – Құдайдың сыйы

Ата-ана баласын дөрекі, өктем, негатив сөздерімен кемсітеді. Алайда, баланың жетістігін елемей де кемсітудің бір түрі. Кейбір ата-ана баланың

\* Тәбеттің шектен шыға ашылуы. — Аудармашының ескертуі.

өзін де елемейді, балаға еш көңіл бөлмейді. Балаға мақтау, қолдау, ақыл-кеңес қажет.

Әр бала әке-шешеден жылы сөз естіп, сүйіспеншілігін көріп өсуі керек. Үй ішінен көрмеген жылылық пен сүйіспеншілікті бала сырттан іздейді. Ұлдарға да, қыздарға да ата-ананың сенбеуі ауыр тиеді. Ата-ана баланың мінін қазбалай берсе, жүрегіне сенімсіздік тұқымын себеді де, кейін жемісін орады. Ата-ананың сенімі балаға қанат бітіреді, ал намысын қорлайтын сөздерден тауы шағылып, жігері құм болады. Таң қалатыным, ата-ананың көбісі бала тұлғасының қалыптасуындағы өз ролін мойындамайды. Баласынан түңіліп, достарына шағымданады. Әйтсе де, баланы тұлға ретінде сыйласа, көп нәрсе өзінен-өзі жөнге келер еді.

Әке шеше сөзінің бала өміріне тигізетін ықпалы орасан зор. Ата-ананың аузынан шыққын негативті, зауалды, ащы сөздер улы жеміс береді. Бара-бара баланың мінезі бұзыла береді. Әке-шешенің де жүйкесі тоза түседі. Бұл бір шырғалаң шеңбер. Одан шығудың бір-ақ жолы бар: баланы тұлға ретінде сыйлау. Балаларымыз арқылы келетін Құдайдың сыйына сонда ғана қол жеткізе аламыз.

Балалар — игілік Жаратқан Иеден келген,  
Перзенттер — Оның сыйы рақыммен берген.

– Забур жырлары 126:3

Бала – Құдайдың сыйы. Олай болса, көптеген ата-ананың баламен арадағы қарым-қатынасы бақыт емес, қасіретке айналуының себебі неде? Кейбір адамдардың баласы – Құдайдың сыйы емес, қарғысы дерсің. «Баламды жиырмаға толғанша, бір жерге қамап қоя тұрсам ғой, шіркін» деп күрсінеді кейбір жасөспірімдердің әке-шешесі. Не болмаса, «Неге ғана жасөспірім жасын аттап өтуге болмайды екен?» дейді. Төрт ұлымның кішкентай кезінде осындай сөздерді жиі естіп, «Менің де балаларым есейгенде құбыжыққа айналады ма?» деп, уайымдай бастағаным бар.

Алайда, Құдай маған бір құпия тетікті көрсетті. Оның сізге де пайдасы тиеді. Жастар қызметіне жетекшілік етіп жүргенімде, екі ұлымыз кішкентай еді. Қызмет бабымен сенушілердің үйіне жиі баратынмын. Сонда байқағаным, ата-ана тым сыншыл болса, баласының мінезі уақыт өткен сайын, бұзыла береді. Ал Құдайдың уәдесін жариялаған адамдардың балалары сол сөздерге сай адам болып өсті. Бұл

құбылыстың сырын Пауыл елші ашады: «Сонымен көзге көрінетін емес, көрінбейтін нәрселерге назар тігеміз. Себебі қазір көрініп тұрғандар өткінші, ал көрінбейтіндер мәңгі» (2 Қорынт. 4:18).

Құдайдың мәңгі мызғымайтын Сөзі өміріміздің темірқазығына айналсын. Лиза екеуіміз Құдайдың балаларымызға қатысты уәделерін үнемі айтып жүретінбіз. Балаларымыздың тілі шықпай жатып-ақ оларды «шәкірттер» деп атайтынбыз, өйткені, Ишая пайғамбар былай дейді: «Балаларыңның бәрі де Тәңір Иеден тәлім алмақ, әрі керемет амандық пен тыныштыққа кенелмек» (Ишая. 54:13).

126-шы Забұр жырына сай, балаларымызды нысанаға дәл тиетін «жебелер» және Құдайдың «болашақта не істейтінін білдіретін хабаршылары» деп айтатынбыз (Ишая. 8:18). Құдайдың басқа да керемет уәделерін аузымыздан бір елі тастаған жоқпыз.

Балаларымызға ат қоярда да, есімнің мағынасын біліп, мінәжат етіп барып, қойдық. Біз оларды алдағы болашағына сай атауға тырыстық. Тұңғыш баламыздың есімі Эддисон Давид, бұл есімнің мағынасы – «Сүйікті, сенімге лайық». Остин Майкл – екінші ұлымыз, оның есімі «Патшалыққа лайық, Құдайға ұқсас» дегенді білдіреді. Джошуа Александрдың есімі «Құдай адамзатты құтқарып, қорғайды» деп аударылады. Кенжеміз Арден Кристофер – «Жалынды, отты, Мәсікке ұқсас». Есімдерін атаған сайын, оларға қандай сөз айтып тұрғанымызды білеміз. Ата-анада рухани билік бар. Баламыздың әрқайсысы өскен сайын, атына заты сай болып келеді. Бұл – ауызбен жариялаудың әрі жүрекпен сенудің жемісі. Жасырары жоқ, кейде айтқан сөзімізге өзіміздің сенуіміз қиын болды. Өйткені, ұлдарымыз есімдеріне лайықсыз мінез танытқан сәттер болды. Оларды тәртіпке салып, мінездерін түзеткен кездеріміз аз болған жоқ. Дегенмен, жариялаған сөздеріміздің орындалатынына нық сендік. (Ескерту: баланың іс-әрекетін емес, өзін сынға алсақ, зиян тигізеріміз анық).

## Отбасындығы қайғылы жағдай

Жастар қызметіне жетекшілік етіп жүргенімде, тағы бір нәрсе түйдім: баланы тәртіпке салмаса, қайғылы жағдайға душар болады. Өзімнің жеке күәлігімді айтардан бұрын, Киелі Кітаптан мысал келтірмекпін.

Дәуіт патшаның бірнеше әйелі болғанын білеміз, ұлдары да көп еді.

Сөз Дәуіттің тұңғышы Амнон мен үшінші ұлы Абессалом жөнінде болады.. Олардың әкесі бір, шешелері бөлек. Абессаломның Тамар есімді бірге туған қарындасы бар еді. Патшалықтар туралы 2-ші жазбаның 13-ші тарауынан Амнонның Тамарға жасаған қиянаты жайлы оқуға болады. Болған жағдайды Тамардың туған ағасы Абессалом естіп, Амнонға қатты өшікті. Алайда, сабыр сақтап, әке үкімін күтті: Дәуіт патша Амнонға әділ жазасын берері сөзсіз. Уақыт өте берді, патша тарапынан еш әрекет болмады. Амнонның өрескел қылмысы жазасыз қала берді. Абессалом енді әкесіне де ызалы. Ол қарындасын өз үйіне әкеліп, қамқорлығына алды.

Кезінде Тамар қызылды-жасылды сәнді көйлек киген патшаның ерке қызы еді. Енді бұрынғы Тамардың қара жамылған, қайғы жұтқан көлеңкесі ғана қалды. Елінің еркесі, асқан сұлу Тамардың тағдыры тәлкек болды. Неткен әділетсіздік! Тамардың болашағына балта шабылды. Қылмыскер болса, түк болмағандай, баянды өмір кешуде. Жәбір көрген бейбақтың сөзін сөйлер адам табылмады.

Тамардың шырағы Абессаломның көз алдында сөне берді. Абессалом ішінен тынып, әке үкімін бір жыл күтті. Енді оның жүрегінде Амнонға деген өшпенділікпен қатар әкесіне деген ыза ұялады.

Екі жыл өтті. Абессалом қарындасының кегін өзі алуды ойластыра бастады. Амнонға деген құр өшпенділіктен нақты әрекетке көшпек. Енді қайтсін? Қолында билігі бар адам әділ үкім шығарудан бас тартты ғой. Абессалом Дәуіттің барлық ұлдарының басын қосып, дастарқан жайды. Амнон шарапқа тойып алғанда, Абессаломның нөкерлері оны шауып өлтірді. Кек қанмен жуылды. Абессалом нағашы елі Гешурға қашып кетті. Алайда, әкесіне деген ыза әлі де басылар емес. «Әкем мені іздемеді, соңымнан адам жібермеді» деген ой жараның бетіне тұз сепкендей, іштегі қыжылды арттыра түсті.

Абессаломның жан-дүниесі ащы сезімге ұлана берді. Ол Дәуіттің осал тұсын түгел теріп шықты. Абессалом әкесінен бір хабар келер деген үмітін әлі үзген жоқ, дегенмен, суыған көңілі тас болып қата берді. Ойы қауіпті бағыт алды. Дәуіттен хабар жоқ. «Жұрт әкемді әділ патша санайды. Патшаның шынайы болмысын көре алмай жүрген соқырлар. Әкем болса, Құдайдың атын жамылып, ойына келгенін істеп жүр. Ол – бұрынғы патша Саулдан да өткен опасыз. Саул Амалек патшасының тиісті жазасын беруден бас тартып, малдың жақсысын алып қалғаны үшін тағынан айырылды. Менің әкем болса, өзіне қасық қаны қалғанша қызмет еткен адамның әйелін алды. Өз күнәсін жасырмақ болып, адал

қызметшісінің өмірін қиды. Өзі кісі қанын төккен қылмыскер, өзі зинақор, енді Амнонның да қылмысын жылы жауып қойды!»

Абессалом Гешурда үш жыл жүрді. Дәуіттің қайғысы басылды. Мұнысын Жоғаб байқап қалды, ол патшаны Абессаломды Иерусалимге қайтаруға көндірді.

Абессалом Иерусалимге қайтып келгеннен кейін, Дәуіт ұлымен жүздесуден бас тартты. Екі жыл өткенде ғана, Дәуіт Жоғабтың сұрауымен Абессаломды қабылдады. Абессаломның өшпенділігі арта берді. Ол патшаға наразы адамдарды өз төңірегіне жинай бастады. Халықтың мұңын тыңдап, көңілін аулады. «Патша болсам, әр шағымды мұқият қарастырып, әр адамға көмектесер едім» «Шіркін, мені елге төреші етіп тағайындаса ғой! Сонда арыз-шағымы не даулы ісі бар кез келген адам маған келе алар еді. Ал мен оның ісін әділдікпен шешкен болар едім!» дейтін болды. Дәуіт патшаның назарынан тыс қалған мәселе, дау-дамайды өзі шешіп жүрді. Осының бәрін, бәлкім, өзі өмірден әділдік таппаған соң істеген болар. Дегенмен, оның жәбір көргендерге жасаған қамқорлығы шынайы ма? Киелі Кітапта «Абессалом Исраилдің күллі ер азаматтарының жүректерін жаулап алды» деп жазылған. Оның ойлағаны адамдардың қамы ма, әкесін тақтан тайдырудың амалы ма?

Абессалом халықтың көңілін өзіне бұрып алғаннан кейін, патшаға қарсы бүлік шығарды. Жанжалдың өршігені сонша, Дәуіт бас сауғалап елден қашуға мәжбүр болды. Абессалом әкесінің соңына түсті. Алайда, қолы таққа жеткелі тұрғанда, Абессалом Жоғабтың қолынан қаза тапты. Дәуіт сарбаздарына Абессаломға қол көтермеуді қатаң ескерткен еді. Соған қарамастан, бүлікшіл ұл Құдайдың жазасынан құтыла алмады.

Абессаломның түбіне жеткен – жүрегіндегі ыза мен өшпенділік. Ол – тақ мұрагері, болашағы зор еді. Әттең, қыршын кетті. Дәуіт дер кезінде Амнонға тиесілі жазасын берсе, осының бәрі болар ма еді? Жоқ, қайғылы жағдайдың алдын алар еді. Дәуіт балаларына Құдайға ұнамды тәрбие берсе, жақсылыққа баулып, оларды сыйласа, осының бірі де болмас еді. Бір баласын тәртіпке салмай, басқа балаларының қадірін кетірді.

## **Баланы бетімен жіберу сүйіспеншілікке жатпайды**

Жастар қызметінде алған тәжірибеме қайта оралайық. Балаларымен тіл табыса алмаған ата-аналардың көбісі тәртіптің қажет екеніне

сенбейді. Дәуіт патша тәрізді, олар да балаларын тәртіпке салудан қашқақтайды. Балаға тек «сүйіспеншілік» керек деп сенеді. Алайда, бала тәрбиелеудің мұндай әдісінен нәтиже шықпайды. Балаларының рухани ахуалы нашар, ізеттен жұрдай, бүлікшіл. Осы мінездері мектепте, жұмыс орнында, жастар жиналысында, тағы басқа жерлерде байқалып тұрады.

Ең қызығы, ата-аналары тек «сүйіспеншілік» сыйлап, жөнге салмаған балалар әке-шешесін сыйламайды, тіпті, менсінбейді де. Бұл бір жағынан мысқыл тәрізді, екінші жағынан өте қайғылы жағдай. Ата-ана баласының жүрегін «сүйіспеншілікпен» жаулап алмақ еді, онысынан кері нәтиже шықты. Қайғылы жағдай деуіміздің себебі – бала теріс жолға түсіп, отбасына біраз қиындық әкеледі.

Бірде кабинетімде отырған жас қызға әке-шешесімен дөрекі сөйлескені үшін қатаң ескерту жасадым. Айтарымды айттым да, «Осыны неге айттым? Әкесі мен анасы неге айтпайды?» дедім ішімнен. Қыздың әкесі мен шешесі болса, «сүйіспеншілік» бағытынан танбақ емес. Құдайдың Сөзі «Жазасын тартқызбаған баласын сүймейді, баласын сүйген оны жасынан тәрбиелейді» деп анық айтса да, олар қызын тияр емес (Нақыл сөздер 13:24).

Ата-ананың тәрбиесін көрмей өскен талай бала өмірде адасып жүр. Әке-шешесі дер кезінде дұрыс жолға салып отырса, аяғын шалыс баспайтын еді сол жастар. Неге дейсіз ғой? Өйткені,

Тиянақты тәрбие мен қажетті жаза  
Баланы ақылды қылар,  
Ал өз бетімен жіберілген бала  
Анасын масқараға қалдырар.

– Нақыл сөздер. 29:15

Кейбір ата-ана Киелі Кітаптағы осынау анық нұсқауларды неге орындамайды? Өйткені, өз ақылымен жүргісі келеді. Нәтижесінде, Құдайды да дәріптемейді, баласын да сыйламайды.

Ата-ана баланы жөнге салмаса, бала ата-анаға деген құрметтен жұрдай болып өседі. Үнемі солай. Ал әке-шеше шектен шыққан қаталдық танытса, бала ата-анасына ызаланады, жүрегі жараланады, көңіліне қорқыныш ұялайды, сағы сынады.

Бала қандай да бір бұрыс қылық жасаса, кешеуілдетпей және ұзаққа созбай, тәртіпке шақыру керек. Және болған нәрсе болған жерінде қалуы

керек. Ішіңізге ашу, реніш сақтап жүрмеңіз. Балаларымызды жазаласақта, артынша-ақ оларды құшақтап, күліп-ойнап кетеміз. Қате түзетілісімен, айып кешірілуі керек. Құдай бізді кешіргеннен кейін, күнәмізді қайтып есіне алмайды. Баланы тәртіпке салу дегеніміз – оны дұрыс жолға бағыттау әрі өзін кінәлі сезінуден сақтау. Мен қатал тәртіпті жөн көремін. Лиза болса, баламен сөйлесіп, ақыл-кеңес беруге, еркелетуге бейім. Бірлесе әрекет етіп, әрқайсымыздың мықты тұстарымыздан мейлінше нәтиже шығаруға тырысамыз. Лизадан балаға көбірек көңіл бөліп, еркелетуді үйрендім. Лизаның менен үйренгені – тәртіптің пайдасы. Бала тәрбиелеуде таразының екі басы тең түсті, енді ұлдарымыздың өміріндегі Құдайдың жарылқауын көріп жүрміз.

## Ерте келген сый

Тұңғышымыз Эдисон мектепті өте жақсы бітіріп шықты да, еліміздегі ең үздік экономикалық университеттердің біріне түсті. Оқу 2005 жылдың қыркүйек айында басталуы тиіс.

Эдисон жылда жаз айларында біздің миссияда жұмыс істейтін. Биыл да солай. Маусым айының басында Эдисон маған қоңырау шалды. Әлденеге толқып тұрған сияқты.

— Әке, сізбен ақылдасайын деп едім.

Бір маңызды мәселе жайында сөз болатынын сезе қойдым.

— Әрине, не айтайын деп едің? — дедім.

— Әке, қыркүйек айында университетке баруым міндетті ме? Миссияда толық уақыт қызмет еткім келеді. Анам екеуіңе Құдайдың жолдауын таратуға көмектескім келеді.

Көп ойланған жоқпын. Баламның Құдаймен жақын қарым-қатынасы бар екенін білемін. Менен әлдене сұрардан бұрын, әуелі Құдайға сыйынады. Баламның шешіміне дән риза болып отырмын. «Миссиямызға толық қызметке кірсең, тамаша болар еді. Анаң екеуіміздің де қалайтынымыз сол» дедім.

Осыдан кейін не болғанын айтып берейін. Эдисонның миссияға кіргеніне екі ай болды. Штат жөніндегі менеджеріміз оны қауымдармен байланыс бөлімінің жетекшісі етуді ұсынды. Бұл бөлім бірнеше жыл бұрын құрылған, қауымдар мен бағушыларға кітаптарымызбен қатар, DVD мен оқу құралдарын таратады. Оларды бүгінгі таңда АҚШ-тағы он

төрт мың қауым мен Австралиядағы мыңнан астам қауым қолданып жүр.

Менеджер Эдисонды бұл лауазымға менің ұлым болғандықтан ұсынған жоқ. Ұлдарыма жұмыста ерекше көзқарас болмасын деп қызметкерлерінме үнемі ескертемін. Балаларымның жұмыста жеңілдіктен гөрі, қиындықтары көп-ау. Өйткені, жұмыс бабындағы қарым-қатынас пен туысқандық қарым-қатынастың арасындағы тепе-теңдікті сақтау да кейде оңай емес. Штат жөніндегі менеджеріміз осы лауазымға лайық адамның табылмай жүргенін бірнеше рет айтқан еді. Демек, Эдисонды алғысы келгені – шынында да, баламның қабілетін байқағаны.

Сонымен, Эдисонды жұмысқа алдық. Баламның осы лауазымдағы жетістіктеріне өзім де таң қалдым. Бір жылдың ішінде қауымдармен арадағы байланысымыз үш есе артты. Қайда барсам да, бағушылардың Эдисонның қол астында жұмыс істейтін жігіттермен жақсы қарым-қатынаста екенін естимін. Ұлымның адамдарды жігерлендіруде ерекше дарыны бар, оның жұмысқа деген құлшынысы басқаларды да жігерлендіреді. Эдисонның бөлімі бағушыларға дер кезінде көмек беріп, өтініштерін орындап, сұрақтарына жауап беріп отырады.

Ұлымды сыйлап, бетін қайтармағанымның арқасында, Құдайдың сыйын өзім ғана емес, ұжымымыз да алды. «Атақ-шені жоқ» адамды құрметтесек, Құдайдың сыйынан құр алақан қалмаймыз. Эдисон менің қызметімнің өрісін осынша кеңейтеді деп, өзім де күткен жоқпын. Ұлым арқылы талай жаңа таныс таптым. Жиырма жасар жігіт арқылы осындай өзгерістер болады деп, кім ойлаған. Бұл ғана емес, DVD мен оқу құралдары арқылы өзім бара алмаған талай қауым Құдайдың Сөзін естіді. Оның жемісі – құтқарылған адамдар!

Ұлдарыма өз меншігім деп қарамаймын. «Көктегі Әке, балаларым менікі емес, Сенікі. Олардың өмірі – сенің меншігің, мен тек уақытша басқарушымын. Сондықтан, оларды Өз қалауыңша жетеле, Құдайым. Тіпті, оларды Жердің арғы бетіне алып кеткің келсе де, Сенің еркің болсын. Жалғыз сұрайтыным, өмірінде Сенің еркің орындалсын» деп шын жүрегімнен мінежат ететінмін. Бір күні ұлым жырақ кетуі мүмкін, оны білем. Ал әзірше Құдай маған ұлыммен бірге жұмыс істеу мүмкіндігін берді. Басқа балаларым да бізге қосылуға асығып жүр. Балаларымызға көрсеткен құрметіміз үшін алар сыйымыздың шеті көрінді деуге болады. Алда әлі талай тамаша нәрселер күтіп тұр.

Балаларын сыйлайтын ата-ананың бәрі солай. Бала әке-шешесіне



қадірлі болса, өмірі гүлденеді. Балалардың жетістіктері мен алғысы – ата-анаға сый. Бұл – сеніміміздің куәлігі, жеміс бере түсуімізге себеп. Құдайдың Сөзі солай дейді, Құдайдың жоспары осы деп Исаның Өзі айтқан. Қамқорлыққа еркелетумен қатар, тәртіп орнату да кіреді. Соны ескерген ата-анаға Құдай тиесілі сыйын береді. Қартайғанда көргені, қайғы емес, қуаныш болады. Өміріміздің алтын күзін жалғыздықта өткізбейміз, көмекке зәру болмаймыз, қайта құрметке бөленеміз.



## 15-ші ТАРАУ

# Отбасындағы құрмет – әйел

**Б**ала ғана емес, әйел де отбасындағы билікке бағынады. Әйелдің күйеуін құрметтеуі қаншалықты маңызды екенін жоғарыда айттық. Ер адамның әйеліне құрмет көрсетуі де соншалық маңызды. Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынастағыдай, кері заңдылық мұнда да өз күшінде.

### Әйелді құрметтеу

Сол секілді сендер, күйеулер, әйелдеріңе ілтипат пен қамқорлық көрсетіп бірге өмір кешіңдер! Жан-тәндерінің нәзік екенін түсіне отыра, оларды ерекше қастерлей біліңдер. Себебі Құдай рақым етіп сыйлаған мәңгілік өмірді сендермен бірге олар да иемденеді. Тәңір Иеге сиынған кездеріңде ештеңе кедергі болмас үшін де осылай істеңдер!

– 1 Петір. 3:7

«Оларды ерекше қастерлей біліңдер» дейді Петір елші. Кейбір ер азаматтар әйел адам күйеуінен рухани тұрғыда төмен деп ойлайды. Жоқ, олай емес! «Әйелдің жан-тәнінің нәзіктігі» рухының әлсіздігін білдірмейді, тек ер адамның еңсере алатын жүгін көтере алмайтынын меңзейді. Әйелдің білек күші ер адамдыкінен аз. Киелі Кітаптың ағылшын тіліндегі кеңейтілген аудармасында: «әйелдердің өздеріңнен әлсіз екенін түсіне отырып, оларды ерекше қастерлей біліңдер» деп жазылған. Жаңа Тірі

аудармада бұл аят былай жазылыпты: «Сол секілді сендер, күйеулер, әйелдеріңе құрмет көрсетіңдер. Оларға қамқорлық көрсетіп бірге өмір кешіңдер! Әйелдерің өздеріңнен әлсіз болса да, Құдай рақым етіп сыйлаған мәңгілік өмірді сендермен бірге олар да иемденеді. Әйелге тиісті ілтипат көрсетпесеңдер, мінәжаттарың қабыл болмайды».

Әйел адам – ер азаматтың мәңгілік өмірді бірге иемденетін тең серіктесі. Аяттың соңында жазылған, жауапсыз қалған мінәжаттар жөніндегі тұжырым қайран қалдырады. Ер адам әйелін сыйламаса, оның дұғасы қабыл болмайды. Не деген ес жиғызар ескерту! Өте өкінішті жайт! Әйеліңізді сыйламасаңыз, мінәжатыңыз Құдайдың құлағына шалынбайды. Назарымды толық баурап алуға осы сөздің өзі-ақ жеткілікті. Отағасы ретіндегі ролімді қайта қарастырып, сараптауыма түрткі. Құдайға шүкір, кері тұжырым да – шындық: Әйеліңізді құрметке бөлесеңіз, Құдайдың алдына сеніммен келе аласыз.

Ер азаматтар, сіздермен бүкпесіз сөйлесейін. Әйеліңізді қадірлі тұлға санайсыз ба? Айтқан сөзіне мән бересіз бе, әлде «әйелдердің сөзі көп» деп, теріс айналасыз ба? Өз басым кейбір ақиқаттарды отбасында талай қиындық көргеннен кейін ғана ұқтым. Алғашқы жылдарда әйелімнің кеңесін елемейтінмін. Кейін байқасам, Лизаның сөздерінде Құдайдың даналығы бар екен. Мен болсам, өзімді рухани тұрғыдан жоғары санаппын. Ақымақ басым, адасып жүр екенмін!

Лизаның айтқандары бірнеше рет дұрыс болып шыққаннан кейін, мінәжат ете бастадым. «Құдайым, мен күніне екі сағат дұға етемін, Лиза болса жиырма минут сыйынады, оның өзі дұшқа кіргенде» деп күңкілдедім. (Кейін бұл ойымның да қате екенін білдім. Әйелім күнделікті өмірде үнемі мінәжат етіп жүреді, оны кейін мен де үйрендім).

«Маңызды мәселеде мен неге жиі қателесемін, Лизаның айтқаны неге дұрыс болып шығады?» деп қостым.

Құдай «Балам, қағаз бетіне шеңбер сызшы» деді.

Сыздым.

«Енді шеңбердің ішін «Х» әріптерімен толтыр».

Орындадым.

«Енді шеңберді қақ ортасынан сызықпен бөл. «Х» әріптерінің жартысы шеңбердің бір жағында, басқасы екінші жағында қалды» деді Иса.

Солай.

Сосын «Осы «Х» белгілері – Менің ақыл-кеңесім, Менен келетін

даналық пен дұрыс шешім қабылдауға қажет мәлімет. Шеңбер біреу, бірақ екіге бөлінген. Лиза екеуің екі тұлға болғанмен, некелесіп, біртұтас болдыңдар. Ақыл-парасат шеңбердің бір жартысында ғана болса, бүтіндік жоқ» деді.

«Даналықтың бір бөлігі Лиза жақта, екінші бөлігі сен жақта. Сен өзіңе қолжетімді мәліметке, яғни менен келер даналықтың жартысына ғана сүйеніп, шешім қабылдап жүрсің. Менің Лизаға не айтқанымды сұрап білген жоқсың. Мен қажет мәліметті саған бергенімдей, Лизаға да беремін. Парасатты жетекші ретінде сен Лизадан сұрап, Менің оған не көрсеткенімді білуге тиіссің. Содан кейін бірге отырып, ақылдасыңдар. Сонда ғана отағасы ретінде дұрыс шешім қабылдайсың».

Құдаймен арадағы болған осы әңгімеден кейін Лиза екеуіміздің қарым-қатынасымыз мүлде өзгерді. Бойдақ кезімде шеңберім бүтін болатын, барлық шешімді бір өзім қабылдайтынмын. Енді, отау тіккеннен кейін, шеңбердің екі жартысы бар.

## Нәзік жандылар

Петір елшінің сөзін қайталап оқып шығайық: «Сол секілді сендер, күйеулер, әйелдеріңе ілтипат пен қамқорлық көрсетіп бірге өмір кешіңдер! Жан-тәндерінің нәзік екенін түсіне отыра, оларды ерекше қастерлей біліңдер. Себебі Құдай рақым етіп сыйлаған мәңгілік өмірді сендермен бірге олар да иемденеді. Тәңір Иеге сиынған кездеріңде ештеңе кедергі болмас үшін де осылай істеңдер!» Әйелдерімізді түсінуді үйренейік. Құдайдың сол жолғы айтқаны әйеліммен қарым-қатынасымының қандай болуы керектігін айқындады.

Киелі Кітапта бақытты отбасының баянды өмірі жөніндегі талай дана сөздер бар. Ер адамдар әйел мен еркек болмысындағы айырмашылықты ұғынуға уақыт бөлсе, көптеген некені сақтап қалуға болар еді. Ер адам мен әйел адамның мінез ерекшеліктерін топтастырсақ, Құдайдың кемел мінезін көре аламыз. Құдайдың болмысын еркектен де, әйелден де толық көре алмаймыз. Мұны қайдан білеміз? Киелі Жазба былай дейді: «Осылайша Құдай адамды (рухани жағынан) Өзіне ұқсас әрі бейнелес етіп, бірін еркек, бірін әйел қылып жаратты» (Жаратылыс. 1:27).

Құдай адамды Өзіне ұқсас етіп жаратты. «Бірі еркек, бірі әйел» болып жаратылған адамнан Құдайдың бейнесі көрініс тапты. Адамзат Құдайға

ұқсас жаратылған, ал адамзат дегеніміз – ер адам мен әйел адам. Пауыл елші: «Дегенмен Иемізбен байланысымызда әйел еркектен, еркек әйелден тәуелсіз емес» дейді (1 Қорынт. 11:11).

Петірдің сөзіне қайта оралайық. Күйеулер әйелдерін жан-тәндерінің нәзік екенін түсіне отырып қадірлеуі керек. Екіншіден, мәңгілік өмірді бірге иемденетін серік деп құрметтеуге тиіс. Біріншісіне қысқаша тоқталайық. Біз, ер азаматтар, әйелдерімізге ақсүйек ханымға лайық құрмет көрсеткеніміз жөн. Әйелге қорған болып, ілтипат көрсетіп жүрейік. Орындығын жақындатып беру, есік ашу сияқты ұсақ-түйек нәрселерден де ізетіміз көрініс тапсын. Отбасындағы билік иесі әйелін қошаметтеп отырса, мерейі тасиды. Мысалы, қалтаңыз біреуіңіздің ғана киім жаңартқаныңызды көтерсе, жаңа көйлекті әйеліңізге алып беріңіз. Дем алуға баратын бағыт таңдағаныңызда, әйеліңізбен сөз таластырмай-ақ, қалаған жеріне апарыңыз. Құдай Патшалығында жетекші болу дегеніміз – үстемдік ету емес, қызмет ету. Әйеліңіздің, отбасыңыздың немесе Құдай Патшалығының мүддесі таразыға түскенде ғана, жұбайыңыздың пікірімен санаспай, өз дегеніңізді істеуіңізге болады. Былайғы уақытта әйеліңіздің қалауын ескерусіз тастамаңыз. Жұбайыңызға деген құрмет – осы. Осыны ұстансаңыз, Құдайдың жарылқауы мен сыйынан құр қалмайсыз.

## **Мәңгілік өмірді бірге иемденетін серік**

Петірдің айтуынша, әйелдерімізге құрмет көрсетудің екінші себебі: олар – мәңгілік өмірді бірге иемденетін серіктесіміз. Яғни, Құдай алдында теңбіз. Жаратқан Иенің алдында ер адамның әйелден еш артықшылығы жоқ. Кейбір адамдар еркекті әйелден жоғары санайды. Мұндай өтірікке сенбеңіз. Бұл шовинист еркектердің таратып жүрген қауесеті. Олар Құдайдың алдында жауап береді. Көп жылдан бері Құдайдың Сөзін зерттеп келемін, жиырма жылдан бері талай қауымда болдым. Сондағы байқағаным, әйелді еркектен төмен санайтын қауымдар мен жанұялар Құдайдың толық рақымына бөлене алмайды. Рақымның орнына рухани құлдық, езгі.

Келесі сұрақтарға жауап берейік. Кейбір қауымдарда әйелдер жетекші бола алмайды, оның себебі неде? Жексенбілік жиналыста әйелдердің қызмет етуіне не себепті рұқсат берілмейді? Не себепті кейбір қауымдарда бағушының командасында әйелдер жоқ? Жетекшілердің

арасында неліктен әйелдерден гөрі, еркектер көп? Әйелдердің үні естілмейтін қауымдар анасы жоқ, әкенің ғана қамқорлығында қалған баламен бірдей емес пе? Аналардың пікірін ескермейтін қауымдарда Құдайдан келетін рақым мен даналық жетіспейді. «Киелі Кітапта «қауым басқарушысы ... әйеліне адал болуы керек» деп жазылған ғой, олай болса, ер адам ғана жетекші бола алады» дерсіз, бәлкім. Сіз айтып отырған аят мынау: «Ал қауым басқарушысы ешбір кінәратсыз таза болуы қажет: бір ғана әйелі бар, салауатты, байсалды, әдепті, қонақжай және қабілетті оқытушы» (1 Тимоте. 3:2, орысшадан аударма).

Мұндағы басты нәрсе – жетекшінің жынысы емес. Бұл аятты Киелі Жазбаны түгел қамти отырып, қарастырайық. Пауыл елші өзінің хатын Көне Өсиет жазбаларын оқып үйренген адамдарға жазып отыр. Көне Өсиетте бірнеше әйел алған ерлер көп: Ыбырайым, Сүлеймен, Жақып, Елқана, тағы басқалар. Алайда, Жаңа Өсиетте мұндай мысалдың біреуін де таппайсыз. Ондай дәстүр де, заң да жойылған. Олай болса, Пауыл жетекшінің бір ғана әйелі болуы керек деп, неге жазды?

Мұны жазудың қажеті болған жоқ. Мені ұсақ-түйекті шұқылап кетті демеңіздер, Пауылдың айтқанын бұлжытпай орындамақ болсақ, бойдақ жігіттерді де жетекшілікке жолатпас едік қой. Өйткені, олар да «бір ғана әйелі барлардың» санатына жатпайды. Демек, Пауылдың өзі де қауымда қызмет ете алмайтын еді. Сондықтан, өрісімізді кеңейтіп, көзқарасымызды жаңартайық.

Сонымен, мәселе адамның жынысында емес, Құдайдың сол адамға берген тапсырмасында. Өз әйелдеріне немесе қауымдағы басқа әйелдердің қызмет етуіне тосқауыл қойған еркектер өз қызметі мен отбасына келер жарылқаудан қағылып қалады. Өмірінің кей салалары гүлденгенімен, толық жарылқау келмейді.

Әйелдердің қадірін білмегендіктен, көптеген қауымдар зардап шегуде. Бұл жағдай түбегейлі өзгеруі тиіс, өзгереді де. Өйткені, Жоел пайғамбар мен Петір елші әйелдердің Құдайға қызмет етуі жөнінде былай деген: «Осы заманның аяғында Мен өз Рухымды бүкіл адамзаттың үстіне құямын, — дейді Құдай. — Ұл-қыздарың пайғамбарлық сөз айтады, жас жігіттерің аян, қарттарың түс көреді. Сол күндері Мен тіпті құл-күңдерімнің үстіне Киелі Рухымды төгемін. Сонда олар да пайғамбарлық сөз айтады» (Елшілер. 2:17, 18). Құлдар да, күңдер де, яғни, ерлермен қатар, әйелдер де Құдайдың Сөзін жеткізетін болады. «Жаратқан Ие мынаған бұйрық шығарды, көптеген қыз-келіншек

оны хабарлады» (Забур. 67:12). Осы аятты басқа аудармадан оқиық: «Жаратқан Ие сөзін береді, сол сөзді әйелдер жеткізіп, жариялайды» (Забур. 67:12, кеңейтілген аударма).

Забур жыршысы Құдайдың сөзін ер адамдар емес, әйелдер жариялайтынын баса айтады. Осы аяттың басқа да аудармаларын шолып өтейік. «Құдай әмір етті, көптеген әйелдер хабарды тарата жөнелді» (Қазіргі заманғы аударма), «Құдай жеңіс берді, әйелдер жиналып, жар салды» (Жаңа Тірі аударма). Әйелдер Құдайдың Сөзін басқа әйелдерге ғана емес, ер адамдарға да жеткізетін болады. Бұл ақиқатты Исаның Өзі растайды. Тұңғыш Ізгі Хабар таратушы мағдалалық Мәриям емес пе еді? Оны осы қызметке тағайындаған – Исаның Өзі. «Иса оған: «Маған жармаспа, себебі Мен әлі де Әкеме көтерілген жоқпын. Одан да бауырластарыма барып, оларға Менің Әкеме, яғни сендердің де Әкелеріңе, өз Құдайыма, яғни сендердің де Құдайларыңа, көтеріліп кететінімді айт! — деп тапсырды. Мағдалалық Мәриям шәкірттерге барып, өзінің Иемізді көргенін және Оның осы айтқандарын жеткізді» (Жохан. 20:17, 18).

Лұқа жазған Ізгі Хабарда айтылғандай, Мәриям жалғыз емес, сүйінші сұраған хабаршылар көп болған. Иса Мәрияммен бірге бір топ әйелді жіберген екен, олардың міндеті шәкірттерге Исаның тірілгенін хабарлау болатын. «Мұны елшілерге айтқан — мағдалалық Мәриям, Жоханна, Жақыптың шешесі Мәриям және олармен бірге болған басқа әйелдер еді» (Лұқа. 24:10). Сонымен, Ізгі Хабарды ер адамдарға алғаш рет жеткізген – әйелдер, ал оларды жіберген Исаның Өзі екен!

Мәсіх дүниеге келгенде, бұл хабарды ғибадатханада жиналған жұртқа паш еткен – Анна пайғамбар болатын. Нәрестені танып, Жүсіп пен Мәриямның жанына бірінші болып, Шимон барды. Алайда, жұртқа алғаш жариялаған – Анна. «Бұл кісі де сол сәтте-ақ келіп, Жаратқан Иені мадақтады. Содан ол Иерусалим қаласының құтқарылуын аңсап күтіп жүргендердің барлығына осы Нәресте туралы хабарды жеткізді» (Лұқа. 2:38).

Уағыздаушы Філіптің бой жеткен төрт қызы Құдайдан келген сөзді жариялайтын. «Оның тұрмысқа шықпаған төрт қызы да пайғамбарлық сөз айтады екен» (Елшілер. 21:9). Исаның Денесінің жартысынан астамы Құдай берген аманатын ескерусіз қалдырып жүрсе, Әкеміздің ұлы тапсырмасын қалай орындамақпыз? Ер азаматтар әйелдеріне берілген Құдайдың тапсырмасын орындауда қолдау көрсетсе, Құдайға



бұл ұнамды. Өз өмірімнен осыны көріп жүрмін. (Ескерту. Жаңа Өсиетте осы айтқандарыма, бір қарағанда, қарсы болып көрінетін бірнеше аят бар. Олардың мағынасын дұрыс түсіну үшін, мұқият зерттеу керек. Киелі Жазбаның сол тұстарын зерттеу осы кітабымның мақсаты емес. Лорен Куннингхам мен Дэвид Джоел Гамильтон деген беделді жетекшілердің осы тақырыпқа жазған кітабы бар).

## Менің жұбайым

Бала кезінде Лиза бір көзінен айырылып қалды. Қатерлі ісік пайда болғандықтан, дәрігер ота жасап, оң көзін алып тастады. Бес жасынан бастап, бір көзінің орнына протез салып жүреді. Лиза мектеп қабырғасында жүргенде, кекесін сөздің неше түрін естіді. Сыныптастары Циклоп деп те, Жалғызкөз деп те мазақтады. Лиза мектептен жылап қайтатын. Анасы қолынан келгенше жұбатып, ақымақтардың сөзіне көңіл аудармауды үйретті. Дегенмен, құрдастарының мазағы жанына батты.

Жоғары сыныптарда Лиза екі пәнді меңгере алмайтын болып шықты. Бірі – ауызекі сөйлеу, екіншісі – баспа машинасында мәтін теру. Әбден қиналған Лиза мектеп басшылығына барып, өзін осы екі пәннен босатуды сұрады. Жұрт алдынды сөйлеу, аудиторияның сұрақтарына жауап беру Лиза үшін қиынға соқты. Ал бір көзінен айырылған адамға машинкада әріп теру ауыр екені айтпаса да белгілі. Мектеп басшысы Лизаны жанашырлықпен тыңдап, екі пәннен де босатты.

Бұрынырақ айтқанымдай, Лиза Иса Мәсіхпен студент кезінде танысты. Біраздан кейін үйленіп, Техас штатындағы Даллас қаласына көштік. Сонда бір ірі қауымға қосылдық. Ол кезде Лизаның мінезі өте тұйық, бұйығы болатын. Қауымдағы әйелдер мұнысын тәкаппарлыққа жорыды.

Ал мәселе басқада болатын. Лиза әлі де бойын билеген қорқыныштан, мектептегі келеке-мазақтың жарасынан арылмаған еді.

Отау тікеннен кейінгі алғашқы жылдарда қаражаттан тапшылық көрдік. Лиза косметика сататын компанияға кірді. Бет терісін күту жөніндегі Лизаның дәрісін мен де тыңдадым. Байқағаным, әйелімнің дарыны бар, компания өнімін де жақсы біледі. Алайда, жасқаншақ мінезінен саудасы жүре қоймады. Сол себепті, Лизаға клиенттерді мен тауып беріп жүрдім.

Бір жыл өтті. Бір күні Далластағы жоғары сапалы косметика сататын ірі

дүкенге кіріп шықтық. «Лиза, сен мұндағы сатушылардың қайсысынан да асып түсесің. Осы дүкенге жұмысқа тұруың керек» дедім.

Әйелім келісе қоймады. Жуырда басқа дүкенде жұмысқа кірісуі керекті. Алайда, жұмысқа бара жатқанында, құлағынан менің сөздерім шықпай қойыпты. Сондықтан ол, маған айтпай, сол ірі дүкенге түйіндемесін жіберіпті. Сөйтіп, Лиза жаңа жұмысқа ауысты!

Лиза Элизабет Арден компаниясының өкіліне айналды. Сол орында бұрын жұмыс істеген сатушы бір күнде косметиканың бір жиынтығын әрең сатады екен. Лиза болса, бір аптаның ішінде бәрін сатып жіберіпті. Бір күні дүкенге компанияның атқарушы директоры келген екен. Ол кісі: «Лиза, бірге барып, түскі ас ішейік. Мұнда енді бір күн де жұмыс істемейсіз» деді.

Компания басшылығымен сөйлескеннен кейін, Лиза координатор лауазымына тағайындалды. Даллас пен Форт-Уорстағы он алты дүкеннің, Нью-Мехикодағы дүкеннің және Оклахомадағы дүкеннің жұмысын қадағалайтын болды. Екі жыл өтер-өтпестен компанияның промоутеріне айналды, енді сегіз штаттағы дүкеннің үстінен қарайтын болды. Табысы едәуір артты. Компания Лизаға су жаңа «Форд Тандербёрд» көлігін бөлді. Сол машинада кейде Лизаның жанында, кейде рулде кім отырды деп ойлайсыз? Лизаның табысы өскен сайын, пайдасын көрген кім? Мен. Міне Лизаны сыйлағаннан ұтқаным – осы!

Бірнеше жылдан кейін Флоридаға көшіп бардық. Онда жастар қызметіне жеткшілік еттім. Бірнеше айдан кейін жиналыс үстінде хабарландыру жасап, келесі аптада менің орныма Лиза уағыз айтады дедім. Құдайдың Лизаға көптеген дарын бергенін көріп жүрмін. Үйге келген адамдарға тәлім беріп, қызмет еткенін талай көрдім. Соны енді бір топ адамның алдында істей алатынына күмәнім болған жоқ. Алайда, хабарландырудан кейін қарсылыққа тап болды. Қарсы болған – жастар емес, Лизаның өзі. Бір апта бойы келіспей қойды. «Сен мені бәрібір көндіре алмайсың. Не жайында уағыз айтамын? Айтарым жоқ». Құдайдың көмегімен уағыздай аласың деп, әрең көндірдім. Менікі – Лизаның бойындағы дарыны іске аспай қалмасын деген ниет.

Сонымен, белгіленген күні Лиза тамаша уағыз айтты. Жастар жақсы қабылдады. Лизаны жастар жиналысына тағы бірнеше рет шақырдым. Әрбір жолы Лизаның тарапынан қарсылық болды. Бар білетінін жастарға айтып бергенін, басқа айтары жоғын алға тартты.

«Мен өзімді апта сайын дәл осылай сезінемін. Апта сайын Құдайға үміт артуым керек» дедім. Бұл сөзім де әсер ете қоймады. Дегенмен, Лиза тағы бір уағыз, сосын тағы бір уағыз айтуға келісе берді. Барған сайын машықтанып, уағыздарының сапасы да арта берді. Жастар Лизаға бауыр басып қалды.

Бағушының батасын алып, өз алдыма қызмет ашқаннан кейін де, осыны істедім. Кішігірім конференцияларда қызмет еткенімде, кейде, Лизамен ақылдаспай, келесі жиналыста Лиза уағыз айтады деп хабарлайтын болдым. Сондайда Лиза түн жарымына дейін мазамды алатын. «Өзің уағыз айтатын уақытты маған бергенің дұрыс емес. Бұл жастар тобы емес, басқа қауым өткізіп жатқан конференция. Қауым мені емес, сені шақырды ғой». Бір жолы қай тақырыпқа уағыз айтқанымды сұрады, өйткені, жиналыс кезінде бала бағып, уағыз тыңдай алмай қалған еді. Жауабымды естіп, ашуланып қалды. «Менің ертең айтқалы жүрген уағызымды айтып қойыпсың ғой. Мен не айтамын?» деді. «Жаным, Құдайдың саған үйреткені көп. Соны басқалардың да естігені дұрыс». Лиза түнгі үшке дейін менімен сөз таластырды. Ақыры, «Сүйіктім, жиналыс таңғы тоғызда басталады. Алты-ақ сағат қалды. Ұйықтап алғаның дұрыс қой» дедім, күліп.

Әлбетте, Лизаның уағызы жұрттың бәрін тамсандырды. Оның қайран қалдырар жолдауын жиналғандар ұйып тыңдады. Осы әдісті басқа қалаларда да қолдандым. Лиза қызметке төселе берді.

Осы тұста маңызды бір нәрсені айта кетуім керек. Лизаға оңай болған жоқ. Алғаш рет уағыз айтқанында, бірнеше ер адам орындарынан тұрып, залдан шығып кетті. Және жай шықпай, орындықтарын мейлінше тарсылдатып, әдейі қыр көрсетті. Мұнысы – әйел адамның уағыз айтқанын жақтырмаған сыңайы. Солармен қоса, Лизаның өзінің де шығып кеткісі келген болар. Ол жұрт алдына шығып, уағыз айтуды аңсаған емес. Бұл қызметке Құдайға мойынсұнғандықтан ғана көнді.

## Кітаптар да солай

Кітап шығаруда да солай әрекет еттім. Үш кітап жаздым, Лиза оларды басып шығаруыма көмектесті. Сол кезде Лизаның жазушылық дарынын байқап қалдым. «Шайтанның тұзағы» деп аталатын үшінші кітабым ұлттық бестселлерге айналды. Баспашыма «Кезінде Лизаның өмірінің

кейбір салалары қорқыныш пен бақылаудың құрсауында болған еді. Құдай соның бәрінен арылтты. Лизаның осы жөніндегі мықты жолдауы бар. Лизамен кітап туралы сөйлескеніңіз дұрыс болар еді» дедім.

Бірнеше күннен кейін баспашы біздің үйге келді. Бірақ маған емес, Лизаға жолықпақ. Лиза маған қарап, «Бұл не?» дегендей сұраулы кейіп танытты.

Баспашы Лизаны редакцияға барып, баспа ұжымымен жүрегіңдегісін бөлісуге шақырды. Кездесу уақыты белгіленді. Баспашы сәл ойланып барып, «Жұбайыңыз кітап жазып, жүрегіңіздегі жолдауды жұртпен бөліскеніңізді жөн көреді. Сөзіңізді тыңдағаннан кейін, солай екеніне мен де келісіп отырмын» деді.

Содан бері Лиза алты кітап жазды, бесеуі бестселлер атанды. Лизаның кітаптары әлемнің әр түкпіріндегі адамдардың өміріне ықпал етті. Енді ол жыл сайын ондаған мың адамның алдында сөз сөйлейді. Екі жүзден астам елде көрсетілетін телебағдарламамызды менімен бірге жүргізеді.

Бала кезінде сыныптастарының алдына шығып сөйлеуге ұялған, баспа машинкасымен әріп теру қолынан келмеген адам, енді қандай қызмет атқарып жүр? Құдайдың жолдауын мінбеден және экраннан мыңдаған адамға жеткізуде. Кітап шығаруда. Осының бәрі қолынан қалай келді? Лиза Құдайдың рақымы мен құдіретіне сүйеніп, қорқынышын жеңді. Құдай Әкенің сүйікті қызының бойындағы дарынын дөп басып таныған жұбайының арқасында көптеген адамдар жарылқанды. Қауымдағы ер азаматтардың әрқайсысы әйелдерін құрметтей бастаса, не болар еді?

Әйелімді құрметке бөлегенім үшін мен қандай сый алдым? Бәрін бірден айтып шығу да мүмкін емес. Лизаның қызметі ғана емес, өмірінің әрбір саласы гүлденді. Құдай азат еткен адам – шынайы азат. Кезінде Құдайдың рақымы Лизаға есік ашады деп сенген едім, енді Лизаның дарыны мен үшін талай есіктерді ашуда. Әйелімнің арқасында мен үшін де әлемнің әр түкпіріндегі мүмкіндіктер ашылды. Бағушылардан «Лизаның жолдауы әйелімнің жүрегін тебірентті. Сондықтан сені шақыруым керек» дегенді де естіген кездерім болды.

Құдайдың тағы бір сыйы: әйелім – дарыны іске асқан, жазушы әрі қызметкер ретінде қалыптасқан, мәнді-мағыналы өмір сүріп жүрген адам. Құдайдың аманатын орындай алмай жүрген адамның көңілінде ауыртпалық болады, жаны жай таппайды.

«...Жандарыңды Мен рақатқа бөлеймін!  
 ...Тыныштық табады сонда көңілдерің.  
 Себебі ыңғайлы — қамытым Менің,  
 Әрі жеңіл — жүктейтін міндеттерім» дейді Иса.

– Матай. 11:28-30

Құдайдың аманатын орындау қуаныш сыйлайды. Шайтанның шабуылы да болады, әрине, дегенмен, Құдайдың еркіне сай өмір сүретін адам тойтарыс бере алады. Менің әйелім өзін бақытты сезінеді, өмірге деген құштарлығы зор. Құдайдың перзенті, әйел, ана, Ізгі Хабар қызметкері ретінде, яғни өмірінің барлық саласы өркендеуде. Ең үлкен сый – тағдыры өзгерген талай адамдар. Құдайдың алдына барғанымызда, Лизаның қызметінің жемісін көреміз. Бірде ұлдарыма былай деп, сұрақ қойдым: «Аналарың екеуіміздің іссапарға жиі кететінімізге қалай қарайсыңдар? Қынжыласыңдар ма? Өздеріңді ата-анадан айырылып қалғандай сезінбейсіңдер ме? Әлде, әлемдегі мұқтаж жандардың өміріне бізді тұқым тәрізді егіп, мұны Құдайға қызмет етудің бір жолы деп қарастырасыңдар ма?» деп сұрадым.

Үлкен ұлым «Әке, Құдайдың ісіне, көптеген адамдардың өміріне ықпал етуге қосқан үлесіміз деп білеміз» деді. Бұл сөзді қалған үшеуі де құптай жөнелді.

Содан бері, қарым-қатынасымыз нығая түсті. Құдайға мойынсұна қызмет еткен адамның өміріндегі Жаратқанның рақымы мол екенін ұқтық. Ұлдарым Құдайдан осы өмірде де, мәңгілікте де өз сыйын алады. Ізеттің сауабын көру – тамаша. Сыйымызды сол сәтінде көрмесек те, Құдайдың уәдесіне сай, сыйдан құр қалмайтынымыз анық. «Сонымен сендер Құдайларың Жаратқан Иенің айтқандарына құлақ асып, мен бүгін өздеріңе тапсырып отырған күллі өсиеттерін сақтап орындайтын болсаңдар, Ол сендерді жер бетіндегі барлық халықтардан жоғары қояды. Иә, Құдайларың Жаратқан Иенің айтқандарын тыңдайтын болсаңдар, мына жарылқаулардың барлығы сендерге қонып, сендердікі болады» (Заңды қайталау 28:1-2).

Ізетті болғанда, көздейтініміз – тек сый алу емес. Бұл – жүректен шыққан ниет, Құдайдың қалауы. Дегенмен, тұқым еккен адам жемісін жейді, дәл солай ізетті адам да сыйдан құр алақан қалмайды. Құдайдың сыйы шынайы ізеттің соңынан ереді. Сондықтан, ер азаматтар, қапы қалмаңыздар. Әйелдеріңізді сыйлауды әдетке айналдырыңыздар. Алатын сыйыңыз сіз күткеннен әлдеқайда зор болмақ!



## 16-шы ТАРАУ

# Әркімге өзіне лайық құрмет көрсетіңдер

**Е**нді үйімізден, кеңсемізден, қауымымыздан тыс, сыртта кездестіретін адамдарды құрметтеуді қарастырайық. Пауыл елші былай дейді:

«Әркімге лайықты құрмет көрсетіңдер».

– 1 Петір. 2:17

Бұл аяттың басқа аудармалары былай дейді: «Барлық адамды құрметтеңдер» (ағылшынша кеңейтілген аударма), «Кез-келген адамды қадірлеңдер» (Жаңа Өсиеттің замануи аудармасы, Message), «Әр адамға құрмет көрсетіңдер» (Киелі Кітаптың Жаңа Тірі аудармасы). Мұндағы адамдарды Иса «біздің маңайымыздағы адамдар» дейді. Ізгі Хабардың келесі әйгілі үзіндісін оқиық:

«Иса оған былай жауап берді:

— Бір адам Иерусалимнен Иерихон қаласына кетіп бара жатып, қарақшылардың қолына түсіпті. Қарақшылар оның киімдерін сыпырып алып, өзін жарақаттап, шала-жансап етіп тастап кетіпті. Бір діни қызметкер сол жолмен кездейсоқ келе жатып, оны көре тұра қасынан өтіп кетеді. Дәл солай жаңағы жерге келген ғибадатхана қызметшісі де оған қарап, қасынан өтіп кетеді. Одан кейін бұл жерге жолаушылап бара жатқан бір самариялық келеді. Өлгі адамды көргенде оған

жаны ашып, қасына барады да, жараларын маймен және шараппен жуып-шайып, таңады. Оны есегіне мінгізіп алып, қонақүйге апарып, күтеді. Самариялық адам ертеңінде жолға шығарда, қонақүйдің иесіне екі күміс теңге беріп: «Мына кісіге қамқорлық жасай гөр. Егер артық шығын шығарсаң, мен қайтып оралған кезде төлеймін», — дейді. Ал енді, қарақшылардың қолына түскен кісіге бұл үшеуінің қайсысы «маңайындағы адам» болды деп ойлайсың? — деп Иса сол ғұламаға сұрақ қойды. Ол:

— Әрине, оған қайырымдылық көрсеткені, — деді. Сонда Иса оған:

— Сен де солай істейтін бол! — деп тапсырды»

– Лұқа жазған Ізгі хабар 10:30-37

Діни қызметкер мен ғибадатхана қызметшісі өлім аузында жатқан адамды маңызды санаған жоқ. Шетелден келген самариялық жолаушы болса, адамгершілік танытып, бейшараның өмірін жоғары бағалады. Оның «жаны ашыды» дейді Киелі Кітап. Құрмет – жүректен туатын қабілет. Самариялық өз уақытын жұмсап, әлгі жаралы адамды өлімнен алып қалды. Оны тіпті қонақүйге апарып, бөтен адамның жағдайын жасаумен өз ақшасын шығарды. Ол «Құдайым, осы адамға көмектескенім дұрыс па?» демей, Құдайдан әлдебір ерекше сөз күтпей, іске кірісті. Осындай мейірімді әрекет сүйіспеншілікке толы, рақымды жүректен шығады. Әр адамды құрметтеу деп осыны айтамыз.

### **Заманауи мысал**

Адамды құрметтеудің тағы бір тамаша мысалын айтып кетейін. Ол досым Билл Уилсонның әңгімесі. Шешесі Биллді он бір жасында су құбырының жанында тастап кетті. Осында отыр, ешқайда кетпе деп бұйырды да, қайтып оралған жоқ. Сонда бір бейтаныс сенуші баланың жалғыз қалғанын көріп, Биллді жазғы лагерьге жібереді. Осы қамқорлық Биллдің мықты болашақ қызметінің негізін салды.

Бірнеше жылдан соң Билл Уилсон «Метро Министрис» атты қызметтің іргесін қалайды. Қазір де ұйымды өзі басқарады. «Метро Министрис» апта сайын Нью-Йоркта жиырма мың балаға қызмет етеді. Билл автобусты өзі жүргізеді. Көмекшілерімен бірге ол Ізгі Хабарды қаланың



аса қауіпті және кедей аудандарына жеткізеді. Осының арқасында Нью-Йоркта ғана емес, басқа жерлерде де мыңдаған адамдар Исаны Құтқарушым деп қабылдады. АҚШ бойынша және басқа елдерде Билл қауымның назарын баспанасыз қалған балаларға аударып, оларға қызмет етуді үйретеді. «Метро Министрис» халықаралық ұйымға айналып, күннен күнге жаңа бөлімшелерін ашуда.

Билл сияқтылар өте көп. Олар мұқтаждар мен жарлыларға Ізгі Хабар таратады. Біз де ол жұмысқа септігімізді тигізе аламыз. Қалай десеңіз, ең жақсысы – мінәжат пен қаражат арқылы қолдау. Әр сенуші ай сайын осындай қызметтің біріне ақшалай көмек жіберіп отырса, керемет нәтижеге жетеміз. Қанша адам Иса туралы еститінін елестетіп көріңіз. Самариялық адам – нағыз сенуші, ал жаралы адам – күнәкар дейік. Самариялықтың мейірімділігін көрген күнәкар оның айтатын Ізгі Хабарын қуана тыңдамайды ма? Ал діни қызметкер мен ғибадатхана қызметшісі сияқты сенушінің айтатынына жаралы адам құлақ аспайды ғой. Жүрегімізде Құдайдың махаббаты болса, біз кез-келген адамның өмірін жоғары бағалап, мұқтаждарға көмектесетін қызметтерді ақшалай қолдайтын боламыз.

Ондай қызметке тікелей қосылуға да болады. Ол үшін Нью-Йоркқа көшіп керегі жоқ. Жергілікті қауымның қызметіне атсалысыңыз. Аптасына бір-ақ рет жұмыс істесеңіз де, ол жоқшылық көріп отырғандарға әжептәуір көмек. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Бәріміз бірге істесе, талай шаруаны жасап тастаймыз. Мейірімді самариялықты үлгі тұтып, жеке деңгейдегі көмекті де ұмытпаймыз, әрине. Бірақ Киелі Жазба бірігіп еңбектенуге ерекше назар аударады: «Бесеуің — жүз, ал жүзің — он мың жауды қуатын боласыңдар» (Леуіліктер 26:8). Бірігіп біз тиімділікті ұлғайтамыз. Құдай қауымды біртұтас дене қылып жаратты. Осы рухани дене үйлесіп, бірігіп жұмыс істесе ғана жеміс әкеледі (Ефестіктерге 4:16-ны қараңыз). Нақ осы себептен біздің жергілікті қауымда тамыр жайғанымыз жөн. Әр сенуші жеке және қызметтегі жұмысын дұрыс атқарса, Билл Уилсон сияқты тағы қанша әңгімелерді естиміз?

Биллдің айналысатыны – өте маңызды іс. Бірақ біз бұнымен тоқтамаймыз. Бейшара, жарымжан болмаса да, бақытсыз адамдар аз емес. Олар ештеңеден тарылмай, ауқатты өмір сүрсе де, іштей жаралы, жақын адамы жоқ жандар. Оларды қаланың бай аудандарында ғана емес, азық-түлік дүкендерінде, супермаркетте, жұмыста кездестіруге болады. Көп жағдайда олар жалғыздықтан орын таппай, біреудің ең

болмаса жылы ұшырағанын қалайды. Біздің маңайдағы жандар осы.

Біз күн сайын Құдайдың көмегіне мұқтаж болып отырған адамдарды байқамай, жандарынан өте шығамыз. Негізі, Ізгі Хабарды жеткізу – қиын емес, оны уақыт өте түсіндім. Барлығы жүрегіміздегі ізеттен басталады. Ізетті болсақ, Киелі Рухтың жетелеуіне аса сезімтал боламыз. Күнделікті өмір үзіліссіз қызметке айналады. Оны өзіміз де байқамай қаламыз. Адамды құрметтесеңіз, менсінбеушілік, тұрпайылық дегеннен арыласыз. Керісінше, шөлдеп отырғандарға өмір суын әкелетін ағынға қосыласыз.

Киелі Кітаптан сүйіп оқитын үзінділерімнің бірін келтірейін. «Маған Жаратушы Тәңір Иенің Өзі тәлім беріп, қажығандарды жігерлендіру үшін не айту керегін аузыма салып отыр. Күн сайын ертеңгісін Ол мені оятып, айтқандарына шәкірттей құлақ салғызады» (Ишая пайғамбар 50:4).

Осы уәдеге сеніңіз. Көбісі орынсыз сөз айтып қаламын деп қорыққаннан, бейтаныс адамдармен бірінші боп сөйлеспейді. Құдай керек сөзді аузыңызға салады. Іштей шаршап, қажыған жандар шипа, қуат алатын болады.

Әңгіме мұнымен бітпейді. «Әркімге лайықты құрмет көрсетіңдер» деген сөз бәріне қатысты. Яғни, қай адаммен болсын қарым-қатынасқа түссек, өз тарапымыздан құрмет көрсеткен жағдайда, оның өмірі құлпырып кететін болады. Шын жүректен айтылған әр сөз оны естіген әркімнің өмірін жаңартады. Бұл дегеніміз біз күнделікті кездестіретін сансыз көп адамды қамтиды. Көбісін біз бір-ақ рет көреміз. Ол лифттегі, ұшақтағы адам, не телефон желісіндегі оператор болуы мүмкін. Біз оларға жылы сөйлеп, не жымыып құрмет көрсете аламыз.

Жақында, Лондонда серуенге шыққанымда, жасы келген бір әйелдің басын төмен түсіріп келе жатқанын көрдім. Бір қарағаннан, Таяу Шығыс елінде туған болса керек. Әйелге жанып ашып кетті. Еркектер, сірә, оған аса құрмет көрсетпеген шығар. Жақындап қалғанда «Қайырлы таң!» деп мен шын жүректен қуана амандастым. Ол естігеніне сенбегендей маған таңғалып қарап қалды. «Мына батыс адамы бейтаныс әйелге неге сонша жайдары көңілмен тіл қатып тұр?» деп ойлаған шығар. Сонда да түсін жылытып, сәлеміме ақырын ғана жауап берді. Мен ол әйелді қайтып көрмейтін шығармын. Бірақ, жүрегімнен шыққан Құдайың сүйіспеншілігі әлі жемісін береді деп сенемін. Бірге солай сенейік. Киелі Рухтың жетелеуіне еріп, өзімізді Құдайдың елшілері деп санайық.

Адамдарға жымыып қарау қиын ба? Бейтаныс адамдарға мейірімді

сөз айту қиын ба? Біздің әр сөзіміз басқаларға өмір әкелетініне сену қиын ба? Құдайдың күшіне сенбесек, әр адамға құрмет көрсетпесек, бұл қиын ба? Қиын болуы мүмкін. Бірақ, Құдайдан шынайы ізет сұрап мінәжат етсеңіз, Ол жауап береді, себебі Оның қалауы да осы.

## Өмір салты

«Әр адамдарға құрмет көрсете алатындай қабілет бере гөр» деп мінәжат еткен сәтте, өміріңіз өзгере бастайды. Ас даяршыларына дейін бәріне көзқарасыңыз өзгереді. Даяршы жаныңызға келгенде, меню кітапшасына тесіліп отырудың орнына даяршыға қарап, амандасасыз. Тапсырыс жасамас бұрын атын сұрап алып, шақырған сайын атын атайсыз. Ең маңыздысы, рахмет айтып, жұмысы үшін ақшалай алғыс білдіріңіз. Даяршыға риза болсаңыз, 10%-бен шектелмей, 20 не 25% шайпұл қалдырыңыз. Әрдайым қалыпты жағдайдан артық жасаңыз. Орташа деңгейге келіспеңіз. Өзіңізден «Даяршы – қаншалықты маңызды адам?» деп сұраңыз. «Иса Мәсіх өмірін құрбан ететіндей маңызды» деген жауапты жаттап алыңыз.

Айтуға өкінемін, бірақ әріпестерім мені асқа шақырғанда, бізге қызмет көрсеткендерге аярлықтай шайпұл қалдырғанын бірнеше рет көрдім. Бірде шайпұлдың аздығы сонша, жағдайды қолға алуыма тура келді. Бағушымен бірге тұраққа шыққанда, «Бара беріңіз, мен қазір келем» дедім де, қайтып келіп, мол шайпұл қалдырдым. Бізге қызмет көрсеткен адамға зәредей шайпұл беріп қалай қор қыламыз? Әсіресе, біздің қауым жиналысынан келгенімізді естігенге тіпті жарамайды.

Бірде Лиза екеуіміз даяршы қызға 50%-дық шайпұл қалдырғанымыз есімде. Ол біздің сенуші екенімізді естіді. Біз оны Құдайымен байланыстыратын буын тәрізді болғандықтан, ол Жаратқан Иені бізге қарап таниды. Иса Мәсіх ол даяршы қызды қатты сүйетінін көрсеткіміз келді. Ол шайпұлды көрмей тұрып, біз кетіп қалдық. Даяршы қыздың жүрегі Құтқарушыға қарай бұрылды деп үміттенемін. «Себебі құтқарылу жолындағылар арасында да, тозаққа қарай бара жатқандар арасында да Құдай үшін Мәсіхтің хош иісі іспеттіміз» (Қорынттықтарға арналған екінші хат 2:15). Сенушілер жақсы адамдар деген ойда қалып, Ізгі Хабар естуге дайын болады деп ойлаймын.

Сізге қызмет көрсететін адамдарды құрметтесеңіз, олардың да

жақсы ниетін көресіз. Тамақты аямай салып және үстінен тегін қосып береді. Ең жоғары деңгейде қызмет көрсетіп, күтпеген жерден басқа сыйлықтар беріп жатады. Әрине, сенуші әлденені дәметіп құрмет көрсеткені дұрыс емес, дегенмен, жағымды шегерімдер көңіл көтеріп қояды. Лиза екеуіміз жол жүрерде әуежайдың автотұрағында көлігімізді талай рет қалдырдық. Іссапармен жиі барып-келіп тұрамыз, сондықтан біздің көлікті жұмыскерлер танып қояды. Тұрақта бірнеше адам жұмыс істеп жатса, бізде көргенде жарыса жүгіріп келеді. Неліктен? Себебі біз шайпұлды аямаймыз. Одан басқа, әрқайсысымен сөйлесіп, үйдегілердің хал-жағдайын сұраймыз. Әуежайдың жабық және ашық тұрағы бар. Біздің көлік әрдайым жабық, шатыры бар тұрақта, жауын-шашыннан паналы тұрады. Ізет сыйы деп осыны айтыңыз!

Үйіміздің жанындағы азық-түлік дүкенінде де тура осы жағдай. Бірде дүкенге басқа қаладан келген қонақтармен бірге бардық. Олар «Бұнда сіздерді танымайтын адам бар ма, өзі?» деп қалжыңдады. Дүкендегілер бізді керемет әйгілі қызметкерлер, көп кітап шығарған авторлар деп таныған жоқ. Біз дос ретінде қал-жағдайларын сұрағаннан танитын. Қызметімізді білетіндер мінәжат етіңізші деп өтінетін. Біз келген сайын, дүкенге жан кіргендей, әлдебір қозғалыс басталады. Жұмыскерлер жақсы жеңілдік жасап, тауарлардың бағасын төмендетіп береді, қызметті де жоғары дәрежеде көрсетеді. Біз оларға жеңілдікке бола құрмет көрсетеміз бе? Жоқ, мүлде олай емес. Құдай құрметтеуге қабілет бергендіктен солай істейміз.

## **Іс жүзіндегі мысалдар**

Ал қазір әр адамға қалай құрмет көрсетуге болатынын көрсетейін. Адаммен кездескенде оның көзіне қарап, сыпайы сөйлеңіз. Оның маңызды екенін көрсетіңіз. Тек өз мақсатыңызды ойда ұстап, алдыңызда тұрған адаммен шаруаңыз болмаса, ол қате. Бірнеше минут жұмсап, «Қалыңыз қалай?» деп сұраңыз. Уақыт болса, сол бір сұрақпен шектелмей, дәл қазір адамның мұқтажығы не, соны біліп алуға тырысыңыз. Адам өзінің маңызды екенін сезгенде, Ізгі Хабарға жол ашылады. Ол ең құнды сыйлық. Керісінше, адаммен кем дегенде бастапқы қарым-қатынас орнатпай, бірден Ізгі Хабар айтып кетсеңіз, ол пайдаланған жансыз заттай сезінеді ғой.

Адамның күткенінен асып түсу үшін не істей алатыныңызды ойлап

көріңіз. Кішігірім сый ма, күтпеген шайпұл ма, әлде істеп жатқан жұмысына көмек пе? Тазалап жатқан жұмысшыға салқын сусын, аулаңызды жинап жатқан жұмысшыға түскі ас алып беріңіз. Көрші гаражының алдындағы қарды жинап, не үйінің алдындағы шөпті шауып қойыңыз. Басқалар күтпеген кезде оларға құрмет көрсету қызық. Осындай шағын әрекеттер адамның Исаны білуге деген ынтасын арттырады.

Тағы қайталаймын, әр адамға шынайы ізет көрсету – жүректегі қабілет. Ол қабілетті Құдайдан сұрауымыз қажет. Жүректегі нағыз ізетсіз көрсеткен құрметіміз жалған, үстіртін дүние болады. Шын мәнінде ол біз ойлаған нәтижеге қарама-қарсы жағдайға әкеп соғады. Жалған ниет бірден білінеді. Соңғы тараудың аяғында біз бірге мінәжат етіп, Құдайдың жүрегімізге шынайы ізет дарытуын сұраймыз. Киелі Жазбадан алынған үзінділер сеніміңізді нығайтып, ізетті болуға ыстық ықылас тудырды. Енді қалғаны, оны Құдайдан сұрау. Одан бұрын соңғы тарауды оқып шығайық.



## 17-ші ТАРАУ

# Құдайды дәріптеу

**Б**ойымызға шынайы ізет қалыптастырмақ болсақ, ең әуелі Құдайды дәріптеуіміз керек. Құдайды дәріптеу Иемізді барлық адамнан, барлық құндылықтан артық көруге негізделеді. «Жаратқанды құрметте...» дейді Киелі Жазба (Нақыл сөздер. 3:9).

Жаратқан Иені бәрінен артық қадірлеуге, құрметтеуге, дәріптеуге тиіспіз. Әлденені, әлдекімді Құдайдан артық көрсек, Жаратушыны қорлаймыз. Ол – Ұлы Патша, құрметіміздің бір бөлігі емес, қадір-құрмет атаулы түгел Оған тиесілі. Бір Құдайға ғана табынамыз, бір Құдайды ғана дәріптейміз.

Не істесек те, түпкі мақсатымыз Құдайды дәріптеу екенін бұрынырақ айттық. Билік басындағыларға, өз қатарымызға, «атақ-шені жоқтарға» көрсеткен құрметіміз – Исаға көрсетілген құрмет. Ал Исаны құрметтегеніміз – Құдай Әкені дәріптегеніміз. Сондықтан, адамға деген құрмет Құдайды дәріптеуден басым болса, жалған құрметке немесе пұтқа табынушылыққа айналады.

### Жалған құрмет

Ели бас діни қызметкер болатын. Самуилдың бала кезінде Ели кездесу шатырында қызмет етті. Елидің ұлдары Жаратқан Иеге, Құдайдың халқына, және діни қызметке деген құрметтен жұрдай, жексұрын адамдар еді. Олар әкелінген құрбандықтың жақсысын өздеріне алатын. Леуіліктер бұған көнбесе, Елидің ұлдары қалағанын күштеп тартып алып жүрді. Ели ұлдарының мұндай істерінен хабардар болатын. Бірде Ели

## 202 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

ұлдарына былай деп ескертті: «Неге сендер сондай сұмдық қылықтармен айналысып жүрсіңдер? Жұрттың бәрінен сендер туралы жаман сөздер естіп жүрмін. Балаларым, қойыңдар! Жаратқан Иенің халқының арасына тарап жатқан осы әңгіме жақсы әңгіме емес» (1 Патша. 2:23, 24). Ескерту жасағанымен, қызметтен шығарған жоқ. Өйткені, ұлдарының арқасында еттің жақсысы Елидің дастарқанына келіп жүрген. Ели Құдайды шын қастерлейтін болса, ұлдарын қызметтен босатар еді. Олардың орнына Құдайға шын жүрегінен қызмет ететін адамды қоятын еді. Енді Елиге Құдайдың не айтқанын оқиық:

Бір күні Құдайдың жіберген адамы Елиге келіп, Оның хабарын жеткізіп былай деді: «Жаратқан Ие мынаны айтады: Сенің арғы атаң һарон мен оның отбасы Мысырда перғауынның қол астында жүрген кезде-ақ Мен оларға Өзімнің кім екенімді аян еттім.

– 1 Патша. 2:27-29

Пайғамбар Елидің шынайы ниетін, күшпен немесе айла-шарғымен құрбандықтың жақсысын иемденгісі келетінін әшкереледі. Елидің өз ұлдарын Құдайдан артық көретінін айтты. Сол үшін алатыны – Құдайдың сыйы емес, жазасы. Пайғамбар былай деді:

Сондықтан да Исраилдің Құдайы — Жаратқан Ие мынаны айтады: Бұрын Мен өзіңнің ұрпақтарыңды және әкеңнің басқа да үрім-бұтағын мәңгі бақи діни қызметкерлерім болуға бұйырған едім. Бірақ қазір Мен, Жаратқан Ие, былай деп шештім: Енді бұлай болмайды! Себебі Мені сыйлағандарды Мен де сыйлаймын, ал Мені менсінбегендер масқара болады. Біліп қой, болашақта Мен өзіңнің де, әкеңнің де ұрпақтарының жасын ұлғайтпай, жас кездерінде-ақ өлімге душар ететін. Жер бетіндегі тұрағымның қайғылы жағдайға ұшырауына күә боласың. Мен басқа исраилдіктерге игілік сыйлағанда, сендердің үй іштеріңде бірде-бір қария қалмайды. Егер Мен бір адамыңа құрбандық үстелімнің алдында қызмет етуге жол берсем, сол туралы да көздің жасын көл етіп, қатты қайғыратын боласыңдар. Ұрпақтарыңның бәрі де дүниеден ерте кетпек. Сенің ұлдарың Опни мен Пінехес екеуі бір-ақ күнде өледі. Бұл саған айтылғанның бәрінің түгелдей жүзеге асатынын білдіретін белгі болмақ. Содан кейін



Мен қызметін адал орындайтын өзге бір діни қызметкерді белгілеймін. Ол Менің еркіме сай әрекет жасап, міндетін Өзім тағайындайтын патшаның алдында атқаратын болады. Мен оның әулетін діни қызметкерлерім болуға бекітемін.

– 1 Патша. 2:30-36

Қызметін адалдықпен атқаратын діни қызметкер тағайындаймын деді Құдай. Жаңа діни қызметкер Құдайды өз мүддесінен де, барлық адамнан да артық көретін болады. Шынайы ізет деген – осы. Елидің орнын басатын сол қызметкердің Құдайдан алар сыйы зор болмақ, ұрпақтары молынан жарылқанып, Құдай оларды діни қызметке бекітеді.

## **Ыбырайымның Құдайды дәріптеуі**

Ыбырайым Жаратқан Иені ерекше дәріптеді. Ыбырайымның жиырма бес жыл күткен ұлы Ысқақ әкесіне ерекше ыстық болатын. Құдайдың уәдесімен дүниеге келген осы ұлын кімнен болса да, неден болса да, артық көретін. Алайда, Құдай Ыбырайымға аян беріп, Жаратқан Иені сүйікті ұлынан да артық көруге тиіс екенін айтты. Ысқақты құрбандыққа шалуы керек. Ыбырайымның жүрегіндегі сезімді, алай-дүлей болған көңілін айтып жеткізе алмаспын. Ақылға қонбайтын, ауыр сынақ. Ұрпағын жалғастыратын ұлынан гөрі, бар мүлкін бергені оңай еді. Дегенмен, Ыбырайымның әрекеті Елидікінен түбегейлі өзге болғанын көреміз. «Ыбырайым таңертең ерте тұрып, ...Ысқақты өзімен бірге ертіп алды» (Жаратылыс. 22:3). Ыбырайым уақыт созған жоқ. Құдайдың айтқанын орындауға ертеңіне-ақ аттанды.

Жаратқан Иенің еркін кешеуілдетпей орындауға дайын болуы – зор құрметтің көрінісі. Құдайдың періштесі Ыбырайымға «Балаңа қол көтерме, оған тиіспе! (Құдай былай дейді:) енді сенің Өзімді терең қастерлейтінің көзім жетті. Себебі Менен өзіңнің жалғыз ұлыңды да аямадың» деді (Жаратылыс. 22:12). Шынайы құрмет – Құдайды қастерлеудің жемісі. Құдайды дәріптегені үшін Ыбырайымның қандай сый алғанын көрейік:

Жаратқан Иенің періштесі Ыбырайымға екінші рет көктен дауыстап былай деді: «Жаратқан Ие мынаны айтады: сен осылайша істеп, жалғыз ұлыңды Менен аямағаның үшін өз

атыммен ант етемін: саған ақ батамды шүбәсіз үйіп-төгіп бере отырып, аспандағы жұлдыздар мен теңіз жағалауындағы құм қиыршықтары қаншалықты көп болса, Мен сенің ұрпақтарыңды да соншалықты сансыз етіп көбейтемін. Олар жауларын жеңіп, қалаларын басып алатын болады. Сенің ұрпағың арқылы жер бетіндегі барлық ұлттарға ақ батам қонатын болады. Себебі сен Менің тілімді алып жүрдің».

– Жаратылыс. 22:15-18

Құдайдың Өзін дәріптейсіз бе, Құдайға деген құрметіңізді Оның жіберген адамдарын құрметтеу арқылы білдіресіз бе, сыйыңызды аласыз.

### **Мұсаның қате таңдауы**

Адамды Құдайдан артық құрметтеп, соның салдарынан барынан айырылып қала жаздаған адамдардың бірі – Мұса.

Мұсаның қатесі жеңіл-желпі нәрсе емес-ті. Құдайдың қаһарына ұшырауына аз-ақ қалды. «Жолшыбай түнемелде Мұсаға Жаратқан Ие қарсы кездесіп, оның көзін құртпақ болды» дейді Киелі Жазба (Мысырдан шығу. 4:24).

Не болғанын түсіндіре кетейін. Жақында ғана Құдай Мұсаға жанып тұрған от арқылы көрініп, Израил халқын Мысырдан алып шығатынын айтқан болатын. Мұса осы тапсырманы орындамаққа бала-шағасын алып, Мысырға аттанды. Әрі қарай не болды дейсіз ғой? Кенет Жаратқан Ие Өзі берген тапсырманы орындауға бара жатқан адамды өлтірмек болды! Құдай бірдеңеден шатасты ма? Жоқ, олай емес!

Мұса әлгі тауға барып, Құдаймен кездескеннен кейін, әйелі алдынан шықты. Күйеуінің көңіл-күйіндегі өзгерісті байқап, не болғанын сұраса керек. Меніңше, олардың әңгімесі былай өрбіді:

«Құдаймен кездестім. Мысырға қайтып, халқымды перғауынның құлдығынан босатуым керек екенін айтты. Бәріміз аңсап күткен құтқарушы – мен екенмін» дейді Мұса. Сипора «Не деген керемет. Мен де барамын. Жолға қашан шығамыз?» дейді. «Көп кідірмей, аттанамыз. Тау басында Жаратқан Ие маған Ыбырайыммен арадағы келісімшарт жайлы айтты. Біз де ұлдарымызды сүндеттеуге тиіспіз. Әуелі соны орындайық».

Сипора «Жарайды. Тұңғышымыз Гершомнан бастайық» деп жауап берді.

Содан кейін Мұса Гершомды сүндеттеді.

Осы тұста сәл бөгелейік. Үшінші ұлымды піштіргенімізде, жанында болдым. Дәрігер Лиза екеуімізге сабыр сақтауымыз керектігін алдын ала ескертті. Тәніне пышақ тигенде, Аликтің жан даусы шықты. Баламның қиналғанын көріп, менің де жаным қиналып кетті.

Сипораға қайта оралайық. Ол ұлының жанайқайын естіп, қиналғанын көрді. Мұндайға қай ананың жүрегі төзеді? Қалай ғана Мұса өз баласына осынша қиянат жасады? Не деген адам өзі? Әлгі тауға барып қайтқаннан кейін не болған оған? Тау басында кездескен Құдайы осынша қанішер жауыз ба?

Сонымен, ананың төзімі таусылды. Ол енді Елиезерді Мұсадан көлегейлеп тұрып алды. Екі қолын бүйіріне тіреп, қасқайып қарап тұр. «Тарт қолыңды! Бұл – менің балам! Гершомға жасағаның да жетер. Не деген әкесің өзің?»

Көз алдыма екеуінің арасындағы жанжал келеді. Сипора әуелі сөз таластырады, сосын айқайға көшеді. Екеуі күні бойы дауласады, жанжал түнде де тоқтамайды, ертеңіне тағы жалғасады. Ошаққа от жағылмайды, қазан асылмайды. Іс насырға шабады. Бітпестей көрінген даудан Мұса әбден титықтайды. Ақыры, «Ұрыс-керістен шаршадым. Құдайдың тапсырмасын орындауым керек. Бүтін бір халықты құлдықтан босатуға міндеттімін. Іске кірісейін» дейді.

Сонымен, олар жолға шықты. Мұса әйелінің айтқанына көніп, Құдайдың сөзінен ауытқыды. Жаратқан Ие Мұсаны жазаламақ болып, түнде шатырдың жанына келді. Өзі тағайындаған жетекшінің Құдайдан адамды артық көруі мүмкін емес. Мұсаның жанын алады да, ұлы тапсырманы орындауға басқа біреуді таңдайды. Алайда, Сипора күйеуіне төніп тұрған қауіпті сезе қойып, баласын лезде піштіріп жібереді. «Бірақ әйелі Сипора тас пышақты ала сала, ұлын сүндеттеп жіберіп, тәнінен кесіп алғанын Мұсаның аяғына тигізді де: «Сен төгілген қанмен құтқарылған күйеуімсің», — деді. Сонда Жаратқан Ие оны аман қалдырды» (Мысырдан шығу. 4:25, 26).

Бірде, мінәжат етіп отырғанымда, Құдай менен «Мұсаны өлтіруге келдім бе, әлде Мұсаның әйелінің жанын алмақ болдым ба?» деп сұрады.

«Мұсаны» деп жауап бердім.

«Иә, солай. Ұлдарын сүндеттеуді Мұсаға тапсырған болатынмын. Ол, отбасындағы жетекші бола тұра, Менен гөрі әйеліне көбірек құрмет көрсетті. Әйелінің талабы Менікінен басым түсті. Жауапкершілік Мұсада болатын». Қол астымыздағы адамдардың көңіліне бола, ымырашыл болмауымыз керек.

Мұса татулық орнатушы емес, татулықты сақтаушы тәрізді әрекет етті. Иса «Татуластырушылар бақытты» деген (Матай. 5:9). «Татулықты сақтаушылар бақытты» деген жоқ. Татулықты сақтаушы – жалған татулық үшін бәріне келісуге дайын, ымырашыл адам. Жетекшінің осы тұзаққа түсуі оңай. Бұл – сайып келгенде, көзіміз көріп тұрған пендені көзге көрінбейтін Құдайдан жоғары қою. Мұндай мінез Жаратқан Иеге ұнамсыз.

Татуластырушы болса, қажет жағдайда қарсылық көрсете біледі. Сондықтан Иса «Жақияның уағыздап, шомылдыру рәсімін орындаған уақытынан бері қазірге дейін Құдайдың Патшалығы күшпен алға басып, күш салғандар оны иемденуде» деген (Матай. 11:12). «Құдайдың Патшалығы ішіп-жеуде емес, ...Киелі Рухтың күшімен әділ, өзара тату, қуанышты өмір сүруде» (Рим. 14:17). Шынайы татулыққа қол жеткізу үшін, кейде бұрыс нәрселерге қарсы тұруымыз керек.

Татулықты қайтсем де сақтаймын деушілердің ниеті, көбінесе, өзімшіл. Олар жайлы өмірін, жан тыныштығын қимайды. Әлдебіреуге қарсылық танытса, сол адамнан алып отырған пайдасынан айырылып қалатынын біледі. Оған мысал – Ели мен оның ұлдары.

Мұса басынан өткен оқиғадан сабақ алды, бұдан былай ымырашыл болған емес. Біреудің көңілін аулап, Құдайың бұйрығын қайтып бұзған емес. Қызметінің ең басындағы осы бір қатесінен мықтап түйген ойы өмірінің соңына дейін ұлы жетекші болуына мүмкіндік берді. Ели болса, олай емес. Ол Мұса тәрізді жаңа буын жетекшісі емес, тәжірибелі ардагер болатын. Елидікі білместікке, қателікке жатпайды. Мұса, мүмкін, жай ғана әйеліне жақсы күйеу болуға тырысқан шығар. Оның қателігі – білместіктен, тәжірибенің аздығынан кеткен қателік.

## Отбасы

Келтірген мысалдарымды мұқият оқып шықсаңыз, олардың барлығы – отбасында болған жағдайлар екенін байқаған боларсыз. Ели мен Ыбырайымның балаларымен арада, Мұсаның әйелімен қарым-

қатынасында болған оқиғалар. Бұл мәселеге Исаның көзқарасы анық:

Мені дүние жүзіне (жалған) татулық әкелу үшін келді деп ойламаңдар. Мен сондай татулықты емес, жақсы мен жаманды бір-бірінен ажырататын айыруды әкелу үшін келдім. Сөйтіп (пайғамбардың алдын ала айтқан мына тәрізді сөздерін) жүзеге асыруға келдім: «Өз ұлы әкесіне, қызы шешесіне, келіні енесіне қарсы шығады. Адамның дұшпаны өз үй іші болады». Кім әке-шешесін не ұл-қызын Менен артық көрсе, сол Менікі болуға лайықты емес.

– Матай. 10:34-37

Адамға құрмет көрсетемін деп, Құдайдың еркіне қарсы әрекет еткеніңіз – күнә. Осы мәселенің қаншалықты тереңде жатқанын түсінесіз бе? Исаның сөзінде қайтпастық пен табандылық бар. Неге? Бұл сұрақтың жауабын жоғарыдағы мысалдардан табамыз. Ели жазадан қашып құтыла алмады. Ұлдарын Құдайдан артық көргені тым қымбатқа түсті.

Құрметте тепе-теңдік болуы керек. Осы кітабымда ізетті болу, айналамыздағы адамдарды сыйлау жөнінде көп айттым. Алайда, әлдебіреуді Құдайдан артық қадірлеу пұтқа табынушылыққа жатады, Құдайды қорлаумен бірдей. Оның салдары да ауыр. Құдайдан да зор құрметке лайық адам да, зат та жоқ. Жаратқан Ие – Құтқарушымыз, Патшамыз, Жалғыз Тәңіріміз. Осыны үнемі есте сақтайық.

## **Мойынсұну арқылы көрсетілген құрмет**

Киелі Жазбада адамды Құдайдан артық көрген кейіпкерлер аз емес. Олардың соңы қайғылы. Ал Құдайды қастерлеп, адамды құрметтей білген әркім қашанда жарылқанады.

Патшалықтар туралы үшінші Жазбада жас пайғамбар мен қарт пайғамбар жайлы әңгіме бар. Құдай Иенің тағайындаған пайғамбары Оның бұйрығымен Яһуда елінен Бетелге барды. Пайғамбар межелі жерге жеткенде, Еробоғам патша құрбандық үстеліне хош иісті зат түтетпек болып тұр екен. Сонда пайғамбар құрбандық үстеліне қарсы Жаратқан Иенің сөздерін айтты. Сол-ақ екен, Еробоғам патшаның қолы семіп қалды. Сонымен қатар құрбандық үстелі қақ жарылып, үстіндегі күлі

төгіліп, шашылып қалды. Осылай Құдай Иенің өз пайғамбары арқылы айтқаны жүзеге асып, оның сөзінің шындығы дәлелденді. Еробоғам патша Құдайдың құдіретіне қайран қалды. Ол пайғамбарға «Сарайыма кіріп, біраз тынығып, тамақ ішіп, әлденіп алыңыз. Содан соң мен сізге бір сыйлықты тарту етемін» деді. Бірақ Құдайдың пайғамбары оған былай деп жауап берді: «Маған тіпті сарайыңның жартысын сыйға берсең де, саған еріп оған кірмес едім! Осы жерде не тамақ жеуіме, не су ішуіме болмайды. Себебі маған Жаратқан Ие сөзін арнап: «Сол жерде не нан жеп, не су ішпе, әрі келген жолыңмен кері қайтпа!» деп бұйырды. Осыны айтып, пайғамбар Бетелге келген жолымен емес, басқа бір жолмен кетіп қалды (3 Патша. 13:8, 9).

Жолай ол қарт пайғамбарға кез болды. Ол кісі жас пайғамбарды өз үйіне шақырды. Жас пайғамбар бұл кісіге де солай жауап берді: «Жаратқан Ие маған «Сол жерде не нан жеп, не су ішпе, әрі келген жолыңмен кері қайтпа!» деп бұйырған еді». Ал қарт пайғамбар оған «Мен де өзің сияқты пайғамбармын. Маған періште келіп, Жаратқан Иенің: «Өз үйіңе алып кел, ол нан жеп, су ішсін!» деген бұйрығын жеткізді, — деді. Бірақ та оның айтып тұрғаны өтірік болатын» (3 Патша. 13:18).

Жас пайғамбар қарттың сөзін жерге тастамай, үйіне кірді. Олар дастарқан басында отырғанда сол адамды қайтарып алып келген қарт пайғамбарға Жаратқан Иенің сөзі жетті. Ол Яһудадан келген Құдайдың хабаршысына дауыстап былай деді: «Жаратқан Ие мынаны айтады: Сен Жаратқан Иенің сөзіне қарсы шықтың, Құдай Иенің өзіңе берген бұйрығын орындамадың! Сен жолыңнан кері қайтып келіп, Ол: «Не нан жеп, не су ішпе!» деп бұйырған осы жердің өзінде нан да жеп, су да іштің. Сондықтан сен өлген кезіңде мәйітің ата-бабаларыңның жанына қабірге қойылмайды!»

Жас пайғамбар қарттың үйінен шығып, еліне қайтып бара жатқанда, оған бір арыстан тап беріп, өлтіріп тастады. Бірақ өзін де, есегін де жеген жоқ. Қарт пайғамбар сол туралы естігенде былай деді: «Бұл Жаратқан Иенің берген бұйрығына қарсы шыққан пайғамбар болса керек. Сондықтан да Жаратқан Ие Өзінің алдын ала айтқанын жүзеге асырып, осы адамды арыстанның талап өлтіруіне тапсырды» (3 Патша. 13:26).

Жас пайғамбар қарттың көңілін қайтармады. Бәлкім, үлкендерге деген құрмет санасында жастайынан қалыптасқан болар. Құдайға қызмет етіп жүрген адамды Құдайдың Өзінен артық құрметтеуді дұрыс

нәрсе деп ойласа керек. Жоқ, олай емес. Тепе-теңдік сақтауымыз керек. Қарт пайғамбардың сөзі Жаратқан Иенің сөзінен басым болып шықты, ақырында жас пайғамбар ажал құшты. Қатесінің құны тым қымбатқа түсті.

Жаңа Өсиетте осыған ұқсас мысал Петірдің өмірінен кездеседі.

Пауыл елші былай дейді:

Бірақ Петір Антақияға келген соң, оған ашық қарсы шығуым қажет болды. Өйткені оның қылығы айыптауға тұрарлық еді: алғашқыда Петір сүндеттелмеген басқа ұлттық сенушілермен дастарқандас болып жүрген еді. Алайда (Иерусалимдегі қауымның жетекшісі) Жақыптан бірқатар яһудилер келгеннен кейін, Петір басқа ұлттық сенушілерден тартыншақтап, алшақтай бастады. Себебі ол сүндеттеуді талап ететін әлгі яһудилер жақтырмай жүрер деп қаймықты. Петірмен бірге қауымдағы басқа яһудилер де сондай тұрақсыздық танытты. Тіпті Барнаба да оларға еріп адасып кетті.

– Ғалаттықтарға. 2:11-13

Петір, Барнаба және басқа да яһуди ұлтынан шыққан сенушілер басқа ұлттық сенушілермен дастарқандас болып жүріп, енді не себепті олардан алшақтай бастады? Өйткені, достарын ақиқаттан артық көрді. Ал мұнысы тартыншақ, екіжүзді әрекетке әкеп соқтырды. Құдай Петірге Иоппеді аян беріп, ақиқатты ашып берген болатын. «Құдай адал еткенді сен арам деп айтпа!» (Елшілер. 10:15).

Көзіміз көріп тұрған адамды құрметтеу көзге көрінбейтін Құдайды дәріптеуден оңай екені рас. Дегенмен, олай болмау керек. Екеуінің арасында айқын шекара болсын. Өзіміз сыйлайтын, жақсы көретін адамдар бізді Құдайдың Сөзіне қарсы келетін нәрселерге көндірмек болса, олардың қалауын Құдайдыкінен артық көре алмаймыз.

## Құрметті ұстап қалу

Кейде әлдебір адамға құрмет көрсетуден бас тартқанымыз жөн. Мұндай жағдай сирек болады, дегенмен, күнәдан сақтануымыз үшін солай істеуге тиіспіз.

## 210 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

Жаз кезіне қар жараспас,  
Орақ кезіне жаңбыр жараспас,  
Ақымаққа қадір жараспас.

– Нақыл сөздер. 26:1

Ақылсыз жанды құрметтеуші  
Сақпанына тас байлаған іспетті.

– Нақыл сөздер. 26:8

Осы аяттарды күнделікті өмірде қалай қолданамыз? Әуелі, ақымақ, ақылсыз адамның кім екенін түсінейік. Ол – «Құдай жоқ!» деп ойлайтын (Забур жырлары. 53:1), өсек-аяң тарататын (Нақыл сөздер. 10:18), зұлымдықтан ләззат алатын (Нақыл сөздер. 10:23), жүрген жолының тұра екеніне еш күмәнданбайтын (Нақыл сөздер 12:15), менмен сөйлейтін (Нақыл сөздер 14:3), тәрбиеден безген (Нақыл сөздер 15:5), парасатты жек көретін, өз ойын білдіруді ғана жақсы көретін адам (Нақыл сөздер. 18:2). Киелі Жазбада айтылған, ақымаққа тән қасиеттер осы. Қысқаша айтар болсақ, ақымақ дегеніміз – Иса Мәсіхтің іліміне қарама-қарсы өмір сүретін адам, Жаңа Өсиет оны «Мәсікке қарсы шығушы» деп атайды.

Ондай адамды құрметтесеқ, өзіміз зардап шегеміз; сақпанға салынған тас өз маңдайымызға тиеді. Жохан елші осы жайында өзінің екінші хатында былай деп жазады:

Сондықтан да біреу келіп, осы ілімге қарсы бір нәрсе үйретсе,  
ондайды үйлеріңе кіргізбеңдер, тіпті сәлемін де алмаңдар!  
Себебі біреудің сәлемін алған адам соның жамандық істеріне  
ортақ болады.

– 2 Жохан. 10, 11

Мәсіхтің іліміне сай келмейтін ұстанымдарды құрметтеудің қажеті жоқ. Олардың күнәларына ортақтаспайық.

## Құрметке ие болу

Сый-сыяпат талап ету дұрыс емес, Киелі жазба ондайды қолдамайды. Құрмет жайлы іліммен танысқан ер азамат әйелі мен бала-шағасынан өзіне құрмет көрсетуді талап етсе, ілімнің мәнін ұқпағаны. Осы айтқаным



кез келген билік иесі үшін де ақиқат. Екінші жағынан, Киелі Жазбада құрметке ие болу үшін не істеуіміз керектігі айтылған.

Парасатқа ие болып, даналыққа кенелгін,  
Сөздерімді ұмытып, бас тартып жүрмегін.  
Даналықтан безбе, сонда ол сені қорғайды,  
Ұдайы оны сүйсең, сені аман сақтайды.  
Ең бастысы — даналық, даналыққа кенелгін,  
Қолыңдағы барыңмен парасатқа ие болғын.  
Жоғары оны бағала, дәрежеңді көтерер,  
Айырылма одан, абыройыңды асырар.

– Нақыл сөздер. 4:5-8

Даналыққа кенелсеңіз, құрметке ие боларыңыз сөзсіз. Ал даналықтың бастауы – Құдайды қастерлеу. Құдайды қастерлейтін адам Құдайдың сөзін өмірдің әр саласында берік ұстанады. Құдай Әкенің әрбір өсиетін, әр нұсқауын орындауға құлшынып тұрады. Киелі Жазбаға сай өмір сүріп, сонысынан пайда көргісі келетіндер де бар. Олар Киелі Кітапты түгел оқып, сенудің орнына, өздеріне ұнайтын аяттарды ғана оқиды. Олай істеу – өзін-өзі алдаумен тең. Ал Құдайды қастерлейтін адам Киелі Жазбаны өзіне бейімдемейді, өзін Киелі Жазбаға бейімдейді.

Құдайға мойынсұнып, адал өмір сүргісі келетін адамдар қатесін мойындауға, түзетуді қабылдауға дайын. «Тәрбиеден безген жоқтық пен масқараға ұшырар, ескертуге көңіл бөлген қадір-құрметке ие болар» дейді Киелі Жазба (Нақыл сөздер. 13:18). Масқараға қарама-қарсы нәрсе – құрмет. Тәрбиеден безген адам масқараға ұшырайды, ал ақиқатты жайлылық пен ләззаттан артық көру құрметке бөлейді. Қорыта келгенде,

Жаратқанды терең қастерлейтін кішіпейілдер  
Байлық, абырой, шынайы өмірге кенелер.

– Нақыл сөздер. 22:4

Құдайға ұнамды өмір сүруге тырысқан адам құрметке бөленеді. Сый-құрмет лезде келе қоймаса да, ақыры келеді. Жаратқан Иеме қызмет еткеніме жиырма бес жылдан асты, Құдайдың жарылқауына молынан кенеліп жүрген адамдардың талайын көрдім. Олардың кейбірі кезінде Құдайға адал болғаны үшін әлдебір сый алудан үмітін үзген еді. Дегенмен, Құдайдың керемет сыйы мен құрметін көрді.

## Құрметті сақтау

Өміріміз ізетке толы күйінде қала берсін десек, кішіпейіл болғанымыз жөн. Құдай бізді қаншалықты жарылқаса да, бұл дүниеге ешнәрсені ала келген жоқпыз, сол есімізде болсын. Лиза екеуіміз қызметімізді жаңа бастағанымызда, бізді ешкім шақырған жоқ, ешбір жетістігіміз де жоқ еді. Ұзақ жылдар бойы Құдайдың қамқорлығын көрдік. Құдайдың жауабы ең соңғы сәтінде ғана келген кездер де болды. Бірде, мінәжат етіп отырғанымда, Құдай жүрегіме сөйледі: «Балам, сені, отбасыңды, қызметіңді ағыл-тегіл мол жарылқаймын. Толық қамтамасыз боласың, қызметің өте ықпалды болады. Алайда, сол арқылы сыналатын боласың. Қуаңшылықта бар үмітіңді Маған арттың. Қандай уағыз айтатыныңды, ақшанды қалай жұмсайтыныңды, қайда баратыныңды – барлығын Менімен ақылдастың. Енді, мол жарылқаулар келгенде, өз сөзіңді айтасың ба, әлде, Менің жүзімді іздеп, менен ақыл сұрауыңды жалғастыра бересің бе? Ақшаны оңды-солды жұмсайсың ба, әлде, Менімен ақылдасасың ба? Не істеп, не істемеуіңді білу үшін, алдыма келесің бе? Неден бастағаныңды есіңде сақтайсың ба?»

«Балам, сүрінгендердің көбісі қуаңшылықта емес, молшылық кезінде сүрінді» деді Ием. Үйге қайтып келіп, Құдайдың осы сөздерін әйеліме айтып бергенім есімде. Лиза маған байыппен қарады да, «Джон, Құдайдың бізді молынан жарылқамақ екенін ғана айтқаныңда, шаттанып билейтін едім. Ал ескертуді естігенімнен кейін, киелі үрей қонды».

Бұл сөзімен мен де келістім.

Пауыл елші өзі туралы «Құдайдың адамдарының ең лайықсызы», «елшілердің ішіндегі ең лайықсызымын, елші деп аталуға да тұрмаймын», «күнәкарлардың ішіндегі нағыз күнәкар мен едім» деп жазады. Ол өзінің қайдан шыққанын, өзінде бардың барлығын берген – Құдай екенін ұмытқан емес. Сол себепті елші «Әлдекім сендерді басқалардан ерекше етті ме? Құдайдан қабылдамаған нелерің бар? Бәрін қабылдаған соң, несіне өз жетістігіміз деп мақтанасыңдар?» деп жазған еді (1 Қорынт. 4:7). Құдайдың алдында кішіпейіл болып қала берсек, жарылқаудан айырылып қалмаймыз. «Еңбекпен қол жеткізгендеріңді жоғалтпай, Иемізден толық сыйларыңды алу үшін байқап жүріңдер!» деген аят есіңізде болсын (2 Жохан. 8). Еңбегіміздің жемісін сақтап қалуымыз үшін бізге мынадай нұсқау берілген:

Менмендік адамның мерейін түсіреді, кішіпейілділік оның құрметін сақтайды.

– Нақыл сөздер. 29:23, (ағылшыннан аударма)

“Сақтайды” деген сөзге назар аударыңыз. Құдайды қастерлеп, шынайы кішіпейіл болсақ, ізет пен құрметті сақтап, арттыра түсеміз. Исаның сізді неден құтқарғанын ешқашан ұмытушы болмаңыз. Сонымен қатар, Құдайдың сүйіспеншілігін есте ұстап, өмірлік жолыңызда кез болған әрбір адамды құрметтеңіз. Олар үшін Исаның Өзі құрбан болған, сіз де оларды қадірлеңіз. Сонда құрметке бөленесіз, Құдайдың сыйын аласыз, еңбегіңіздің жемісін сақтап қаласыз.

## Қорытынды

Шынайы ізеттіліктің жүректен шығатынын бірнеше рет қайталадық. Жүрегімізді өзгертудің бір жолы – мінәжат. Күн сайын дұға етіп, Құдайдың сүйіспеншілігіне кенелуді, Құдайды қастерлеуді үйренуді, шынайы ізетті болуыңызды сұраңыз. Осы кітаптағы Құдайдың жолдауы өміріңізде әлі де көп жеміс береді. Кітабымының соңында сізбен бірге мінәжат етуге рұқсат етіңіз. Жүрегіңіз Құдай жолықтырған адамдарға деген шынайы құрметке толсын. Бірге мінәжат етейік:

*Көктегі Әкем, осы кітап арқылы жүрегіме сөйлегенің үшін алғысымды айтамын. Алдыңа келіп, ең әуелі кешіріміңді сұраймын. Өзің жолықтырған адамдарға тиесілі құрмет көрсетпегенім үшін кешіре гөр мені. Үстімнен қарайтын адамдарды, өз қатарымды, қарамағымдағыларды және басқа да адамдарды сыйламағаным үшін кешір. Мені Иса Мәсіхтің киелі қанымен тазарта гөр. Айналамдағы адамдарға сезімтал болмағанымға өкінемін.*

*Жан-дүниемді шынайы құрметке толтырғайсың. Сені қастерлей алуымды, жүрегімнің Сенің сүйіспеншілігіңе толуын сұраймын. Сен әрбір адамның сыйлы, сүйікті, абыройлы, беделді болғанын қалайсың, осы ниет менің де жүрегімде болсын. Сеніммен сұрап, жауабыңды дәл қазір сеніммен қабылдаймын. Исаның атымен мінәжат еттім. Әмин.*

Күн сайын осылай сиына беріңіз, Құдайдың Сөзін орындаудан

## 214 ІЗЕТТІ БОЛУДЫҢ САУАБЫ

танбаңыз, сонда Құдай Патшалығының өкіліне айнала бересіз. Құдайдан алар сыйыңыз зор болады, жүрегіңіз қуанышқа толады. Патшаға деген қызметіңіз бен сүйіспеншілігіңіз үшін рахмет.

Сендерді адасып кетуден сақтап, Өзінің нұрлы салтанаты көрінген күні қуанышпен, мүлтіксіз таза күйлеріңде өз алдына тұрғызуға бірден-бір Құдайымыздың құдіреті жетеді. Ол бізді Иеміз Иса Мәсіх арқылы құтқарған еді ғой. Даңқ пен ұлылық, құдірет пен билік күллі өткен дәуірлерде болғандай, қазір де, мәңгілік те Онiкi! Аумин.

– Яһуда 1:24-25

## Қосымша

# Баршаға қолжетімді құтқарылу

«Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң, жүрегіңде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілкеніне сенсең, онда құтқарыласың. Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады».

– Римдіктерге 10:9, 10

Құдай өміріңіздің жемісті болуын қалайды. Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігі зор, Оның сіздің өміріңізге арналған жоспары бар. Алайда осы тағдырға апаратын жол біреу-ақ, ол үшін Құдайдың Ұлы Иса Мәсіх арқылы құтқарылуды қабылдау қажет.

Исаның өлімі мен қайта тірілуі арқылы Құдай сіз үшін, Оның сүйікті ұлы мен қызы үшін, Өзінің Патшалығына жол ашты. Исаның айқыштағы өлімінің арқасында мәңгіліктегі молшылыққа толы өмір сіз үшін қолжетімді. Құтқарылу дегеніміз — Құдайдың сізге арналған сыйы, оған іс-әрекетіңізбен қол жеткізу, не оған лайық болу мүмкін емес.

Исаның өлімі мен қайта тірілуі арқылы Құдай сіз үшін, Оның сүйікті ұлы мен қызы үшін, Өзінің Патшалығына жол ашты. Исаның айқыштағы өлімінің арқасында мәңгіліктегі молшылыққа толы өмір сіз үшін қолжетімді. Құтқарылу дегеніміз — Құдайдың сізге арналған сыйы, оған іс-әрекетіңізбен қол жеткізу, не оған лайық болу мүмкін емес.

Осы қымбат сыйды қабылдау үшін өз күнәңізді және өміріңізге дем берген Жаратушыдан тәуелсіз өмір сүргеніңізді (себебі осы тәуелсіздік барлық күнәнің түптамыры болып табылады) мойындау қажет. Теріс жолдан қайту — құтқарылудың ең маңызды бөлігі. Елшілердің істері кітабында суреттелген бес мың адам құтқарылған күні Петір ол туралы анық айтады: «Сондықтан теріс жолдан қайтыңдар! Сонда Құдай Ие күнәларыңды кешіреді» (Елшілердің істері 3:19). Киелі Кітап әрбіріміз күнәнің құлы болып туылдық дейді. Ол құлдық қасарысу мен тілазарлыққа жол берген Адам атаның күнәсінен бастау алады.

Теріс жолдан қайту — өзіңізге және өтіріктің бастауы шайтанға бағынудан бас тартып, бұдан былай жаңа Иеңіз, сіз үшін Өз өмірін қиған Иса Мәсікке мойынсұну.

Мәсікке бойсұнып, Оны өзіңіздің Иеңіз және өміріңіздің билеушісі ретінде мойындап, Оған барыңыз бен өз-өзіңізді толықтай (рухыңыз, жаныңыз бен тәніңізді) бағыштауға тиіссіз. Өміріңізде Оның билігі шексіз, даусыз болсын. Осыдан кейін Құдай сізді түнектен азат етіп, нұрға, Өз Патшалығының салтанатына жетелейді. Сіз өлімнен өмірге өтіп, Оның перзентіне айналасыз!

Иса арқылы құтқарылуды қабылдағыңыз келсе, келесідей мінәжат етіңіз:

*Көктегі Құдай, мен күнәкар екенімді, Сенің әділдігіңе сәйкес өмір сүре алмайтынымды мойындаймын. Жасаған күнәм үшін мәңгі жазаға лайықпын. Мені осы күйімде қалдырмағаның үшін рахмет, мен үшін өлімге барып, айқыштағы жазамды өз мойнына алған Мәриям қыздан туған Жалғыз Ұлың Иса Мәсіхті жібергеніңе сенемін. Оның үшінші күні қайта тіріліп, қазір Сенің оң жағыңда отырғанына сенемін. Иса — менің Ием және Құтқарушым. Сенен тәуелсіз өмір сүргенімнен бет бұрып, өмірімді толығымен Иса Мәсікке арнаймын.*

*Иса, Сені Жаратқан Ием және Құтқарушым деп мойындаймын. Рухыңмен өміріме еніп, мені өзгертіп, Құдайдың перзенті ете гөр. Осы кезге дейін түнекте өмір сүрдім, енді бұдан былай одан бас тартып, өзім үшін өмір сүруді тоқтатып, рақымыңмен Сен үшін өмір сүретін боламын, себебі Сен мен үшін Өзіңді құрбан еттің, соның арқасында мен мәңгілік өмірге ие болдым.*

*Жаратқан ием, Саған рахмет. Енді менің өмірім Сенің*


*қолыңда. Сенің Сөзіңде жазылғандай, осы жолды таңдағаным үшін мен ұятқа қалмаймын.*

Құдайдың отбасына қош келдіңіз! Басқа сенушілерге осы мінәжатыңыз туралы айтып беріңіз. Киелі Кітапқа сенетін жергілікті қауымға қосылуыңыз маңызды. Сеніміңізді жігерлендіретін бауырластармен қарым-қатынаста болғаныңыз дұрыс.

Сіз тамаша өмірге аяқ бастыңыз. Күнделікті рухани өсуіңізде, Құдаймен қарым-қатынасыңызда, Оны танып-білуде Құдай сізді жарылқасын!

# КИЕЛІ РУХ: КІРІСПЕ

*Ол туралы білесіз, ал Өзімен таныссыз ба?*



Шәкірттер үш жыл бойы Исамен бірге жүріп, айтқанын түгел естіді. Соған қарамастан, Иса серіктеріне оларды тастап кететінін, Иса кеткенде, Киелі Рухтың келе алатынын, сондықтан, Исаның кетуі шәкірттері үшін жақсы болатынын айтты (Жохан 16:7, 13-14). Исамен бірге жүрген шәкірттері үшін жақсы болса, Киелі Рухтың келіп, өмірімізге белсене араласқаны біз үшін де жақсы болмақ емес пе?

Көптеген адамдардың Киелі Рухтың кім екенін, Өзін бізге қалай танытатынын білмей өтетіні, Киелі Рухты дұрыс түсіне алмайтыны өте өкінішті. Киелі Рухты тосын, түсініксіз «құбылыс» етіп көрсету жиі кездеседі. Алайда, Құдайдың Сөзі Киелі Рухтың жансыз зат емес, құбылыс емес, Тұлға екенін анық көрсетеді. Және Ол бізді ешқашан тастап кетпеуге уәде берген. Осы кітабында Джон Бивер сізді Қауымда елеусіз қалып жүрген Тұлға – Киелі Рухты танып білуге шақырады.



# ЖАҚСЫЛЫҚ ПА, ҚҰДАЙ МА?

*Құдай болмаса жақсылық неліктен жеткіліксіз*



Жақсылықтың барлығы Құдайдан келеді, солай емес пе?

Қазіргі кезде «жақсылық» және «Құдай» сөздері мағыналас болып кетті. Әлдене жақсы деп саналса, әлбетте, ол Құдайдың еркіне сай деп ойлаймыз. Жомарттық, мойынсұнушылық, әділдік жақсылыққа жатады. Өзімшілдік, тәкаппарлық, мейірімсіздікті, әрине, жамандыққа жатқызамыз. Айырмашылығы ап-анық сияқты.

Расында да солай ма? Жақсылық сондай айқын болса, Киелі Кітапта жақсы мен жаманды айыра білудің маңыздылығы неліктен айтылған?

«Жақсылық па, Құдай ма?» – бұл күнделікті мәселелерді шешу туралы кітаптардың бірі емес. Бұл кітап сізге жай ғана мінез-құлқыңызды өзгерту туралы кеңес бермейді. Ол сізге рухани күш береді. Сол арқылы сіз Құдаймен тіпті басқа деңгейде қарым-қатынас жасай аласыз. Нәтижесінде өміріңіздің әрбір саласы өзгереді.

# МӘҢГІЛІКKE ҰМТЫЛҒАҢДАР

*Бүгін де, мәңгілікте де терең  
мағынасы бар өмір*



Жердегі өмір — қас қағым сәт қана, алайда көбіміз мәңгілік жайлы еш ойланбастан өмір сүреміз. Мәңгіліктегі тағдырымыздың қандай болары жерде қалай өмір сүргенімізге қарай шешіледі. Соған дайынбыз ба?

Киелі Жазбаның айтуынша, сенушілердің алатын сауабы әртүрлі — істерінің барлығы отқа жанып кететіндер де, Мәсіхпен бірге мәңгі патшалық құратындар да болады.

Осы кітаптан өміріңіздің мақсатын қалай табуға болатынын, Құдайдың тапсырмасын қалай орындай алатыныңызды білесіз. Өміріңізге мәңгілік тұрғысынан қарағанда, мәңгі жеміс үшін еңбек етуге дайын боласыз.

Ақтық деміңізден кейін мәңгі өміріңіз басталады. Уақыт оздырып жүріп, кеш қалып қоймаңыз. Құдайдың өзіңізге берген аманатын біліп, жерде де, мәңгілікте де мәнді де мағыналы өмір сүріңіз.

MessengerX.com  сайтында қолжетімді

# КРИПТОНИТТИ ЖОЮ

*Күш-қуатыңызды ұрлап жүрген нәрседен  
құтылудың жолы*



Қай жауды да жеңіп, қайсыбір тосқауылдардан да өте алатын Супермен тәрізді, Мәсіхтің шәкірттерінде де барлық қиындықты жеңе алатын ғажайып құдірет бар. Және де Супермен тәрізді бізде де бір мәселе бар, ол – күшімізді ұрлайтын криптонит.

Әрине, Супермен де, криптонит те – қиял жемісі. Дегенмен, рухани криптониттің бар екені – шындық.

Бірінші ғасырда өмір сүрген мәсіхшілерде болған күш-құдіреттен көбіміз неліктен құр алақан қалып жүрміз? – деген сұрақтың жауабын осы кітаптан табасыз.

“Криптонитті жою” кітабында Джон Бивер рухани криптониттің не екенін, оның қоғамға неңдей қауіп төндіретінін, оның тұзағынан қалай құтыла алатынымызды баяндайды. Бұл кітап ынжық оқырманға арналмаған, тәтті сөзді қалайтындардың көңілінен шығатын жылы-жұмсақ кітап емес. Бұл биік рухани шыңдарға жеткізер қиындыққа толы сапарға дайын Мәсіхтің жолын қуушыға арналған терең ақиқат.

# ШАЙТАННЫҢ ТҰЗАҒЫ

*Кешірмеушіліктің ажалды  
тұзағынан азат өмір*



«Шайтанның тұзағы» дұшпанның сенушілерді Құдайдың еркінен алыстату мақсатымен құратын тұзағы: теріс жолға азғыратын жағдайлардан сақтандырады. Бұл тұзаққа түскен адамдардың көбісі өздерінің тұтқын екенін сезбейді.

Алданып қалмаңыз! Мәсіх: «Адамдарды теріс жолға азғыратын жағдайлардың болатыны сөзсіз» деген (Лқ. 17:1). Алдану не алданбау – сіздің ерікті таңдауыңыз емес, дегенмен, сынақ келгенде, оған қалай жауап беретініңізді өзіңіз шешесіз. Теріс жолға азғыратын жағдайларда дұрыс әрекет етсеңіз, сеніміңіз шайқалмайды, шыңдалады. Қиын жағдайдағы дұрыс әрекетіңіздің нәтижесінде Құдаймен арадағы қарым-қатынасыңыз нығая түседі.

Осы кітабында Джон Бивер сізге Құдайдың еркін орындаудан танбай, күдік пен күмәннен арылудың жолын көрсетеді. Қиындықтарды асыра көрсету, түңілу, өзін-өзі құрбан көру сияқты жаман әдеттерден құтыла аласыз. Құдайға мойынсұнудың ең биік сатысына шыққаныңызда, өміріңіз кешірімге, татулыққа, қуанышқа толады.

# ҚҰДАЙ, ҚАЙДАСЫҢ?!

*Шөл далада күш-қайрат пен анық  
мақсатқа ие болыңыз*



Бәлкім, Құдайдың даусын естіген боларсыз. Алайда, қазір Жаратқан Ие үн қатпайтын тәрізді. Мүмкін, сенім жолымен жүрген боларсыз. Енді, міне, Құдайдың құзырын таппай жүрсіз. Жаратқан Иенің уәде беруі мен сол уәденің орындалуы арасындағы орын – шөл далаға қош келдіңіз.

Алайда, жақсы хабарым да бар, шөл дала – мақсатсыз кезіп жүрген жеріңіз емес. Шөл даладан дұрыс өтер болсаңыз, ол дайындық орнына айналып, сізді Құдайдың аманатын орындауға жарақтайды. Өміріміздегі шөл дала кезеңінен қол қусырып, Құдайды күтумен ғана өтпейміз. Шөл даладағы сіздің көзқарасыңыз бен іс-әрекетіңіз өте маңызды. Құла түзді шыр айналып, уақытыңызды босқа жоғалтпауыңыз үшін, шөл даланың не екенін анық білгеніңіз жөн.

Бірнеше бестселлердің авторы Джон Бивер даналыққа толы осынау кітабында өз өмірінен мәнді мысалдар келтіріп, оқырманды Киелі Кітаптан алынған маңызды мәліметпен жарақтандырады. Бұл кітап қуаңшылық маусымынан, күрделі кезеңдерден аман-есен өтіп, Құдай уәде еткен жерге кіруіңізге көмектеседі.

# Х: ҚҰДАЙ БЕРГЕН ӘЛЕУЕТІҢДІ АРТТЫР




Құдайдың Патшалығында өзіңізді жәй ғана көрермен ретінде сезінген кездеріңіз болды ма? Өзіңізге әлдебір істер тапсырылғанын білесіз, алайда, не екенін анық түсіне алмайсыз. Көбіміз өміріміздің ықпалды болғанын қалаймыз. Дегенмен, сізді мынадай сұрақтар мазалауы мүмкін:

- Құдайдың еркінен тыс қалып жүрген жоқпын ба, соны қалай біле аламын?
- Құдайдың Патшалығын кеңейту ісінде менің бірегей дарындарымның орны қандай?
- Құдай берген әлеуетімді іске асырып жүрмін бе, оны қалай біле аламын?
- «Қызметке» кірмесем, Құдайдың маған берген аманаты айтарлықтай маңызды болмағаны ма?
- Құдайдың рақымында тыныштық табу мен Құдайдың Патшалығын кеңейту жолында әрекет етудің арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады?
- Ісіңнің сәтті болатынына толық сенімің болмаған жағдайда қорқынышты жеңіп, іске кірісудің амалы қандай?

Осынау терең мағыналы кітабында Джон Бивер Киелі Кітапты егжей-тегжейлі зерттеп, Құдайдың өзіңізге берген аманатын басқаша қарастыруға, оның Құдай алдындағы маңызын түсінуге септігін тигізетін мысалдар келтіреді. Кітапты оқу барысында Құдай берген дарындарыңызды жетілдіріп, әлеуетіңізді іске асыруды үйренесіз!

# X MessengerX

Кез келген жерде, кез келген адам Исаның шәкірті бола алады




- 115-нан астам тілдегі тегін материалдар
- Қосымша түрінде және онлайн қолжетімді
- Сіздің рухани өсуіңізге септігін тигізетін материалдар
- Шәкіртшілік жолындағы қадамдарыңызды көре аласыз



Шәкіртшілікке арналған ресурстардың толық жинағын алыңыз. Messenger кітапханасы – электронды кітаптар, бейнежазбалар, аудио-тәлім, аудиокітаптар, Киелі Кітаптар...

Барлық құрылғыңыздан көріңіз, оқыңыз, тыңдаңыз.

## MessengerX.com



App Store немесе Google Play-ден жүктеп алуыңызға болады.

**«Джон Бивер Киелі Кітапты өте мұқият зерттеп, сырын ұғу дарынына ие. Оның көреген де сұңғыла ойлары оқырманды қайран қалдырары сөзсіз».**

— USA ПАБЛИШЕРС УИКЛИ

Бірде-бір мәсіхші Құдайды шектеуді қаламайды. Дегенмен, көбіміз өте маңызды рухани қағиданы – құрмет қағидасын елемеу арқылы өміріміздегі Құдайдың жарылқауын шектеп жүрміз.

Ізет – мәдениетімізден мүлде жоғалуға жақын қалған ұғым; алайда, ізеттілік өміріміздің әрбір саласында Құдай Патшалығының салтанат құруына негіз бола алады, кітапты оқи отырып, осыған көзіңіз жетеді.

«Ізетті болудың сауабы» кітабында бірнеше бестселлердің авторы Джон Бивер ізетті болуды үйренсеңіз, Құдай Патшалығындағы құндылықтар жүйесін қабылдап, Жаратқан Иенің өзіңізге арнаған игіліктеріне қол жеткізетініңізді айтады.

Киелі Кітаптағы терең рухани ақиқаттарды өмірден алынған әсерлі мысалдармен көркемдей отырып, бұл кітап, ізет атты ұмыт болған қасиетке деген жаңа көзқарас қалыптастырады әрі, ең маңыздысы, оны өміріңіздің әр саласында қолдануға құлшыныс тудырады.



**ДЖОН БИВЕР** – халықаралық уағыздаушы әрі бестселлерлердің авторы, Құдайдың Сөзін батылдықпен, ымырасыз уағыздайды. Джон Бивер және оның жұбайы Лиза — «Мессенджер Интернэшнл» қызметінің негізін салушылар. Қызметтің мақсаты – дүние келбетін жаңартып, өзгерте алар мәсіхшілерді көтеру. Джон отбасымен бірге Колорадо қаласында тұрады, ол төрт ұлымен бірге түрлі ойындар ойнағанды жақсы көреді, кейде Лизаны гольф ойнауға көндірмек болып әуресарсаңға түседі.



**MessengerX**

Тегін жүктеу үшін және ағымдағы видеоларды көру үшін **MessengerX.com** сайтына кіріңіз.



**MESSENGER**  
INTERNATIONAL  
MessengerInternational.org

Бұл кітап – автордың сыйлығы.  
САТУҒА АРНАЛМАҒАН.

Көбірек білгіңіз келеді ме?  
Мана жерден сканерлеңіз:

